ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
PHILOLOGY Series
Серия ФИЛОЛОГИЯ

№1(150)/ 2025

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2025
Astana, 2025

Бас редакторы: Жанат Аймұхамбет
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Бас редактордың орынбасары: Маншук Ескиндирова
PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Айтуғанова Сәулеш	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Акижанова Диана	PhD, доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Әбдуәлиұлы Бекжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Әліпбай Бибол	PhD, оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Әшірбаев Самихан	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Бейсембаева Жанаргуль	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Балтабаев Хамидулла	ф.ғ.к., проф., Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан
Бижкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Беженару Людмила	ф.ғ.к., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
Гасанов Заур	PhD, Әзербайжан ұлттық академиясы, Баку, Әзербайжан
Екижи Метин	PhD, проф., Еге университеті, Измир, Түркия
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Жан Динжин	PhD, проф., Минцзу Қытай университеті, Пекин, Қытай
Жарқынбекова Шолпан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Жунусова Жаңылдық	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Қамзабекұлы Дихан	ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф., «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің директоры, Астана, Қазақстан
Қасқабасов Сейіт	ҚР ҰҒА академигі, Алматы, Қазақстан
Касымбекова Нуриля	п.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Кемеңгер Қайырбек	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Коста Петер	PhD, проф., Потсдам университеті, Потсдам, Германия
Минуллин Ким	ф.ғ.к., проф., Татарстан Республикасы ҒА корреспондент мүшесі, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Ғ.Ибрагимов атындағы тіл, әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Қазан, Ресей
Мусурманов Эркин	ф.ғ.д., проф., Самарқан университеті жанындағы «Ұлы Жібек жолы» ғылыми орталығының директоры, Самарқан, Өзбекстан
Наврузова Нурида	ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Азербайжан
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
Сарекенова Қарлығаш	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
Шашкина Гульжан	ф.ғ.к., доц., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Янковски Хенрих	PhD, проф., А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.
Тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі: 31-413). **E-mail:** vest_phil@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
ФИЛОЛОГИЯ сериясы Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 19.02.2021 ж. №KZ53VPY00032637 қайта есепке қою туралы куәлігі.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 10 дана. Басуға 30.03.2025 ж. қол қойылды.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief: Zhanat Aimukhambet
Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
Deputy Editor-in-Chief: Manshuk Yeskindirova
PhD, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aituganova Saulesh	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Akizhanova Diana	PhD, Acting Assoc. Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
Abdualiuly Bekzhan	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Alipbai Bibol	PhD, Teacher, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Ashirboyev Samikhon	Doctor of Philology, Prof., A. Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Tashkent, Uzbekistan
Baltabaev Hamidulla	Candidate of Philology, Prof., National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek, Tashkent, Uzbekistan
Beisembayeva Zhanargul	Candidate of Philology, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of Philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
Bizhkenova Aigul	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of Philology, Prof. Higher School of Linguodidactics and Translation, Saint Petersburg, Russia
Gassanov Zaur	PhD, Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan
Yeskeyeva Magripa	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Henryk Jankowski	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
Kaskabassov Seit	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kassymbekova Nurilya	Candidate of Pedagogy, Acting Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana,Kazakhstan
Kamzabekuly Dikhan	Doctor of Philology, Prof., Academician of NAS RK, Director of the Republican Newspaper «Egemen Kazakhstan», Astana, Kazakhstan
Kosta Peter	PhD, Prof., University of Potsdam, Potsdam, Germany
Kemenger Kaiyrbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Metin Ekiji	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
Minnullin Kim	Doctor of Philology, Prof., Corresponding member of Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, Researcher of G.Ibragimov Institute of Language, Literature and Art, Kazan, Russia
Musurmanov Erkin	Doctor of Philology, Prof., Director of the Great Silk Road Research Center of Samarkand State University, Samarkand, Uzbekistan
Navruzova Nurida	Doctor of Philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaijan
Negimov Serik	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Nurgali Kadisha	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhsta
Nurieva Fanuza	Doctor of Philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Reichl Karl	Doctor of Philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
Sarekenova Karlygash	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Satenova Serikkul	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Shashkina Gulzhan	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Sharip Amantay	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Tazhybayeva Saule	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Turysbek Rakymzhan	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zhakypov Zhantas	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zharkynbekova Sholpan	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zhang Dingjing	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
Zhunusova Zhanyldyk	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Editorial address: 2, Satpayev Str., of. 402, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500, (ext. 31-413). **E-mail:** vest_phil@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»
Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Re-registration Certificate № KZ53VPY00032637 dated 19.02.2021.
Periodicity: 4 times a year Circulation: 10 copies. Signed in print: 30.03.2025
Address of printing house: 13/1 Kazhymukan str., Astana, Kazakhstan, 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор: Жанат Аймухамбет
доктор филологических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зам. главного редактора: Маншук Ескиндирова
PhD, и.о. доцента., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Айтуганова Саулеш	к.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Акижанова Диана	PhD, и.о. доцента., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Абдуалиулы Бекжан	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Алипбай Бибол	PhD, преподаватель, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Аширбоев Самихон	д.ф.н., проф., Ташкентский гос.университет узбекского языка и литературы им. А. Навои, Ташкент, Узбекистан
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Балтабаев Хамидулла	к.ф.н., проф., Национальный университет Узбекистана им. Мирзо Улугбека, Ташкент, Узбекистан
Бижкенова Айгүл	д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Беженару Людмила	к.ф.н., проф., Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
Гасанов Заур	PhD, Национальная академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан PhD,
Екижи Метин	проф., Эгейский университет, Измир, Турция
Ескеева Мағрипа	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Жақыпов Жантас	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Жан Динжин	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
Жаркынбекова Шолпан	ф.ғ.д., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Жунусова Жанылдык	ф.ғ.д., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Камзабекулы Дихан	академик НАН РК, д.ф.н., проф., директор республиканской газеты «Егемен Казакстан», Астана, Казахстан
Каскабасов Сеит	академик НАН РК, Алматы, Казахстан
Касымбекова Нуриля	к.п.н., и.о. доцента, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Кеменгер Каирбек	к.ф.н., доцент, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Коста Петер	PhD, проф., Потсдамский университет, Потсдам, Германия
Минуллин Ким	д.ф.н., проф., член-корреспондент Академии наук Республики Татарстан, научный сотрудник Института языка, литературы и искусства им. Г.Ибрагимова, Казань, Россия
Мусурманов Эркин	д.ф.н., проф., директор научного центра «Великий шелковый путь» Самаркандского государственного университета, Самарканд, Узбекистан
Наврузова Нурида	д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку,
Негимов Серик	Азербайджан д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Райхл Карл	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
Сарекенова Карлыгаш	к.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Сатенова Сериккул	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Турысбек Рахымжан	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, Россия
Шашкина Гульжан	к.ф.н., доц., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Шарип Амантай	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Янковский Хенрих	PhD, проф., Университет им.Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К. Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500, (вн.: 31-413). **E-mail:** vest_phil@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»
Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет №KZ53VPY00032637 от 19.02.2021 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 10 экземпляров. Подписано в печать 30.03.2025 г.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)
© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
Филология сериясы, 2025 жылғы №1(150)

МАЗМҰНЫ

ЛИНГВИСТИКА

Абдыханова Б.А., Аккалиева А.Ф., Мейрамбекова Л.К. Лингвоаксиологиялық аспект: ата-ананың тілдік мінез-құлқының бүгінгі сипаты..... 8
Айдарбек Қ.Ж., Иманбердиева А.Б., Абдуллина Н.У. Терминологиялық аталым үдерісіндегі тіл мен ойлаудың біртұтастығы мәселелері..... 22
Әлісжан С.Қ. Термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным..... 35
Баянбаева Ж.А., Таттимбетова К.О., Ломова Е.А. Шетел тілін қабылдау жағдайындағы әдеби ономастиканың ашықтығы..... 46
Бибеков Қ.Т., Оразгалиева Л.М., Мусабаева Г.М. Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісі..... 59
Ғабдрахман Т.С. Детективтік проза мәтініндегі фразеологиялық қолданыстар..... 71
Еспекова Л.Ә., Ахметова М.К. Ассоциациялық тәжірибе және тілдік сана..... 83
Караева Б.Ж., Мейрбеков А.К. Тілдік эрозия: басым тілдер мен мәдениеттердің ықпалы салдарынан қазақ және ағылшын топонимдерін жоғалту қаупі..... 95
Құлманов С.Қ., Шүленбаев Н.Қ., Ыбырайым А.О. Бекітілген терминдердің қолданылуындағы бірізділік проблемалары (оқулықтар, сөздіктер, заңнама құжаттары негізінде) 112
Меліс А.М., Сарекенова Қ.Қ. «Жер-Ана» ұғымының қазақ танымындағы көрінісі..... 130
Саматов И., Акимишева Ж.А. Дыбыс үндестігі және оның шетелдік түркітанудағы эволюциясы..... 144
Халым Б., Садықова Р.К. Қазақ және ағылшын халқының ұлттық мінез ерекшеліктері 157
Шоқабаева С.С., Серікжан Ф.Ж. Корпустың құрылымдық сипаты және қызметі..... 172

ӘДЕБИЕТТАНУ

Келгембаева Б.Б. Нұрлан Мәукенұлы лирикасындағы ұлттық идея..... 186
Қабылов Ә.Д., Қамарова Н.С., Жайловов Б.С. Әбіш Кекілбаев және шешендік дәстүр..... 202
Мұратқызы М., Алтыбаева А.Б., Рысбеккызы Н. Түркі халықтарының фольклорындағы ортақ ғұрыптардың лингвистикалық сипаты..... 218
Сайлаухан А.Б., Мамбетов Ж.О., Кенжеқожаева А. Қазақ әдебиетінде бақсылықтың зерттелуі..... 234

АУДАРМАТАНУ

Акижанова Д.М., Кенжигожина К.С., Раисова А.Б. Автоматтандырылған аудиодескрипцияның техникалық мүмкіндіктері..... 246
Бейбітова А.С., Қоңыратбаева Ж.М., Қапанова А.Қ. Көркем аудармадағы прагмалингвистикалық эксперимент (Ж. Роулиңнің «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас» романының аудармасы негізінде)..... 254
Ислам А. Халед Хоссейнидің нарратив аудармасының лингвомәдени аспектілері..... 271

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Adamova K. Сұхбат бойынша нұсқаулықты құру және тексеру: негізгі ағылшын тілінен емтихан жобасын тексерудің сапалық зерттеу әдісі..... 283
Бердикулова А.С., Қапантайқызы Ш. Аутентті мәтіндер арқылы оқылым дағдысын дамыту 292
Күзембекова Ж.Ж., Демесинова Ж.О. Американдық OPI тест жүйесін жүзеге асырудың қолданбалы мүмкіндіктерін бағалау және олардың қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті үшін тиімді тұстарын анықтау..... 303
Саденова А.Е., Айтбаева Б.М., Карыбаева С.Е. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы шетелдік студенттердің мәдениаралық құзыретін қалыптастыру ерекшеліктері..... 315

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University.
Philology Series, №1 (150)/2025

CONTENTS

LINGUISTICS

Abdykhanova B.A., Akkaliyeva A.F., Meirambekova L.K. The linguoaxiological aspect: the current characteristics of parental linguistic behavior..... 8
Aidarbek K.Zh., Imanberdiyeva A.B., Abdullina N.U. Problems of unity of language and thinking in the process of terminological nomination..... 22
Aliszhan S.K. Decolonial position in the formation of the term..... 35
Bayanbayeva Zh.A., Tattimbetova K.O., Lomova E.A. Transparency of literary onomastics in the situation of foreign language reception..... 46
Bibekov K.T., Orazgaliyeva L.M., Mussabayeva G.M. The concept of "mind" in the language world of Abai..... 59
Gabdrakhman T.S. Phraseological uses in the text of detective prose..... 71
Espekova L.A., Akhmetova M.K. Associative experiment and linguistic consciousness..... 83
Karayeva B.J., Meirbekov A.K. Linguistic erosion: the risk of losing Kazakh and English toponyms under the influence of dominant languages and cultures..... 95
Kulmanov S.K., Shulenbayev N.K., Ybyrayim A.O. Problems of unification of the 112
functioning of approved terms (based on textbooks, dictionaries and legislative documents)...
Melis A., Sarekenova K. The expression of the concept of "Zher-Ana" in Kazakh cognition..... 130
Samatov I., Akimisheva Zh.A. Sound harmony and its evolution in foreign Turkic studies..... 144
Khalym B., Sadykova R.K. Specifics of the national character of Kazakh and English peoples... 157
Shokabayeva S.S., Serikzhan F.Zh. The constructive nature and functions of the corpus..... 172

LITERATURE STUDIES

Kelgembayeva B.B. National idea in the lyrics of Nurlan Maukenuly..... 186
Kabylov A.D., Kamarova N.S., Zhailovov B.S. Abish Kekilbayev and the rhetorical tradition..... 202
Muratkyzy M., Altybayeva A., Rysbekkyzy N. Linguistic presentation of common rituals in the folklore of Turkic peoples..... 218
Sailaukhan A.B., Mambetov Zh.O., Kenzhekozhayeva A. Studying baksy in Kazakh literature. 234

TRANSLATION STUDIES

Akizhanova D.M., Kenzhigozhina K.S., Raissova A.B. Technical capabilities of automated audio description..... 246
Beibitova A.S., Konyratbaeva Zh.M., Kapanova A.K. Pragmalinguistic experiment in literary translation (based on the translation of J.Rowling's Harry Potter and the Philosopher's Stone) 254
Islam A. Linguacultural dimensions in the translation of Khaled Hosseini's narratives..... 271

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

Adamova K. Creation and validation of the interview guide: a qualitative part of the validation of the Basic English Examination Project..... 283
Berdikulova A.S., Kapantaykyzy Sh. Developing reading skills through authentic texts..... 292
Kuzembekova Zh. Zh., Demesinova Zh.O. Evaluation of the possibilities of implementation of the American OPI test system and the determination of its effectiveness for the Kazakh language pronunciation subtest..... 303
Sadenova A.E., Aitbayeva B.M., Karybaeva S.E. Features of the formation of intercultural competence of foreign students in intercultural communication..... 315

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология, №1(150)/2025

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА

Абдыханова Б.А., Аккалиева А.Ф., Мейрамбекова Л.К. Лингвоаксиологический аспект: современные характеристики языкового поведения родителей..... 8
Айдарбек Қ.Ж., Иманбердиева А.Б., Абдуллина Н.У. Проблемы единства языка и мышления в процессе терминологической номинации..... 22
Алисжан С.К. Деколониальная позиция в формировании термина..... 35
Баянбаева Ж.А., Таттимбетова К.О., Ломова Е.А. Транспарентность литературной ономастики в ситуации иноязычной рецепции..... 46
Бибеков К.Т., Оразгалиева Л.М., Мусабаева Г.М. Концепт «разум» в языковом мире Абая 59
Габдрахман Т.С. Фразеологические употребления в тексте детективной прозы..... 71
Еспекова Л.А., Ахметова М.К. Ассоциативный эксперимент и языковое сознание..... 83
Караева Б.Ж., Мейрбеков А.К. Лингвистическая эрозия: риск утраты казахских и английских топонимов под влиянием доминирующих языков и культур.....
Кулманов С.К., Шуленбаев Н.К., Ыбырайым А.О. Проблемы унификации функционирования утвержденных терминов (на материале учебников, словарей и законодательных документов)..... 95
Мелис А.М., Сарекенова К.К. Отражение понятия «Жер-Ана» в казахском познании..... 112
Саматов И., Акимишева Ж.А. Звуковая гармония и ее эволюция в зарубежной тюркологии..... 130
Халым Б., Садықова Р.К. Специфика национального характера казахского и английского 144
народов..... 157
Шокабаева С.С., Серикжан Ф.Ж. Конструктивный характер и функции корпуса..... 172

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Келгембаева Б.Б. Национальная идея в лирике Нурлана Маукенулы..... 186
Кабылов А.Д., Камарова Н.С., Жайловов Б.С. Абиш Кекилбаев и ораторская традиция 202
Муратқызы М., Алтыбаева А.Б., Рысбеккызы Н. Лингвистическое изложение общих ритуалов в фольклоре тюркских народов..... 218
Сайлаухан А.Б., Мамбетов Ж.О., Кенжекожаева А. Изучение баксы в казахской литературе..... 234

ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

Акижанова Д.М., Кенжигожина К.С., Раисова А.Б. Технические возможности автоматизированной аудиодескрипции..... 246
Бейбитова А.С., Коныратбаева Ж.М., Капанова А.К. Прагмалингвистический эксперимент в художественном переводе (На основе перевода романа Дж. Роулинг «Гарри Поттер и философский камень»)..... 254
Ислам А. Лингвокультурологические аспекты перевода нарративов Халеда Хоссейни..... 271

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Adamova K. Создание и валидация гида по созданию интервью на примере создания в рамках качественного метода в рамках проекта по валидации основного экзамена по английскому языку..... 283
Бердикулова А.С., Капантайқызы Ш. Развитие навыков чтения через аутентичные тексты 292
Кузембекова Ж.Ж., Демесинова Ж.О. Оценка возможностей внедрения американской тестовой системы OPI и определение их эффективности для субтеста говорения по казахскому языку..... 303
Саденова А.Е., Айтбаева Б.М., Карыбаева С.Е. Особенности формирования межкультурной компетенции иностранных студентов в межкультурной коммуникации..... 315

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.47
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-8-21

Лингвоаксиологиялық аспект: ата-ананың тілдік мінез-құлқының бүгінгі сипаты

Б.А. Абдыханова[1], А.Ф. Аккалиева[2], Л.К. Мейрамбекова[3]*

[1,2]Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан
[3]Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]abdychanovab@mail.ru, [2]akkali.aizhan@gmail.com, [3]lmeyrambekova@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала әлеуметтік-мәдени контекстке сай бейімделіп өзгеретін құндылық ұғымдары қазіргі жаһандану жағдайында тіл арқылы қалай көрініс тауып жатыр және қандай өзгерістер бар деген сұрақтарды қамтиды. Ата-ананың тілдік мінез-құлық мәселесін зерттеудің маңыздылығы мәселе ретінде көтерілді, бұл мәселенің бүгінгі сипатын анықтап, бағалау үшін аксиологияның негізгі аспектілері, соның ішінде тіл мен мәдени құндылықтар арасындағы байланыс қарастырылады, сондай-ақ тілдік бірліктердің ата-ананың дүниетанымының көрсеткіші ретіндегі рөлі мен оның баламен қарым-қатынасты қалыптастыруға әсеріне талдау жасалынады. Көркем шығармалардан алынған мысалдар негізінде қазақ ұлтының бала тәрбиесінде қолданылып келген тәрбие үлгілері берілді. Ол үлгілер бүгінгі тәрбие мен бүгінгі күнге дейінгі тәрбие әдістеріне салыстырмалы талдау жасап, бағалап, бағамдау үшін қажет. Балаларды тәрбиелеудегі осы уақытқа дейін қолданылып келген мотивация үлгілері ұсынылды. Мақалада берілген ассоциациялық талдау қорытындысы да ата-аналар үшін тілдік сигнал бола алады. Әлеуметтік желіден келтірілген мысалдар жастар ұстанымындағы заманауи өзгерістерді көрсетеді. Сонымен қатар, жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде алынған тілдік деректер әлеуметтік мәселелердің ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлінде, отбасылық қарым-қатынаста, бала бойында құндылықтарды қалыптастыруда шешуші орын алатындығына дәлел бола алады.

Түйін сөздер: аксиология, лингвоаксиология, ұлттық құндылық, мәдени құндылықтар, ата-ананың тілдік мінез-құлқы, жаһандану процесі.

Түсті: 20.12.2024; Жөнделді: 27.01.2025; Мақұлданды: 28.02.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Лингвистика контекстіндегі аксиология тілдің құндылық аспектілерін және олардың қарым-қатынас пен қабылдауға әсерін зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы болып табылады. Тіл тек ақпарат беру құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-мәдени контекстін көрсететін құндылықтар жүйесінің тасымалдаушысы болып табылады. Тілдегі құндылық ұстанымдар лексикалық бірліктер арқылы, олардың семантикалық, синтаксистік құрылымы және стилистикалық тұрғыдан берілу тәсілдері арқылы көрінеді, соның негізінде қоғамдық орта мен жеке тұлғалардың мәтіндерді қабылдауы мен түсінуі жүзеге асырылады. Ұлттық құндылыққа негізделген ұстанымдар қоғамның тілдік жүйесі мен қоғамдық қарым-қатынаста шешуші рөл атқарады. Олар әлемде мәдениеттің қандай аспектілері маңызды және құнды деп қабылданатынын және бұл құндылықтар тілдік мінез-құлық арқылы қалай көрініс беретінін анықтайды.

Қазіргі ғылыми зерттеулердегі антропоцентрлік бағыт пәнаралық зерттеулерге негізделген. Гуманитарлық ғылымның жеке бір саласы болып табылатын лингвомәдениеттану тілді мәдени контексте қарастырып, танымдық лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, прагмалингвистика зерттеулерімен тығыз байланыста қарастырады. «Тіл мен мәдениет» қарастыратын жалпы мәселелер шеңберінде «лингвистикалық аксиология» («лингвоаксиология», «аксиологиялық лингвистика») деген атаумен пәнаралық бағыт қалыптасты. [1, 2, 3]. Лингвоаксиология тіл мен құндылықтар арасындағы осы өзара байланысты зерттеп, тілдің қоғамның құндылық бағытын қалай репрезентациялайтынын анықтайды және тілдің құндылықтарды қалыптастыру құралы ретінде қалай жұмыс істейтінін көрсетеді. Қазіргі интернет пен цифрландыру дәуіріндегі қоғам өмірінің ерекшелігі - екі әлем (нақты және «ішкі») үшінші виртуалды әлеммен толықтырылды. Соған сай, интернет желісіндегі, әлеуметтік желілердегі тілдік қарым-қатынас, тілдік материалдарға мониторинг жасап, лингвоаксиологиялық зерттеулер жүргізудің маңыздылығы артты. Этнос немесе қоғам құндылықтарының тілдік тұрғыдан сіңуінің табиғи ортасы - ол ана тілінде сөйлейтін тілдік қауымдастықтан тұратын әртүрлі дискурстар, оның ішінде отбасы дискурсы ерекше мәнге ие. Бүгінде әлеуметтік желіде таралып, өз аудиториясын тапқан жаһандану дәуіріндегі ата-аналардың тілдік мінез-құлық сипатын көрсететін медиаконттенттер саны барынша артып келеді. Осы контенттерді пәнаралық тұрғыдан қарастырып, адамдық құндылықтар тұрғысынан саралап, аксиологиялық талдау жүргізуге бағытталған зерттеулер бүгінгі құндылықтар жүйесін анықтауға, тілдік санадағы қандай да бір өзгерістерді бағамдауға мүмкіндік береді, сонымен қатар ата-аналардың тілдік мінез-құлық сипатын көрсетуге жұмсалып тұрған тілдік бірліктердің қызметі айқындалады. Мұның бәрі әлеуметтік желілердегі медиа контенттерде құндылықтарды бейнелеудің тілдік механизмдері, оларды анықтаудың ғылыми инструменттері туралы мәселенің өзектілігін ашуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты. Ата-ананың сөйлеу мінез-құлқы арқылы көрініс табатын қазақ отбасының құндылықтарын, нормалары мен дәстүрлерін көрсететін тілдік бірліктерді анықтау және салыстыру.

Зерттеу нысаны – қазақ отбасында қандай құндылықтардың қалыптасып жатқанын анықтау үшін әлеуметтік желілердегі тілдік материалдар мен отбасылық дискурсты бейнелеген көркем шығармалар.

Зерттеу пәні – ата-ана мен бала қарым-қатынасының бүгінгі көрінісінен ақпарат беретін тілдік бірліктер.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының әдіснамалық базасын мәдениеттану, әлеуметтану, психолингвистика, педагогика салалары бойынша отандық және шетелдік ғалымдар З.Сәрсенбаева, Т.Ғабитов, С.Нұрмұратов, О.А.Анищенко, Ш.К.Жарқынбекова, Ж.А.Джамбаева, И.В.Шалина, В.И. Карасик, И.И. Хрипунов, Geert Hofstede т.б. теориялық еңбектері негіз болды.

Зерттеу нәтижелерін алу үшін кешенді талдау әдісі қолданылды. Бүгінгі ата-ананың сөйлеу мінез-құлқын анықтау үшін ассоциативті сауалнама әдісі қолданылды. Жастардың тілдік санасындағы басымдылыққа ие болып отырған құндылықтарды анықтау үшін әлеуметтік желідегі жастар контенті қарастырылып, тілдік бірліктер іріктелініп, талданды. Салыстырмалы талдау жасау үшін көркем әдеби шығармалардан тілдік материалдар іріктелінді.

Әдебиетке шолу

Мақалада отбасы құндылық мәселесіне қатысты жалпы құндылық туралы философия, педагогика, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдарымен тығыз байланысты түсінік пен тұжырымдар қарастырылды. Қазақстанда құндылық мәселесі философия, мәдениеттану, педагогика ғылымдары тұрғысынан қарастырған зерттеулер көп. Құндылық мәселесін лингвистикалық тұрғыдан қарастыру соңғы жылдары ғана қарқынды дамып келе жатыр, зерттеу барысында Ж.А.Джамбаеваның тіл біліміндегі аксиологиялық бағыттың базалық категориясы «құндылық» дей келе: «Аксиологическая лингвистика – это сфера междисциплинарного знания, предметом которой является воплощение ценностей в языковом сознании и коммуникативном поведении реципиентов» деген тұжырымдамасы біздің зерттеуіміздің бағытымен тығыз байланысты [4,30].

Ата-аналардың тілдік мінез-құлқы туралы мәселе құндылық ұғымынан келіп шығатындықтан лингвоаксиология ғылымымен байланысты теориялық зерттеулер талданды. Отандық ғалымдар О.А.Анищенко, Ш.К.Жарқынбекованың қазақстандық жастардың сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін қарастырған зерттеулерінде «сөйлеу мінез-құлқы» түсінігіне, жастардың құндылықтар жүйесіне және жастардың сөйлеу мінез-құлқындағы лингвистикалық, экстралингвистикалық ерекшеліктерге талдау жасай келе, мынандай анықтама береді: «Речь молодежи – лингвистический объект, который позволяет постановку и решение целого ряда важных не только лингвистических, но и социокультурных проблем» [5,28]. Бұл анықтама ата-аналардың сөйлеу мінез-құлқына қатысты негіз бола алады. Құндылықтар кез-келген мәдениеттің негізгі элементі болып табылады, олар көбінесе әлеуметтік топтардың өмірлік іс-әрекетін реттейтін

принциптер ретінде түсініледі [6,135] деген ресейлік ғалым И.В. Шалинаның пікіріне сүйене отырып, ата-ананың тілдік мінез-құлқының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін, олардың іс-әрекетін реттеудегі негізгі күш деп тұжырым жасауға болады.

«Қазіргі лингвистика адамның сөйлеу әрекетінің қызметін «сезіну, бастан өткеру, игеру, бағалау тәжірибесінің» мәнді мағыналық сипаттағы мәтінге айналуы деп есептейді. Сөйлеуде құндылық берілмейді, бірақ сөйлеушінің құндылық қатынасы оның уәжі мен сенімі арқылы көрініс береді [7,9]. Адамның мінез-құлқы оның ішкі әлемінен, өмірлік көзқарастары мен құндылықтарынан, мұраттарынан тұратын бүкіл жүйесінің сыртқы көрінісі болып табылады [8].

Аксиологиялық лексика жеке тұлғаның мінез-құлқын, іс-әрекетінің нәтижелерін, оның әлеуметтік байланыстары және әртүрлі құбылыстарды бағалауын білдіреді [9, 42-53]. Яғни, адамның мінез-құлық, іс-әрекет нәтижелері олардың бойындағы құндылық жүйесінің негізін, сапасын көрсетеді.

Талқылау мен нәтижелер

Ұлттық мәдениет, оның ішінде сөйлеу мәдениеті (лексика, фразеологиялық жүйе, мақал-мәтелдер, астарлы әңгімелер және т.б.) ұлттық құндылықтар туралы философиялық көзқарасқа негізделген нақты бір ұстанымдарды білдіреді. Бүгінгі күнге дейін қаншама ұрпақтың тәрбиесі ұлттық құндылықтар базасында қалыптасты. Қазіргі құндылықтар жүйесі утилитарлық негізге құрылып жатқаны өзекті мәселеге айналып отыр. Бала тәрбиесінің негізі отбасында қаланатыны анық, «ненің жақсы, ненің жаман» екенін үйретететін отбасылық түсінік баланың мінез-құлық нормасын қалыптастырады. Одан бөлек, бала тәрбиенің негізгі бөлігін медиақұралдар арқылы алады. Яғни, бүгінгі күні медиаматериалдар бала дамуының өзегін құрап отыр деп айта аламыз. Сол себепті медиаконтенттердегі отбасылық дискурстың мәні мен қызметіне, даму бағыты мен динамикасына, тілдік құралдардың жағымды/жағымсыз әсеріне ғылыми зерттеу жүргізу маңызды.

Цифрлық технологиялардың революциялық даму жағдайында қоғам тарихында қалыптасқан, сақталған және ауызша халық шығармашылығы арқылы, классикалық әдебиет үлгілері арқылы беріліп келген құндылықтар бүгінде медиа арқылы таратылады. Бүгінде ұлттық құндылықтар біршама өзгерістерге ұшырады, бұл ең алдымен идеологиялық және әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты. Қазіргі қоғамда болып жатқан процестер тілдік санаға айтарлықтай өзгерістер енгізді, бұрыннан бар бағалауыштық мәндегі сөздер актив қолданыстан шығып, жаңа бағалау сөздері пайда болды. Мысалы, бұрындары адамның портретін жасауға жұмсалатын: *моральдық тұрғыдан тұрақты, төзімді, темірдей, қатал, жүректі, принципшіл, тәртіпті, қарапайым, алдыңғы қатарлы* сияқты бағалауыштық мәндегі сын есімдер бүгінде *сауатты, озық, құзыретті, амбициясы жоғары, өз позициясы бар, мотивациясы жоғары, позитивті, коммуникативті, келісім жасауға қабілетті, табысты, тиімді, сұранысқа ие, креативті сияқты* тілдік бірліктермен алмастырылды. Қоғам дамуына сай идеологияның өзгеруі жаңа форматтағы адамды қалыптастырды, ол адам дамып келе

жатқан экономикалық жүйеге енуге, жаңа әлеуметтік құрылымдардан орын табуға, өз мансабын құруға қажетті қасиеттерді меңгереді, яғни жаңа типтегі адам қазіргі қоғам талап ететін және материалдық әл-ауқат пен тұрақты әлеуметтік жағдайға жету үшін қажетті жағымды қасиеттердің белгілі бір жиынтығын өз бойында қалыптастыру керек, қазіргі құндылықтарға сай болу керек. Тіл білімінде құндылықтардағы өзгерістер: «Адамның қоршаған ортаны тануындағы маңызды аспектілердің бірі – ол адамның құндылық бағдарын көрсететін бағалау аспектісі. Бағалау ұғымы лингвистикаға логикадан келді, тіл білімінде бағалау аспектісі құндылықтар туралы ұғымды білдіреді» - деп түсіндіріледі [10, 2]. Яғни, бағалау адамның әлеммен өзара әрекеттесуінің ажырамас элементі болып табылады. И.И. Хрипунова бағалау адамның «өзін қоршаған ортаға» деген көзқарасымен тығыз байланысты деп санайды, өйткені адам қандай да бір оқиғаны бағаламауы мүмкін емес. Табиғи және мәдени нысандар, процестер, фактілер тілде көрініс табады және әртүрлі бағалау сипаттамаларына ие. Адам өзін қызықтыратын барлық нәрсені бағалайды және оған эмоционалды жауап береді. Осылайша адам айналасындағылармен өзара әрекеттеседі [11, 4].

Сөйлеудің аксиологиялық аспектісін зерттеу барысында сөйлеушінің тілдік қарым-қатынасты өзінің құндылық артықшылықтарын есепке ала отырып, жүзеге асыру қабілетіне назар аударылады: «Данные способности отражают аксиологическое представление говорящим уместности применения языковых средств в речевой ситуации, исходя из некоторого знания относительно деятельности, ценностей и личности реципиента. Совокупность речевых действий коммуниканта проявляется в речевом поведении, которое представляет собой сущностную характеристику личности как психического носителя коммуникативных ценностей» [12,75]. В.И. Карасиктің тұжырымдамасы бойынша, коммуникативті тұлғаның құндылық аспектісі белгілі бір кезеңдегі белгілі бір қоғамдастыққа тән мінез-құлық нормаларынан тұрады. Бұл нормалар адамгершілік кодексінде бекітілген, мәдениет пен тіл арқылы біріккен адамдардың дүниетанымын көрсетеді, яғни этикет ережелері, коммуникативтік стратегиялар, бағалау бірліктері. Жалпыадамзаттық құндылықтар (этикалық және утилитарлық) бар және белгілі бір дәуірге тән құндылықтар, белгілі бір халықты немесе ұжымдарды, адамдар тобын сипаттайтын құндылықтар бар, сондай-ақ жеке тұлғаның құндылықтары бар [13,10-20]. Қазіргі медиаконтенттегі тілдік материалдарға мән беретін болсақ, адами құндылықтардың қазіргі заманға сай түрленгенін көреміз: Жүз досың болғанша жүз теңгең болсын *(түпнұсқасы: жүз сомың болғанша, жүз досың болсын),* Бақыттың кілті-байлықта *(түпнұсқасы: бақыттың кілті-еңбекте),* Алыстан да арбала, жақыннан да дорбала *(түпнұсқасы: Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала),* Көппен бірге адаспа, жалғыз жүріп жол тап... *(түпнұсқасы: Көппен көрген ұлы той)* https://vm.tiktok.com/ZMh61Yy8V/. Ұжымдық санадан индивидтік санаға өткен өзгеріс байқалады, жеке тұлғаның қалыптасуына бағытталған бұл контенттер жастардың тілдік санасындағы өзгерістерді көрсетеді. Тілдік жадта сақталып, «көпке қызмет ету, көппен болу» мазмұндағы тілдік бірліктер нарықтың экономиканың әсерінен мағыналық өзгеріске түсіп, материалдық құндылық басымдылыққа ие болғанын көрсетеді. Аксиологиялық аспект тұрғысынан қарастырсақ, «іс-әрекеттің

мақсаты құнды ма?» - деген сауал туындайды. Сөйлеуді зерттеудің аксиологиялық тәсілі аясында сөйлеу стратегиясы анықталады және сөйлем мағынасы талданады, яғни сөйлеушінің ниеті және оны жүзеге асыру үшін таңдап алған тілдік құралдары қарастырылады. https://vm.tiktok.com/ZMh61Yy8V/ авторы манипулияциялық құрал ретінде осы күнге дейін актив қолданыста жүрген, көпке танымал мақал-мәтелді таңдап алып, өте ұтымды қолданған. «Көппен бірге адаспа, жалғыз жүріп жол тап» - дегендегі автордың ұстанымының астарында «өзіңе сен, ізден, қорықпа, шешім тап» -деген мағыналар жатыр. Автордың мақалдарға жаңа мағына беруі нарық сұранысына жауап береді, ал қоғамдық құндылықтар тұрғысынан алып қарағанда, қайшылықтар тудырады. Индивидтік сананың дамуына жасалған бетбұрыс елдің экономикалық тұрғыдан дамуына өз септігін тигізеді деген тұжырым жасауға болады, бұл тұжырымға негіз болған мына бір зерттеу нәтижесі: шетелдік ғалым (Geert Hofstede, Германия) ата-аналардың отбасылық тәрбие ұстанымына салыстырмалы зерттеу жүргізген, ол үшін Германиядағы неміс отбасы мен мигранттардың отбасындағы тәрбие бағыттары қарастырылған [14]. Зерттеу барысында отбасында «ұжымдық құндылық» пен «индивидуалистік құндылықтың» қай түріне басымдылық берілетінін анықтаған, индивидуалды автономия мен әлеуметтік өзара байланыстың ерекшеліктеріне көңіл аударады. Geert Hofstede (2001) құндылықтар туралы түсініктердегі ұлттық ерекшеліктерге зерттеу жүргізе отырып, «индивидуалистік құндылықты» еркін әлеуметтік қатынастарға негізделген артықшылық ретінде анықтайды, бұл жерде адамдар тек өздері мен отбасылары үшін жауап береді деп күтіледі. «Ұжымдық құндылықты» тығыз әлеуметтік қатынастарға негізделген артықшылық ретінде анықтайды, бұл жерде топ мүшелерінен бір-біріне адалдық пен қамқорлық жасайды деп күтіледі. Geert Hofstede зерттеулеріндегі негізгі аспекті ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы «Билік дистанциясы (Machtdistanz)». Ата-ана билігі үстем отбасыларында баланың қандай да бір шешім қабылдауы ата-ананың бұйрығы негізінде жүзеге асырылады, шешім талқыланбайды. Ата-ана билігі қалыпты деңгейдегі отбасында баланың қандай да бір шешім қабылдауы «тең дәрежеде» жүзеге асырылады. Енді, Geert Hofstedenің неміс отбасы мен мигранттардың отбасын қамтып жүргізген зерттеу нәтижесіне ден қойсақ [14]:



Зерттеу нәтижесі Германия, Италия мемлекеттерінің отбасылық тәрбиесінде индивидуалистік құндылықтың жоғары деңгейде екенін, ата-ана билігінің қалыпты деңгейде

екенін көрсетеді. Зерттеуші бұл қатарға Ұлыбритания мен Швеция сияқты мемлекеттерді қосса, Ұлыбританияда «индивидуалистік құндылық» өте жоғары көрсеткіш, ал Швецияда «ата-ананың билік үстемдігі» өте төмен көрсеткіш берген болар еді деп болжам жасайды. Вьетнам, Ресей, Араб мемлекеттерінің отбасылық тәрбиесінде ұжымдық құндылықтың жоғары деңгейді, ата-ана билігі жоғары деңгейді құрайды. Егер, берілген диаграммаға мән берсек, онда индивидуалистік құндылықтар мәдениетін жоғары қойған мемлекеттердің экономикасының озық дамыған мемлекеттер қатарында екені көңіл аудартады. Бұдан туындайтын сұрақ, бала тәрбиесіндегі ұстанымымызға өзгеріс керек пе? Қазақ отбасында да бала тәрбиесінде ата-ана тарапынан жиі айтылатын, иерархиялық модельге құрылған бұйрық мәнді тілдік бірліктер бар, мысалы: *«Басымды қатырма!», «Әкең шешеді!», «Далбасаламашы!», «Ерікпеші!», «Қоя тұршы!», «Қойш!» «Бос сөйлеме!», «Сенен адам шықпайды!», «Сен не білуші ең?», «Жақсы боптың!», «Санаспа!», «Маған ақыл айтпа!», «Құры!», «Түкке тұрғысыз нәрсе», «Бекер», «Жап ауызыңды!»* т.с.с. Осы сөздер үнемі қолданылатын отбасында тәрбиеленген балалардың тілдік санасы әлсіз болады, өз ортасында бәсекеге қарсы төтеп бере алмайды, өздігінен шешім шығара алмайды. Тілдік сананың танымның құрамдас бөлігі екенін ескерсек, онда баланың өзін-өзі тануы ата-анасының бағалауынан, сөйлеу әрекетінен қалыптасады. Тілдік сана баланың тілді игеру кезінде қалыптасып, одан әрі өмір бойы жетіліп отырады. Бұдан шығатын қорытынды, ата-ананың баламен тілдік қарым-қатынасы реттелу керек, бұл мәселеге аса қатты көңіл бөліну керек, қоғамның, мемлекеттің дамуы үшін баланың тілдік санасының сау қалыптасуына, жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін рухани тәрбие алуына баса назар аударғанымыз қажет.

Осы мәселеге біржақты қарамас үшін, 1 курс студенттерінен ассоциациялық сауалнама алынды (сауалнамаға 158 студент қатысты), сауалнама нәтижесі көп қазақ отбасында жағымды сөздер жиі қолданылатынын көрсетті. Ата-аналардың баласына қатысты үнемі қолданатын сөздері *«алтыным, ақылдым, жүрегім, балапаным, ботам, сұлу қызым, махаббатым, жалғыз қызым, доча, молодец, опора наша, наша единственная, еркеша наша, принцесса, зайка»* сияқты еркелеткіш мәнді эмоционалды-экспрессивті сөздерден тұрады. Сондай-ақ, *«біз саған сенеміз, бірдеңе болса айт, бай боласың, қарның аштымa?, өзіңе сенімді бол, қалағаныңды алып береміз, сенің қолыңнан келеді, байқап жүр, ақшаң бар ма? түк етпейді»* сияқты сенім білдіру, қолдау көрсету мәндегі лексикалық бірліктер. Сондай-ақ, *«сенің барыңа шүкір етемін, Алланың берген сыйы, жалғызым, единственная моя»* сияқты тілдік бірліктердің көбірек қолданылатындығы байқалды.

Сауалнама нәтижесі отбасылық дискурста дисгармония тудырушы тілдік стратегиялардың басым екендігін де көрсетті: *қырсық, топас, сорлы, есалаң, миғұла, қаншық, кеңкелес, сенен қандай келін шығады?, адам болмайсың, сана берсін саған, өзіңдей елдің балаларына қарашы, қанша айтсам ұқпайсың, пәле болдың ғой, бәріне сен кінәлісің, ертең қайыршы боласың, дура, көзіңді құрт* т.с.с. Ирония, төмендету, тиым сөздер, үркіту, ескертпелер, нормативке сай емес лексикалар бала тарапынан агрессия тудырады. Қазіргі қоғамда орын алып отырған жастар арасындағы шектен тыс агрессиялық іс-әрекеттер (оқушылар арасындағы төбелес, буллинг, әлімжеттік, суицид) рухани құндылықтардың әлсіреуінен шығуда. Ата-аналардың балалар алдындағы беделі де,

олардың бала алдындағы дәрменсіз күйі бала тәрбиесінде үлкен рөл атқарады. *«Бізді ойламайсың, жаның ашымайды, мені сатыңдар онда, кетем әкеңнен»* сияқты сауалнама жауабынан алынған лексикалық бірліктер отбасы тәрбиесіндегі қиындықтарды, көңіл-күйді көрсетеді. *«Кетші бар, шаршап тұрмын, потом сөйлесеміз»* сияқты тілдік бірліктер сауалнама жауабында ең жиі қайталанатын бірліктер. Сауалнама жауабында жиі кездесетін келесі бірліктер: *«ақша сұрай бердің ғой, неге звондамайсың, көп ұйықтай бермеш, сен үйде жалғыз ұлсың».* Қазіргі қоғамдағы отбасылық өмір көрінісі осы актив сөздерден байқалып тұр. Жоғарыда берілген жағымсыз мәндегі тілдік бірліктерді төмендегідей топтастырдық: инвективті лексика, ащы мысқыл сөздер, өзіндік стильдік қызметі бар, жағымсыз мәндегі бұйрық райлы сөйлемдер, кульминациялық шекті білдіретін сөздер.

Ұлттық мәдениетімізде ұл бала мен қыз бала тәрбиелеудің тамаша үлгілері бар. Бала күннен баланың бойына сіңіріліп, берілетін отбасылық ұлттық құндылықтар туралы дүниелер көп. Көркем шығармалардан да ата-бабаларымыз ұстанған ұлттық тәрбие үлгілерін кездестіре аламыз. Мысалы, мына бір мысалдардан бала тәрбиесінің тамаша үлгілерін көреміз:

– Бір жаққа барайын десе, қасына іні-сіңлілерінің біреуін қосып жібереді. – Сен енді ойын баласы емессің. *Бой жетіп келесің, селтеңдемей үйде отыр, – деп қия бастырмайды. Іс тіктіреді, кесте тіктіреді, шілтер тоқытады.* Әйтеуір, анасының бұған келгенде тапсырмасы бір таусылмайтын болған [15, 9].

– Сағат немересін қасына шақырып алды, *қиюы кеткен күбіні қалай дәнекерлеуді үйретті,* сосын немересінің басын сипап отырып:

– *Тентегім менің, тентегім, қара шаңырағымның иесі! ...* – деді [16, 140].

– Сен әкем осы асуға алғаш арба жолын салған дедің бе? - Бұрынырақта Сұлутор арқылы Соғанды жағалап Баянды асуын арбамен асқан, шынында, менің әкем. Ол кезде Аманжолдың Мамырханы деген Аңырақай болысына атқосшы болған кісі. Кейін осы Ешкіліге жалғыз үй көшіп кеп бекет салдырған. Онда менің бес-алты жасар кезім. Әкем: «Әй, балам, мына асуды көремісің, – деген маған есік алдына жетелеп шығып, – көрсең, осыған даңғыраған жол саламыз, ойлағаныма жете алмасам, *оны іске асыру саған аманат, өзің жеткен жерден ары жалғастыруды өз балаңа сен аманат етерсің»*, – деп маған өсиет қалдырып еді [17, 34].

Мән беріп қарасақ, осы берілген мысалдардағы кілт сөздер еңбекпен, жауапкершілікпен байланысты: тіктіру, үйрету, іске асыру, жалғастыру, аманат, өсиет, қара шаңырақ иесі. Қазіргі күнде жиі айтылатын мотивация үлгілерінің қазақ ұлттық тәрбиесінде шебер қолданылғанын мына мысалдар арқылы көз жеткізе аламыз:

– Менің аздаған еркелік мінезім бар. Үй ішінде апамды жөнді тыңдай қоймаймын. Әсіресе, көкем отырғанда маған тоқтау айту әбестік. «Қанатым менің өзіме тартқан. *Ертең мына деген инженер болып шығады.* Ата-бабасы өмір бақи алысып келе жатқан *Жал өзенін менің Қанатым бағындырады әлі»,* – деп көкем маған өз жұмысының тағдырын арта сөйлейді. Мен үшін үлкен мақтаныш бұл.

– Қуанышымда шек жоқ. Дуандағы бақытты бала бүгін жалғыз өзім ғана. Апамның: *«Менің Қанатым ертең бүткіл Дуанды билейді»* деген сөзі осы қазір, көп алдында орындала

бастағандай көрінеді. Көшеге жүгіріп шығып, бар даусыммен айқай салсам, Дуанның барша балалары бүгін менің кім екенімді өз көздерімен көрер еді-ау деп те ойлаймын [18, 208-210].

– Апа, апа! Кітабымның арасынан мынаны тауып алдым. – Нені, ботам?! Жанат жапырақтарын апасының көзіне тосты. Апасы да таңқалған түр танытып жатыр.

– Ә, мұны саған Алматыдағы осы кітапты шығарған ағайларың мен тәтейлерің салып жіберген ғой. ... Бұл жапырақтар салынған кітапты алған бала жақсы оқысын деген шығар.

– Апа! Мүмкін… – Жанаттың үні біртүрлі толқи шықты. Көңіліндегі үлкен арманы мен үміті ғой мұны айтқызып тұрған: – Мүмкін… Мұны алған бала ақын болсын деген шығар…

– Талабыңды Тәңірім қолдасын! *Құдай қолдаса, боласың, ботам, боласың! Жырқұмар пейлің мен ынтаң зор, осыған қуанам ғой...* Осы әңгімеден кейін Жанат өзінше ұйқас құрауға, өлең жазуға талпына бастады. …Қияндағы қазақ ауылында тағы бір ақын қыз күнге ұмсынған гүлдей болашағына талпынып өсіп келе жатты [15, 207-208].

Осы мысалдарға мән беріп қарасақ, мағынасы терең. Балаға жастайынан негізгі құндылықты сіңірген, балаға сенім артып, оны арқаландырып, жігер беріп, болашағын айқындауға көмек берген.

Қорытынды

Ресми емес ауызша қарым-қатынас парадигмасының өзегін отбасылық коммуникация құрайды, оның иеархиялық құрылымы, отбасылық рөлдерді бөлудегі дәстүрлі жолы бар. Қазақ отбасына қатысты алсақ, қазақ отбасында негізгі орын әкеге тиесілі. Әкенің беделімен, әкенің мысымен тәрбиелеу қазақ отбасында ежелден қалыптасқан дәстүр. Бұл дәстүр бүгінде де көп отбасында сақталған. Қоғамда бала тәрбиелеудегі әкенің стандартты рөлі сақталған, яғни, бала тәртібін бақылауда ұстау, тәрбиеден кеткенде жазалау функциясын әке атқарады. Дегенмен бұрынғы кезеңмен салыстырғанда, әке мінезінде қаталдықтан гөрі жұмсақтықтың басым екендігін, әкенің авторитарлық билігінің әлсірегенін байқауға болады. Ол рөлге, керісінше, аналар да ие бола бастағаны білінеді, бала тәрбиесіне толық жауапкершілікті аналар өздеріне алған отбасылар саны аз емес. Оның әлеуметтік себептері көп. Сауалнамадан алынған тілдік деректер әлеуметтік мәселелердің отбасылық қарым-қатынаста, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлінде, бала бойында құндылықтарды қалыптастыруда шешуші орын алатындығына дәлел бола алады.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Б.А. Абдыханова материалдарды жинақтау, мақала мазмұнын мен негізгі бөлімін жазды, мақаланы рәсімдеумен айналысты. А.Ф.Аккалиева мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, түзетулер мен қосымшалар енгізді. **Л.К.**

Мейрамбекова мақаланың талқылау жұмыстарына үлес қосып отырды. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Темиргазина З.К. Лингвистическая аксиология: оценочные высказывания в русском языке. – Москва: Флинта, 2015. – 247 с.

2. Карасик В.И. Языковые картины бытия: монография / В.И. Карасик. – Москва: Государственный институт русского языка имени А.С. Пушкина, 2020. – 468с.

3. Общая и русская лингвоаксиология: коллективная монография / М.С. Милованова (отв. ред.), К. Я. Сигал, В. И. Карасик, Г. Г. Слышкин и др.; Институт языкознания РАН, Государственный институт русского языка имени А.С. Пушкина. – Москва–Ярославль: Издательство «Канцлер», 2022. – 390 с.

4. Джамбаева Ж.А. К вопросу о разработке психолингвистического направления аксиологической лингвистики / Ж. А. Джамбаева. – Текст: непосредственный // Cuadernos de Rusística Española, 2013. – Vol. 9. – P. 29–36.

5. Анищенко О.А., Жаркынбекова Ш.К. Особенности речевого поведения казахстанской молодежи: социолингвистический и психолингвистический аспекты исследования // ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология. – 2024. –№ 2(147). – С 26-41. DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-26-41

6. Шалина И.В. Уральское городское просторечие: лингвокультурные типажи / И. В. Шалина // Известия Уральского федерального университета, 2009. – С. 134-143.

7. Лингвистика и аксиология: этносемиометрия ценностных смыслов: коллективная монография / Е. Ф. Серебренникова. – Москва: Тезаурус, 2011. – 352 с.

8. Степанов С.С. Популярная психологическая энциклопедия. – Москва: Эксмо, 2005.

9. Чернейко Л.О. Порождение и восприятие межличностных оценок. / Л.О. Чернейко // Филологические науки, 1996. – Vol. 6. – С. 42-53.

10. Винокур Т.Г. Говорящий и слушающий: варианты речевого поведения. – Москва, 2007. – 171 с.

11. Хрипунова И.И. Языковые средства и способы реализации аксиологических стратегий в современном немецком художественном тексте. –Воронеж, 2013. – 24 с.

12. Сидорова Н.А., Лимарова Е.В. Ценностные аспекты компетенций общения в структуре языковой личности // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2: университет, 2018. – С. 75-78.

13. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / Научно-исследовательская лаборатория «Аксиологическая лингвистика». – Москва: Гнозис, 2004. – 389 с.

14. Prof. Dr. Bernhard Nauck. Welche Rolle spielt eigentlich Kultur bei der Erziehung in Migrantenfamilien?https://www.mehrsprachigkeit.uni-hamburg.de/oeffentlichkeit/erziehung-u-beratung/abschlussbericht-diwan.html) (қарастырылған күні: 24.11.2024)

15. Бейсенова Шәрбәну. Бір махаббат баяны. Хикаят, әңгімелер. – Алматы, 2009. – 280 б.

16. Тарази Әкім. Кең. Роман. – Алматы: Жазушы, 1986. – 576 б.

17. Несіпбек Дәутайұлы. Көгілдір көйлекті келіншек. Хикаяттар, әңгімелер – Алматы: Жазушы, 2005. – 264 б.

18. Мұхамеджан Дүзенов. Ақ әже. Повесть. –Алматы: Жазушы, 1968.

B.A. Abdykhanova[1], A.F. Akkaliyeva[2], L.K. Meirambekova[3]*

[1,2]Shakarim University, Semey, Kazakhstan

[3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The linguoaxiological aspect: the current characteristics of parental linguistic behavior

Abstract. The article explores how language manifests concepts of values, which adapt and transform in accordance with the socio-cultural context, and the changes they undergo in the current globalized environment. The importance of studying the issue of parental linguistic behavior is approached as a key topic. To determine and assess the contemporary nature of this issue, the article examines fundamental aspects of axiology, including the relationship between language and cultural values. It also analyzes the role of linguistic units as indicators of parents' worldviews and their influence on shaping relationships with children. Educational models historically employed in raising children within the Kazakh nation are presented through examples from literary works. These models are necessary for conducting a comparative analysis and evaluation of traditional and modern methods of upbringing. Examples of motivational practices previously used in child-rearing are proposed. The associative analysis results presented in the article serve as linguistic cues for parents. Examples drawn from social media highlight contemporary shifts in youth perspectives and attitudes. Furthermore, the survey's linguistic data can be used as proof that social issues have a significant impact on how parents raise their children, how families interact, and how children develop their values.

Keywords: axiology, linguoaxiology, national values, cultural values, parental linguistic behavior, globalization process

Б.А. Абдыханова[1], А.Ф. Аккалиева[2], Л.К. Мейрамбекова[3]*

[1,2]Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан

[3]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Лингвоаксиологический аспект: современные характеристики языкового поведения родителей

Аннотация. Данная статья рассматривает, как понятия ценностей, которые адаптируются и трансформируются в соответствии с социокультурным контекстом, проявляются через язык и какие изменения они претерпевают в условиях современной глобализации. Поднимается важность изучения вопроса языкового поведения родителей как ключевой темы. Для определения и оценки современных особенностей данной проблемы исследуются основные

аспекты аксиологии, включая взаимосвязь языка и культурных ценностей. Также проводится анализ роли языковых единиц как индикаторов мировоззрения родителей и их влияния на формирование взаимоотношений с детьми. Образовательные модели, исторически использовавшиеся в воспитании детей в казахской культуре, представлены через примеры из литературных произведений. Данные модели были использованы для проведения сравнительного анализа и оценки традиционных и современных методов воспитания. Предложены примеры мотивационных практик, ранее использовавшихся в процессе воспитания. Ассоциативный анализ, представленный в статье, служит языковыми ориентирами для родителей. Примеры, взятые из социальных сетей, иллюстрируют современные изменения в установках молодежи. Более того, полученные в результате опроса лингвистические данные могут служить доказательством того, что социальные вопросы играют решающую роль в роли родителей в воспитании детей, в семейных отношениях, в формировании ценностей у детей.

Ключевые слова: аксиология, лингвоаксиология, национальные ценности, культурные ценности, языковое поведение родителей, процесс глобализации.

References

1. Temirgazina Z.K. Lingvisticheskaya aksiologiya: otsenochnye vyskazyvaniya v russkom yazyke [Linguistic axiology: evaluative statements in Russian] (Flint, Moscow, 2015, 247 p.) [in Russian]

2. Karasik V. I. Yazykovye kartiny bytiya: monographiya [Language pictures of existence: monograph] (State Institute of Russian Language named after A.S.Pushkin, Moscow, 2020, 468 p.) [in Russian]

3. Obshaya i russkaya lingoaksiologiya: kollectivnaya monographiya [General and Russian linguaxiology: collective monograph] / Eds. M.S. Milovanova (editor-in-chief), K. Ya. Sigal, V. I. Karasik, G. G. Slyshkin, et al] (Publishing House "Kantsler", Moscow-Yaroslavl, 2022, 390 p.) [in Russian]

4. Dzhambaeva, Zh.A. K voprosy o razrabotke psihologicheskogo napravleniya aksiologicheskoi lingvistiki [On the issue of developing a psycholinguistic direction of axiological linguistics], Cuadernos de Rusística Española, 9, 29–36 (2013) [in Russian]

5. Anishenko O.A., Zharkynbekova Sh.K. Features of speech behaviour of Kazakhstani youth: sociolinguistic and psycholinguistic aspects of research, Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, № 2(147), 26-41 (2024). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-26-41 [in Russian]

6. Shalina I.V. Ural'skoe gorodskoe prostorechie: lingvokul'turnye tipashi [Ural urban vernacular: linguocultural types], Izvestiya Ural'skogo federal'nogo universiteta (News of the Ural Federal University), 134-143 (2009) [in Russian]

7. Serebrennikova E. F. Ligvistika i aksiologiya: etnosemiometriya tsennostnyh smyslov: kollektivnaya monographiya [Linguistics and axiology: ethnosemiometry of value meanings: collective monograph] (Thesaurus, Moscow, 2011, 352 p.) [in Russian]

8. Stepanov S.S. Populyarnaya psihologicheskaya entsiklopediya [Popular psychological encyclopedia] (Eksmo, Moscow, 2005) [in Russian]

9. Cherneiko L.O. Poroshdenie i vospriyatiye meshlichnostnyh otsenok [Generation and perception of interpersonal assessments], Fololog icheskie nauki [Philological Sciences], 6, 42-53 (1996) [in Russian]

10. Vinokur T. G. Govoryashii i slushayushii: variant rechevogo povedeniya [Speaker and listener: variants of speech behavior] (Moscow, 2007, 171 p.) [in Russian]

11. Hripunova I.I. Yazykovye sredstva i sposoby realizatsii aksiologicheskig strategii v sovremennom nemetskom hudoshestvennom tekste [Language means and methods of implementing axiological strategies in a modern German literary text]. (Voronezh, 2013, 24 p.) [in Russian]

12. Limarova E.V., Sidorova N.A. Value aspects of communication competences in structure of the language personality, The Bulletin of the Adyghe State University: Internet Scientific Journal, 75-78 (2018) [in Russian]

13. Karasik V.I. Yazykovoi krug: lichnost', kontsepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse] (Gnosis, Moscow, 2004, 389 p.) [in Russian]

14. Nauck B. Welche Rolle spielt eigentlich Kultur bei der Erziehung in Migrantenfamilien? [Electronic Resource]. – URL: https://www.mehrsprachigkeit.uni-hamburg.de/oeffentlichkeit/erziehung-u-beratung/abschlussbericht-diwan.html) (date accessed: 01.02.2024) [in German]

15. Beisenova Sh. Bir mahabbat bayany. Hikayat, angimeler [A love story. Stories, tales] (Almaty, 2009, 280 p.) [in Kazakh]

16. Tarazi A. Ken. Roman. [Ken. Roman] (Zhasushy, Almaty, 1986. 576 p.) [in Kazakh]

17. Nesipbek D. Kogildir koilektegi kelinshek. Hikayattar, angimeler [The Lady in the Blue Dress. Stories, Tales] (Zhazushy, Almaty, 2005, 264 p.) [in Kazakh]

18. Duzenov M. Aq azhe. Povest' [The White Grandmother. Novel] (Zhazushy, Almaty, 1968) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Абдыханова Бактыгүл Айдапкелевна **–** PhD, доцент, Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қаласы, Қазақстан. E-mail: abdychanovab@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8076-2336.

Аккалиева Айжан Файзрахмановна **–** PhD, доцент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей, Қазақстан. E-mail: akkali.aizhan@gmail.com, ORCID:0000-0001-6466-9967.

Мейрамбекова Лязат Касымовна **–** хат-хабар үшін автор, PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: lmeyrambekova@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2159-4007.

Абдыханова Бактыгул Айдапкелевна **–** PhD, доцент, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан. E-mail: abdychanovab@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8076-2336.

Аккалиева Айжан Файзрахмановна **–** PhD, доцент, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан. E-mail: akkali.aizhan@gmail.com ORCID: 0000-0001-6466-9967.

Мейрамбекова Лязат Касымовна **–** автор для корреспонденции, PhD, и.о.доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: lmeyrambekova@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2159-4007.

Abdykhanova Baktigul Aidapkelevna **–** PhD, Associate Professor, Shakarim State University, Semey, Kazakhstan. E-mail: abdychanovab@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8076-2336.

Akkaliyeva Aizhan Faizrahmanovna – PhD, Associate Professor, Shakarim State University, Semey, Kazakhstan. E-mail: akkali.aizhan@gmail.com, ORCID:0000-0001-6466-9967.

Meirambekova Lyazat Kassymovna – corresponding author, PhD, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: lmeyrambekova@mail.ru. ORCID:0000-0003-2159-4007.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.01.33
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-22-34

Терминологиялық аталым үдерісіндегі тіл мен ойлаудың біртұтастығы мәселелері

Қ.Ж. Айдарбек[1], А.Б. Иманбердиева[2*], Н.У. Абдуллина[3]

[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

(E-mail: [1]aidarkar_10@mail.ru, [2]ainur-iab@mail.ru, [3]nazgulua@mail.ru)*

Аңдатпа. Тіл зерттелуінің семиологиялық аспектісінің басты мәселесі таңбажасалымы тетігі, таңбалаушы және таңбаланушы біртұтастығы болып саналады. Тілтаным ғылымының дамуы семиология саласының семиозис қандай жағдаяттарда жүргізіліп, сонымен бірге аталған іс-әрекеттер барысында қандай үдерістер жүзеге асырылатынын айқындайтын зерттеулеріне тікелей байланысты. Осы мақала авторлары аталым түрлері және олардың тілдік таңба арқылы белгіленуі үдерістерін альтернативті формалар арқылы қарастыра келіп, атаулар баламалылығын сипаттау кез келген тілдік аталым амал-тәсілін және аталған тәсілдердің бәсекелестік қасиеттерін семиотика бағытында жан-жақты талдауды қажет ететіндігін алға тартады. Терминтанымның қазіргі заманауи тенденциялары терминологиялық аталым үдерісінің кешенді түрде сипатталуына бағытталады да, ол өз кезегінде тіл қолданысы аясына байланысты бір аталым түрлерінің басымдығымен ерекшеленеді. Нақты терминжүйе белгілерін анықтау белгілі сала аясына тән терминжасам үдерісінің жете зерттелуінің нәтижесінде ғана мүмкін болады. Бұл мәселенің маңыздылығы осы мақаланың басты мақсаты ретінде алынып, терминологиялық аталымды тәжірибелік талдау негізінде терминжасам үдерісі сипатталады. Мақала авторлары семиотикалық мәселелерді қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі ретінде зерттей отырып, терминологиялық аталым үдерісі ойлау мен тілдің өзара әрекеттестігінің біртұтастығымен тығыз байланыста болатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: терминологиялық аталым, семиотика, семиозис, аталымның альтернативті формалары, семиология.

Түсті: 21.12.2024; Жөнделді: 28.02.2025; Мақұлданды: 04.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Ақиқат болмыс құбылыстарының немесе қоршаған орта сипатының тілдік вербалдануы барлық тілдерде қалыптасып орныққан жағдаяттардың орын алуы мен қалыпты тілдік модельдерді пайдалану және олардың жүзеге асыру амалдарымен байланысты болады. Сол себепті де, егер ұлт тілінде аталған тілдік модельдер жүйесі кеңінен тармақталған ауқымды болатын болса, яғни тілдік таңбалау формалар жүйесі де көп болатыны анық. Терминжасам модельдері мен типтерінің көптігі әрі сан-алуан түрлілігі объективтік шындық деректерінің тілдік таңбалануын әртүрлі деңгейдегі тәсілдер мен модельдер арқылы жүзеге асып, әлеуетті мол және кең терминжасам жүйені айқындайды. Бұл әлеуетті іске қосу, яғни орындалуы көптеген фактілерге тәуелді. Ал, белгілі бір тілдегі терминжасам амал-тәсілінің таңдалуы қандай жағдаяттарға байланысты екенін зерттеуге қатысты лингвистикалық мәселелер әзірше өз шешімін толық таппаған. Аталмыш мәселе төмендегідей үштаған төңірегінде ғана қарастырылуы қажет:



1-сурет. Объективтік шындық, ойлау қызметі және таңбалар жүйесінің арақатынасы

Жалпы терминжасамның көптеген өзіндік амал-тәсілдерінің болуы, оның синтаксистік, лексика-семантикалық, сөзжасамдық, фразеологиялық түрлерін жіктеп атап көрсетуге негіз болатыны белгілі. Келтірілген әрбір амал-тәсіл арнайы зерттеулерде, сондай-ақ тілтаным саласының жекелеген деңгейі мәселелерін қарастыруға арналған еңбектерде өз алдына қарастырылып келеді.

Адамның танымдық қызметіндегі өзгерістер мен жаңалықтар тілде жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуына негіз болады. Осы тұрғыдан келгенде, жиырма бірінші ғасыр ғылыми-техникалық прогресстің ең жоғары дамыған кезеңі, нағыз терминологияның шарықтау уақыты екені сөзсіз. Қазіргі таңда терминология мәселелерін зерттеудің өзектілігін белгілі терминолог-ғалымдар былайша түсіндіреді: «Ғылыми-техникалық

прогресс дамуының қазіргі кезеңінде неологизмдер, жаңа сөздер арасында арнаулы ұғымдарды, яғни терминдерді білдіретін бірліктер басымдылығы айқын. Терминдер жаңа сөздердің абсолютті көпшілігін құрайды: әр түрлі мәліметтер бойынша 80%-дан 90%-ға дейін. Бұл тіл мамандарына аталмыш үдерісті «терминологиялық жарылыс» деп атауға мүмкіндік берді. Тілдің терминденуі – бірнеше факторлардың әсерін қорытындылайтын объективті үдеріс: ғылыми-техникалық төңкерістің; БАҚ-тың дамуы; қоғамдық құрылымның өзіндік ерекшеліктері» [1, 12]. Терминолог-ғалымның пікірінше, терминтаным саласы қалыптасуының өзі ғылыми-техникалық салаларға қызмет ететін арнаулы сөздердің көптеп жинақталуы болып табылады.

Бұл ретте, ғалым А.Азаматова: «Тіл білімінің терминологиялық корпусы бірліктерінің құрылымдық-семантикалық және жұмсалымдық ерекшеліктерін сипаттауға байланысты терминтанымдық зерттеулер мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Бұл, ең алдымен, аталымдық қызмет саласы болып табылатын терминологиялық аталым мен терминжасам мәселелеріне қатысты. Оның үстіне дәл осында арнаулы атауларды қалыптастыруға бағытталған адамның шығармашылық мүмкіндіктері ерекше ашылады», – деп көрсетеді [2, 5]. Терминжасам мен терминологиялық аталым үдерісінің жалпы тіл біліміндегі орны мен маңызы жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің көрсеткіші екенін байқауға болады.

Осы күнде шетелдік терминолог-ғалымдар, Ресей ғалымдары терминологиялық аталымды жалпы философиялық мәселелермен тығыз байланыста қарастырып, атап айтқанда танымдық ғылымдардың зерттеу нысандарымен сабақтастықта зерттеу жүргізуде. Бұл өз кезегінде ақиқат шындықты зерделеудегі аталым субъектісі, таңбаланушы мен таңбалаушы арақатынасын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі таңда терминологиялық аталым, терминжасам, сөзжасам салаларына қатысты еңбектер жаңа зерттеулермен кеңінен толығуда. Кез келген тілде соңғы жылдары жаһандану, компьютерлік технология, жасанды интеллект нәтижесінде жаңа сөздердің көптеп пайда болуына байланысты және кірме сөздер мен терминдер мәселесі терминжасам, сөзжасам үдерісінің отандық, шетелдік ғалымдардың назарында екені белгілі. Біздің зерттеуімізге қатысты сөзжасам мен терминжасам мәселелері орыс тіл білімінде Е.С.Кубрякова, Н.С.Валгинаның, қазақ тіл білімінде Б.Қасым, А.Салқынбай, Ж.Тектіғұлдың еңбектерінде, лексика мен семантика, терминге қатысты А.А.Уфимцева, В.Г.Гак, Ю.Д.Апресянның, қазақ тілтанымында Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Б.Момынова, Ш.Құрманбайұлы, Е.Абдрасилов, Б.Жонкешовтың, терминніңдефинитивтілігінеқатысты С.Д.Шелов, Г.Н.Ловцевич, А.С.Трифонов, қазақ терминологиясында А.Н.Досмаиловаңың зерттеу еңбектерінде сөз болады. Тілдік бірліктер, атап айтқанда, туынды бірліктер мен синтаксистік оралымдар типтерінің арақатынасы мен өзараәрекеттестік мәселелелері тілдік таңбалардың мән-мағыналық мазмұнын айқындау барысында жан-жақты қарастырылады (Е.С.Кубрякова, Е.Л.Гинзбург, И.Г.Милославский т.б.). Қазақ тіл білімінде сөзжасамға байланысты А.Байтұрсынұлы («Тіл құрал», 1914-1928ж.ж.),

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Қ.Жұбанов («Қазақ тілі грамматикасы», 1936) еңбектеріндегі аталым теорясына қатысты тұжырымдар, одан беріде Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Ө.Айтбайұлы, К.Хұсайын, З.Ахметжанова зерттеулеріне негізделеді. Жалпы аталым теориясы сөзжасам, терминжасам мәселелерімен тығыз байланысты. Зерттеушілердің пікірінше, аталым үдерісі ақиқат шындық жағдаяттарын бақылау, қабылдау, категориалдау мен концептуалдау, ол туралы түсінік қалыптастыру сияқты мәселерді қамтиды. Осымен байланысты, ғалым К.А.Переверзев: «… сол себепті де ақиқат болмыстағы нақты бір жағдаят түрлі сөйлеу аталымдарға ие болуы мүмкін», - деп көрсетеді [3, 24].

Терминжасам үдерісіне қатысушы адам ақиқат шындыққа тән қатынастарды, қасиеттерді, құбылыстарды өзінің ой-өрісіне, таным-түйсігіне, біліміне сәйкес қабылдайды. Әрі қарай, қабылданған білім тіл жүйесінде сақталып, аталған тіл иелерінің қоғамдық, сондай-ақ жеке тұлғалардың тәжірибелік таным нәтижелері арқылы қалыптасқан ғаламның тілдік бейнесі негізінде іріктеліп сұрыпталады. Осымен байланысты, Г.Н.Ягафарованың тұжырымдауынша: «ақиқат шындықтың аталмыш бір бөлігін белгілеу үшін лексикалық бірліктің пайда болу үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады: көптеген басқалардың арасында атау нысанын іріктеп бөліп алу; оның сәйкестендіруші, уәждеуші бола алатын ең басты ерекшеліктерін айқындау; атауланушы зат немесе құбылыстың маңызына сәйкес келетін сөзжасамдық амал-тәсілдерді таңдау; оның тіл иелерімен узуалдануы. Осы төрт кезеңнен өткен лексикалық бірліктер немесе сөз таңбалары белгілі бір тілдің сөздік құрамының толыққанды элементтеріне айналады» [4, 181].

Қазақ терминтанушы С.С.Исақова терминге атау беруде уәжділік теориясының маңызы ерекше екенін атап көрсетіп: «Уәжсіз термин ғылыми ұғымның мазмұнын аша алмайды. Уәжді термин – ғылыми ұғымның бейнесі, мазмұны. Уәжділік дегеніміз – заттың, құбылыстың бір белгісінің атауға негіз болуы. Уәжділік таңбаның мазмұны мен формасының арасын байланыстырушы болып табылады, таңбаның маңызды сипатының бірі болып есептеледі», – деп қорытынды жасайды [5, 30].

Терминделетін ұғым бірнеше маңызды белгілерге ие болады, ал солардың ішінен «терминнің тұрпат межесінде берілетін оның ең қажетті және жеткілікті белгілері ғана іріктеліп алынады» [6, 8-9]. Сондықтан да, терминжасам үдерісі барысын айқындау, ең алдымен, таңбаланушы ақиқат шындық дерегінің, құбылысының өңделу, іріктелу, сұрыпталу процесін анықтап алған дұрыс. Өз кезегінде, бұл үдерісті оның нәтижесіне қарай, атап айтқанда белгілі бір тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға жататын тілдік бірліктер арқылы ғана сипаттай аламыз. Яғни, тілдік аталым үдерісін жете зерттеу үшін адамның ойлау жүйесіне келіп түсетін ақпараттың өңделіп, ақиқат шындық туралы түрлі-түрлі білімнің кодталуы мен концептуалдануы тетігін айқындау қажет.

Материал және зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі кәсіп иелерінің атаулары алынып отыр. Негізгі дереккөздерге лексикографиялық және терминографиялық еңбектерді, мәселен: қазақ тілінің түсіндірме, тіл білімінің терминологиялық сөздіктері, түрлі салалық

терминологиялық сөздіктер, анықтамалықтар, сондай-ақ ғылыми әдебиеттер, монографиялар, БАҚ материалдары т.б. Терминологияның пәнаралық сипаты альтернативті аталымдардың жұмсалымдық ерекшеліктерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Терминологиялық аталым үдерісінің құбылыстарын салыстырмалы зерттеу лексика-семантикалық талдау арқылы жүзеге асырылады. Зерттеудің кешенді әдістемесі дәстүрлі семасиологиялық және ономасиологиялық талдаулардың қатар қолданылуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ терминнің дефинитивтілігі қасиетімен байланысты терминологиялық дефинацияларды талдау әдісі де пайдаланылады.

Ғалым Е.С.Кубрякова аталымның баламалы түрлерінің пайда болуы мен жалпы белгілі бір жағдаятты, құбылысты, нысанды, затты түрлі тәсілдермен сипаттау мүмкіндігі туралы былай деп жазады: «…қоршаған орта дерегінің бірнеше баламалы формалар арқылы берілуін зерттеу (яғни түрлі таңбалануы құбылысын) – аталған таңбалардың семантикалық мағыналарын қарастырудың ең тиімді амалы болып саналады» [7, 21]. Семиозис тұрғысынан келгенде, таңба дегеніміз – ойлау мен тілдің өзара байланысы. Яғни, бұл ретте тіл арқылы сол формаға белгілі бір мағына телінеді, ал ойлау категориясының басты міндеті – сол тілдік таңбалардың дұрыс іріктеліп алуына ықпал ету. Бұл ретте, Ч.С.Пирстың семиозисты таңбаның үздіксіз қозғалысы деп түсіндірген ойы ерекше назар аудартады: «Таңба немесе репрезентант басқа нәрсемен нақты бір белгісіне қатысты байланысады» [8, 100].

Біздің қоршаған орта құбылыстарын танып білуіміздің бастапқы кезеңі сол дүниетанымдық әрекетінен бастау алып, әрі қарай аталған тілден тыс дерекке тілдік форма беру қызметімен айқындалады. Бұл дегеніміз – терминжасам үдерісінде жаңа білім дерегі өзіндік тілдік таңбаға, формаға ие болады. Аталған үдеріс тілде бұрыннан бар тілдік бірлікке жаңа мағына беру немесе үстемелеу және терминжасам тетігінің іске қосылуы арқылы жаңа тілдік бірлік жасалымы негізінде жүзеге асырылады. Тілде бұрыннан бар тілдік бірлікке жаңа мағына беру – көпмағыналылық құбылысымен сипатталса, терминжасам тетігі – терминжасамдық, морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдермен айқындалады. Терминжасамдық аталым барысын анықтайтын басты белгілер – өзгермелілік, қозғалыс, үдерістік болса, сөзшығармашылығы мен терминшығармашылығы терминжасамның басты қызметін көрсетеді. Өйткені, терминшығармашылығы ғана терминжасам барысында тілдік формаға иеленетін тілден тыс мазмұнның көптеген белгілерінің ішінен негізгілерін айқындауды жүзеге асырады. Тілдік және тілден тыс фактілердің терминжасамдық үдерістерге қатысуы, оның өзектік, перифериялық тұстарының болуын меңзейді. Яғни сөзжасамдық, терминжасамдық үдеріс кезеңдері тілдегі белгілі бір үлгілер, жүйелер арқылы орындалатынын айқындайды.

Тілдегі жаңа сөз жасалымы, ең алдымен оған негіз болатын уәжге тікелей тәуелді түбір сөздің іріктеліп таңдалуына байланысты. Өз кезегінде, уәжділік екі түрлі амал арқылы жүргізіледі: жаңа тілдік бірлік тілден тыс мазмұнның бірнеше белгісі ішінен тек біреуіне ғана негізделеді немесе тұтас мазмұнға қатысты жасалады. Уәжтану саласындағы ғылыми әдебиеттерге сәйкес тілдік деректер туынды терминдер жасалымына ықпал ететін болса, тілден тыс деректер көпқұрамды сипаттамалы терминдер жасалымында

ерекше орын алады. Сол себепті де жай және күрделі сөздердің сан жағынан арақатынасы әрбір тілде әртүрлі болып келеді. Өйткені әртүрлі тіл иелері уәжденім формасын іріктеп алуда өздерінше шешім қабылдайды. Сондықтан да, егер сөздік қорда қосымша-жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер жүйесі көптеп орын алса, белгі бойынша уәжділік тетігі жиірек іске қосылғанын айқындайды және керісінше.

Нәтиже және талқылау

Тілдегі әрбір универб пен көпқұрамды термин ұғымының тілдік таңбалануы индивидтың сөйлеу мен ойлау қабілетінің қорытындысы ретінде дискурс шеңберінде жүргізіледі. Аталым үдерісі бірнеше актілерден тұрады және қоршаған орта құбылыстарының тілдік құралдар арқылы вербалдануынан тұрады. Өз кезегінде, аталған үдерістің басты категорияларын субъект (атау беруші), нысан (атауланушы) және тіл құрайды. Бұл ретте, ерекше назар аудартатын мәселе – терминжасам үдерісі орын алатын ортасы болып табылады. Себебі, дискурс барысы оған қатысушылардың ақиқат болмыстың аталмыш нысаны, құбылысы, дерегі туралы білімі, адресанттың ниеті, терминжасам үдерісі адресатының тілдік білім деңгейіне тікелей байланысты әрі тәуелді. Н.Д.Арутюнованың аталған терминге берген анықтамасына сәйкес дискурс дегеніміз «… өмірге бағытталған сөйлеу (өмір сүруді айқындайтын сөйлеу)» [9, 136-137]. Осымен байланысты, қазіргі таңда дискурс мәселесінің жан-жақты кеңінен зерттелуі «...адресант (сөйлеуші) және адресат (тыңдаушы) дискурсқа қатысушылар ретінде коммуникация үдерісінің негізгі векторын айқындап, антропоөзектік бағытта қарастырылуымен» түсіндіріледі [10, 105]. Тілдік құбылыс ретінде дискурс сөйлеу барысында туындап, сөйлеу актісімен (аталым үдерісімен) тығыз байланысты. Бұл актінің жүзеге асуы сөйлеушінің іс-әрекетіне тікелей тәуелді. Сондықтан да дискурс, Г.Н.Манаенконың анықтауы бойынша «ол әлеумет пен өмір сүру ахуал-жағдайы секілді деректерді ескеретін, әлеуметтік-тарихи шарттармен айқындалатын адамзат қызметінің белгілі бір саласындағы субъектінің танымдық-коммуникативтік мінез-құлқының жалпы қабылданған түрі» [11, 112].

Жеке ұжымдық шығармашылық акті болып табылатын аталым үдерісі сөйлеушінің ақиқат болмыс нысандары мен тіл туралы белгілі білімі болуын талап етеді. Яғни «Қоршаған ортаны тану үдерісі барысында адам тілдік бірліктер арқылы бекітілген заттар мен құбылыстар, ұғымдар туралы бейнелер, идеялар мен түсініктер қалыптастырады» [12, 209]. Алайда, аталым үдерісі субъектісінің маңыздылығын ескере отырып, оның қоғамдық сипатын да естен шығармаған жөн. Өйткені субъектінің өзі аталмыш тілдік қоғамның мүшесі, ол өзінің аталымдық және коммуникативтік қызметін сол қоғамдық ортада, сол қоғамның қажеттіліктеріне орай ғана іс-әрекетті жүзеге асырады.

Ақиқат шындықты тілдік таңбалауда аталым субъектісі сол тілге тән келетін жіктемелік-категориалды құрылым нұсқаларды пайдаланады. Әрбір атауланушы нысан ақиқат шындықтың бір бөлігі ретінде бірнеше қасиеттер мен қатынастардан тұрады. Ұғымның тілдік формасы аталған қасиеттер мен қарым-қатынастарды айқындайтын біртұтас бірлікке айналады. Сондай-ақ атаулар баламалылығы психологиялық

деректерге де байланысты болады: «Атау негізі тек атауланушы ақиқат болмыс нысанның айқын белгіленуінен ғана емес, сонымен қатар атау беруші субъектінің эмоционалды көңіл-күйі және сезімінен де тұрады (метафоралар)» [13, 34].

Осыған орай, мағынасы бір, бірақ түрлі формадағы атауларды мысал ретінде келтіруге болады. Бұл түрлі себептерге негізделеді, атап айтқанда: ішкі мән-мағыналық мазмұн, бір ғана маңызды белгінің актуалдануы, субъектінің терминжасамдық ниеті, атауланушы деректің белгілері, тілдік жүйе, аталым субъектісінің сол қоғамдағы қалыптасқан ғаламның тілдік бейнесін білу деңгейіне т.б.

1-кесте. Аталымдардың дублеттік формалары

Орыс тіліндегі нұсқа	Қазақ тіліндегі 1-нұсқа	Қазақ тіліндегі 2-нұсқа	Қазақ тіліндегі 2-нұсқа
спекулянт	*жалдап*	*алыпсатар*	*пайдакүнем*
бизнесмен	*ілкімді*	*кәсіпкер*	*бизнесші*
репатриант	*келермен*	*оралман*	*қандас*
маклер	*арада жүруші*	*делдал*	*арашы*
медсестра	*медбибі*	*медбике*	*медайым*

Аталым үдерісінің барысында таңбаның мазмұн межесі мен тұрпат межесінің қалыптасуы аталым субъектісіне, аталым үдерісі орын алатын дискурсивтік ортаға тікелей байланысты және бір топқа жататын денотаттар атауларын салыстыру арқылы жүзеге асады. Себебі, тілдерде қоршаған орта нысандарының вербалдануы мен қалыптасуы атау жасау кезеңі және оның қолданысқа ену кезеңі (көпшілік қажетін өтеу кезеңі) сияқты екі үдерістен өтеді. Аталым субъектісі ретінде тілдік тұлғалар бірнеше баламалы атауларды қалыптастыруға талпыныс жасауы мүмкін, кейін сол атаулардың арасынан ең қолайлысы, тиімдісі таңдалып алынады: «Тілде сөйлеушінің таңбаланушы нысанның ең қолайлы атауын таңдауын реттейтін күрделі тетігі болады. Бұл тетіктің орталығында сол нысан туралы біздің біліміміз жатыр. Сөйлеу аталымдарында біздің әлем туралы біліміміз көрініс табады және бекітіледі» [14, 11]. Демек, бүкіл атаулардың ішінен тілдік үнемдеу заңына сәйкес ықшам, уәжділігі айқын нұсқасы узуалдану үдерісінен сұрыпталып тілде нақты өз орнын алады.

Нысанның белгіленуі сөйлеушінің аталымдық интенциясына байланысты тілдегі түрлі үлгілер негізінде сипаттамалы атаулар, универбтер, яғни семантикалық деривация, аффикстену, универбтену үдерісі т.б. арқылы жасалады. Қоршаған орта құбылыстары мен нысандары жайындағы тілдік тұжырымдама өте күрделі тілдік тетік болып табылады, сол себепті де әрбір тілдік формасы бар ұғым сол тұжырымдаманың ықшамдалған көрінісі. Тілдегі аталымдық бірліктер, аталымдық жүйелер аталымдық үдерістер динамикасын айқындап, түрлі сөйленім мен мәтіндерде көрініс табады.

2-кесте. Ауызекі сөйлеудегі сипаттамалы атаудан универб жасалымы

Ауызекі сөйлеудегі сипаттамалы атау	Универб атаулар
Ат бағатын, ***ат*** айдаушы адам	***аттшы***
Кітап ***бетін*** ретке келтіруші	***беттеуші***
Ауру адамды ***емдейтін*** тәуіп, шипагер, балгер	***емші***
Зейнетақы алатын адам	***зейнеткер***
Құдық қазуды кәсіп еткен адам, ***құдық*** қазушы	***құдықшы***

Аталымдық қызмет те, коммуникативтік қызмет те жалпы сөйлеу қызметінің бір формасы болып табылады. Бұл ретте, аталымдық қызметті екіншісінен ажырататын ерекшеліктер қатарына мыналар жатады: бастапқы уәж-қызметтер, нәтижелер, іс-әрекет, операциялар. Аталым сөзтудырушы тетіктер, ал коммуникативтік қызмет синтаксистік амалдар арқылы жүзеге асырылады. Бастапқы кезеңге тән келетін ұғымның дефициясы нақтылыққа ие бола алмайды, ол тек жаңадан жасалған терминнің микроаталымы болып саналады.

3-кесте. Аталым үдерісінің бірінші кезеңіндегі микроаталымдар

Термин көпнұсқалылығы	Терминнің микроаталымы
Диспетчер, тоғыскер	*әртүрлі бөлімдердің жұмысын үйлестіруге, сонымен қатар жұмыс процесін бақылауға және басқаруға жауапты маман; белгілі бір саладағы кез-келген әрекетті үйлестіруге жауапты лауазымды тұлға.*
Токарь, жонғыш, металл жонушы	*ағаштан, металдан, оргшыны мен пластмассадан қандай да бір бөлшектерді дайындау үшін айналмалы дайындамаларды өңдейтін маман.*
Слесарь, темір шебері, темір ұстасы, слесарь-жөндеуші,	*өндірістік немесе тұрмыстық жабдықтарға техникалық қызмет көрсететін және оларды жөндейтін маман; слесарь-жөндеуші жөнделген жабдықты орнатып, сынақтан өткізуі тиіс, сонымен қатар оны жұмыс істеп тұруына толығымен дайындауы керек.*

Терминжасам үдерсінің нәтижесі – туынды терминдердің мағынасы идентификациялаушы және дифференциялаушы семалардан құралады. Сол себепті де терминологиялық аталымның екінші кезеңі семантикалық микрожүйе жасалымымен айқындалады. Аталған жағдайда терминологиялық бірлік бұрыннан бар тілдік бірліктерге негізделеді. Мысалы:

сабын, қайнату, жасау > сабын қайнатушы, сабын жасаушы;

көрме, жаңа, киім, үлгі, кию, көрсету, адам > көрмеде жаңа киім үлгілерін киіп көрсететін адам;

қисса, жатқа айту, жырлаушы >қиссаны жатқа айтушы, қисса жырлаушы;

көкпар, тарту, сайыс, шебер >көкпар тартушы, көкпар сайсының шебері;

аяқ киім, қалып, жөндеу > аяқ киім қалыптарын жөндеуші,
бөлшек, мен, аспап, сынау > бөлшектер мен аспаптарды сынаушы;
салт, қызмет, көрсету, жұмыс > салттық қызмет көрсетуші жұмысшы және т.б.

Үшінші кезеңде лингвистикалықтан тыс деректерге қатысты терминдердің уәжділік белгісі орнатылып, тілдердің басым көпшілігінің негізгі сөздік қорын құрайтын туынды тілдік бірліктер жасалымы жүзеге асырылады, атап айтқанда түрлі қосымша-жұрнақ арқылы жасалған терминдер (күрделі, қысқатулар т.б.). Мысалы, *әріптес, серіктес, көшіруші, желкенші, жолсерік, көшбасшы, көсемсөзші, жалгер, үміткер, жүлдегер, зияткер, қаржыгер, шипагер, балгер, емші, тыңдарман, шабарман* т.б. Аталымның төртінші кезеңінде уәжсіз терминдер, яғни кірмелер қалыптастырылады: *колорист, педикюрші, робототехник, маникюрші, космогеолог, фармацевт, биоэтик, экоаналитик, нанотехнолог, пиарщик, имиджмейкер, хедхантер, биоконструктор, кофе-брейк леди, клирингист, букмекер* т.б.

Қорытынды

Терминологиялық аталымның ономасиологиялық аспектісі терминжасамның екі түрлі бағытта жүретіндігін айқындайды: термин жасамның өзінің үдерістік сипатын және нәтижелерін көрсететін статикалық табиғаты. Танымдық қызмет үдерісіндегі адам мен нысанның өзара арақатынасын, білімнің ақиқат шындыққа қатысын, субъектінің дүниетаным мүмкіндіктерін т.б. мәселелермен тығыз байланыста болатын гносеологиялық категория тілдік бірліктер арқылы айқындалады. Нәтижесінде пайда болған тілдік бірліктер әрі тіл әлеуетінің дәлелі, сондай-ақ узуалдану үдерісіне түсуге қабілеттілікті көрсетуші термин жасам өнімі іспеттес құрылымдар.

Сонымен, аталым үдерісі барысында индивидтың бейвербалды менталды кодты вербалды тілге қайта кодқа салу кезінде алғаш рет тілдік және тілдік емес мазмұнның бірігуі орын алады. Және тіл сол жеке тұлғаның әлемге деген көзқарасын белгілейді. Себебі, сол халықтың өзінің тарихи дамуында жасаған концептілері, жеке тұлғаның ақиқат шындықты қабылдайтын, ойлайтын және өзінің дербес әлем моделін жасайтын құралдары болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, аталым үдерісіндегі субъект сол қоғамдық қатынастар жиынтығының маңызын көрсетушісі, лингвомәдени-әлеуметтік ұжымның бір бөлігі.

Қысқасы, дүние әлемін тіл әлемімен байланыстыратын аталымдық бірлік. Өйткені, тіпті бейвербалды кодтар арқылы жүзеге асырылатын ойлау да өзінің терең негізінде вербалды тілге сүйенеді. Яғни, ойлау әрекеті бейвербалды менталды код негізінде басталып, ал негізінен әлеуметтік және мәдени (нақты адами) компонентті ойлауға әкелетін вербалды тіл арқылы жасалады. Жеке тұлға көбінесе мәдениеттің вербалды тіл арқылы оның бойына сіңірткен сұлба-бейнелермен ойлайды. Сондықтан да жаңа ұғым адам санасында қарапайым атау ретінде тіркеліп және бұл құбылысты жүзеге асыруда адам өз білімі мен ортақ қоғамдық тәжірибеге сүйенеді. Зерттеуімізді түйіндей келе, ойлау мен тілдің дамуындағы өзара әрекеттестік біртұтастығын аталымдық үдерістердің нәтижелері ғана айқындай алады. Таным және аталым – саналы-мақсатты ойлау қызметінің нәтижесі болып саналады.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Зерттеу жұмысын жазу кезінде **Қ. Айдарбек** мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. **А. Иманбердиева** материалдарды жинақтау, сұрыптау, зерттеу материалдарын талдау, мақаланы талқылау жұмысына қатысып, мақаланы рәсімдеумен айналысты. **Н. Абдуллина** мақала мазмұнына сыни тұрғыдан қайта қарау, мақаланың талқылау жұмысына үлес қосты. Жұмыстың барлық аспектісі бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып ғылыми түрде пысықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Галло Я. Синтаксические термины в русском и чешском языках: сопоставительный аспект (на материале выбранных терминов). О. Бергер // Cross-Cultural Studies: Education and Science (CCS&ES). – 2021. – №3. – С. 131-133. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sintaksicheskie-terminy-v-russkom-i-cheshskom-yazykah-sopostavitelnyy-aspekt-na-materiale-vybrannyh-terminov-o-berger (дата обращения: 28.09.2024).

2. Азаматова А.Х. Метаязык лингвистики: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 308 с.

3. Переверзев К.А. Высказывание и ситуация: об онтологическом аспекте философии языка // Вопросы языкознания. – 1998. – №5. – С. 24-25.

4. Ягафарова Н.Г. Процесс возникновения нового наименования как нового языкового знака// Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2016. – №5-3 (59). – С. 178-181. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/protsess-vozniknoveniya-novogo-naimenovaniya-kak-novogo-yazykovogo-znaka (дата обращения: 28.09.2024).

5. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі: фил. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 2008. – 46 б.

6. Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – Москва: Наука, 1977. – 167 с.

7. Кубрякова Е.С. Словообразование и другие сферы языковой системы в структуре номинативного акта / Словообразование в его отношениях к другим сферам языка. к 65-летию со дня рождения Игоря Степановича Улуханова. – Инсбрук, 2000.– С.13-26.

8. Пирс Ч. Начала прагматизма. Логическое основание знаков. – Санкт-Петербург: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ, 2000. – 352 с.

9. Арутюнова Н. Д. Дискурс / Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1990. – С. 685.

10. Омарова Н.Г. Понятие «дискурс» в современной лингвистике // Вестник Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова. Серия филологическая. – 2021. – № 2 – С.104-111.

11. Манаенко Г.Н. Дискурс как когнитивно-коммуникативный феномен и его структура / Г. Н. Манаенко // Актуальные проблемы стилистики. – 2017. – № 3. – С. 108-114.

12. Чернова Е.М., Радченко М.Л. Роль предметной номинации в зарубежных масс-медийных жанрах // Молодой ученый. – 2019. – № 8 (246). – С. 209-212.

13. Серебренников Б.А. Языковая номинация (Общие вопросы). – Москва: Наука, 1977. – 224 с.
14. Гусева С.С. Номинативная парадигма единиц, обозначающих лица, и ее функционирование в тексте (на примере текстов А.П. Чехова): дисс... канд. филол. наук. – Москва, 2017. – 174 с.

К.Ж. Айдарбек[1], А.Б. Иманбердиева*[2], Н.У. Абдуллина[3]
[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[3]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Проблемы единства языка и мышления в процессе терминологической номинации

Аннотация. Основным аспектом семиотического исследования в языкознании является вопрос взаимосвязи трех составляющих – знака, означаемого (предмет означивания) и означающего (то, посредством чего происходит означивание). Одними из значимых в языкознании являются семиотические исследования, способствующие определению значения семиозиса и связанных с ним процессов. Авторы статьи рассматривают процессы репрезентации знаков в виде языковых средств посредством альтернативных форм номинации и приходят к выводу, что изучение альтернативности номинаций требует глубокого и тщательного анализа каждого способа номинации в отдельности. В настоящее время развитие современного терминоведения непосредственно направлено на всестороннее исследование процессов терминологической номинации, характеризующейся широким применением одних и тех же способов номинации, взаимосвязью определенных способов номинации с разными областями языковой действительности. Выявить подобные особенности для конкретной терминосистемы можно лишь в результате глубокого исследования процессов и средств терминообразования, свойственных данной области номинации. Актуальность данной проблематики стала основой для появления настоящей статьи, в которой терминологическая номинация представлена на основе практического анализа терминообразовательного процесса. Авторы статьи, рассматривая актуальность проблемы семиотики с точки зрения современной лингвистики, показывают, что процесс терминологической номинации напрямую связан с вопросами единства мышления и языка.

Ключевые слова: терминологическая номинация, семиотика, семиозис, альтернативные формы номинации, семиология.

K.Zh. Aidarbek[1], A.B. Imanberdiyeva*[2], N.U. Abdullina[3]
[1,2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3] K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

Problems of unity of language and thinking in the process of terminological nomination

Abstract. The main aspect of semiotic research in linguistics is the question of the connection between the three components: the sign, the signified (the subject of meaning), and the signifier (how meaning is made). The authors of the article consider the processes of representation of sign in the

form of linguistic means through an alternative form of nomination. They conclude that the alternative nominations study requires a thorough method analysis of nominations. Modern trends in terminology are aimed at a comprehensive description of the terminological nomination processes. It is characterized by the predominance of some types of nomination over others, and the connection of certain types of nomination with various linguistic reality spheres. Establishing such specificity for a specific terminology system is a result of a terminology process study, inherent in this area of the nomination. The relevance of this issue became the basis for this article, in which the terminological nomination is based on a practical analysis of the term formation process. Considering the relevance of both semiotics from a modern linguistics point of view, they show that the nomination process is an indicator of the thought and language unity.

Keywords: terminological nomination, semiotics, semiosis, alternative forms of nomination, semiology.

References

1. Gallo J. Syntactic Terms in Russian and Czech Languages: a Comparative Aspect (Based on Selected Terms) / O. Berger. Brno: Masaryk University Press, 2021. 141 p. ISBN 978-80-210-9807-7. Cross-Cultural Studies: Education and Science (CCS&ES), 3, 131-133 (2021) [in Russian]

2. Azamatova A.Kh. Metajazyk lingvistiki. Monografiya. [Linguistic Metalanguage. Monograph] (Kazakh University, Almaty, 308 p.) [in Russian]

3. Pereversev K.A. Vyskazyvaniya i situacia: ob ontologicheskom aspekte philosophii jazyka [Statements and situation on the ontological aspect of the philosophy of language]. Voprosy Jazykoznanija, 5, 24-25 (1998). [in Russian]

4. Yagafarova G.N. The process of the appearance of a new name as a new linguistic sign. Philology. Theory & Practice, 5-3(59), 178-181 (2016). [in Russian]

5. Isakova S.S. Kazak termintanymynyn kognitivtik-pragmatikalyk aspektisii [Cognitive-pragmatic aspect of Kazakh terminology]: abstract of thesis for … Cand. of Philology (Almaty, 2008, 46 p.) [in Kazakh]

6. Kandelaky T.L. Semantika i motivirovannost terminov [Semantics and motivation of terms] (Nauka, Moscow, 1977, 167 p.) [in Russian]

7. Kubriyakova E.S. Slovoobrazovanie I drugie sfery yazikovoi sistemy v structure nominativnogo akta [Word formation and other areas of the language system in the structure of the nominative act]. In: Slovoobrazovanie v ego otnosheniyah k drugim sferam yazika // I.S. Uluhanovu k 65-letiyu so dnya rozdenia. [Word formation in its relation to other areas of language. Igor Stepanovich Ulukhanov on his 65th birthday] (Innsbruk, 2000, 13-26). [in Russian]

8. Pierce Ch. Logicheskoye osnovanie znakov [Logical basis of signs] (Laboratory of Metaphysical Research, Faculty of Philosophy, St. Petersburg State University, St. Petersburg, 2000, 240 p.) [in Russian]

9. Arutynova N.D. Diskurs. Lingvistichesky enciklopedicheskii slovar [Discourse. Linguistic encyclopedic dictionary] (Moscow, 1990, 685 p.) [in Russian]

10. Omarova N.G. On the concept of discourse in modern linguistics. Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series, 2, 104-111 (2021). – Available at: https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/96 (accessed: 28.09.2024) [in Russian]

11. Manaenko G.N. Discourse as a cognitive and communicative phenomenon, and its structure. Actual Problems of Stylistics, 3, 108-114 (2017) [in Russian]

12. Chernova Ye.M., Radchenko M.L. The role of the subject nomination in foreign mass media genres. Young Scientist, 2019, 8 (246), 209-212 (2019). [in Russian]

13. Serebrennikov B.A. Yazykovaya nominacia (Obshiye voprosy) [Language nomination. General Issues], (Nauka, Moscow, 1977, 224 p.) [in Russian]

14. Guseva S.S. Nominativnaja paradigma edinic, oboznachajushhih lica, i ee funkcionirovanie v tekste (na primere tekstov A.P. Chehova) [The nominative paradigm of units denoting persons and its functioning in the text (on the example of texts by A.P.Chekhov]: thesis for … Cand. of Philology (Moscow, 2017, 174 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Айдарбек Қ.Ж. **–** филология ғылымдарының докторы, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: aidarkar_10@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9850-5255.

Иманбердиева А.Б. **–** хат-хабар үшін автор, PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: ainur-iab@mail.ru, ORCID: 0009-0005-4288-8727.

Абдуллина Н.У. **–** PhD, кафедра меңгерушісі, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан. E-mail: nazgulua@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2279-9426.

Айдарбек К.Ж. **–** доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: aidarkar_10@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9850-5255.

Иманбердиева А.Б. **–** автор для корреспонденции, докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: ainur-iab@mail.ru, ORCID: 0009-0005-4288-8727.

Абдуллина Н.У. **–** PhD, заведующий кафедрой, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан. E-mail: nazgulua@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2279-9426.

Aidarbek K.Zh. **–** PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aidarkar_10@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9850-5255.

Imanberdiyeva A.B. – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ainur-iab@mail.ru, ORCID: 0009-0005-4288-8727.

Abdullina N.U. **–** PhD, Head of Department, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. E-mail: nazgulua@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2279-9426.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.01.33
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-35-45

Термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным

С.Қ. Әліскан

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: saliszhan@nu.edu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақала термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным мәселелеріне арналады. Тілдік деколониалдау аясында пайда болған деколониалық ұстаным ұғымы терминология бойынша төл құндылықтарымызды қайтаруды көздейді. Жалпы тілдік деколониалдау термині тілдік ұлттық бірегейлікті қалпына келтіру үшін қолданылатыны белгілі. Тілдің ғылыми қатынас аясында коммуникативтік бағытталуы болмаса, ұлттық түсінік арқылы ғылыми мазмұнды беру іс-әрекеті қалыптаспайды. Бұл мақаланың мақсаты – термин қалыптастыру барысындағы деколониалық ұстанымды айқындау, демек, саяси жағдайлар ықпалынан термин жасау ісінде жоғалтқан кейбір тілдік тетіктерді күшейту. Кезінде А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының бастамасын қайта жандандыру. Термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным ғылыми ұғым атауының ана тілінде қалыптасуына негізделеді. Бұл өз кезегінде қазақша ғылыми сананың қалыптасуына жол ашады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданыс аясын кеңейтуге байланысты шаралардың бірі болмақ. Мақалада ғылыми еңбектерге сүйене отырып, бұрынғы кеңестік идеологияның қазақша ғылым тілінің дамуына тиізген кері әсері, Тәуелсіздік алғаннан бергі термин саласындағы жаңа тұжырымдар баяндалады. Мақалада тілдік деколониалдау және терминология бойынша ғылыми әдебиеттер келтіріледі. Мақала мазмұны термин қалыптастыру барысында жаңа бағыттардың тұрақтануына, сала мамандарының тілдік құзіреттілігінің артуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: термин, термин қалыптастыру, тілдік деколониалдау, деколониалық ұстаным, ғылыми сана

Түсті: 07.01.2025; Жөнделді: 25.02.2025; Мақұлданды: 04.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Қазіргі қоғамдық ғылымдардың түйіскен тұсында тілдік деколониалдау ұғымы пайда болды. Бұл терминнің негізгі мәні – отаршылдық саясат пен тілдік гегемония салдарынан жойылу қаупі төнген тілдерді қалпына келтіру, оларды қолдау және дамытуды қамтитын тілді отаршылдық құрылымдар мен отаршылдық таңған «құндылықтардың» ықпалынан азат ету үдерісі. Отарлау жағдайында көптеген жергілікті халық ана тілдерінен бас тартуға мәжбүр болды, ал олардың орнына отарлаушылардың ағылшын, француз, испан, португал, орыс және т.б. тілдер келді. Лингвистикалық деколониалдау – осы үдерістерге қарсы әрекет және жоғалған немесе жоғала бастаған тілдік бірегейлікті қалпына келтіру әрекеті [Тілдік деколониалдау бойынша көптеген ғылыми ақпаратты мына зерттеулерден табуға болады: 1; 2].

Деколониалдау ұғымын «отарсыздандыру» деп те атауға болады. Отарсыздандыру отаршылдықпен тікелей байланысты болғандықтан, қоғамдық сананы отаршылдықтан азат етуге бағытталған зерттеулер жаңа саланың қалыптасуына үлкен ықпал етті. Осы орайда Эдуард Саидтың «Ориентализм» (1978) атты еңбегі ерекше аталады [3]. Ғалымдар бұл еңбекті «...Батыс тарапынан біржақты бағалаудан және Шығыс туралы жалған таптаурындардан арылтып, сананы отаршылдықтан құтылуға арналған құралдар ұсынды» деп бағалайды [4, 15].

Отаршылдықтың салдары қоғамдық-әлеуметтік барлық салаларда өз ізін салғаны белгілі. Оның теріс әсері біздің төл құндылықтарымызды жойып, империялық пиғылдағы риториканы жүзеге асыру. Осы орайда қоғамдық әдебиеттерде «постколониялық синдром» ұғымы қолданылып жүр. Жоғарыда келтірген А.Мұстояпованың жазуында, «Бұл синдромнан құтылу үшін ойлау жүйесін отаршылдықтан арылту, өзін және әлемді қайта түсініп бағалау керек» [4, 26].

Қазақ тіл білімі салаларында отаршылдық таңған құбылыстар жоқ емес. Кеңестік тұстағы саясат үстемдігі тіл ғылымында да көрініп отырды. Кейбір грамматикалық құбылыстардың түсіндірілуі, әліпби ауысуы, жазу, емле т.т. мысалдар соның айғағы бола алады. Кейбірі зерттеушілер тарапынан сөз болып та жүр. А.Салқынбай кеңестік қазақ тіл білімінің даму жолына орай «Қалыптасқан саяси жағдайлар мен жүргізілген тіл саясатына икемделе отырып, жазуды бірнеше рет өзгерту де қазақ тіл білімінің ілгерілей алға басуына өзінің кері әсерін тигізбей қоймады» – деп жаза отырып, кеңестік идеологияның тіл ғылымына тигізген ықпалын ескертеді [5].

Источником финансирования является научный проект грантового финансирования по научным и (или) научно-техническим проектам на 2023-2025 гг. со сроком реализации 35 месяцев по приоритету: «7. Исследования в области социальных и гуманитарных наук», по теме: «Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герои», ИРН AP19679652, руководитель проекта – Джолдасбекова Баян Умирбековна.

Вклад авторов

Баянбаева Жадыра – подбор литературы и работа по теме статьи, сбор топонимов, анализ и обобщение результатов исследования. **Таттимбетова Куралай –** анализ и обобщение результатов исследований, сбор и интерпретация результатов работы. **Ломова Елена –** работа с текстом рукописи, обзор литературы.

Список литературы

1. Ковалев Г.Ф. Ономастические этюды: писатель и имя: Монография текста / Г.Ф. Ковалев – Воронеж: Издательство Воронежского университета, 2002. – 275 с.

2. Криничная Н.А. Русская мифология: Мир образов фольклора Текст / Н.А. Криничная. – Москва: Академический Проект; Гаудеамус, 2004. – 1008 с.

3. Сборник рассказов. – Москва: Прогресс, 1974. – С. 15-59

4. Русские народные сказки – Москва: Росмэн, 2022. – 203 с.

5. Русские сказки на английском. – Москва: АСТ, 2020. – 64 с.

6. Васильева Н.В. Собственное имя в мире текста. – Москва: Академия гуманитарных исследований, 2006. – 224 с.

7. Брейн Дж. Путь наверх. – Москва: Иностранная литература, 1960. – 253 с.

8. Фомин А.А. Литературная ономастика в России: Итоги и перспективы. // А.А. Фомин // Вопросы ономастики. – 2004. – №1. – С. 108-120

9. Во И. Возвращение в Брайдсхед. – Москва: Азбука, 2021. – 512 с.

10. Кэрролл Л. Алиса в Зазеркалье. Перевод Азова (В.А.Ашкенази: М., Пг: Издательство Л.Д. Френкеля, 1924. – 415 с.

11. Кэрролл Л. Alice's Adventures in Wonderland Through the Looking – glass. – Москва: Антология, 2022. – 256 р.

12. Пастернак Б.Л. Доктор Живаго. – Москва: Азбука. – 2015. – 608 с.

13. Куличенко Д.С. Специфика ономастики в художественной литературе (на примере произведений Н.В. Гоголя и А.С. Грибоедова / Д.С. Куличенко. – Текст непосредственный // Молодой ученый. – 2021. №50 /392 – С. 611-614

14. Аблогина Е.В. Переводы «Горе от ума» на английский язык: в поисках эквивалента русского ментального концепта // Вестник Томского государственного педагогического университета. Серия Языкознание и литературоведение. – 2013. –№2. (130) – С. 76-80.

15. Sheridan R.B. The School for Scandal. 1st ed. – London: Paul Regan, 1905. – 350 p.

16. Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал: Монография Текст / В.И. Супрун. – Волгоград: Перемена, 2000. – 172 с.

17. Cheever Zh. Bullet Park. – New-York: Ballantine Books, 1978. – 243 p.

18. Блок А.А. Полное собрание сочинений и писем в 20-ти томах. Т.3. – Москва: Наука.1997.

19. Казакова Т.А. Русские поэты по-английски / Т.А. Казакова (Межкультурная коммуникация и перевод. Ученые записки ИВЭСЭП. – Санкт-Петербург: Знание, 2000. – Т.2. – С. 78-84

20. Braine J. Room at the Top. – London: Eyre & Spottiswoode, 1957. – 272 p.

21. Васильева Н.В. Собственное имя в мире текста. – Москва: Академия гуманитарных исследований, 2006. – 224 с.

22. Waugh E. Brideshead Revisited. – London: Penguin Books, 1977. – 331 p.

23. Во И. Незабвенная. – Москва: АСТ, 2017. – 192 с.

24. O'Connor Ph. The displaced person. // The Sewance Review, 1992. – P. 634-654

Ж.А. Баянбаева*[1], К.О. Таттимбетова[2], Е.А. Ломова[3]

[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Шетел тілін қабылдау жағдайындағы әдеби ономастиканың ашықтығы

Аңдатпа. Мақалада өзгетілді мәдени және ұлттық дәстүр шеңберінде әдеби ономастиконды қабылдау ерекшеліктерін зерттеу қарастырылады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ономастика саласындағы теориялық еңбектер, сондай-ақ аталған тақырыпты қамту мақсатында қолданылған коммуникативті-прагматикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдени және функционалды-стилистикалық тәсілдер болды. Көтеріліп отырған тақырыптың өзектілігі ономастиканың көркем мәнмәтін құрылымындағы прагматикалық және синтагматикалық

қатынастар жүйесіне енуінде және оқырман қабылдауының тиісті деңгейіне есептелуінде жатыр. Зерттеу жұмысының жаңалығы – түпнұсқа және аударылған мәтіндердің ономастиконының семантикалық, стилистикалық және эмоционалдық өзектілігіне қатысты мәселелердің ауқымын жүйелеу. Өзгетілді мәдениет пен менталитет кеңістігінде фольклорлық есім ертегі әдеби кейіпкерінің есімі сияқты өзінің әмбебаптығы мен ақпараттық қабілетін жоғалтып, нәтижесінде супермәтіндік және тар тілдік деңгейлерде категориялық қақтығыс пайда болатыны тұжырымдалады. Метафоралық-семантикалық әдеби топонимия, метонимияға құрылған антономасиялар өзгетілді оқырман қабылдауында қиындықтар туғызатыны анықталады. Мәселе жартылай аударма немесе фразалық түсініктеме арқылы шешіледі, бірақ бұл жағдайда бастапқы көркем мәнмәтіннің семантикалық және эмоционалдық мазмұны жоғалады. Өзгетілді қоғам шеңберінде мәдени құзіреттіліктің жетіспеушілігіне байланысты жалқы атауды әртүрлі субъективті түсіндіруге болады. Әдеби ономастиканың транспаренттілік мәселесін сәтті шешу түпнұсқа мәтінді мұқият талдау қажеттілігімен және өзгетілді қабылдаушының психикалық, лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени бағытында ең жақын сәйкестіктерді табумен байланысты деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қарым-қатынас, ономастикон, категориялық қақтығыс, семантикалық антономасия, өзгетілді қабылдау.

Zh.A. Bayanbayeva*[1], K.O. Tattimbetova[2], E.A. Lomova[3]

[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Transparency of literary onomastics in the situation of foreign language reception

Abstract. This article examines the specifics of the perception of a literary onomasticon in the coordinates of a foreign cultural and national tradition. Theoretical works in the field of onomastics were used as a methodological basis. The relevance of the chosen topic is determined by the fact that onomastics is included in the system of pragmatic and syntagmatic relations in the structure of the artistic context and is designed for an adequate level of reader perception. The novelty of the research consists in an attempt to systematize a range of problems related to the semantic, stylistic and emotive relevance of the onomasticon of original and translated texts. It is proved that in the space of foreign language culture, mentality, a folklore name, like the name of a fabulous literary character, loses its versatility, and informative capacity. The problem is partly solved by substitute translation or intra-phrasal commentary. It is concluded that the successful solution to the problem of transparency of literary onomastics is associated with the need for a thorough analysis of the original text and with finding the closest correspondences in the mental, linguistic and socio-cultural orientation of the foreign-speaking recipient.

Keywords: intercultural communication, onomasticon, categorical conflict, metaphorical and semantic antonomasia, foreign language reception.

References

1. Kovalev G. Onomasticheskye etudy: pisatel i imya [Onomastic studies: writer and name] (Voronezhskii universitet, Voronezh, 2002, 275 p.) [in Russian]

2. Krinichnaya N. Russkaya mifologiya: Mir obrazov fol'klora [Russian mythology: The world of folklore images] (Akademychesky proekt, Gaudeamus, 2004, 1008 p.) [in Russian]

3. Sbornyk rasskazov. [Collection of stories] (Progres, Moscow, 1974, 59 p.) [in Russian]

4. Russkye narodnye skazky [Russian folk tales] (Rosmen, Moscow, 2022, 203 p.) [in Russian]

5. Russkye skazky na anglyskom [Russian fairy tales in English] (AST, Moscow, 2022, 64 p) [in Russian]

6. Vasileva N. Sobstvennoe imya v mire texta [Proper name in the world of text] (Akademya gumanitarnyx issledovany, 2006, Moscow, 224 p) [in Russian]

7. Breyn Dzh. Put' naverh [Room at the Top] (Inostrannaya literatura, Moscow, 1960, 253p.) [in Russian]

8. Fomin A. Literary onomastics in Russia: results and perspectives, Problems of Onomastics, 1, 108-120 (2004) [in Russian]

9. Waugh E. Vozvrachenye Braydshed [Brideshead Revisited] (Azbuka, Moscow, 2021, 512 p.) [in Russian]

10. Caroll L. Alisa v zazerkal'e [Alice through the Looking-Glass] (Moscow, 1924, 415 p.) [in Russian]

11. Caroll L. Prikliuchenya Alisy v strane chudes skvoz' Zazerkal'e – steklo [Alice's adventures in Wonderland. Through the Looking-Glass and What Alice found there] (Moscow, Antologya, 2022, 256 p.) [in Russian]

12. Pasternak B. Doktor Zhivago [Doctor Zhivago] (Moscow, Azbuka, 2015, 608 p.) [in Russian]

13. Kulichenko D. Spesifika onomastyky v xudozhestvennoy literature [Specifics of onomastics in fiction], Young Scientist, 50 (392), 611-614 (2021) [in Russian]

14. Ablogina E.V. Translations of "Gore ot UMA" into English: in search of the Russian mental concept's equivalent, TSPU Bulletin, 2(130), 76-80 (2013) [in Russian]

15. Sheridan R.B. Shkola skandala [The School for Scandal] (Paul Regan, 1905, 350 p.)

16. Suprun V. Onomasticheskoe pole russkogo yazyka i ego xudozhestvenno-estetychesky potensyal [Onomastic field of the Russian language and its artistic and aesthetic potential] (Volgograd, 2000, 172 p.) [in Russian]

17. Cheever Zh. Pulevoy park [Bullet Park] (Ballantine Books, 1978, 243 p.)

18. Blok A. Polnoe cobranye sochineny i pisem v 20-i tomax [Complete collection of works and letters in 20 volumes] (Nauka, Moscow, 1997) [in Russian]

19. Kazakova T. Russkye poety po anglysky [Russian poets in English] (Znanye, 2000, 78-84 p.) [in Russian]

20. Braine J. Room at the Top (Eyre & Spottiswoode, London, 1957, 272 p.)

21. Vasyl'eva N. Sobstvennoe imya v mire texta [Own name in the world text] (Moscow, 2006, 224 p.) [in Russian]

22. Waugh E. Brideshead Revisited (Penguin Books, London, 1977, 331 p.)

23. Waugh E. Nezabvennaya [Unforgettable] (Moscow, 2017, 192 p.) [in Russian]

24. O'Connor Ph. The Displaced Person, The Sewanee Review, 62 (4), pp. 634-654 (1992).

Сведения об авторах:

***Баянбаева Ж.А.* –** автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, заместитель декана филологического факультета по научно-инновационной работе и международному сотрудничеству, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: bayanbaevazhadra@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1710-0791.

***Таттимбетова К.О.* –** доктор PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: kuralay555@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7713-0757.

***Ломова Е.А.* –** кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени им. Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: lomovaelena1960@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4890-7715.

***Баянбаева Ж.А.* –** хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, филология факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: bayanbaevazhadra@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1710-0791.

Таттимбетова К.О. – PhD докторы, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kuralay555@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7713-0757.

Ломова Е.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: lomovaelena1960@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4890-7715.

Bayanbayeva Zh.A. – corresponding author, Candidate of Philology, Deputy Dean of the Faculty of Philology for scientific and innovative work and international cooperation, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bayanbaevazhadra@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1710-0791.

***Tattimbetova K.O.* –** PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kuralay555@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7713-0757.

***Lomova E.A.* –** Candidate of Philology, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: lomovaelena1960@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4890-7715.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.01.11
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-59-70

Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісі

Қ.Т. Бибеков*[1], Л.М. Оразгалиева[2], Г.М. Мусабаева[3]

[1,3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[2]Astana IT University, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]kanysh.bibekov@gmail.com, [2]lauraorazgalyeva@mail.ru, [3]gulnaz_max@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Абай шығармаларының тіліндегі «ақыл» концептісі вербализациясы мен дефициясының мағыналық аясы лингвоконцептологиялық тәсілдеме тұрғысынан талдауға түседі. Қазақ тіл білімінде Абай тіліндегі «ақыл» концептісі арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Абай тіліндегі «ақыл» концептісі қазақ халқының дүниетанымымен, ислам танымымен тығыз байланысты, сонымен бірге тек ақынның өз шығармашылығына ғана тән қолданысы мен мағыналық ерекшеліктері бар. «Ақыл» концептісіне қатысты мағыналар *ақыл, ғақыл, ғылым, ой, көз, сәуле, зерек* сияқты т.б. сөздер арқылы білдіріліп, *суық ақыл, суық мұз ақыл, нұрлы ақыл, ақылдың көзі, әділетті ақыл, ақыл өлшеулі* т.б. сөз тіркестерінде нақтылана түседі. «Ақыл» конептісінде тану, ғылым-білімді меңгеру, пайда-зиянды айыру, салыстыру, тексеру, талдау сияқты т.б. қасиеттер бар. Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісінде ақыл *өлшеулі.* Оның өлшеулілігі басқа дүниені тани алмауында емес, Алланы тануға қатысты көрінеді. Алладан басқа барша жаратылысты ақыл тани алады. Абай ақылдың үнемі дамып отыратын құбылыс екендігіне көңіл аударта-ды. Бірақ ақыл бала кездегі білуге деген құмарлықты тәрбиелеп, ізденіп, ұстаздан оқу арқылы дамиды.

Түйін сөздер: концепт, ақыл, әлемнің тілдік бейнесі, ғылым, ой, лингвоконцептология.

Түсті: 30.01.2025; Жөнделді: 07.03.2025; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Абай өз шығармашылығы арқылы қазақ тілін жаңа сапалық биікке көтерді. Абай өзі өмір сүрген тіл әлеміне ықпал етіп, мазмұндық жақтан байытты. Абайдың дүниетанымы, идеялары шығармашылығы арқылы жарыққа шықты. Абай шығармашылығында адам болмысы, жаратылысы, өмірі мен мақсат-мұраты, адам және қоғам мәселесі философиялық тұрғыдан терең толғалады. Адамның ішкі әлемімен байланысты жүрек, ақыл, қайрат, көңіл ұғымдары Абай тілінде мағыналық жақтан кеңінен ашылады. Мақаланың көлемін ескере отырып, Абай шығармалары тіліндегі «ақыл» концептісінің вербализациясы мен дефициясының мағыналық аясын лингвоконцептология тұрғысынан анықтауды мақсат еттік. Абай тіліндегі ақыл сөзінің мағыналық және қолданыс ерекшеліктері лексикалогиялық, стилистикалық тұрғыдан қарастырылып, «ақыл» концептісі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану бағытындағы жекелеген мақалаларда аталып өткенмен, арнайы зерттеу нысаны ретінде жан-жақты талдауға түспеген. Абай тіліндегі «ақыл» концептісі қазақ халқының дүниетанымымен, ислам танымымен тығыз байланысты, сонымен бірге тек ақынның өз шығармашылығына ғана тән қолданысы мен мағыналық ерекшеліктері бар.

Әдіснама

Абай санасында ғалам бейнесінің жинақталып, жүйеленіп, тәртіптеліп, концептілік жүйеге айналуы мен шығармашылығы арқылы жарыққа шығуы аса күрделі үдеріс екені сөзсіз. Қаламгер өзінің шығармашылық ойын жарыққа шығару барысында оқырманды өзі жасаған көркем образға еліктіру арқылы өз танымындағы әлем бейнесін, өзінің қайталамбас сезім күйін ұсынатын болады [1, 117-118].

Сонымен бірге Абайдың тілін қоғаммен, мәдениетпен, ұлттың дүниетанымымен байланысты зерделеу керек болады. В. Карасик лингвоконцептологияны классикалық, құрылымдық және функционалдық семантиканың жалғасы деп санайды [2, 93]. Профессор С.Г. Воркачев лингвоконцептология мәдениетпен байланысы бар және тіл арқылы жарыққа шыққан ментальды бірліктерді зерттеу нысанасына алатынын айтады. Сондай-ақ мәдениеттану, когнитология, әлеуметтану, тарих және басқа да салалардың деректерін назарға алады. Лингвоконцептология да өз зерттеулерінде семалық талдау әдісі мен өріс теориясына сүйенеді [3, 19]. Сондықтан да зерттеу барысында лингвоконцептологиялық тәсілдеме негізге алынды. Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі «ақыл» концептісіне қатысты тілдік бірліктер, сөздер мен сөз тіркестері, мәтін элементтері лингвоконцептологиялық тәсілдеме тұрғысынан талдауға түсті. Лингвоконцептологиялық тәсілдеме арқылы зерделегенде Абай тіліндегі «ақыл» концептісінің ұлттық мәдениетпен, дүниетанымен байланыстыра отырып, өзіндік философиялық-көркемдік танымындағы орнын анықтауға болады. Абай тіліндегі «ақыл» концептісіне ұлттық мәдени-танымдық контекстің ықпалы мен ақын тіліндегі трансформациясын, өзіндік ерекшеліктерін зерттеуде контент талдау әдісі пайдаланылды. Компоненттік талдау әдісі сөздердің, сөз тіркестерінің немесе

тұрақты сөз орамдарының мәдени және психологиялық құрамын бөлшектеп, олардың мағыналық компоненттерін анықтауға бағытталды.

Зерттеуде негізгі бірлік ретінде концепт термині қолданылды. В.А. Маслова концепт мәтіннің бөлігі ретінде, мағынаның архетиптік және мифопоэтикалық өлшемдерін, әлем туралы діни-философиялық және мәдени-тарихи білімді қамтитын мәдени-семиотикалық құбылыс ретінде қарастырады [4, 27]. Ғалым концептінің танымдық және таңбалық сипаттағы әлем бейнесінің бөлшегі ретіндегі сипатын көрсетеді.

Ғалым Нұргелді Уәли: «Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцевтивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңи түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал» [5, 12]. Ғалым концептінің ядросы сезімдік-заттық образ екенін айта келе, оның дамып, толығып отыру мүмкіндігіне назар аудартады. М. Бисенбаева да өзінің докторлық диссертациясында Н.Уәлидің пікірін қуаттайды [6]. Концепт құрылымы ұлттық сана үшін неғұрлым елеулі, релевантты белгілер қамтиды. Олар қоршаған шындықтың нақты бөлшектері туралы тіл иегерлері жинақтаған білімнің этноайшығын көрсетеді [7, 63]. М.Пименова концептідегі шындықтың бір үзігі туралы жинақталған білімде тілді иеленушілердің ұлттық айрықшалығы болатынын айтады.

Әлемнің концептуальды бейнесі тілдік бейнеге қарағанда бай. Өйткені әлемнің концептуалды бейнесінің қалыптасуына әр түрлі ойлау түрлері, соның ішінде вербалды емес ойлау да қатысады. Әлемнің тілдік бейнесі сөздерді, морфологиялық және сөзжасамдық элементтерді, сондай-ақ синтаксистік құрылымдарды қамтиды.

Нәтижелер мен талқылау

Абайдың танымынша, адамды адам етіп, хайуаннан ерекшелеп тұрған ол – ақыл мен сезім. Абайдың тілдік әлемінде «Жан әлемі» концепт өрісіне енетін «Ақыл» концептісі ерекше орын алады. Ақыл сөзінің сөздіктік мағынасы: «Ақыл. 1) Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім. 2) Пікір, пайдалы кеңес, өсиет. 3) дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амал, айла» [8, 290-291]. Сөздікте ақыл сөзіне кең түсініктеме бермей, қысқаша атап көрсетіп, әр түрлі мағыналарына мысалдар келтірілген. Сол сияқты «Абай тілінің сөздігінде» де: «Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім» - деп қысқа қайырады. Дегенмен Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісінің аясы өте кең екенін байқаймыз. Басқа дефинициялардықоя тұрып, ақыл сөзінің Абай тіліндегі қолданысы мен мағыналарының өзін зерделейтін болсақ, қысқа ғана анықтамалар мен түсініктемелермен шектеле алмайтындығымыз анық.

Қазақ тіліндегі «ақыл» концептісін зерттеген Г.С.Исаева: «Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақылдылық концептісін лұғаттық мәліметке сүйене отырып, үш негізгі мағыналық топтың аясында қарастырамыз. Олар: I. Адамның ойлау қабілеті, сана сезімі; II. Пікір, пайдалы кеңес, насихат; III. Дұрыс шешім, қиындықтан шығатын жол, амал» [9, 75] – деп

көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақылдылық концептісінің мағыналары лексикографиялық мағыналарымен сәйкес келетінін анықтаған. Қазақ халқының тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісін зерделей келе, ғалым Д.С. Рыспаева «ақыл» концептісі халықтың түсінігінде құндылық, қайырымдылық, аса маңыздылық ұғымдарын қамтитынын айтады. Оған адамның зияткерлік және ақыл-ой қабілеттері, өмірлік тәжірибе, өсиет, жағымды мінез-құлық жататынын анықтаған [10,194]. Орыс санасы өрісіндегі Ес, Ақыл, Зерде, Даналық концептілерін зерттеген В.В. Колесов санамен байланысты концептілердің мағыналық қырларының күрделілігіне тоқталып, ақыл – ойға қонымдылық, пайдалылық, заттардың мәні мен ішкі байланыстарын көрсетеді деген пікір айтады. Қай тілде болмасын, «ақыл» концептісінің мағыналық аясы да кең, тілдік номинативтермен берілу жолдары да сан-алуан екенін көреміз [11,76-77].

Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісі де күрделілігімен, сан-алуан қырларымен назар аудартады. Абайдың он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат және жүрек үшеуі сөз таластырады. Ақылдың келтірген уәждерін назарға алсақ, «ақыл» концептісінде пайдалы мен зияндыны айырып тани алу мағынасы бар. Яғни, бір нәрсемен екінші нәрсені салыстыра алады. Сонымен бірге пайдалыны қалай табуды біледі. Белгілі бір мақсатқа жетудің амалын, тәсілін, жолы ақыл арқылы табылады. Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде ақылдың екіжақтылық сипаты анық танылады:

Қайрат пен *ақыл* жол табар
Қашқанға да, *қуғанға.*
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар *туғанға.*

Қайрат пен ақыл қатар алынып, қашқанға да, қуғанға да жол тауып беретіні айтылады. «Ақыл» концептісінің әлсіз тұсы әділетке жүгіне бермейді екен. Ал енді *әділет* пен *шапағат* жүректің қасиеттері болып табылады. Абай ақыл мен қайрат әділет пен шапағатты ойламай әрекет еткен жағдайды *«Алдың – жалын, артың – мұз»* деп береді. Осындағы екі стихия екеуі де залады: жалын күйдірсе, мұз тоңдырады. Сонымен «Ақыл» концептісінде тек игілік қана емес, зиян да бар екен. Ақылды жамандыққа жұмсаса, ақыл иесі үшін де, басқа үшін де қатерлі болуы мүмкін.

Абайдың тілдік әлемінде «Ақыл» концептісінің бір атрибуты, яғни стихиясы суық болады.

Әуелде бір *суық мұз ақыл зерек,*
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.

Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісінің *суық мұз ақыл* тіркесіне түскенде, *суық мұз* эпитеті неге алынып тұрғанын түсінуде *зерек* сөзінің қолданылуына назар қою керек. *Зерек* бұл ақылдың таным қызметімен байланысты. Яғни, тез ұғып алатын, мәніне тез жететін деген сияқты мағыналарды береді. Демек, *суық мұз* еш сезімге берілмей, нақты дәлелдерге сүйеніп ойлану, шешім қабылдауды аңғартып тұр деуге болады. Қазақ тілінде *суық ақыл* деген тіркес кездесе бермейді. Қазақ тілінде *суық сөз, суық жүріс, суық қол* сияқты т.б. сөз тіркестерінде суық сөзінің жағымсыз коннотациясы бар. Абайдың қолданысындағы суық ақылдан ондай коннотация анық көрініс бермейді. Сонымен бірге суық мұз ақыл – ыстық жүрек қатар жолдарда келгенде қарма-қарсы қойылып, контраст

тудырып тұр. Суық пен ыстықтың шарпысуы, ыстық жүректің тұла бойды жылытуы, ақылдан жүректің басымдығын аңғарту үшін алынған. Абайдың *суық ақыл* қолданысына орыс тіліндегі «холодный рассудок», «холодный разум», «холодный расчет» деген тіркестердің ықпалы болуы мүмкін. Бұл ойымызды Абайдың Я.Полонскийден аударған «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» өлеңіндегі мына шумақтар бекіте түседі:

Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып,
Оны бір өзі өзгеше жолға салмақ.

Осы шумақта *суық ақыл* сөз тіркесі бар. Әрі ол түпнұсқадағы холодный рассудоктың тура аудармасы ретінде берілген.

И будто в груди благородной
Иссякнут живые струи,
И сердцу *рассудок холодный*
Предпишет законы свои.

Өлең сөзбе-сөз аударылып тұрмағанмен де, мазмұны мен коннотациясы бір-біріне жақын. Жалпы мәтіннің ықпалымен алғанда да, *суық ақыл – холодный рассудок* жағымсыз мағыналық реңкке ие болған. Осы мәтінде зорлықшы, мәжбүрлеуші «ақыл» концептісіне қатысты болып тұр. *Суық ақылға* қатысты жағымсыз коннотация зорлықшы, мәжбүрлеуші мағынасынан туған. Сонымен бірге қазақ тіліндегі суық сөзінің ауыспалы мағынадағы жағымсыз экспрессиясы да өз үлесін қосқан.

Ал енді Абайдың тілдік әлемінде «ақыл» концептісіне тән негізгі атрибут қандай? Біз бұл жерде ақыл өзінің негізгі қызметіне, яғни таным, ғылым-білімді меңгеру, пайда-зиянды айыру қызметіне қатысты айтып тұрмыз. Абай өзіінің «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, ***нұрлы ақыл,*** жылы жүрек.

Адамның қасиеті ретіндегі үштің бірі ***ақыл нұрлы*** екен. Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде: «Дүниенің мәғмурлығы бір түрлі ***ақылға нұр*** беріп тұратұғын нәрсе» – дейді. Абайтанушылар мағмур – араб тілінен аударғанда *қызық, жақсы* деген мағына береді деп көрсетеді. Демек, дүниенің қызығы ақылдың тану құштарлығын арттырып, таным көкжиегін кеңейтеді екен. ***Нұрлы ақыл –*** тануға, білуге құштар ақыл. Ақыл – жарықпен, нұрмен ассоциацияланады. Сонымен бірге Абайда иман нұры сөз тіркесі бар, сондықтан *адамдықтың нұры* ақылмен де, иманмен де байланысты дей аламыз. Абайдың он бесінші қара сөзінде ***ақылдың көзі*** деген сөз тіркесін қолданады. Көз – тура мағынасында жанды жаратылыс иелерінің көру мүшесі. Көрудің өзі жарықпен байланысты, егер жарық болмаса, көз де көре алмайды. Сондықтан қазақ тілінде *күннің көзі, жарықтың көзі, терезенің көзі* деген қолданыстар бар. «Ақыл» концептісінің коннотациясында жарық ұғымы бар. Ал надандық, керісінше, қараңғылықпен байланыстырылады. *Ақылдың көзін байлау* адамды қараңғылыққа, надандыққа ұрындырады.

Көк тұман – алдыңдағы келер заман,
Үмітті *сәуле* етіп ***көз*** көп қадалған.

Осы өлеңде *көз* ауыспалы мағынада келіп, «Ақыл» концептісіне тән мағынада жұмсалған. ***Көз*** сөзінің бұл мағынада жұмсалуына оның ***ақылдың көзі*** тіркесінде

қолданылуы мүмкіндік берген. Қазақ тілінде *көз* сөзі ауыспалы мағынада қолданылып, *ақылдың көзі, білімнің көзі, ой көзі* сияқты тіркестер жасауға қатыса алады. Осы шумақта ассоциациялық әлемнің жасалуына көк тұман метафорасы тірек болып тұр. Көк тұман – алдыңдағы келер заман, яғни болашақ – *көк тұман. Тұман* – тура мағынасында буланумен байланысты табиғи атмосфералық құбылыс. *Тұман* кезінде оның қоюлығына байланысты көру мүмкіндігі төмендейді. Абайдың тілдік әлемінде «ақыл» концептісінің білу, тану қасиетінің мүмкіндігі шектеулі, болашақты нақты білу мүмкін бола бермейді. ***Көз*** сөзі ауыспалы мағында қолданылғанда, «Ақыл» концептісінің номинативі бола алады.

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын ***көз.***

Осы шумақта *көкірек көзі* де «ақыл» концептісіне қатысты болып тұр. Яғни, білімді түсіну үшін ақыл керек. Жалпы тану, түсіну ақылдың қызметі болып табылады. *Нұр, сыр* сөзі ауыспалы мағынада келгенде, білім, ақиқат ұғымдарын беріп тұр.

«Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде ақыл сәулемен байланыста беріледі. Өлеңде «ақыл» концептісімен байланысты ***ақыл, ой*** сөздері кездеседі. ***Ақылға сәуле қону –*** сондай көркем әрі бейнелі образ. Сонымен бірге терең мәні бар. Жарық атаулы: *нұр, сәуле* – тану, білумен байланысты. ***Сәуле*** сөзі ауыспалы мағынада келіп, Абай тілінде ***ақыл*** орынына да жұмсалады. Мысалы,

Сәулең болса ***кеудеңде,***
Мына сөзге көңіл бөл.
Егер ***сәулең*** болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.

Осы шумақта ***сәуле*** ақыл орынына қолданылып тұр. Ақылға тану, білумен бірге, ұғыну, түсіну қасиеттері тән. Екнші жолда *«Мына сөзге көңіл бөл»* деп тұруы *сәуле* «ақыл» концептісіне қатысты мағынада жұмсалған деген ойымызды бекіте түседі.

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер ***сәулесі***
Іштегі кірді қашырса
Адамның хикмет ***кеудесі***

Осы мәтінде *сәуле* Алла тарапынан келетін ақиқатты білдіріп тұр. Демек, *сәуле* – ақиқат білім. Адам ақиқатты тану үшін *хақтықтың сәулесі* түсуі керек. Хақ Алланың бір аты болып табылады.

Ақылдың Алланы тану қыры да ерекше әрі терең түкпірлеп ойланғанның өзінде бір мәнді түйінге келу өте қиын болып келеді. Бұл Алланы тану мәселесінің өзі күрделі болуымен байланысты деуге болады. Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісінде ***ақыл өлшеулі.*** Оның өлшеулілігі басқа дүниені тани алмауында емес, Алланы тануға қатысты көрінеді. Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде «*Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды»* – дегенде Алланы тану мүлде мүмкін еместігін айтып тұрған жоқ. Ақыл Алланы білінген сипаттары негізінде таниды. Ол сипаттардың өзі адамның ақылы тануы үшін білдірілген. Демек, ақылдың Алланы тану мүмкіндігі шектеулі екен. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде Алланы танудағы ақылдың өлшеулі екендігі туралы ойын

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

«Ақылға сыймас ол Алла», «***Ақыл*** мен ***хауас*** барлығын білмейдүр» деп сипаттаған. Дегенмен Абайда «ақыл» концептісіне қатысы тағы бір қолданыс бар: ол – ***ақыл*** сөзінің ***ғақыл*** нұсқасында келуі. Бір қарағанда, ***ғақыл – ақыл*** сөзінің дыбыстық нұсқасы деп қарауға да болады. Дегенмен *ғақылдың ақылдан* мағыналық айырмашылығы бары аңғарылады. Абай отыз сегізінші қара сөзінде Аллада бар төрт сипатты: ***ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдіретті*** атап, толық мұсылман, толық адамның соған сәйкес үш сипатын көрсетеді: ***ғылым, рахым, ғадаләт.*** Сонымен жауанмәрттіліктің үш сипатымен сәйкестендіргенде ***ғақыл – ғылымның*** бір аты деп көрсетеді. Әрі Алла тағала үшеуін адам бойында бар қылып жаратқан. Абайдың тілдік әлемінде ғақыл сөзі «ақыл» концептісіне жатады. Дегенмен ақыл сөзі мен ғақылды ерекшелеп тұрған белгілер бар. Ғақыл: 1) ғылымның бір аты; 2) Алла адамның бойында әуелден бар қылып жаратқан; 3) «Бұл ***ғақыл, ғылым*** – екеуі де өзін зорға есептемекті, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді. Сондай-ақ бұл үш сипат пайғамбарларда, әулиелерде, хакімдерде, кәміл мұсылмандарда болады екен. Мәшһүр Жүсіп те ақылдың танымдық қызметін көрсетеді. Соның ішінде ақыл: 1) нұр, жарық; 2) нұр жүректе жанып, сәулесін миға түсіреді; қызметін мида атқарады; 3) ақыл арқылы Алланы біледі; 4) Алла өзі сүйген пендесіне береді; 5) ғаршыдан бергі заттарды, жаратылыстарды біле алады; 6) ғаршыдан арғыны біле алмайды. Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың «ақыл» концептісінде сәйкестіктер бар. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіптің ақылға берген түсініктемесі Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісін тануымызға да септігін тигізеді. Мәшһүр Жүсіп *ғақыл – ақыл* сөздерін бір-бірінен бөліп қарамайды. Ғақыл пендесінің жүрегіне Алланың орнатқан нұры деп қарайды. Абай да ***ғақылды*** адамға Алла беретінін айтады.

Абайдың тілдік танымында «ақыл» концептісінде ақыл барша жаратылысты тани алады: «Өзгені ***ақыл ойға қондырады».*** Қазақ тілінде *ойға қонымды, ақылға қонымды* деген тұрақты тіркестер бар. Яғни, қисынды, ақылмен қабылдауға болады дегенді білдіреді. Абайдығы ***«ақыл ойға қондырады»*** тіркесі осы тұрақты тіркестен бастау алып жатқаны байқалады. Сонымен бірге мағынасы кеңейіп, ақылмен біліп, тану, түсініп қабылдай алу деген ұғымда келген.

Адамда ақылдың бастауы неде дегенде, Абайдың жетінші қара сөзінде: «Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?» – дейді. Демек, бала кездегі білуге деген құмарлықты тәрбиелеп, ізденіп, ұстаздан оқу арқылы дамытқанда, ақыл табылады екен.

Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде «ақыл» концептісіне қатысты ***ми, ой*** сөздері мен ***ойда көз*** сөз тіркесі берілген. Адам баласы ақылдың керектігін білгенмен де, егер оны талаптанып іздемесе, ақыл табылмайды. Абайдың «ақыл» концептісінде ақыл үнемі ізденіп, жетілдіріп отыруды қажет етеді. Егер ақылды дамытып отырмаса, ол да тозады, әлсірейді. Осы жағдайды Абай өзінің отыз бірінші қара сөзінде ақылды дамытуға зияны тиетін төрт кеселді атайды: *салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғы, құмарлық.* Егер осы кеселдерден қашық болса, адам ақылын дамытып, ғылымға қол жеткізеді. Олай болмаған жағдайда, надандықтың шырмауына түсуі әбден мүмкін.

Қорытынды

Абайдың тілдік әлеміндегі «ақыл» концептісінде ақыл – іздену, көріп, білу, оқу арқылы табылады. Ақылдың тану, білу қабілетінің өзі нұр, сәуле сияқты. Ақылдың да жарқырай түсуі үшін қуат керек. Ол рухани қуат-қайрат болып табылады. Ақыл қайратты билеп тұрса, қуаты да күшейіп, тереңге бойлайды. Ал олай болмаса, үстірттеп бетінде ғана жүреді. Ол тереңдік не дегенде, ол – білім, ғылым. Адам ақыл арқылы ғылымды түсініп, меңгереді. Ақыл жақсылыққа да, жамандыққа да да қызмет етеді. Жамандық үшін *амал, айла* тауып береді.

Абайдың тілдік әлемінде «ақыл» концептісіне тән қасиеттер мен сапалар көбінесе надандыққа тән сипаттармен салыстырылып, қарама-қарсы қойылып отырады***. «Ақыл – мизан»*** таразы сияқты, ақ-қараны, жақсы-жаманды, дұрыс-қатені айырады. Таразы болғаннан кейін біз әр нәрсенің қажет мөлшерін ақыл арқылы біле аламыз. Абайдың «ақыл» концептісінде сыншылдық бар. *Ойға* түстім, *толғандым, мінімді қолға алдым, Тексеруге ойландым* – тілдік қолданыстары «ақыл» концептісінің аясында деп айта аламыз. ***Ой, толғану, тексеру, ойлану*** сөздерінің ақыл-ой процесімен байланысты екені күмәнсіз. *Мінімді қолға алдым, тексеру* де ойлауды білдіреді. Әрі жай ойлану емес, қолға алу – тұрақты тіркесінің мағыналарына назар аударсақ: 1) белгілі бір іске кірісу, іспен айналысу деген мағынаны білдіреді; 2) белгілі бір нәрсені жан-жақты тексеріп көру, сынау; 3) өзінің ісіне сын көзбен қарау, түзелу, қателікті жеңу, кемшілікті жою.

Абай от төртінші қара сөзінде бойын жаманшылықтан жиып алу, әділетсіз болса, көптің айтқанына көне бермеу, дұрыстықты мойындау – бұл ***әділетті ақылдың*** ісі екенін айтады. Абайдың тілдік әлемінде әділет жүректің қасиеті екенін білеміз. ***Ақыл әділетті*** жүректің дегеніне көнсе, өзі де ***әділетті*** болады. Демек, ***әділетті ақыл – әділетті жүрекке*** билеткен ақыл болады.

Абайдың тілдік әлемінде ақылдың өзі метафизикалық құбылыс емес, үнемі дамып жетіліп отыратын құбылыс болып табылады. Өйткені үнемі дамып отыру, кемелдену адамзаттың табиғатына тән болып келеді. Ақылды дамыту арқылы «ақыл» концептісінің де аясы кеңи түседі. Абай «***Ар, ұяттың*** бір ***ақыл – күзетшісі»*** – дейді. ***Ар, ұяттың күзетшісі*** болу үшін ***ақылдың*** дамуы жоғары дәрежеде болу керек. Ақыл арқылы адамның да дәрежесі артып отырады. Абай отыз сегізінші қара сөзінде: «Адаспай тура іздеген ***хакімдер*** болмаса, дүние ойран болар еді» – дейді. Хакімдердің ақылы арқылы адамдар Алланы таниды, дүниедегі әрбір нәрсенің сырын біледі. Хакімдер адам баласына тура жол көрсетушілер екен. Осындай дәрежеге жету, әрине, ақыл арқылы мүмкін болады. Олар үшін хақты тану және дүниенің құпия сырларын білу дүниенің басқа ләззаттарынан жоғары тұрады. Абайдың тілдік әлемінде «ақыл» концептісі хакімдер, ғалымдар арқылы жеке адамның емес, бүкіл адамзаттың игілігі үшін қызмет етеді. Міне, ақыл адамзаттық игілікке айналатын даму биігіне жеткенде ғана кемеліне келген ақыл болады. «Ақыл мен жан – мен» – дейтін дәрежеге жетіп, мәңгі өлмейтін қасиетке ие бола алады. Адамның кемелдігі әділетті, шамағатты жүрекке ақыл мен қайратты билетуі арқылы мүмкін болады.

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат
Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Бибеков Қ.Т. – эмпирикалық материалды жинақтап, әдеби шолу жасады, **Оразгалиева Л.М. –** ғылыми-зерттеудің әдіс-тәсілдерін анықтап, жинақталған материалды талдады. **Мусабаева Г.М. –** мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

1. Хвесько Т.В., Басуева Н.Ю. Актуализация авторских интенций в художественном тексте // Язык и культура. – 2024. – № 68. – С. 108–121. DOI: 10.17223/19996195/68/6

2. Карасик В. И. Языковая матрица культуры. – М. : Гнозис. – 2013. – 319 с.

3. Жансүгіров І. Абайдың сөз өрнегі. [Электронды ресурс] – 2012. – URL: https://abainst.kz/?p=758 (қараған күні: 01.09.2024)

4. Маслова В.А. Лингвокультурология.– М.: Академия. – 2004. – 208 с.

5. Уәли Н.М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докторы ... дисс. автореферaты. – Алматы. – 2007 ж. – 52 бет.

6. Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде): философия докторы (PhD) ... диссертация. – Алматы, 2019. – 169 б.

7. Пименова М.В. Душа и дух: особенности концептуализации. – Кемерово: Графика. – 2004. – 386 с.

8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық; Қ-М. – Алматы: Арыс. – 2011. – Т10. – 752 б.

9. Исаева Г.С. Қазақ әлемінің тілдік бейнесіндегі «ақыл» концептісі: паремиологиялық талдау//А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2015. №2. – 72-80бб.

10. Рыспаева Д.С. Языковая репрезентация концепта «ақыл/ум» в картине мира казахского народа // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Филологические науки. – Т. 64. № 1 (2022). – С181-198. DOI: 10.48371/PHILS.2022.64.1.

11. Колесов В.В. Концепты Рассудок, Разум, Ум и Мудрость в поле русского сознания // Гуманитарный вектор. Сер.: Филология. Востоковедение. – 2016. – Т. 11, № 3. – С. 75-86. DOI: 10.21209/2307-1834-2016-11-3-75-86.

К.Т. Бибеков*[1], Л.М. Оразгалиева[2], Г.М. Мусабаева[3]

[1,3]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
[2]Astana IT University, Астана, Казахстан

Концепт «разум» в языковом мире Абая

Аннотация. В статье анализируется смысловая сфера вербализации и дефиниции концепта «разум» в языке произведений Абая с позиции лингвоконцептологического подхода. В казахском

языкознании концепт «разум» в произведениях Абая не был объектом исследования. Концепт «разум» в языке Абая тесно связан с мировоззрением казахского народа, с исламским познанием, а также имеет значение и смысловые особенности, присущие только творчеству поэта. Значения, относящиеся к понятию "разум", такие, как разум, *наука, мысль, глаза, луч, интеллект* и т. д., выражаясь словами *холодный ум, холодный ледяной разум, сияющий разум, глаза разума, справедливый разум, разум* и т.д., становятся более конкретными во фразах. Концепт "разум" обладает такими качествами, как познание, наука-овладение знаниями, различение пользы-вреда, сравнение, проверка, анализ и т.д. Понятие «разум» в языковом мире Абая измеримо. Его измеримость проявляется не в его неспособности распознавать потусторонний мир, а в его способности распознавать Аллаха. Кроме Аллаха, все существа могут быть познаны разумом. Абай обращает внимание на то, *что разум – это постоянно* развивающееся явление.

Ключевые слова: концепт, разум, языковая картина мира, наука, мысль, лингвоконцептология.

K.T. Bibekov*[1], L.M. Orazgaliyeva[2], G.M. Mussabayeva[3]

[1,3] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2]Astana IT University, Astana, Kazakhstan

The concept of "mind" in the language world of Abai

Abstract. The article employs the linguo-conceptological approach to analyse the semantic sphere of verbalisation and definition of the "mind" concept in Abai's language. To the best of the present author's knowledge, the concept of "mind" in Abai's works has not previously been the subject of research in Kazakh linguistics. The concept of "mind" in Abai's language is closely connected with the worldview of the Kazakh people, Islamic knowledge, and holds meanings and semantic features unique to the poet's creativity. The linguistic expression of this concept, as evidenced by the employment of terms such as *mind, science, thought, eyes, ray,* and *intellect*, is manifested in phrases like "cold mind", "icy cold mind," "radiant mind," "the eyes of mind," "fair mind or righteous reason" and "mind" thereby acquiring a heightened degree of concreteness within the context of the text. The concept of "mind" encompasses qualities such as cognition, science – mastery of knowledge, differentiation of benefit and harm, comparison, verification, analysis, etc. In Abai's linguistic world, the concept of "mind" is measurable. This measurability is not indicative of an inability to perceive the otherworldly, but rather, it is a testament to one's capacity to recognize Allah. Abai highlights the dynamic and evolving nature of the mind.

Keywords: concept, mind, linguistic worldview, science, thought, linguoconceptology.

References

1. Hvesko T.V., Basueva N.YU. Aktualizatsiya avtorskih intentsij v hudozhestvennom tekste [Actualization of author's intentions in a literary text]. Yazyk i kul'tura, 68, 108–121 (2024). DOI: 10.17223/19996195/68/6. [in Russian]

2. Karasik V. I. Yazykovaya matrica kul'tury [The linguistic matrix of culture]. (Moscow, 2013, 319 p.) [in Russian]

3. Zhansygirov I. Abaidyn soz ornegi [Abai's word expression] [Electronic resource] – 2012. – Available at: URL: https://abainst.kz/?p=758 (accessed: 09.10.2024) [in Kazakh]

4. Maslova V.A. Lingvokul'turologiya [Cultural linguistics] (Moscow, 2004, 208 p.) [in Russian]

5. Uali N.M. Kazakh soz madenietinin teoriyalykh negyzdery [Theoretical foundations of Kazakh speech culture] (Almaty, 2007, 52 p.) [in Kazakh]

6. Bisenbaeva M.K. Etnomadeni leksikanyn tanymdyk-katysymdyk kyzmety (aimaktyk leksika materialdary negyzynde) [Cognitive and participatory function of ethnocultural vocabulary] (Almaty, 2019, 169 p.) [in Kazakh]

7. Pimenova M.V. Dusha i duh: osobennosti konceptualizatsii [Soul and spirit: features of conceptualization] (Kemerovo, 2004, 386 p.) [in Russian]

8. Kazakh adebi tylynyn sozdygy: on bes tomdyk [Dictionary of the Kazakh Literary Language]. Vol. 10. Kh-M. (Almaty, 2011, 752 p.) [in Kazakh]

9. Isaeva G.S. Kazak alemynyn tyldyk beinesyndegy «akyl» konceptysy: paremiologiyalyk taldau [The concept of "mind" in the linguistic picture of the Kazakh world: paremiological analysis]. A.Baitursynov Logistical Education Tyltanym, 2, 72-80 (2015) [in Kazakh]

10. Ryspaeva D.S. Linguistic representation of the concept "akyl/um" in the picture of the world of the Kazakh people. Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series: Philological sciences, 64, 1 (2022). DOI: 10.48371/PHILS.2022.64.1. [in Russian]

11. Kolesov V. V. Koncepty Rassudok, Razum, Um i Mudrost' v pole russkogo soznaniya [The concepts of Reason, Reason, Mind and Wisdom in the field of Russian consciousness]. The humanitarian vector. Philology and Oriental Studies Series. 11, 3, 75-86 (2016). DOI: 10.21209/2307-1834-2016-11-3-75-86. [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Бибеков Қаныш Тлеужанұлы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: kanysh.bibekov@gmail.com, ORCID: 0000-0003-2850-9637.

Оразгалиева Лаура Муратбековна **–** филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Astana IT University, Астана, Қазақстан. E-mail: lauraorazgalyeva@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7795-1339.

Мусабаева Гульназ Манаровна – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: mussabayeva_gm_1@enu.kz, ORCID: 0000-0002-3004-7307.

Бибеков Каныш Тлеужанулы – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: kanysh.bibekov@gmail.com, ORCID: 0000-0003-2850-9637.

Оразгалиева Лаура Муратбековна **–** кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Astana IT University, Астана, Казахстан. E-mail: lauraorazgalyeva@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7795-1339.

Мусабаева Гульназ Манаровна **–** старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: mussabayeva_gm_1@enu.kz, ORCID: 0000-0002-3004-7307.

Bibekov Kanysh Tleuzhanuly **–** corresponding author, candidate of Philological Sciences, Associate professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: kanysh.bibekov@gmail.com, ORCID: 0000-0003-2850-9637.

Orazgalieva Laura Muratbekovna **–** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Astana IT University, Astana, Kazakhstan. E-mail: lauraorazgalyeva@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7795-1339.

Mussabayeva Gulnaz Manarovna **–** Master of Pedagogy, Senior Teacher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: mussabayeva_gm_1@enu.kz, ORCID: 0000-0002-3004-7307.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.55
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-71-82

Детективтік проза мәтініндегі фразеологиялық қолданыстар

Т.С. Ғабдрахман

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: tolegen88@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада детектив жанрындағы көркем шығармалар тіліндегі фразеологиялық қолданыстар зерттеледі. Зерттеу нысанына қазақ әдебиетінде осы жанрда алғаш шығармалар жазған Кемел Тоқаевтың шығармашылығы, оның ішінде «Солдат соғысқа кетті», «Түнде атылған оқ», «Тасқын», «Қастандық» шығармалары алынады. Жазушының шытырман хикаялы проза жанрында жазылған шығармаларының қазақ әдебиетінен алатын орнын белгілеуге фразеологиялық қолданыстарды зерттеу де ықпал етеді. Мақала мақсаты – қазақ детектив жанрындағы фразеологизмдердің тілдік-стильдік ерекшеліктерін анықтау. Осыған орай тұрақты тіркестердің қолданысын, қызметін, стилистикасын талдау міндеттері қойылды. Зерттеу нысанына алынған шығармаларда фразеологизмдердің әлеуеті кеңінен пайдаланылатыны байқалды: жалпыхалықтық фразеологизмдер де, әдеби фразеологизмдер де, жазушының төл қолданыстары да еркін қолданылады. Бұл фразеологизмдер мәтіндердің көркемдік айшығын нақтылай түсуге қызмет етеді. Эмоционал-экспрессивті реңге ие синоним фразеологизмдердің қатар қолданылуын жазушы тілінің ерекшелігіне жатқызуға болады. Фразеологизмдердің мәтіндегі қолданыстары сипатталды, олардың көркемдік қызметі, жасалу тәсілдері айқындалды. Тілдік айғақтар контекст құрамында берілді, себебі олардың мәні, мағынасы көбінесе контекст арқылы ашылатыны ескерілді. Мақалада детектив романындағы фразеологиялық бірліктердің кейіпкерлердің мінез-құлқына, шиеленіс атмосферасын құруға және сюжеттің дамуына қалай әсер ететіні қарастырылды. Зерттеу нәтижелері детективтік әдебиетте фразеологиялық бірліктердің авторлық мақсатқа жету үшін басқа тілдік құралдармен қалай әрекеттесетінін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: детектив жанры, фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, жалпыхалықтық фразеологизмдер, экспрессивтік стилистика.

Түсті: 26.09.2024; Жөнделді: 01.03.2025; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Фразеологизмдер – тіл иесі халықтың (этностың) күллі дүние-ғалам жайлы ұғым-түсініктерінің, өзін қоршаған шындық болмысты қабылдауының, мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тіл-тілде өзгеріс болып өрілетін ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын әсем де әсерлі сөз өрнектері, тілдік метафоралық композициялар [1].

Фразеологизмдер – жазушы тілінің шеберлігін, сөз байлығын танытатын құралдардың бірі. Көркем шығармада көркемдеу тәсілінің құралы ретінде фразеологизмдердің атқаратын қызметі зор. Тұрақты тіркестер айтайын деген ойға айрықша әр, мәнерлілік береді. Олар – ғасырлар бойы қалыптасып жинақталған тәжірибенің көрінісі. Фразеологизмдерді жазушыны өз қажетіне сай талғап, жаңғыртып, айтар ойына, эстетикалық талғамына, қоғамдық-саяси, философиялық көзқарасына сай етіп қолданады.

Фразеология мәселесі теориялық-әдістанымдық тұрғысынынан І. Кеңесбаев, Ә. Болғанбаев, Р. Сыздық, Ә. Қайдар, Ә. Хасенов, Х. Қожахметова, Г. Смағұлова, Р. Авакова, Қ. Сарекенова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты ғылыми түрде сараланып, зерттелді.

Қазақ прозасындағы кез келген жанрда жазылған көркем шығармада фразеологизмдердің кездесетіні сөзсіз. Алайда детектив жанрында жазылған шығармаларда олардың қаншалықты жиі ұшырасатыны, сондай-ақ қандай мақсатта қолданылып, нендей қызмет атқаратыны бұған дейін зерттелмей келді. Сондықтан детектив жанрында жазылған шығармалардағы фразеологиялық тіркестердің қолданысы, ерекшелігі бөлек зерттеуді қажет етеді. Бұл ретте қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың негізін салушы К. Тоқаев шығармаларын зерттеу материалы ретінде алып, детектив жанрындағы фразеологиялық қолданыстарды зерттеу қолға алынды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдісі ретінде, негізінен, сипаттамалы әдіс қолданылды. Зерттеу нысаны көркем мәтіндегі фразеологизмдер болғандықтан сөздік талдау, семантикалық талдау амалдары қолданылды. Тілдік айғақтарды сипаттау үшін контекст ескеріліп отырды.

Зерттеуге материал ретінде жазушы Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы [2], «Түнде атылған оқ» повесі [3], «Тасқын» повесі [4] мәтіні алынды.

Нәтижелер мен талқылау

К. Тоқаев шығармаларында фразеологизмдер көп кездеседі. Жазушы фразеологизмге бай тіліміздің мүмкіндіктерін кеңінен қолданады, сол арқылы шығармаларының тілін көркем етеді.

Бұл ретте автор фразеологизмдерді үнемі тек дайын қалпында алмай, жалпыхалықтық формасын өңдеп, өзгертіп те қолданады. Фразеологизмдерді бұлай қолдануда арнайы мақсат болатыны түсінікті. Осындай жолдармен жазушы тұрақты сөз тіркестерінің

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

жаңа үлгісін жасап, фразеологиялық қорды байытуға өзінің үлесін қосады. Сондықтан жазушы тіліндегі фразеологизмді жалпыхалықтық тілден және өзі жасаған деп бөліп қарастыруға болады.

К. Тоқаев халық қазынасына жататын фразеологизмдерді еркін қолданады. Мысалы, оның шығармаларындағы *тіл мен жағына сүйену, көңіл жықпау, босаға тоздыру, суқаны сүймеу, көз жасын сығу, қас қараю, сыр бермеу, көз шырымын алу, өз көзіне өзі сенбеу, жар құлағы жастыққа тимеу, көңілі жай табу, көз тігу, сөз бағу, көзін құрту, көз тоймау, құты қашу, жағадан алу, жүндей түту, қармағына түсіру, көресіні көрсету, қабақ шыту, сағын сындыру, жүрек жалғау, зәресі тас төбесіне шығу, тыныс жасау, қолды бір сермеу, ырыққа көнбеу, әкесін таныту, адам айтса нанғысыз, дымы шықпау, үні өшу, құлаққа ұрған танадай тым-тырыс, иненің жасуындай, қиядағыны қияннан шалу, тұйғындай шүйлігу, діңкесі құру, бойын қуаныш кернеу, қызғыштай қору, құлақ түру, , түсі қашу, іші бауырына кіру, төбесі екі елі көкке жетпеу, айызын қандыру, көңіл қосу, арқа сүйеу, дәм тұзы таусылу, тілі табу, етектен шалу сияқты* фразеологизмдер – жалпыхалықтық тілде бұрыннан қолданылып келе жатқан тіркестер. Мұндай тіркестер жазушы тіліндегі фразеологизмдердің басым бөлігін құрайды.

К. Тоқаев шығармаларындағы тұрақты тіркестердің ішінде жазушы өзгерткен түрлері де кездеседі. Мысалы: *Ешкімолместен өткенде жайлауға баратын қара жолдың батыс жағы терең сай да, іші* ***ит мұрыны өтпейтін*** *қалың жыныс* [3, 235]. Жазушы осы сөйлемде *ит тұмсығы өтпейтін* деген фразологиялық тіркестегі тұмсық сөзін мұрын сөзіне, батпайтын сөзін *өтпейтін* сөзіне өзгертіп қолданады. Алайда бұл тіркестің өзгертілмеген түрі де ұшырасады: *Сай-саласы* ***ит тұмсығы батпайтын*** *қалың жыныс* [3, 265]. «Фразеологическое творчество писателей выражается прежде всего в обновлении привычных для слов контекстов, в которых эти слова обычно выступают. Слова, перемещенные из одного окружения в другое, претерпевают интересные смысловые и стилистические изменения. Таким образом, изучение фразеологических связей слов имеет первостепенное значение не только для характеристики семантических процессов, происходящих в словах при включении их в новые фразеологические контексты, но для определения творческого своеобразия новаторством», – деп көрсеткен А.И. Ефимов К. Тоқаев шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданысының мақсатын айқындай түседі [5, 151]. Фразеологиялық сөздікте *күн төбеден ауды* деген тұрақты тіркес бар. Осы тіркестің өзгертілген түрі мына мысалда кездеседі: *Уақыт өтіп барады.* ***Күн шақшиып төбеге келді.*** *Жел жоқ. Ауа ауыр* («Қастандық», 248-б). К. Тоқаев бұл жерде фразеологиялық бірліктің лексикалық құрамына сыналап сөз қосып (дистакт), ауды сөзін келді сөзіне ауыстырып қолданады. Автор күннің жай ғана төбеге келгенін айтып қана қоймай, оның шақырайып тұрғанын айту арқылы көтерілген күннің дәл сипатын көрсетеді. Енді бір мысалда жазушының мынадай қолданысын көрнеміз: *Оны айыптауға дәлел таппадық, босатуға тура келді. Әйткенмен* ***күдік көмейден кетпейді.*** *Мына істі анықтағанша қаладан кетпеуіне тілхат алдық* («Қастандық», 248-б). Бұл жерде де К. Тоқаев күдігі қоюланды, күдігі сейілді сынды тұрақты тіркестерді түрлендіріп қолданады. Оның үстіне аллитерация тәсілі арқылы сөздің реңкін одан әрі әсерлендіре түседі.

Бұл туралы Н. Уәлидің: «Қазақ тіліндегі бір алуан фразеологизмдердің құрылымы бітеу болып, сыртынан сыналап сөз қосуға көне бермейді. Ал кейбір фразеологизмдер, керісінше, сыңарларының арасында бөтен сөз тұрғанмен, өздерінің тұтастығын бұзбайды: тығырыққа тіреді – тығырыққа әкеп тіреді; кіндігі үзілмеген – кіндігі баяғыдан үзілмеген; тарамысына ілінген – тарамысына әрең ілінген т.б. Тілдік колданыста, әсіресе поэзияда, кейбір тұрақты сөз сыңарларының арасына сыналып сөз ендіру баяғыдан бар құбылыс. Оған кез келген көркем шығармадан көптеп мысал келтіруге болады. Бірақ әңгіме сол сөздердің тұрақты сөз орамының мағына тұтастығына нұқсан тигізбей, қайта жымдасып, үндестік табуында ғой», – деген пікіріне сүйене отырып, К.Тоқаевтың жалпыхалықтық тілдегі фразеологизмдердің мағына тұтастығын бұзбай, керісінше өте сәтті қолданғанын айтуға болады [6, 50].

Құрамының тұрақтылығы, кез келген тұста қолданыла бермейтін талғампаздығы, мағына-мазмұнының бейнелілігі фразеологизмдердің көркем шығарма тілінде ерекше стилистикалық қызмет атқаруына бірден-бір негіз болатындығы белгілі. Әрине, бұл тұста аталған тілдік құбылысты шығарма желісіне сай орынды, талғампаздықпен қолдана білу жазушының үлкен шеберлігін қажет еттеді. Шығарма тілінің көркемдігі оның тіліндегі көркемдеуіш құралдарға ғана байланысты емес, сол құралдарды шеберлікпен – «сөзбен сурет салғандай» қолданатын жазушының шеберлігіне де байланысты.

Зерттеушілер фразеологизмдердің көркем әдебиеттегі жұмсалуын қарастырғанда ең алдымен экспрессиялы-бейнелі реңктері бар, поэтикалық сипаттағы түрлеріне назар аударады: «Стильдің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін жазушылардың шығармаларын зерттеу мақсатында зерттеуші образды фразеологиямен шектеле алады» [7, 15]. Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді таңдап қарастыру автордың өзіндік стиль жасаудағы тілдік тәсілдерінің бояу өрнегін айқындау болып табылады.

Детектив жанрындағы фразеологизмдерді талдау, сараптау арқылы қаламгердің жеке даралық стилін тануға, тілдік жағынан стиль жасаудағы тілдік тәсілдердің қолдану ерекшелігін айқындауға мүмкіндік туады. Фразеологизмдердің семантикасы күрделі құбылыс: ол объективті дүниенің тіл иесі анықтайтын қасиеттері мен белгілерін қамтиды, ал тіл иесі осы объективті дүниені, сезімдерді бағалайды [8, 152]. К. Тоқаев шығармаларында қолданылатын фразелогизмдердің көбі детективтік мазмұндағы қимыл, іс-әрекетке қатысты болып келеді. Мысалы: *баудай қыру, шыбын жанын қию, кісі қанын мойнына жүктеу, қатер төну, бой бермеу, адамның зәресін алу, бәле жабу, айылын жимау, көзіне көк шыбын үймелету, дегбірі қашу, т.б.* Мұндай тұрақты тіркестердің мәтінді жеткізудегі әсерлері ерекше. Олар ақпаратты жеткізуде немесе белгілі бір атмосфераны құруда маңызды рөл атқарады. Мәтінде тұрақты тіркестердің болуы мен болмауы оқырманға ақпаратты әр түрлі қабылдайтыны зерттеліп, дәлелденген [9]. Сондықтан детективтік прозада фразеологизмдер шытырман оқиғаның атмосферасын жеткізу үшін аса тиімді қолданылады.

Фразеологизмдер ішкі формаларының туындау көздеріне байланысты шартты түрде төмендегідей топтастырылады:

– адамның ағза атаулары (соматизмдер) мен қимыл қозғалыстарына байланысты туған фразеологизмдер;

– жануарлар (зооморфтық фразеологизмдер) әлемі;
– өсімдіктер (флора) әлемі;
– табиғат құбылыстары;
– өлшем бірлік (метеорология);
– сандық (нумеративтік) фразеологизмдер;
– түр-түстік және сындық;
– алғыс және қарғыс мәнді;
– мифтік және діни;
– тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фразеологизмдер және т.б. [10, 68].

К. Тоқаев тіліндегі фразеологизмдерді осыған негіздеп былайша жіктеуге болады: соматикалық атаулар негізінде жасалған фразеологизмдер, түр-түстік және сындық фразеологизмдер, зооморфтық фразеологизмдер, сандық (нумеративтік) фразеологизмдер, мифтік және діни фразеологизмдер.

Қазақ тілінде адамның дене мүшесіне байланысты қалыптасқан соматикалық фразеологизмдер өте көп. Солардың ішінде «көз»-ге қатысты соматикалық фразеологизмдер бірінші орында, олардың жалпы саны – 172. Олардың ішінде: етістік мағыналы – 135, сындық мағыналы – 16, заттық мағыналы – 16, үстеу мағыналы – 5 [11]. К. Тоқаев шығармаларында да көзге қатысты жасалған фразеологизмдер көп кездеседі: *көз тігу, көзге түсу, көзі іліну, көз сүзу, екі көзі төрт болу, көзі шарасынан шығу, көз бояу, көзін тайдыру, т.б.*

Көз. *Кейбіреулер тым нысапсыздық жасап аз ғана қиыншылыққа соншама налиды: жоқшылық серігім болды, қорлықтан* ***көзім ашылмады,*** *бүйткен өмірі құрысын деп зарланады* [2, 13]. *«Терең тылдағы станциядан кеше кешкісін шықтық. Майдан болса алыс. Сонда бұл қайдан келген жау?» – деп аспан төріне* ***көз жүгіртеді*** [2, 21]. *Жалпасынан құлаған Мұхамед басын көтеріп ұзын составқа* ***көз тастады*** [2, 21]. *«Күннің қызуы қайтқанша* ***көз шырымын алайық,*** *салқын түсе шықпасақ, бәрібір жүріс өнбейді», – деп, Жүндібай қазір жолға шықпайтынын айтқанда, Черноносов «елсіз иен далада мені кім аңдиды дейсің соншама үрейленгенім не?» – деп ойлап, плащын төсеп мазардың түбіне қисая кетті* [3, 277].

Бет. *Борсық майын ішіп* ***беті бері қарады*** *дерсің* [2, 8].

Қабақ. *«Тәйірі, сен екенсің ғой! Кісіге сүйкенбесең отыра алмайсың ба?» – деп жақтырмай* ***қабағын шытты*** [2, 37]. *Әйелінің* ***жылы қабағынан*** *артық ләззат,, байлық тілемеген тәрізді* [4, 330]. *Тек көңілсіз пішінмен* ***қабақ көрсетіп*** *қояды* [4, 331].

Жүрек. *Жейтін,* ***жүрек жалғайтын*** *бірдеме табылып қалар* [2, 30].

Аяқ. *Содан* ***аяқ суытқаны*** *осы [2, 147].* Енді, міне, аяқ астынан есін білер ересек адам жоғалып отыр [4, 320].

Тіл, жақ. *Глинов отырған орындығымен қоса домалап түсті.* ***Тілі байланып*** *қалған секілді* [3, 258]. *«Сен* ***тіл мен жағыңа сүйенбе!»,*** *– деді Ләтипа қолын сермеп* [3, 261]***. Тіл қатсаң*** *мазақ болып естіледі оған, өршіп кетеді* [4, 321].

Арқа*. Арқа сүйер* *азаматым да жоқ* [3, 254].

Құлақ. ***Құлаққа ұрған танадай*** *тым-тырыс* [2, 143]. *Байғұстың* ***жар құлағы жастыққа*** *тимей зыр жүріп жүр* [3, 284]. *Ешкім арызына* ***құлақ аспаса*** *керек* [4, 325].

Қол. *Агент қалай болғанмен де* ***қол қусырып*** *қарап отырмайды* [3, 266].

Бас. *Менің сізбен ешқандай* ***бас араздығым жоқ,*** *айтсам жөнін айтам* [3, 293].

Мойын, кежеге. *Бірақ* ***кісі қанын мойныма жүктеп*** *көрген емеспін* [2, 230]. *Құдайдың өзі сездірді ме,* ***кежегем кейін кетіп*** *«бармасақ қайтеді, бір жартылық алып, үйде отырайық» деп жалындым* [4, 323].

Мұрт. *Мұнда ішім-жемім тегін, көлденең табыс та түсіп қалады. Айлықтың* ***мұрты бұзылмайды*** [3, 286].

Иек. *Ал* ***иек астында*** *отырып, бір адам ғайып болып кеткен* [4, 325].

Тырнақ. ***«Тырнақтап жиған*** *тиыны өз ерікіне тиген соң басы ауған жаққа қаңғып кеткен де», – деп Майлыбаев өз ойын айтты* [4, 329].

Уыс. *Қазіргі қолындағы бар мәліметте, Петрушкин азулы, өктем кемпірдің* ***уысынан шыға алмай,*** *бар өмірін бұғып өткізген момын жан* [4, 332].

Зооморфтық фразеологизмдер: ***Егіз қозыдай*** *тете өстік* [2, 227]. *Сай-саласы* ***ит тұмсығы батпайтын*** *қалың жыныс* [2, 26]. *Ағатай,* ***шыбын жанымды*** *қиыңыз* [2, 229]. *Таңертеңнен бері нәр татқаным жоқ. Ішімді* ***жылан жалағандай*** боп барады [3, 294].

Түр-түстік және сындық фразеологизмдер: *Мына ағаң* ***қара жаяу, қара бақыр*** *емес* [2, 231].

Табиғат құбылыстарымен байланысты туған фразеологизмдер: ***Қас қарайып,*** *ымырт жабылды* [4, 324].

Сандық (нумеративтік) фразеологизмдер: *Кәрі әке мен шеше майданнан балам келеді деп* ***екі көзі төрт болып*** *күтіп отыр ғой* [2, 199]. *Майор Кузьменко көктемнің жомарт шуағына ойлы жүзін тосып, жасаурап ашыған көзін уқалап, е****кі иығынан күрсіне дем алды*** [4, 332].

Мифтік және діни фразеологизмдер: *Ол неменің* ***діні қатты*** *еді барады* [3, 305]. *Бір* ***Алла азабына,*** *не* ***ажалына басты*** *ма, жайма базарға түстік* [4, 323].

Фразеологизмдердің стильдік бояуы жеке сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіндіктері анағұрлым мол болады. Осы қасиеттеріне орай фразеологизмдер белгілі бір баяндауға, не сөйлеген сөзге стильдік әр береді. К. Тоқаев шығармаларындағы фразеологизмердің де стильдік қызметтері алуан түрлі.

Фразеологизмдер бір-бірінен экспрессияға негізделген стильдік реңк, бояу құрамында қолданылу аясына қарай ерекшеленіп тұрады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көтеріңкі, ренжу, қиналу, жақындық мәндегі, дөрекілік, кекесін, мысқыл мәнде т.б. стильдік реңктерді таңбалайтын экспрессивтік тұлғаларда (бірліктерде) денотативті әрі коннотативті сөз семантикасы сақталып отырады. Олар затты, құбылысты екінші номинация ретінде атап, бағалайды [12, 20].

Экспрессивті стилистикалық тұрғыдан тілдегі ең негізгі өнімді жұмсалатын бірліктер – фразеологизмдердің куммулятивті қызметі айрықша. А.Ф. Лосев фразеологизмдердің ерекше күш-қуатқа ие болып келетін болмысына, әсерлілігіне ерекше назар аударады. Ол сөздің энергиясын, күш-қуатын эйдос деп атайды, ал жандүниенің ішкі мәні сөздің әлеуетін белгілейді деп көрсетеді [12, 20].

Эмоционалдық пен экспрессивтілік бір уақытта бірдей жүреді. Дегенмен, экспрессия эмоционалдық пен бағалауыштыққа қарағанда кең көлемді, ол түрлі амал-тәсілдермен, көбіне, сөздің ауыспалы мағынасынан қалыптасады. Экспрессивтілік пен эмоционалдық элементтерді айыра білу қажеттілігі, олардың ара байланысы мен ара әсеріне қарамастан, функциялық міндеттерінің әр түрлілігінен туады.

Экспрессивтік пен эмоционалдық бір-біріне ұқсас тілдік категориялар болғанымен қызметтері әр түрлі.

Осы ойды дәлелдеу мақсатында экспрессивтік лексикалық бірліктердің типтері мен семантикасын жан-жақты зерттеген Н.А. Лукьянованың классификациясы басшылыққа алынып, эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер былайша топтастырылады:

1) экспрессивті мағынадағы эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер.

2) эмоционалды-экспрессивтік мағынадағы эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер.

3) эмоционалды бағалауыштық мағынадағы фразеологизмдер.

4) экспрессивті-эмоционалды-бағалауыштық мағынадағы эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер [10].

Енді осы топтастырылған эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, мысалдар келтіру арқылы дәлелдеуге болады:

Тым тымырсық неме екен, ***суқаным сүймеді.*** *Көргеннен-ақ жақтырмадым* [3, 268]. *Қаңғыбас шофердан қалай құтыларымды білмей, тиісуге желеу таппай* ***зығырым қайнады*** [3, 287]. *Сөйткенмен де, нарттай қызыл шырайлы жігіттің өңі* ***қағаздай қуарып,*** *кесек балғын жас денесі жеңілденіп, сүйектеніп бара жатқандай еді* [2, 42]. *Келген күні немістерді* ***баудай қырдық*** [2, 73].

Алғашқы екі сөйлемнің *суқаным сүймеді* тіркесінде эмоционалды-экспрессивті мағына байқалады, ал *зығырым қайнады* деген фразеологиялық тіркес эмоционалдылықты шегелей түсіп, сол арқылы автор сөйлеушінің субъективті психоэмоционалды «жан жағдайын» яғни, эмоциялық күйін сипаттаған. Үшінші сөйлемде эмоцияналды бағалауыштық мағынадағы *қағаздай қуару* тіркесі хал үстінде жатқан жігіттің түрін сипаттап, баға береді, соңғы сөйлемде экспрессивті-эмоционалды-бағалауыштық мағынадағы тіркесті көреміз. *Баудай қыру* тіркесінде экспрессия басым, сондай-ақ сөйлеушінің масаттанған эмоциясы мен көп өлтіргенін білдіретін бағалауы бар.

Біздің прагматикалық құзыреттілігіміз әр түрлі иллокутивті (немесе сөйлеу) әрекеттерді тануға, түсіндіруге және кодтауға мүмкіндік береді. Бұл құзыреттілік одан әрі сөздер мен иллокутивті акт арасында ассоциация тудыруы мүмкін [14, 93]. Осыған орай автор шығармаларда фразеологизмдерді осындай ассоциацияларды, эмоцияларды тудыруда ұтымды қолдануға ұмтылады.

Эмоцияның сапалық сипатымен қатар оның күші мен қарқындылығын бейнелейтін сандық сипаты да болады.

Лексикалық бірліктерде эмоциялық қарқындылықтың пайда болуына өте, тым, аса, орасан, тіпті, қатты деген күшейткіш үстеулердің тіркесіп келуі қажет.

Мысалы: ыстық – тым ыстық, жақсы көру – өте жақсы көру, үлкен – аса үлкен т.б. Ал фразеологиялық тіркестерде мұндай жасалу жолы байқалмағанымен, кез келген эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің синонимдік парагдималары эмоционалды қарқындылыққа мысал бола алады.

К. Тоқаев тілінде эмоцияны бейнелейтін фразео-семантикалық топ ішінде полисемия құбылысы синонимдер сияқты көп кездеспейді. Мысалы: *Көзі оттай (шырадай) жанды (жайнады).*1) көзі нұр шашты; 2) жаны кірді, рақаттанды. Бұл фразеологиялық тіркестің бірінші мағынасы жағымды эмоция – «қуаныштан көзінің нұр шашуын білдерсе», екінші мағына сол қуаныштың нәтижесінде «рақат сезімге бөленумен», ұштасып жатыр. Екеуінен де адамның ішкі дүниесіндегі қуаныштың әсері байқалады. Бұл фразеологиялық тіркестің мағыналары бірінен-бірі жалғаса туындап тұр. Сонымен қатар мағынаның жарыса дамуы кезінде фразеологиялық омонимияның да туындауы мүмкін. Мысалы: *Жаны күйді.* 1) аяды, есіркеді; 2) ыза болды, қорланды, жаны заяда өртенді. *Күпті болды.* 1) тамақты көп жегеннен мазасызданды; 2) қобалжыды. Осы мысалдарды сөйлем ішінен қарастыратын болсақ, мағыналар арасында еш жақындық жоқ екені байқалады.

Сезімнің өзіндік психикалық процесс ретіндегі ерекшеліктерін, негізінен, қарама-қарсы сипатта болатынын айқын аңғаруға болады.

а) Антонимдік мағына фразеологиялық тіркес компоненттерін түгел қамти отырып жасалады: *қуанышы қойнына сыймау, мәз-мейрам болу – төбе шашы тік тұру, зәресі зәр түбіне кету; өңі қашу.*

ә) Антонимдік жұп эмоцияны бейнелейтін фразеологизм компоненттеріндегі мағынаға тірек боларлық бір сөздің қайталанып келуі арқылы жасалады: *жаны жадырау – жаны шығу;*

б) Қарама-қарсы мағына тұрақты тіркестің бір сыңарының антонимдес болуы нәтижесінде жасалады: *бейілі кеңу – бейілі тарылу; еңсесі түсу – еңсесі көтерілу.*

Ю.Д. Апресян: «Эмоциялық толғаныс адамға қатысты барлық күйдің ішіндегі ең күрделі түрі, өйткені ол көп жағдайда адамның бүкіл болмысын қамтиды. Біз эмоцияларды тереңдігі мен қарқындылығына қарай ажырататын болсақ, толғаныс эмоцияның ең интенсивті түрі болып табылады», – дейді [12].

Адамның эмоциялық күйін бейнелейтін фразеологизмдер:

– *ашулану: Екінші рет қайталамасқа, байыпты болуға бекініп,* ***қабақ түйіп,*** *аз сөйлеп, оңаша жаттығу жасайтын* [4, 335]; *Айталық, күдік алып,* ***қаһарыңды тігіп****, шүбәланған жерге барасың* [4, 337].

– *мейірлену: Головин* ***жүрегі елжіреп кетті*** [2, 219]*; Ақша* ***көңілін жібіткен*** *секілді* [3, 234].

– *қайғыру: Бекен* ***көзінің жасын сығып алды*** [3, 260].

– *қуану: Сол ойына түсіп,* ***жүрегі лүпілдеп,*** *қуанып ыңылдап ән салып келе жатқан* [3, 235].

– *жек көру: Тым тымырсық неме екен,* ***суқаным сүймеді.*** *Көргеннен-ақ жақтырмадым* [3, 268].

– *қорқу:* ***Сол сәт өңі қашып, құп-қу боп кетті*** [4, 329]; *Әлгі капитан бейшараның* ***зәресін алдың*** *ғой! – деп сыңғырлай күлді* [2, 208]. *Бұл эмоциялар детективтік оқиғаның ерекшеліктерінен келіп туады.*

Айтылар ойдың әсерлілігі, мазмұн тереңдігі сол көрініс, құбылыстың суреттілігіне, яғни образдылығына тығыз байланысты. Бұл ретте детективтік жанрда жазылған мәтіндердегі экспрессивті құралдардың қызметі айрықша. Адамдардағы түрлі

эмоцияны, сезімдік құбылыстарды жеткізуде К. Тоқаевтың зат, құбылыс туралы жеке көзқарасы, бағалауы сияқты жекелік, өзіндік пікірлерін тілдегі кез келген экспрессивті сөздер атқарады. Экспрессивтік әсер көбінесе эмоционалдық бағалаудан тұрады. Фразеологизмдер табиғаты бағалау, сипаттау десек, онда экспрессияның орны, әсіресе фразеологизмдерді жасауда тым жоғары.

Қорытынды

К. Тоқаев шығармаларында кездесетін фразеологизмдерді талдау арқылы мынадай қорытынды жасауға болады:

– жазушы шығармаларындағы фразеологиялық тіркестер авторлық позиция мен оның шығармашылық идеясымен астасып, көркемдік құралы ретінде қызмет етеді;

– К. Тоқаев шығармаларында кездесетін фразеологизмдердің атқаратын қызметі алуан түрлі. Бұлар детективтік жанрдың идеясын беруде, образ, характер жасауда қолданылатын тиімді тілдік тәсіл саналады;

– К. Тоқаев тіліндегі фразеологизмдерді осыған негіздеп былайша жіктеуге болады: соматикалық атаулар негізінде жасалған фразеологизмдер, түр-түстік және сындық фразеологизмдер, зооморфтық фразеологизмдер, сандық (нумеративтік) фразеологизмдер, мифтік және діни фразеологизмдер.

Бұл фразеологизмдер детективтік мәтінде қолданылғанда детективтік контекст жасауға қызмет етіп тұрады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. – 286 б.

2. Тоқаев К. «Солдат соғысқа кетті». Романы. – Астана: «Елорда» баспасы, 2000. – 237 б.

3. Тоқаев К. «Түнде атылған оқ» повесі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2017. – Т.1 – 384 б.

4. Тоқаев К. «Тасқын» повесі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2017. – Т.1– 384 б.

5. Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – Москва: Изд-во Моск. ун-та, 1957. – 448 с.

6. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.

7. Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по общей фразеологии. – Воронеж, 1978. – 143 с.

8. Колпенова А.К., Якияева Г.Ш. The Role of The Image in the Semantics of Phraseologisms // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 150–160. DOI: https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.13 (қаралған күні: 21.01.2024)

9. Panther K.-U., Thornburg L. Idioms: Structural and Psychological Perspectives. – Mouton de Gruyter, 2003. – P. 336.

10. Нұржанова А.Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол.ғыл.канд. … дисс. автореферат. – Астана, 2010. – 24 б.

11. Мамаева, М.Қ, Амантай Т.Қ. Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің валенттілігі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – 157 (5). – Б. 67-71. – URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1610 (қаралған күні: 21.01.2024)

12. Қоянбекова С. Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері: филол. ғылымд. докт. ... дисс. автореферaты. – Алматы, 2008. – 50 б.

13. Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 б.

14. Edmonds A. Conventional expressions: Investigating Pragmatics and Processing // Studies in Second Language Acquisition. – Vol. 36, No. 1 (March 2014). – pp. 69-99. – URL: https://www.jstor.org/stable/26330690 (қаралған күні: 21.01.2024)

15. Апресян Ю.Д. О новом словаре синонимов руссого языка // Известия А.Н. Серия литературы и языка. – 1992. – № 1. – С. 27-28.

Т.С. Габдрахман

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Фразеологические употребления в тексте детективной прозы

Аннотация. В статье исследуются фразеологические употребления в языке художественных произведений детективного жанра. Объектом исследования является творчество Кемеля Токаева, написавшего в казахской литературе первые произведения этого жанра, в том числе произведения «Солдат ушел на войну», «Выстрел ночью», «Наводнение». Произведения писателя, написанные в жанре приключенческой прозы, занимают большое место в казахской литературе. Цель статьи – выявить языково-стилевые особенности фразеологизмов казахского детективного жанра. В связи с этим были поставлены задачи анализа использования, функции, стилистики устойчивых выражений. Замечено, что в произведениях, взятых на объект исследования, широко используется потенциал фразеологизмов: свободно используются как общенародные фразеологизмы, так и литературные фразеологизмы, оригинальное использование писателя. Эти идиомы служат для уточнения художественной самобытности текстов. Параллельное использование синонимических фразеологизмов, имеющих эмоционально-выразительный тон, можно отнести к специфике языка писателя. Охарактеризовано использование фразеологизмов в тексте, определена их художественная деятельность, способы их создания. Языковые факты были представлены в контексте, так как их значение и смысл часто раскрываются через контекст. В статье рассмотрено, как фразеологизмы в детективном романе влияют на поведение героев, создание атмосферы напряжения и развитие сюжета. Результаты исследования позволяют лучше понять, как фразеологизмы взаимодействуют с другими лингвистическими средствами для достижения авторской цели в детективной литературе.

Ключевые слова: детективный жанр, фразеологизмы, устойчивые словосочетания, общенародные фразеологизмы, выразительная стилистика.

T.S. Gabdrakhman
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Phraseological uses in the text of detective prose

Abstract. The article explores the use of phraseology expressions in the language of detective genre literary works.The object of the study is the work of Kemel Tokayev, who wrote the first works of this genre in Kazakh literature, including the works "The soldier went to war", "Shot at night", and "Flood". The works of the writer, written in the genre of adventure prose, occupy a large place in Kazakh literature. The purpose of the article is to identify the linguistic and stylistic features of phraseological units of the Kazakh detective genre. In this regard, we set the tasks of analyzing the use, function, and style of stable expressions. It is noted that in the works chosen for the study, the potential of phraseological units is widely used: both national and literary phraseological units, as well as the original use of the writer are freely. The article examines how phraseological units in a detective novel influence the behavior of the characters, the creation of an atmosphere of tension and the development of the plot. The results of the study allow us to better understand how phraseological units interact with other linguistic means to achieve the author's goal in detective literature.

Keywords: detective genre, phraseological units, stable phrases, national phraseological units, expressive stylistics.

References

1. Syzdykova R. Kazakh adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language]. (Almaty, 1993, 286 p.) [in Kazakh]

2. Tokayev K. «Soldat sogyska ketti» romany [The soldier went to war. Novel] («Elorda» Press, Astana, 2000, 237 p.) [in Kazakh]

3. Tokayev K. «Tunde atylgan ok» povesi [Shot at night. Story]. Vol.1 («Ana tili» Press, Almaty 2017, 384 p.) [in Kazakh]

4. Tokayev K. «Taskyn» povesi [The Flood. Story] Vol.1 («Ana tili» Press, Almaty, 2017, 384 p.) [in Kazakh]

5. Efimov A.I. Stilistika hudozhestvennoj rechi [The stylistics of literary speech]. (Moscow, 1957, 448 p.) [in Russian]

6. Ualiuly N. Frazeologia zhane tildik norma [Phraseology and language norm]. (Almaty, 1998, 128 p.) [in Kazakh].

7. Kopylenko M.M., Popova Z.D. Ocherki po obshhej frazeologii [Essays on general phraseology] (Voronezh, 1978, 143 p.) [in Russian].

8.Kolpenova A.K., Yakiyayeva G.Sh. The Role of The Image in the Semantics of Phraseologisms. Bulletin of Yassawi University, 4(130), 150–160 (2023). DOI: https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.13 (accessed 14.05.2023)

9. Panther K.-U., Thornburg L. Idioms: Structural and Psychological Perspectives (Mouton de Gruyter, 2003, 336 p.)

10. Nurzhanova A.B. Dunienin karabaiyr beinesi: frazeologialyk fragmenttin somatikalyk kody [Primitive picture of the world: somatic code of a phraseological fragment]. Abstract of thesis for … Cand. of Philology (Astana, 2010, 24 p.) [in Kazakh]

11. Mamayeva M.K., Amantai T.K. Valency of somatic phraseological units in the Kazakh language. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 157(5), 67-71 (2015). Retrieved from https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1610 (accessed 15.05.2023) [in Kazakh]

12. Koyanbekova S. B. Kazak tili ekspresivtik stilistikasynyn negizderi [Fundamentals of expressive stylistics of the Kazakh language]: Abstract of thesis for … Doct. of Philology (Almaty, 2008, 50 p.) [in Kazakh]

13. Smagulova G. Frazeologizmderdin varianttylygy [Variance of phraseologisms]. (Almaty, 1996, 128 p.) [in Kazakh]

14. Avakova R.A. Frazeologia teoriasy [Phraseology theory] (Almaty, 2009, 292 p.) [in Kazakh]

15. Apressyan U.D. O novom slovare sınonımov russogo iazyka [About the new dictionary of synonyms of the Russian language]. Izvestıa A.N. Seria literatury i yazyka [Proceedings of the Academy of Sciences], 1, 27-28 (1992). [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Ғабдрахман Т.С. **–** PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: tolegen88@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0154-6737.

Gabdrakhman T.S. **–** PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: tolegen88@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0154-6737.

Габдрахман Т.С. **–** PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Қазақстан. E-mail: tolegen88@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0154-6737.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ҒТАХР 16.21.29
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-83-94

Ассоциациялық тәжірибе және тілдік сана

Л.Ә. Еспекова[1], М.К. Ахметова*[2]

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]espekova@bk.ru, [2]ma7988335@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі антропоцентристік зерттеу парадигмалары аясында ассоциациялық тәжірибенің этностық сананы зерттеудегі рөлін саралайды. Оны тілдік сананы жан-жақты зерттеуде, оны құрылымдау, модельдеу бағытында белсенді қолданылатын әдіс ретінде таниды. Тіл мен этностың әлемнің тілдік бейнесін танудағы ерекшелігі сөз болады. Ассоциациялық тәжірибе мәдени, тарихи, танымдық байланыстарды анықтаудағы тиімді әдістердің бірі болып табылады. Әсіресе, зерттеу нысаны ретінде этнографизмдерді ала отырып, олардың қазіргі жастардың таным-түсінігінде репрезентациялануын айқындау ұлттық-мәдени ерекшеліктерді тануда маңызды фактор екенін ескерген жөн. Тәжірибе барысында этнографизмдердің уақытпен, тұрмыстық бұйымдармен, қашықтықпен, қолөнермен байланысты семантикалық топтарынан он стимул сөз ұсынылды. Респонденттердің стимул сөзге қатысты жазған ассоциациялары негізінде оның семантикалық жақындықтары, вербалды ассоциациялық байланыстары нақты тілдік деректер негізінде талданды. Соның барысында реакция сөздердің бірнеше топтары анықталып, пайыздық көрсеткіштері сараланды. Талдау негізінде стимул сөздермен бір мағыналық өріс құрайтын, атрибуты ретінде қолданылатын, бағалауыштық сипаты бар реакция сөздердің сандық, сапалық ерекшеліктері айындалды. Ассоциациялық тәжірибе барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, әрбір этнос мүшесі пайдаланған реакция сөздердің қоғамдық санамен ұштасуы талданады. Ассоциация тудыру жеке адамның ақпаратты қабылдап, сақтауы, оны өңдеп жеткізуі ғана емес, оның тілдік санасының бір фрагменті ретінде ғана қарастырылады. Жинақталған материалдар қазақ жастарының санасында халықтың салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде, таным-түсінігінде қалыптасқан дүниелердің сақталғандығын көрсетіп отыр. Бұл әлем моделін, дүниенің концептуалды бейнесін, қоғамға тән ұлттық-танымдық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ассоциация, тілдік сана, ассоциациялық тәжірибе, стимул сөздер, этнос.

Түсті: 10.01.2025; Жөнделді: 07.03.2025; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Ассоциациялық тәжірибе – қазіргі тіл білімінде антропоцентристік ғылыми парадигма аясында кеңінен қарастырылып жүрген мәселелердің бірі. «Ассоциация» ұғымының өзі алғаш философия, психология секілді ғылым салаларында көрініс тапса, кейін тіл білімінде кеңінен қолданыла бастады. Қазақ тіл білімінде ассоциациялық тәжірибе 1960-1970 жылдары қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар негізінде жүргізіле бастады [1 ,4].

Қазіргі таңда «ассоциация» ұғымы тек психологиялық құбылыс ретінде ғана емес, әлемнің моделін, оның концептуалды бейнесін танытуда да қолданылады. Қазіргі жаңаша зерттеу парадигмалары негізінде «ассоциация» жеке тұлғаның санасындағы менталды процестер тізбегіне ғана қатысып қоймай, жадыдағы түйсікті, қиялды белсендіруге мүмкіндік береді. В.П.Абрамов [2], Ю.А.Борисова [3] ассоциациялық тәжірибе әдісін қазіргі антропоцентристік ғылыми парадигма аясындағы зерттеулерді жүргізуде маңызды екенін атап көрсетеді. Бұл зерттеулер этностық сананы зерттеуге жол ашып отыр.

Қазіргі таңда этностық сананы ассоциациялық тәжірибелер арқылы зерттеу әдістері белгілі бір этнос өкілдеріне тән әлем бейнесін тануға мүмкіндік береді. К.А.Бурнаева ассоциациялық тәжірибені тілдік сананы субъективті бейнелеу жүйесі ретінде зерттеудің ең тиімді тәсілі деп таниды [4, 51]. Әлем бейнесі бұл этнос мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі болып отыр. «Этникалық мәдениет өкілінің тілдік санасы өзіндік қасиеттермен ерекшеленеді. Белгілі бір этникалық мәдениетті тасымалдаушы белгілі бір мәдениетте өмір сүретін бейнелер мен идеялардан тұратын санаға ие және бұл сана мәдениеттен мәдениетке өзгереді» [5, 2].

Жалпы тіл мен этностың арасындағы байланыс көп өлшемді әрі алуан түрлі. Оның ұлттық-мәдени, тарихи, танымдық байланыстарын танып-білуде ассоциациялық тәжірибе ең тиімді әдістердің бірі болып саналды. Бұл ассоциациялық тәжірибе негізінде этностық сана, вербалды жады, ментальды лексикон, сол ұлтқа тән әлеуметтік мәдени стереотип, әлемнің тілдік бейнесі айқындалады. Г.Т.Мұхамеджанова «Ассоциативті эксперимент жадыны, лексикон мен сөйлеуді тудыру мен қабылдауды, түрлі тілдерді тұтынушылардың тілдік санасындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді зерттеуде қолданылатын тиімді құралдардың бірі» екенін атап өтеді [6, 92].

Сонымен қатар ассоциациялық тәжірибе тілдік тұлғаның қоршаған ортамен қатынасын, болған оқиғалармен байланысын, белгілі бір затты немесе құбылысты қабылдау деңгейін, даралау сипатын тануға мүмкіндік береді. Бұл стимул сөз бен реакция сөздер негізінде айқындалады. «Стимул сөздер – зерттеуші тарапынан тәжірибеге қатысушыларға ұсынылатын бірліктер, ал реакциялар – информанттардың стимул сөзге қатысты жазған ассоциациялары» [7, 46]. Бұл тәжірибе барысында сөз арасындағы семантикалық жақындықтар сараланады. H.Pollio стимул сөздердің ішінде қолданылу жиілігі жоғары сөздердің ассоциациялық өріс тудыру мүмкіндігі күшті болатынын айтады [8]. Көптеген зерттеушілер бұл мағыналық жақындықты сөздердің «қиылысу коэффициенті» деп таниды.

Зерттеу әдістері

Жұмыста негізігі әдісі ретінде ассоциациялық тәжірибе әдісі алынды. Зерттеу жұмысының кезеңдеріне байланысты ассоциациялық тәжірибе әдісімен жарыспалы түрде басқа да қосымша әдістер пайдаланылды:

1) Өңдеудің бірінші кезеңінде қатысушылардың жас ерекшеліктері ескерілді. Экспериментке 20-25 жас аралығындағы 50 респондент қатысты. Бұл жерде материалды іріктеу әдісіне мән берілді;

2) Екінші кезеңінде қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көрінісін сипаттау мақсатында этнографизмдердің семантикалық топтарының ішінен 10 стимул сөз алынды. Бұл жерде семантикалық талдау әдісін басшылыққа алдық;

3) Үшінші кезеңінде барлық алынған стимул сөздер жинақталып, оның категориялық топтары анықталды. Бұл кезеңде жинақталған тілдік материал негізінде әрбір стимул сөз бойынша қорытындылар жасалып, оның мағыналық ерекшеліктеріне, пайыздық көрсеткіштеріне талдау жасалды. Яғни, бұл кезеңде жинақтау, түсіндіру, талдау әдістері қатар жүрді.

Талқылау мен нәтижелер

Ассоциациялық тәжірибеге этнографизмдердің семантикалық топтарының ішінен уақытпен, қашықтықпен, зергерлік қолөнермен, тұрмыстық бұйымдардың атауларымен байланысты 10 стимул сөз алынды: жиырма бес жас, алпыс үш жас, бір уыс, таң сәрі, ертоқым, алқа, домбыра, қазан, киіз басу, бес күн жалған.

Алынған материал негізінде стимул сөздерге берілген реакцияларды бірнеше топқа жіктедік: стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар; стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын, оның синонимдері болып табылатын реакциялар; бағалау дәрежесі бар реакциялар; стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын категориялық реакциялар. Әрине, бұл топтама барлық стимул сөздерде бірдей дәрежеде көрініс таппаған. Әр стимул сөз бойынша ассоциация тудырушы сөздің қасында жақша ішінде респондент саны көрсетілді.

«Таңсәрі» стимул сөзі бойынша:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: азан (3), мал (1), таң намазы (2), таңғы құлшылық (1), музыка (1), арай (1), таңғы салқын (1), жылқыны айдау (1), ояну (1), жаңа күн (1), тыныштық (1), сабақ (1), шық (1), ризық (1). Жалпы 17 респондент (34 пайыз).

2) стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын, оның синонимдері болып табылатын реакциялар: таң (3), таңғы уақыт (4), елең-алаң уақыт (1), мезгіл (3), күн шығатын уақыт (2), ертемен (1), уақыт (4), таңның атуы (2), күннің шығуы (3), таңертеңгі уақыт (2), күн (3), ерте (1), таң қылаң берген уақыт (1), жарық түсе бастаған кез (1), күн шыққан кез (2). Жалпы 33 респондент (66 пайыз).

«Таңсәрі» стимул сөзінде бір мағыналық өрістегі, синоним болып келетін ассоциациялар басым болып келеді. Бұл көрсеткіш алпыс алты пайызды құрайды. Жалпы қазақ

халқы «таңсәрі» деп бұл жерге жарық түсе бастаған, таңның қылаң берген кезін атайды. Ассоциациялық өріске қатысушы респонденттер жауабынан осы сөзге мағыналас сөздерді көп кездестіреміз: «таң» деген күн шығар алдындағы уақыт; «таңғы уақыт» таңертеңгі уақыт; «елең-алаң уақыт» деген алагеуім, таңғы уақыт; «күн шығатын уақыт» деген де таңғы кез; «ертемен» таң атар-атпастан, құлқын сәрі; «уақыт» сөзі мезгіл, мерзім; «таңның атуы» күннің шығуы және т.б. Жоғарыда берілген қолданыстардың бәрінің «таңсәрі» сөзімен мағыналық жақындық бар екендігі байқалады. Бұлардың қиысу коэффиценті «таң» болып табылады.

«Таңсәрі» сөзінің атрибутын, яғни сөздің ерекше белгісін, тұрақты қасиетін білдіретін сөздер отыз төрт пайызды құрайды. Көптеген респондеттер бұл сөзді «азан», «намаз», «таңғы құлшылық» деп атағанын көруге болады. «Таңсәрі» сөзінің азанмен, намазбен, таңғы құлшылықпен ассоциация тудыруы жай құбылыс емес. Азан да, намаз да, құлшылық та таңғы мезгілде басталады, сондықтан респонденттердің жауабында бұл сөздердің қолданылуы заңды. Сонымен қатар «таңсәрі» сөзінің ерекше белгісі ретінде шық, жаңа күн, арай, музыка, ояну секілді т.б. қолданыстар да берілген. Бұл ассоциация тудырушы сөздер де «таңсәрі» сөзінің мән-мағынасын, ерекше белгілерін аша түседі.

Келесі стимул сөз – «жиырма бес жас». Бұл сөз бойынша:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: екі мүшел (6); мерей той (1), туған күн (3), ширек (1), сан (5). Жалпы 16 респондент (32 пайыз).

2) стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын реакциялар: жастық шақ (6), жігіттік кез (4), адамның жасы (8), жетілу (1), даму (1), ақыл тоқтату (1), ақыл кіру (1), толығу (1), өсу (1), толысу (1), есею (1). Жалпы 34 респондент (52 пайыз).

3) бағалау дәрежесі бар реакциялар: сағындырған жиырма бес (1), болашақ отбасы (1), әттең жиырма бес (1), қайтып келмес жас (1), албырт кез (1), алаулап жанған жиырма бес (1), айхой жиырма бес (1), өте шыққан жиырма бес (1). Жалпы 8 респондент (16 пайыз).

«Жиырма бес жас» стимул сөзінде бір мағыналық өріске жататын категориялық реакциялар басым болып келеді. Ол елу екі пайызды құрап отыр. Оның ішінде алты адам жастық шақпен, төрт адам жігіттік кезбен, сегізі адам жасымен байланыстырған. Көбісі жиырма бесті жастықтың өлшемі деп береді, себебі бұл адамның қиялға, арманға толы, жалындаған шағы, сондықтан адам өмірінің ең маңызды кезеңі болып саналады. Ал енді бір тобында жиырма бес жасты ақыл тоқтату, даму, есею, жетілу, өсу, толысу деп қабылдайды. Шынында, бұл адамның есейетін, толығатын, алға мақсаттар қоятын шағы. Бұл қолданыстар да стимул сөздің мән-мағынасын жан-жақты аша түседі.

Бағалау дәрежесі бар ассоциациялар он алты пайызды құрайды. Бұл ассоциациялар алаулап жанған жиырма бес жастың қайтып келмейтінін «әттең, жиырма бес», «айхой жиырма бес», «өте шыққан жиырма бес», «қайтып келмес жас» деген сөздер арқылы ашады. Бұл қолданыстар жиырма бес жастың өте шығатынын, қайтып келмейтін, албырт шақ деп бағалайды. Ал стимул сөздің ерекше белгілерін, қасиетін ашатын қолданыстар отыз екі пайызды құрайды. Респонденттердің дені жиырма бестің ерекше белгісі ретінде екі мүшелді, туған күнді, сандық сипатын атайды.

«Ертоқым» стимул сөзі бойынша:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: ат (13), жылқы (15). Жалпы 28 респондент (56 пайыз).

2) стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын, оның синонимдері болып табылатын реакциялар: ертұрман (11 респондент); ер әбзелі (11 респондент). Жалпы 22 респондент (44 пайыз).

«Ертоқым» стимул сөзінің атрибутын білдіретін сөздер елу алты пайызды құрайды. Оның ішінде жиырма сегіз қатысушы бұл сөздің басты белгісі ретінде жылқы (ат) малын атайды. Жалпы ертоқымды қазақ халқы ерте заманнан көшпелі тұрмыс-тіршілігінде салт атқа мінуге пайдаланған, сондықтан көпшілігінде ертоқым сөзімен ат не жылқы деп ассоциация тудыруы осымен байланысты болып келеді. Ал респонденттердің қырық төрт пайызы ер әбзелі, ертұрман деп бір мағыналық өріске жататын синоним сөздер арқылы береді.

«Бір уыс» тіркесі бойынша:

1) стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын, синонимдік реакциялар: аз (11), кішкене (7), кішкентай (3), өте кішкентай (1), аз ғана (1), құттай (1). Жалпы 24 респондент (48 пайыз).

2) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: бір уыс топырақ (5), бір уыс нан (4), бір уыс тұз (1), бір уыс мақта (4), бір уыс бидай (5), бір уыс тары (1), бір уыс кәмпит (2), бір уыс алтын (3), бір уыс алақан (1). Жалпы 26 респондент (52 пайыз).

«Бір уыс» қолданысында бағалауыштық дәрежедегі реакциялар басым болып келеді. Ол елу екі пайызды құрап отыр. Респонденттердің көпшілігі «бір уыс» тіркесін нан, кәмпит, тары, бидай, тұз секілді тағамдармен байланыстырып береді. Жалпы қазақ халқының танымында «бір уыс» деген шамалық өлшемге жатады. Оны күнделікті тұрмыста жиі пайдаланған, олардың көпшілігі халықтың тұрмыс-салтына байланысты әрі қажеттіліктен туындаған өлшем. Респондеттердің жауаптары да сол қазақ халқының алыс-беріс секілді дүниелерді жүзеге асыруда қолданған шамалық өлшемдермен байланысты берілген. Ал респонденттердің 48 пайызы синонимдік реакциялар болып келеді. Бұ көрсеткіште «бір уыс» тіркесін «кіші, кішкентай» ұғымымен қатысты береді.

«Алпыс үш жас» стимул сөзі:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: пайғамбар жасы (5), қарттық (2), зейнеткер (7), қартаю (3), қария (5), ата (5), ақсақал (2), қарт (3). Жалпы 33 респондент (66 пайыз).

2) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: керемет шақ (1), кемеңгер (1), еркіндік (1), данагөй (4), әкемнің жасы (1), данышпан (4), ел ағасы (1), ақылгөй (3), қайғы ойладық (1). Жалпы 17 респондент (34 пайыз).

«Алпыс үш жас» тіркесінде атрибутын білдіретін реакциялар басым болып келеді. Көпшілігі алпыс үш жасты қарттық, пайғамбар жасы, ата деп таныса, кейбірі зейнеткер деп таниды. Әрине, бұл аталған ассоциациялардың бәрі стимул сөздің ерекшелегін толық ашады. Респонденттердің отыз төрт пайызы бағалауыштық реакция тудырады. Бұл жасты керемет шақ, данагөй, ақылгөй, ел ағасы, данышпан деп бағалайды. Бұл берілген бағалауыштық реакциялардың бәрі «алпыс үш жас» деген тіркестің мән-мағынасын толықтыра түседі.

«Алқа» стимул сөзі:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: күміс (3), алтын (5), асыл тас (1), аппақ түс (1), ана (1), мойын (5), әжелер (2), моншақ (2). Жалпы 20 респондент (40 пайыз).

2) стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын категориялық реакциялар: әшекей (7), зергерлік бұйым (4), зат (1). Жалпы 12 респондент (24 пайыз).

3) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: естелік (1), сыйлық (13), жүлде (1), тарту (3). Жалпы 18 респондент (36 пайыз).

«Алқа» сөзінде респонденттердің қырық пайызы стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар құрайды. Көпшілігі алқаны алтын не күміс алқамен байланыстырады. Ал жиырма төрт пайызы бір мағыналық өріске жататын реакциялар болып келеді. Бұлар алқаны әшекей зат ретінде таниды. Отыз алты пайызын бағалауыштық дәрежесі бар реакциялар береді. Бұл топтағылар алқаны сыйлық (тарту) ретінде, естелік ретінде қабылдайды.

«Домбыра» стимул сөзі:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: музыка (1), терме (1), күй (7), «Адай» күйі (1), күй атасы Құрманғазы Сағырбаев (1), екі ішек (1), дәстүрлі ән (1), саз (1), айтыс (4). Жалпы 18 респондент (36 пайыз).

2) стимул сөзбен бір мағыналық өріске жататын, оның синонимдері болып табылатын реакциялар: қалақ домбыра (1), ұлттық аспап (14), аспап (3), қауақ домбыра (1). Жалпы 19 респондент (38 пайыз).

3) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: шер (1), тарих (1), қазақ халқы (3), құндылық (1), шетпе күй өнері (2), мәдениет (1), нағыз қазақ (1), асыл қазына (1), мұра (1), үкілі домбыра (1). Жалпы 13 респондент (26 пайыз).

Бұл стимул сөз бойынша отыз сегіз пайызы синоним болып келетін сөздер тобы болып табылады. Көпшілігі домбыраның түрлерін атап көрсетеді. Домбыра «Қазақ халқының екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы» [9]. Қазақ халқының төл өнерін сөз еткенде қос ішекті ұлттық аспап қалақ домбыра, қауақ домбыра еске түседі. Стимул сөздің атрибуттық белгілері ретінде күй, ән, терме, айтыс, саз, музыка сөздері беріледі. Шынында, қазақ әнді де, күйді де, термені де, айтысты да домбырасыз елестете алмайды. Бұл жалпы қазақ халқының танымында орныққан ұғым десе де болады. Ал бағалау дәрежесі бар қолданыстар жиырма алты пайызды құрады. Домбыраны құндылық, тарих, мәдениет, асыл қазына, шер, нағыз қазақ деп бағалайды. Кейбір респондеттер домбыраны күй атасы Құрманғазы Сағырбаевпен, кейбіреуі «Адай» күйімен ассоцация тудырады. Беріліп отырған бағалардың бәрі домбыраның қадір-қасиетін толықтай ашады.

«Қазан» стимул сөзі:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: ошақ (7), тамақ (3), палау (1), ауыл (8), бауырсақ (1), ас үй (1), қара пеш (1), киіз үй (5), ет (8), жылы ошақ (1), қуырдақ (2), ай (3). Жалпы 41 респондент (82 пайыз).

2) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: қазан төңкерісі (2), тоқтық (1), қуаныш (1), киелі (1), ырыс (2), несібе (2). Жалпы 9 респондент (18 пайыз).

«Қазан» стимул сөзінде сексен екі пайызды атрибуттық реакциялар құрайды. Респонденттердің көпшілігі қазанды бауырсақ, ет, палау, қуырдақ секілді тағамдармен

байланыстырса, бір тобы ауылмен, киіз үймен, ас үймен, жылы ошақпен байланыстырады. Бұл қолданыстардың бәрі қазанның қасиетін толығымен ашады. Жалпы қазақ халқының танымында қазанның алатын орын ерекше. «Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс-несібесінің берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын үй мүлкі, ас пісіретін ыдыс» [9]. Оған байланысты түрлі ырымдар да кездеседі. Сондықтан да жоғары берілген респонденттер жауабында қазанды ошақпен, ауылмен, киіз үймен, ал екінші топтағылардың қазанды тоқтық, қуаныш, ырыс, несібе, киелі деп бағалауы оның қадір-қасиетін, мән-мағынасын аша түседі.

«Киіз басу» стимул сөзі бойынша:

1) стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: спорт (2), кілем тоқу (2), әже (9), киіз үй (7), жүн (9), текемет (2), ауыл (1), қойдың жүні (4), төсеніш (1), жайлау (1), ою (1), кәсіп (1). Жалпы 40 респондент (80 пайыз)

2) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: «Құрақ көрпе» фильмі (1), өнер (1), бақытты шақ (1), жаңа технология (1), ұлттық өнер (2), шеберлік (1), бұрынғы қазақ (1), ежелгі өнер (1), әліппедегі сурет (1). Жалпы 10 респондент (20 пайыз).

«Киіз басу» қолданысы бойынша респонденттердің сексен пайызында стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар байқалады. Басым бөлігі бұл қолданысты «әже» сөзімен, ал бір бөлігі жүнмен, оның ішінде қойдың жүнімен байланыстырады. Жалпы қазақ халқында киіз басатын, бұл дәстүрді жалғастырушылар әжелер екені белгілі. Сонымен қатар қазақ халқы киіз басу үшін қой жүнінін пайдаланған. Жалпы «киіз басудың» атрибуты ретінде берілген жайлау, ою, ауыл, киіз үй, төсеніш секілді реакциялардың бәрі бұл өнердің ерекше белгілерін, қасиетін аша түседі. Ал бағалау реакциясы ретінде берілген қолданыстарда бұл дәстүрді шеберлік, қазақтың ежелгі өнері ретінде бағалайды. Бағалауыштық реакция жиырма пайызды құрайды.

«Бес күн жалған» стимул сөзі бойынша:

1) Стимул сөздің атрибутын білдіретін реакциялар: өмір (15), өлім (21), фәни дүние (1), ғұмыр (1). Жалпы 38 респондент (76 пайыз).

2) Бағалау дәрежесі бар реакциялар: өткінші өмір (3), қамшының сабындай (1), қателік (1), менің өмірім (1), өткінші сәт (1), жалған өмір (3), сағыныш (1) , қысқа өмір (2). Жалпы 12 респондент (24 пайыз).

«Бес күн жалған» қолданысында қатысушылардың жетпіс алты пайызы стимул сөздің атрибутын білдіретін сөздерді пайдаланды. Бір тобы бұл қолданысты өмірмен байланыстырса, бір тобы өліммен байланыстырады. Берілген ассоциациялар тіркестің мағыналық сипатын толық ашады. Бағалауыштық реакциядағы қолданыстар жиырма төрт пайызды құрайды. Бұнда өмірдің жалған екендігі, қамшының сабындай қысқалығы, өмірдің өткінші екендігін айтылады.

Жалпы жоғарыда берілген стимул сөздерде бағалауыштық сипаттағы реакциялардың басымдығы байқалады. Бұл қазақ жастарының өзіндік ой тұжырымдары, түсініктері, көзқарасы деп қана бағалауға болмайды. Бағалауыштық сипаттағы стимул сөздер бұл респонденттің сол затқа берген бағасы. Бұның негізінде қазақ жастарының этномәдени санасы да бар.

Қорытынды

Жоғарыда берілген талдауларға сүйенсек, берілген стимул сөздер бойынша атрибутын білдіретін реакциялар мен бағалауыштық реакциялар басымдық танытатынын көруге болады. Тәжірибе бойынша алынған нәтижелер әрбір этнос мүшесі қолданған реакция сөздердің қоғамдық санамен ұштасып жатқанын көрсетеді. Атап айтсақ, «ертоқым» стимул сөзін жылқы малымен; «киіз басу» қолданысын әже, ауыл сөздерімен; «қазанды» ошақ, несібе, ырыс сөздерімен; «домбыраны» құндылық, өнер, қазына, мұра сөздерімен; «алпыс үш жас» тіркесін қарттық, ел ағасы, данагөй, ақылгөй және т.б. секілді ассоциациялар тіліміздегі орныққан, жалпылық мәнге болған қолданыстар.

The influences threatening these place names are similar on both sides. Standardization—through official spelling regulations, media, and education—can diminish local dialects or older linguistic forms. Political forces, including changes in government or shifts in national identity, may bring about deliberate renaming. Economic and commercial considerations also play a role: new shopping centers, residential complexes, and business districts often adopt names in globally dominant languages, sidelining local or historical toponyms in favor of modern branding.

Despite these pressures, preserving indigenous and historically layered place names is vital for maintaining cultural continuity, historical knowledge, and a sense of regional identity. Each name acts as a repository of its community's heritage—revealing how people once lived, what they valued, and how they adapted to changing political and linguistic landscapes. By documenting, studying, and revitalizing these toponyms through educational programs, policy measures, and community engagement, both Kazakhstan and England can ensure the continued visibility and vitality of their unique linguistic heritages.

6. Assess Practical Applications and Future Prospects. From policymaking to urban planning, there are multiple avenues for applying the strategies above. Governments can enact protective legislation, cities can adopt bilingual signage, and educational institutions can include local toponymy in language and history curricula. Internationally, collaborative projects aimed

at preserving minority languages and their place-name traditions can benefit from digital technologies (e.g., GIS mapping, online databases). By implementing these measures, both Kazakhstan and England—and indeed other regions—can maintain the cultural richness encoded in their toponyms. In the long term, preserving linguistic diversity in place names not only supports heritage tourism and local pride but also ensures that future generations inherit a tangible link to their cultural and historical landscapes [22].

Common Threads of Linguistic Erosion

1.Standardization: Both Kazakh and English place names are subject to spelling and pronunciation regularization, which can efface local dialects or historically significant variants.

2.Bilingual or Multilingual Pressures: In Kazakhstan, Russian and English compete with Kazakh; in England, the dominance of Standard British English overshadows older dialects and Celtic, Scandinavian, or Norman influences.

3.Political and Ideological Influences: Name changes often reflect power shifts—Soviet policies in Kazakhstan or post-Norman Conquest renaming in England—thereby weakening the continuity of local naming traditions.

4.Commercial Branding: New developments, shopping centers, and residential complexes frequently adopt global or Anglicized names ("Mega Center," "Highvill," "Park View Estate"), displacing traditional toponyms.

Conclusion

Linguistic erosion in toponymy poses a major threat to the preservation of cultural and historical heritage. Geographic names are not only markers of land but also repositories of knowledge about the people's history, traditions, and worldview. The preservation and revitalization of local toponyms contribute to the strengthening of national and ethnic identity, cultural diversity, and the transmission of heritage to future generations [23]. The preservation of local toponyms requires the combined efforts of the state, society, and the international community. Only through such efforts can we ensure the transfer of rich cultural heritage to future generations and preserve the linguistic diversity of the world.

Toponymy plays a crucial role in understanding the culture and history of nations. It reflects the worldview, values, and traditions of societies. Toponyms not only assist in spatial orientation but also act as a repository of collective memory. Linguistic erosion threatens not only minority languages and their communities but also global cultural diversity and our collective historical heritage. Toponyms serve as a vital link between generations, transmitting information about the past, ethnic diversity, and geographic identity. Safeguarding languages and their toponymic traditions requires comprehensive efforts—from reforms in education and media to the active participation of local communities in reviving their linguistic and cultural distinctiveness [24].

Kazakhstan and England, despite their distinct historical paths, both illustrate how local toponyms can become vulnerable under the pressures of dominant languages and shifting cultural landscapes. Whether supplanted by Russian and English usage in Kazakhstan or overridden by standardized and commercial influences in England, these rich repositories of heritage risk being silenced. Proactive measures—ranging from legislative protection and educational reform to

community engagement and international collaboration—can help preserve toponyms, ensuring that they continue to tell the story of a place, its people, and its history. Safeguarding linguistic diversity in place names is not merely an exercise in nostalgia; it is an investment in cultural resilience, national pride, and the transmission of knowledge across generations.

Safeguarding toponymy is crucial for maintaining cultural continuity, preserving historical narratives, and fostering a sense of identity among local communities. Modern pressures such as globalization, technological advancements, and shifting political landscapes can erode or replace traditional place names with more standardized or commercial alternatives. As a result, entire chapters of collective memory risk fading into obscurity. By recognizing the causes and potential consequences of linguistic erosion in toponymy—and by actively implementing protective measures—societies can retain the distinctiveness of their geographical landscapes, ensuring that future generations remain connected to the histories, legends, and cultural richness encoded in the names of places.

After Kazakhstan's independence, many cities and regions reclaimed their original Kazakh names. For example, the city of Tselinograd was renamed Akmolinsk, then Astana, and later back to Akmolinsk, reflecting a desire to return to historical roots. Promoting the Kazakh language: Strengthening the role of Kazakh in public life contributes to the preservation of toponyms.

A comparative analysis of Kazakh and English toponymy highlights the influence of Turkic and nomadic lifestyles on Kazakh toponymy, while English toponymy bears the influence of Celtic, Roman, Anglo-Saxon, Scandinavian, and Norman cultures. Both toponymies reflect the relationship between culture and geography, with nature playing a significant role in naming places. Despite differences, both cultures use toponyms to preserve and convey their historical connections, values, and worldviews.

Conflict of interests, acknowledgements and funding information

The article contains no conflicts of interest.

Contribution of the authors

B.J. Karayeva – collection of materials and literature review related to the issue of linguistic erosion, **A.K. Meirbekov –** study of key theoretical foundations of linguistic erosion, identification and analysis of the mechanisms behind the loss of traditional place names and propose strategies for their preservation.

References

1. Аманжолов А. Қазақстан топонимиясы: проблемалар мен перспективалар. Алматы: Ғылым. – 2015. – 156 б.

2. Қойшыбаев, Е.К. Қазақ топонимдерінің шығу тегі. – Алматы: Ғылым, 1985. – 148 б.

3. Abdualiuly B. Alimkhan A.A. The main directions of the comprehensive study of toponyms along the Great Silk Road // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series. – 2023. – Vol.144. № 3. – P.46-60

4. Harley, J.B. The New Nature of Maps: Essays in the History of Cartography. – Baltimore: Johns Hopkins University Press, 2011. – 42 p.

5. Meiirbekov A., Suleimenova Zh., Meirbekova G., Meirbekov A. Nomadic Culture's Place Names Named After the Cult of Domestic Livestock // Journal of Educational and Social Research. – 2024. – Vol.14, No 6. – P. 528-544.

6. Jones, M. Linguistic erosion and toponymy. Journal of Linguistic Research. – 2010. – Vol.12 (3). Pp. 45-60

7. Смайылова, Г. Жаһанданудың Қазақстанның топонимикасына әсері // ҚазҰУ хабаршысы. – 2020. – Т.75,№ 2. – Б. 45-52.

8. Crystal, D. Language Death. – Cambridge: Cambridge University Press, 2000. – 208 p.

9. Watts, V.E. The Cambridge Dictionary of English Place-Names. – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 778 p.

10. Крысин, Л.П. Языковая эрозия и языковая политика. – Москва: Наука, 2017. – с.

11. UNESCO. 2003 Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage [Electronic Recourse]. – Available at: https://ich.unesco.org/doc/src/15164-EN.pdf (accessed: 01.09.2024)

12. O'Loughlin T., Bourke C. Studies in the Cult of Saint Columba. – Dublin, 1997

13. Gelling, M., & Cole, A. The Landscape of Place-Names. – Stamford: Shaun Tyas, 2000.

14. Owen, H.W., & Morgan, R. Dictionary of the Place-Names of Wales. – Llandysul: Gomer Press, 2007.

15. Mills, A.D. A Dictionary of British Place-Names. – Oxford: Oxford University Press, 2011.

16. Crystal, D. The Stories of English. – London: Penguin Books, 2004.

17. Phillips, R. Language Attrition and Toponymy in England // Journal of Historical Linguistics. – 2010. – Т. 6, № 2. – P.145-162.

18. Jones, R. Place-Names and the History of Social Spaces. Oxford: Oxford University Press, 2013. – 145 p.

19. Абдрахманов С.А. Топонимика Казахстана: транслитерация и этимология названий. – Алматы, 2012. – 182 с.

20. Mills A.D. A Dictionary of British Place-Names. – Oxford: Oxford University Press.- 2011. – 532 p.

21. Сулейменов, О. Казахские топонимы и этнонимика. – Астана: Елорда, 2005.

22. Ekwall, E. The Concise Oxford Dictionary of English Place-Names. – Oxford: Oxford University Press, 1960. – 608 p.

23. Кононов, А. История изучения тюркских языков в России. – Москва: Восточная литература, 1972.

Б.Ж. Караева*[1], А.К. Мейрбеков[2]

[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

Тілдік эрозия: басым тілдер мен мәдениеттердің ықпалы салдарынан қазақ және ағылшын топонимдерін жоғалту қаупі

Аңдатпа. Бұл мақала үстем тілдер мен мәдениеттер ықпалымен қазақ және ағылшын топонимдерінің өзгеруін немесе бұрмалануын сипаттайтын лингвистикалық эрозия құбылысын қарастырады. Зерттеудің негізгі мақсаты – дәстүрлі жер-су атауларының жоғалу механизмдерін анықтау және оларды сақтап қалу жолдарын ұсыну. Автор лингвистикалық эрозияның теориялық негіздерін талдап, оның мәдени әралуандық пен тарихи сабақтастықты қамтамасыз етудегі маңыздылығын атап өтеді.

Зерттеудің жаңалығы – қазақ және ағылшын топонимиясын салыстырмалы тұрғыда қарастыру, өйткені бұл тақырыптар көбіне жеке контексте ғана зерттеліп келген. Методологиясы тарихи-лингвистикалық және әлеуметтанулық тәсілдерге сүйеніп, мұрағаттық деректер мен жекелеген өңірлерге қатысты кейстік талдауларды қамтиды. Негізгі нәтижелер жаһандану, урбанизация және саяси факторлардың жергілікті атауларды ығыстырып, ұрпақтың мәдени мұраға деген байланысын әлсіретететінін көрсетеді. Қорытындыда топонимиялық мұраны сақтау үшін заңнамалық қолдау, білім беру бағдарламалары және жергілікті қауымдастықтардың белсенді қатысуы қажет екені дәлелденеді.

Бұл жұмыстың ғылыми құндылығы – лингвистикалық эрозия үрдісін салыстырмалы түрде талдау арқылы ғылым саласын жаңа деректермен толықтыруында. Ал практикалық маңызы – ұсынылған шараларды мемлекеттік және өңірлік деңгейде тілдік мұраны қорғау бағдарламаларын жасауға қолдануға болатындығында.

Түйін сөздер: топонимия, лингвистикалық эрозия, үс тем тілдер, қазақ топонимдері, ағылшын топонимдері, мәдени мұра, жаһандану.

Б.Ж. Караева*[1], А.К. Мейрбеков[2]

[1]Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
[2]Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

Лингвистическая эрозия: риск утраты казахских и английских топонимов под влиянием доминирующих языков и культур

Аннотация. Данная статья посвящена проблеме лингвистической эрозии, возникающей при замене или искажении казахских и английских топонимов под влиянием доминирующих языков и культур. Цель исследования – выявить механизмы утраты традиционных географических названий и определить пути их сохранения. Автор излагает основные теоретические положения о природе лингвистической эрозии, а также указывает на практическую значимость проблемы для поддержания культурного разнообразия и исторической памяти. Научная новизна работы заключается в сравнительном анализе казахской и английской топонимии, ранее исследованных преимущественно в отдельных контекстах. Методология исследования базируется на историко-лингвистическом и социолингвистическом анализе, с привлечением архивных данных и кейс-стадий отдельных регионов. Основные результаты демонстрируют, что глобализация, урбанизация и политические факторы способствуют вытеснению местных топонимов, ослабляя связь поколений с родной культурной средой. В заключении обосновывается необходимость законодательных мер, внедрения образовательных программ и привлечения местных сообществ для сохранения топонимического наследия. Вклад данной статьи в соответствующую область знаний заключается в системном подходе к сравнительному изучению лингвистической эрозии на примере казахской и английской топонимии. Практическая значимость работы состоит в том, что предложенные меры могут применяться при разработке государственных и региональных программ по защите языкового наследия.

Ключевые слова: топонимия, лингвистическая эрозия, доминирующие языки, казахские топонимы, английские топонимы, культурное наследие, глобализация.

References

1. Amanzholov A. Қazaқstan toponimijasy: problemalar men perspektivalar [Toponymy of Kazakhstan: problems and prospects] (Gylym, Almaty, 2015, 156 p.) [in Kazakh]

2. Koishybayev Ye.K. Kazak toponimderinin shyhu tegi [Origin of Kazakh toponyms] (Gylym, Almaty, 1985, 148 p.) [in Kazakh]

3. Abdualiuly B., Alimkhan A.A. The main directions of the comprehensive study of toponyms along the Great Silk road. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series, 144(3), 46-60 (2023) [in Kazakh]

4. Harley, J.B. The New Nature of Maps: Essays in the History of Cartography. (Johns Hopkins University Press, Baltimore, 2011, 142 p.)

5. Meiirbekov A., Suleimenova Zh., Meirbekova G., Meirbekov A. Nomadic Culture's Place Names Named After the Cult of Domestic Livestock. Journal of Educational and Social, 14(6), 528-544 (2024).

6. Jones, M. Linguistic erosion and toponymy. Journal of Linguistic Research, 12 (3), 45-60 (2010).

7. Smailova G. The impact of globalization on the toponymy of Kazakhstan. KazNU Bulletin, 75(2), 45-52 (2020) [in Kazakh]

8. Crystal, D. Language Death (Cambridge University Press, Cambridge, 2000, 208 p.)

9. Watts, V.E. The Cambridge Dictionary of English Place-Names (Cambridge University Press, Cambridge, 2004, 778 p.)

10. Krysin, L.P. Jazykovaja jerozija i jazykovaja politika [Linguistic erosion and language policy] (Nauka, Moscow, 2017) [in Russian]

11. UNESCO. 2003 Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage [Electronic Recourse]. – Available at: https://ich.unesco.org/doc/src/15164-EN.pdf (accessed: 01.09.2024)

12. O'Loughlin T., Bourke C. Studies in the Cult of Saint Columba (Dublin, 1997)

13. Gelling, M., & Cole, A. The Landscape of Place-Names (Shaun Tyas, Stanford, 2000)

14. Owen, H.W., Morgan, R. Dictionary of the Place-Names of Wales (Gomer Press, Llandysul, 2007)

15. Mills, A.D. A Dictionary of British Place-Name (Oxford University Press, Oxford, 2011)

16. Crystal, D. The Stories of English (Penguin Books, London, 2004)

17. Phillips, R. Language Attrition and Toponymy in England. Journal of Historical Linguistics, 6(2), 145-162 (2010).

18. Jones, R. Place-Names and the History of Social Space (Oxford University Press, Oxford, 2013, 145 p.)

19. Abdrakhmanov A. Toponimika Kazahstana [Toponymy of Kazakhstan] (Nauka, Almaty, 1990, 144) [in Russian]

20. Mills, A.D. A Dictionary of British Place-Names (Oxford University Press, Oxford, 2011, 147)

21. Suleimenov O. Kazahskie toponimy i jetnonimika [Kazakh toponyms and ethnonymy] (Yelorda, Astana, 2005) [in Russian]

22. Ekwall, E. The Concise Oxford Dictionary of English Place-Names (Oxford University Press, Oxford, 1960, 145)

23. Kononov A. Istorija izuchenija tjurkskih jazykov v Rossii [The history of the study of Turkic languages in Russia] (Vostochnaja literature, Moscow, 1972). [in Russian]

Information about the authors:

Karayeva Balnur Janabaykyzy – PhD student, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: balnurkarayeva5@gmail.com, ORCID: 0009-0009-3405-5345.

Meirbekov Akylbek Kairatbekovich – PhD, Associate Professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan. E-mail: a.meiirbekov@iuth.edu.kz, ORCID: 0000-0002-9439-0614.

Караева Балнұр Жанабайқызы – PhD докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: balnurkarayeva5@gmail.com, ORCID: 0009-0009-3405-5345.

Мейрбеков Ақылбек Кайратбекұлы – PhD, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан. E-mail: a.meiirbekov@iuth.edu.kz, ORCID: 0000-0002-9439-0614.

Караева Балнур Жанабаевна – PhD докторант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: balnurkarayeva5@gmail.com, ORCID: 0009-0009-3405-5345.

Мейрбеков Акылбек Кайратбекович – PhD, ассоцированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан. E-mail: a.meiirbekov@iuth.edu.kz, ORCID: 0000-0002-9439-0614.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.47 https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-112-129
Ғылыми мақала

Бекітілген терминдердің қолданылуындағы бірізділік проблемалары (оқулықтар, сөздіктер, заңнама құжаттары негізінде)

С.Қ. Құлманов*[1], Н.Қ. Шүленбаев[2], А.О. Ыбырайым[3]

[1,2]А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
[3]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*(E-mail: *[1]k.k.sarsen@mail.ru, [2]shulenbaev.n@mail.ru, [3]azimchan23@mail.ru)*

Аңдатпа. Мақала жоғары сыныпқа арналған мектеп оқулықтарындағы, терминологиялық түсіндірме және салалық сөздіктердегі кейбір терминдерді Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Терминком) бекіткен нұсқаларымен және заңнамадағы қолданысымен салыстыра отырып, Терминком бекіткен кейбір терминдердің қолданылу мәселелеріне арналады.

Зерттеу нәтижесінде мектеп оқулықтарында кейбір терминдердің қолданылуына қатысты мынадай жайттар анықталды: терминдердің Терминком бекіткен нұсқалары қолданылмаған; Терминком бекітпеген терминдер қолданылған; әр сыныптағы бірдей терминге әртүрлі дефиниция (анықтама) берілген; оқушы қабылдауға қиын, стилі дұрыс құрылмаған дефинициялар да кездеседі; бір терминге әртүрлі дефиниция берілген.

Терминологиялық түсіндірме және салалық сөздіктерде кейбір терминдердің қолданылуына қатысты мынадай жайттар анықталды: Терминкомда бір термин әр жылдары әртүрлі нұсқада бекітілген; терминдер бірнеше салалық сөздікте әртүрлі нұсқада аударылған; заңнама мен Терминкомда бірізді қолданылған терминдер де кездеседі; сөздіктерде бір терминнің бірнеше жарыспалы нұсқасы берілген; барлық қолданыста бірізді берілген терминдер де бар; кейбір терминдер заңнамада қолданылмайды; кейбір терминдер Терминкомда бекітілмеген.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: терминологияны реттеу, жүйелеу, біріздендіру мәселелерін шешуге, терминография, қолданбалы терминология салаларының ғылыми негіздерін дамытуға үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: терминологиялық сөздіктердің мазмұны мен құрылымын жетілдіру мақсатында лексикографиялық практикада қолдануға болады.

Зерттеу барысында жинақтау, сұрыптау, сипаттау, жүйелеу, морфологиялық, синтаксистік талдау, фактологиялық, лексикографиялық, пәнішілік және пәнаралық салыстыру әдістері пайдаланылды.

Түйін сөздер: терминология, мектеп терминологиясы, біріздендіру, сөздік, Терминком, заңнама.

Түсті: 02.10.2024; Жөнделді: 12.12.2024; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде техника мен технологиялардың даму қарқыны қоғамның барлық саласына, оның ішінде ғылым мен білім беру ісіне жаңа сөздердің ағындап енуіне себеп болып отыр. Сондықтан тілде жаңа ұғымдарға атау беру немесе оларды сәтті баламалармен алмастыру ғылым салалары терминологиясының негізгі мәселесіне айналды. Осы ретте Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Терминком) бекіткен және заңнамада қолданылып жүрген терминдердің оқулықтарда берілуі және т.б. мәселелердің өзектілігі артты.

Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тіл білімінде терминология саласының теориялық мәселелері қарқынды зерттеліп келеді. Алайда жаңа терминдерді қолданбалы-практикалық мақсатта қолдану жағы кемшін түсіп жатады. Мысалы, бір терминнің бірнеше нұсқада, яғни бірнеше жарыспалы нұсқасының немесе синонимінің қолданылуы (сөздіктерде, сайттарда, БАҚ-та, заңнамада), сондай-ақ әр сынып оқулықтарындағы салааралық, салалық терминдер дефинициясының (анықтамасының) да әртүрлі берілетін жағдайлары көп кездеседі. Мәселен, терминологиядағы белгілі бір ұғымды білдіру үшін бірнеше терминді қолдану (терминдер синонимиясы) жағдайына мынадай мысалдар келтіруге болады: «жанды күш» пен «кинетикалық энергия», «күштер жүйесінің бас векторы» және «қорытындылаушы күш» (теориялық механика), «көлденең күш», «кесу күші», «үгілу (жарылу) күші», «ығыстыру күші», «қиюшы күш» (құрылыс механикасы). Ал көпмағыналы терминдер терминологияның дәлсіздігін тудырып, практикалық қателерге, ал термин-синонимдер мамандардың бір-бірін түсінбеуіне, яғни терминологиялық сәйкессіздіктің тууына алып келеді [1, 4]. Мұндай жағдайларға жол бермеу үшін алдымен салалық терминдердің оқулықтарда қолданылуын жүйелеу, реттеу, біріздендіру сияқты терминологиялық жұмыстар бүгінгі таңдағы ең өзекті проблемаға айналып отыр.

Осы ретте мақалада жоғары сыныпқа арналған мектеп оқулықтарында (тарих, биология), терминологиялық түсіндірме және салалық сөздіктерде жекелеген техникалық және гуманитарлық салаларда қолданылатын кейбір терминдерді Терминком бекіткен нұсқаларымен және заңнамадағы қолданысымен салыстыру, сонымен қатар Терминком бекіткен кейбір терминдердің қолданылу ерекшеліктерін қарастыру көзделді.

Зерттеу әдістері

Мақалада мектеп терминологиясын қарастыру барысында жекелеген пәндердің терминдерін *жинақтау, сұрыптау, сипаттау, жүйелеу* сияқты құрылымдық лингвистика әдістері, терминдердің анықтамаларын түрлі дереккөздерде берілген дефиницияларымен *салыстыру* әдісі, терминдердің терминологиялық түсіндірме және салалық сөздіктердегі аудармасын, терминдер және олардың анықтамасы алынған дереккөздерді, терминнің Терминкомда бекітілген нұсқасы мен жылын және заңнамадағы қолданылуын қарастыру барысында *лексикографиялық, фактологиялық, пәнішілік* және *пәнаралық салғастыру* әдістері пайдаланылды.

Зерттеу барысында әлем тілдерінде мектеп терминологиясын реттеуге арналған нұсқаулықтар, стандарттар, еліміздегі білім беру жүйесінің терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелеріне арналған құжаттар, зерттеу еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен қатар зерттеудің қолданбалы-практикалық негізі ретінде жоғары сыныпқа арналған қазақ тіліндегі оқулықтар, мектеп терминологиясына арналған сайттар, терминологиялық түсіндірме және салалық сөздіктер пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Терминнің ұғымды білдіру қызметі – оның ең маңызды белгісінің бірі. Терминнің бұл қасиеті оған берілген түрлі анықтамалардың негізгі сипаттамасынан көрінеді. Мысалы, «Термин дегеніміз – сөз (немесе сөз тіркесі), оның тілдік таңбасы белгілі бір ғылым мен техника саласының ұғымдар жүйесінің бір ұғымына сәйкес келеді» [2, 35]; «терминдер – арнаулы сөздер ... заттар мен ұғымдарды дәл атауға, беруге бағытталған бірмағыналы сөздер» [3, 110]; «термин – арнаулы тілдің (ғылым, техника т.б.) сөзі немесе сөз тіркесі, олар арнаулы ұғымдар мен арнаулы заттарды дәл беру, белгілеу үшін жасалады (немесе өзге тілдерден қабылданады)» [4, 474]; «Термин – арнаулы білім немесе ғылым саласы теориясының жалпы – нақты немесе абстрактілі ұғымдарын белгілейтін, арнаулы мақсаттарды атқаратын белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі» [5, 25].

Терминологияны біріздендіру ісі мектеп оқулықтарынан басталуы қажет екені белгілі. Осы ретте әлем тілдерінде мектеп терминологиясын реттеуге арналған зерттеулер, нұсқаулықтар, стандарттар әзірленген. Мысалы, ағылшын тіліндегі әртүрлі пәндер бойынша жалпы оқулықтарда қолданылатын техникалық терминдер ESP және GE оқытуда контент-анализ, сандық және сапалық деректер негізінде қарастырылса [6, 164-170], ЮНЕСКО-ның Терминологиялық саясат жөніндегі нұсқаулығында оқыту процесін ана тілінде жүргізу және ғылымды сол тілде меңгерту қажеттілігі айқын көрсетіледі [7, 89-126]. Сондай-ақ Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі білім беру стандарттарын, терминологиялық стандарттарды, нұсқаулықтарды дайындаса [8], Жапония елінде оқулықтар мен білім беру материалдарында қолданылатын терминдерді стандарттау үшін әрбір пән бойынша академиялық глоссарийлер, білім беруде қолданылатын терминологиялық сөздіктер әзірленеді [9]. Ал Ресей Федерациясында әрбір пәнде қолданылатын мектеп терминологиясын анықтау жобасы іске қосылып, терминдерді есептеу үшін жасанды интеллекті қолданысқа енгізіліп отыр [10, 33-44].

Қазақ тіл білімінде бүгінгі дейін мектеп терминологиясы арнайы зерттелмесе де жекелеген салалар бойынша мақалалар жарық көріп келеді. Оларда көбіне терминдердің баланың жас ерекшелігіне, оқу бағдарламасына сай келу (не келмеу) мәселелері көтеріледі. Терминолог-ғалым Ш. Құрманбайұлы оқулықтарда тілде әлі толық орныға қоймаған жаңа атаулардың да аз ұшыраспайтынын, неологизмдер мен жаппай қолданысқа енбеген жаңа терминдердің шектен тыс қолданылуы қиындықтар туғызатынын айта келіп, «... мектеп оқулықтарына негізінен ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдердің енгені жөн. Оқулық авторларының бұған баса мән бергені абзал.», – деп тұжырымдайды [11, 10]. Осы орайда

мектепте оқытылатын пәндерде қолданылатын ұғымдар мен оқу терминологиясын қолдануға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығымен бекітілгенін атап өтеміз [12].

Мектеп терминологиясына қатысты зерттеулерде еліміздегі білім беру жүйесінің терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері әртүрлі сипатта қарастырылады. Мысалы, С. Құлманов олардың қатарында білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай қиындықтудыратын терминдердің қолданылуы, Терминком бекіткен терминдердің қолданылмауы, қазақ тілінің заңдылығы сақталмаған терминдердің қолданылуы, жарыспалылықтың кездесуі сияқты мәселелерді атаса [13, 91-99], С. Итеғұлова «Оқулықтардағы терминдерде ұлттық сипат бар ма?» атты мақаласында мектеп терминологиясын дамытуға қатысты мынадай тұжырымдар жасайды: «А. Байтұрсынұлынан бастау алған термин қабылдау қағидаттарын негізге алу; ұлттық төл терминдерімізді қолдану; кірме терминдерді тіліміздің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне сай икемдеп қабылдау; Терминком мақұлдаған терминдерді қолдану; терминдердің анықтамасын бергенде пәнаралық байланысты жетілдіру және т.б.» [14]. Сондай-ақ Б.Е. Кеңес, М. Кочак, Ж.Е. Есполова «Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы» атты мақаласында мынадай проблемаларды көрсетеді: «Информатика саласы оқулықтарында Терминком бекіткен терминдердің қолданылу деңгейі бойынша мынадай жайттар анықталады: бекітілген терминдердің қолданылмауы; оқулықтарда қолданылатын кейбір терминдердің бекітілмеуі; оқулықтарда терминдердің орыс тіліндегі нұсқасының бірінші беріліп, қазақ тіліндегі нұсқасының жақша ішінде берілуі; әртүрлі ұғымды білдіретін орыс тіліндегі екі терминнің орнына қазақ тілінде бір терминнің қолданылуы» [15, 19-28]. Сонымен қатар терминологиялық жүйе кәсіптік деңгейде оқушылардың кәсіби-пәндік білім салаларының терминологиялық сөздігін қалыптастырудың тиімді лингводидактикалық тәсілдерін әзірлеуге көмектесетін арнаулы мақсаттағы тілдің негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады [16, 27-38].

Зерттеулер барысында жасалған тұжырымдардан көріп отырғанымыздай, мектеп терминологиясын біріздендіру білім беру саласындағы күрделі мәселенің бірі болып табылады. Осы ретте бұл мақала жоғары сыныпқа арналған мектеп оқулықтарында, терминологиялық түсіндірме және салалық сөздіктерде қолданылатын кейбір терминдерді Терминком бекіткен нұсқаларымен және заңнамадағы қолданысымен салыстыру, сонымен қатар Терминком бекіткен кейбір терминдердің қолданылу мәселелеріне арналып отыр.

Нәтижелер мен талқылау

Тілдің жалпы терминологиясын реттеу, жүйелеу, біріздендіру жұмыстары мектеп оқулықтарында қолданылатын терминдерді зерделеуден бастау қажет деп санаймыз. Осы ретте мақалада жоғары сыныптарға арналған тарих пәні оқулықтарында қолданылған кейбір терминдердің дефинициялары мен олардың бекітілген нұсқаларын салыстыруды мақсат еттік (1-кесте).

1-кесте. Жоғары сыныптарға арналған тарих пәні оқулықтарында қолданылған кейбір терминдер, олардың дефинициялары және бекітілген нұсқалары

№	Оқулықтағы термин	Пәннің аты, сыныбы	Дефинициясы	Бекітілген нұсқасы, жылы
1	миграция	Дүниежүзі тарихы, 11-сынып	Адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу процесі (https://termincom.kz/school_terminology)	көші-қон; миграция (2018); миграция; көші-қон (2018) (https://termincom.kz/)
2	модернизация	Дүниежүзі тарихы, 11-сынып	Аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту процесі (https://termincom.kz/school_terminology)	жаңғырту; модернизация (2018) (https://termincom.kz/)
3	суверенитет	Дүниежүзі тарихы, 11-сынып	Әрекет ету әдісінде (көбінесе саясатта) шектен шығуға бейім болу. Экстремизмге жекелеген адамдар, сонымен қоса, негізінен, саяси ұйымдар бейім болады (https://termincom.kz/school_terminology)	егемендік, иемендік (2018) (https://termincom.kz/)
4	репрессия	Дүниежүзі тарихы, 9-сынып	Қуғын-сүргінге ұшырату, басып-жаныштау. Мемлекеттік органдар тарапынан жазалау шаралары (түрмеге жабу, жер аудару, ату) (https://termincom.kz/school_terminology)	қуғын-сүргін (1990) (https://termincom.kz/)
5	коррупция	Дүниежүзі тарихы, 11-сынып	Мемлекеттік және саяси қайраткерлердің, лауазымды тұлғалардың сатылуы, сатып алынуы (https://termincom.kz/school_terminology)	сыбайлас жемқорлық (2016) (https://termincom.kz/)
6	дискриминация	Дүниежүзі тарихы, 11-сынып	Қандай да болсын адамдардың, ұйымдардың немесе мемлекеттердің нәсілі, ұлты, жынысы, қай мемлекеттікі екендігіне, мүлік жағдайы, саяси және діни сенімдеріне қарай оларды құқықтарынан, артықшылықтарынан біле тұра шектеу немесе айыру (https://termincom.kz/school_terminology)	кемсітушілік, кемсіту (2022) (https://termincom.kz/)

7	бірегейлілік	Қазақстан тарихы, 11-сынып	Әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, этникалық, ұлттық, кәсіптік, тілдік, саяси, діни, нәсілдік және басқа топтарға тиістілігін жеке сезіну (https://termincom.kz/school_terminology)	–
8	этнос	Дүниежүзі тарихы, 10-сынып	Ортақ шығу тегі, тілдері, материалдық және рухани мәдениеті, шаруашылық әрекет түрлері, аумағы, сыртқы түрлері, менталитеті және өзіндік саналары (бірегейлік) тарихи тұрғыда берік қалыптасқан адамдар қауымы (https://termincom.kz/school_terminology)	этнос, халық (2016) (https://termincom.kz/)
9	ратификация	Дүниежүзі тарихы, 10-сынып	Мемлекеттің уәкілетті өкілі, сондай-ақ халықаралық конвенция қол қойған халықаралық келісімді мемлекеттік биліктің жоғарғы органының бекітуі (https://termincom.kz/school_terminology)	ратификациялау (2020) (https://termincom.kz/)
10	агрессия	Қазақстан тарихы, 9-сынып	Бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттердің жерін басып алуы немесе оның қоғамдық құрылысын күштеп өзгерту ниетімен шабуыл жасауы (https://termincom.kz/school_terminology)	агрессия, басқыншылық (2020) (https://termincom.kz/)
11	толеранттылық	Қазақстан тарихы, 9-сынып	Басқа өмір салтына, мінез-құлықтарға, салт-дәстүрлерге, әдеп-ғұрыптарға, сезімдерге, пікірлерге, идеяларға, дінге төзімділік	толеранттық (2013) (https://termincom.kz/)
12	пауперизация	Қазақстан тарихы, 10-сынып	Кедейлену (https://termincom.kz/school_terminology)	–

Жоғары сыныптарға арналған тарих пәні оқулықтарында қолданылған кейбір терминдердің дефинициялары мен олардың бекітілген нұсқаларын салыстыра отырып, мынадай жайттарды атап өтеміз:

– терминдердің Терминком бекіткен нұсқалары қолданылмаған (суверенитет (егемендік), коррупция (сыбайлас жемқорлық), репрессия (қуғын-сүргін), дискриминация (кемсітушілік, кемсіту) және т.б.);

– оқулықтарда Терминком бекітпеген терминдер қолданылған (пауперизация, біре-гейлілік және т.б.).

Әдетте әр сыныпқа арналған белгілі бір пәннің оқулығын әр басқа автор жазады, ол оқулық түрлі баспалардан шығады. Сондықтан оқулықтардағы терминдер де, оларға берілген дефиниция лар да, мысалдар да әртүрлі мазмұндағы сипатта болуы мүмкін. Бұл бірізділік қағидасының бұзылуына, әр терминнің түрліше түсіндірілуіне алып келеді. Мұны 10-11-сыныптарға арналған биология пәніне арналған оқулықтарына ортақ кейбір терминдердің берілуін салыстырудан көреміз (2-кесте).

2-кесте. Жоғары сыныптарға арналған биология пәні оқулықтарында қолданылған кейбір терминдер, олардың дефиниция лары және бекітілген нұсқалары

№	Оқулықтағы термин	Пәннің аты, сыныбы	Дефиниция сы (анықтамасы)	Бекітілген нұсқасы, жылы
1	градиент	Биология, 10-сынып	Кез келген көрсеткіштің сандық өзгеруін бейнелейтін шама (https://www.okulyk.kz/)	градиент – градиент (2021) (https://termincom.kz/)
		Биология, 11-сынып	Кез келген көрсеткіштің сандық өзгеруін бейнелейтін шама (https://www.okulyk.kz/)	градиент – градиент (2021) (https://termincom.kz/)
2	жасуша	Биология, 10-сынып	Тірі жүйенің элементарлық құрылымдық бірлігі (https://www.okulyk.kz/)	клетка – жасуша (1995) (https://termincom.kz/)
		Биология, 11-сынып	Тірі организмдердің (вирустардан басқа) құрылымының ең қарапайым бөлігі, құрылысы мен тіршілігінің негізі; жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе (https://www.okulyk.kz/)	клетка – жасуша (1995) (https://termincom.kz/)
3	интерфраза	Биология, 10-сынып	Жасуша циклінің кезеңі, G1-, S- және G2- фазаларына бөлінеді (https://www.okulyk.kz/)	–
		Биология, 11-сынып	Жасушаның екіге бөлінуі аралығындағы дайындық кезеңі. Бұл кезеңде боялып бекітілген ядроның боялған жіңішке жіпшелерден тұратын торлы құрылымын байқауға болады. Интерфаза G_1, S, G, кезеңдерінен тұрады (https://www.okulyk.kz/)	–

4	мутация	Биология, 10-сынып	Тұқым қуалайтын өзгергіштік, гендердің өзгеруі (https://www.okulyk.kz/)	мутация – мутация (2021) (https://termincom.kz/)
		Биология, 11-сынып	Табиғи жағдайда кенеттен болатын немесе қолдан жасалатын генетикалық материалдың өзгеруі (https://www.okulyk.kz/)	мутация – мутация (2021) (https://termincom.kz/)
5	сперматозоид	Биология, 10-сынып	Аталық жыныс жасушасы – гамета (https://www.okulyk.kz/)	–
		Биология, 11-сынып	Аталық жыныс жасушасы (https://www.okulyk.kz/)	–
6	ядро	Биология, 10-сынып	Эукариотты жасушалардың маңызды құрам бөлігі (https://www.okulyk.kz/)	–
		Биология, 11-сынып	Жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының ең маңызды құрамбөлігі және тұқымқуалаушылық (генетика) ақпараттың сақталуы және осыған байланысты жасуша цитоплазмасындағы нәруыздар мен ферменттердің түзілуін қамтамасыз етеді (https://www.okulyk.kz/)	–

Жоғары сыныптарға арналған биология пәні оқулықтарында қолданылған кейбір терминдердің дефинициялары мен олардың бекітілген нұсқаларын салыстыра отырып, мынадай жайттарды атап өтеміз:

– Терминком бекітпеген терминдер кездеседі *(интерфраза, спермотозоид, ядро);*

– әр сыныптағы бірдей терминге әртүрлі дефиниция (анықтама) берілген;

– оқушы қабылдауға қиын, ұзақ, стилі дұрыс құрылмаған дефиниция да (анықтама) кездесіп жатады *(ядро – жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының ең маңызды құрамбөлігі және тұқымқуалаушылық (генетика) ақпараттың сақталуы және осыған байланысты жасуша цитоплазмасындағы нәруыздар мен ферменттердің түзілуін қамтамасыз етеді);*

– екі сыныпта қолданылған алты терминнің тек біреуінің ғана дефинициясы мен мысалы бірдей берілген *(градиент – кез келген көрсеткіштің сандық өзгеруін бейнелейтін шама).*

Белгілі бір салалық терминнің қолданысында да (сөздіктерде тіркелуі, заңнамада қолданылуы және Терминкомда бекітілуі) бірізділік мәселесі назар аударуды қажет етеді. Осы орайда кейбір терминдердің терминологиялық түсіндірме сөздіктегі (бұдан әрі – ТТС,

2002), терминологиялық салалық сөздіктердегі (бұдан әрі – ТСС, 2014), заңнамадағы қолданысы мен Терминком бекіткен нұсқаларын салыстырамыз (3-4-кестелер).

Ескерту: мақаланың көлеміне байланысты физика және астрономия, биология, медицина, экология, кен ісі және металлургия, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі, су шаруашылығы, сәулет және құрылыс, энергетика, механика және машинажасау, көлік және қатынас жолдары, химия, лингвистика салаларының терминдері қарастырылды.

3-кесте. Техника, жаратылыстану ғылымдары салалары кейбір терминдерінің ТТС, ТСС, заңнамадағы қолданысы және Терминком бекіткен нұсқалары

№	ТТС, 2002 орысша/ қазақша	ТСС, 2014 орысша/қазақша	Заңнамадағы қолданысы	Бекітілген нұсқасы, жылы
1	абсорбент – абсорбент	*абсорбент – абсорбент* (физика және астрономия, биология, медицина, экология, кен ісі және металлургия); *абсорбент – сіңіргіш* (жеңіл және тоқыма өнеркәсібі, су шаруашылығы)	абсорбент – абсорбент (https://adilet.zan.kz/rus)	абсорбент – абсорбент (2018), абсорбент – оптағыш (2006) (https://termincom.kz/)
2	адгезия – адгезия	*адгезия – адгезия, жабысқақтық* (физика және астрономия, сәулет және құрылыс), *адгезия – адгезия* (машинажасау), *адгезия – жабысқақтық* (энергетика)	адгезия – адгезия (https://adilet.zan.kz/rus)	адгезия – жабысқақтық (2005) (https://termincom.kz/)
	горелка – алаулы оттық	*горелка – оттық* (энергетика)	горелка – жанарғы (https://adilet.zan.kz/rus)	горелка – жанарғы (2006) (https://termincom.kz/)
4	сруб – шеген	*сруб – шеген* (су шаруашылығы), *сруб – бөрене қабырға* (сәулет және құрылыс)	сруб – құдық кесінді (https://adilet.zan.kz/rus)	
5	аэрозоль – аэрозоль	*аэрозоль – эротозаң* (физика және астрономия), *аэрозоль – аэрозоль* (көлік және қатынас жолдары)	аэрозоль – аэрозоль (https://adilet.zan.kz/rus)	аэрозоль – аэрозоль (2017); аэрозоль – аэротозаң (2016) (https://termincom.kz/)
6	глазурь – әйнекей	*глазурь – әйнекей* (машинажасау), *глазурь – зертас* (сәулет және құрылыс)	глазурь – глазурь (https://adilet.zan.kz/rus)	глазурь – шыңылтыр (2006), глазурь – зертас (1998) (https://termincom.kz/)

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

7	глушитель – бәсеңдеткіш	*глушитель – бәсеңдеткіш* (механика және машинажасау), *глушитель – тұншықтырғы* (машинажасау)	глушитель – бәсеңдеткіш (https://adilet.zan.kz/rus)	глушитель – бәсеңдеткіш (2015), глушитель – өшіргі (2004) (https://termincom.kz/)
8	рудоспуск – кенқұдық	*рудоспуск – кенқұдық* (кен ісі және металлургия)	рудоспуск – кенқұдық (https://adilet.zan.kz/rus)	рудоспуск – кенқұдық (2015) (https://termincom.kz/)
19	уступ – кертпеш	*уступ – кемер, кертпеш* (механика және машинатану, машинажасау)	уступ – кертпеш (https://adilet.zan.kz/rus)	уступ – кертпеш (1995) (https://termincom.kz/)
10	обессеривание –күкіртсіздендіру	*обессеривание – күкіртсіздендіру* (көлік және қатынас жолдары)	обессеривание – күкіртсіздендіру (https://adilet.zan.kz/rus)	обессеривание – күкіртсіздендіру (2016) (https://termincom.kz/)
11	кондиция – кондиция	*кондиция – кемел; кондиция – кемел күй* (биология); *кондиция – кондиция, жарамдеңгей* (энергетика)	кондиция – кондиция (https://adilet.zan.kz/rus)	кондиция – кондиция (1971-1981) (https://termincom.kz/)
12	забой – үңгубет	*забой – забой* (көлік және қатынас жолдары), *забой – оқпан* (химия)	забой – үңгубет (https://adilet.zan.kz/rus)	забойник – тығындауыш (2021) (https://termincom.kz/)

Техника, жараталыстану ғылымдары салаларының кейбір терминдерінің ТТС, ТСС, заңнамадағы қолданысы және Терминком бекіткен нұсқаларын салыстыра отырып, мынадай жайттарды атап өтеміз:

– Терминкомда бір термин әр жылдары әртүрлі нұсқада бекітілген *(абсорбент – абсорбент* (2018), *абсорбент – оптағыш* (2006); *глушитель – бәсеңдеткіш* (2015)*, глушитель – өшіргі* (2004); *глазурь – шыңылтыр* (2006), *глазурь – зертас* (1998); *аэрозоль – аэрозоль* (2017), *аэрозоль – аэротозаң* (2016) және т.б.);

– терминдер әртүрлі нұсқада берілген (сөздіктерде тіркелуі, заңнамада қолданылуы және Терминкомда бекітілуі): (*горелка – алаулы оттық* (ТТС), *горелка – оттық* (ТСС (энергетика)*, горелка – жанарғы* (2006); *глазурь – әйнекей* (ТТС); *глазурь – зертас* (ТСС, сәулет және құрылыс), *глазурь – глазурь* (https://adilet.zan.kz/rus), *глазурь – шыңылтыр* (2006); *забой – үңгубет* (ТТС); *забой – забой* (ТСС, көлік және қатынас жолдары), *забой – оқпан* (ТСС, химия); *забой – үңгубет* (https://adilet.zan.kz/rus); *забойник – тығындауыш* (2021) және т.б.);

– терминдер бірнеше салалық сөздікте әртүрлі нұсқада аударылған (кондиция – кемел күй (медицина); *кондиция – кемел күй* (биология); *кондиция – кондиция, жарамдеңгей* (энергетика); *глушитель – бәсеңдеткіш* (механика және машинажасау), *глушитель-тұншықтырғы* (машинажасау); *глазурь – әйнекей* (машинажасау), *глазурь – зертас* (сәулет және құрылыс), *сруб – шеген* (су шаруашылығы), *сруб – бөрене қабырға* (сәулет

және құрылыс), *забой – забой* (көлік және қатынас жолдары), *забой – оқпан* (химия) және т.б.);

– заңнама мен Терминкомда ғана бірізді қолданылған терминдер кездеседі (горелка – жанарғы (https://adilet.zan.kz/rus), *горелка – жанарғы* (2006));

– сөздіктерде бір терминнің бірнеше жарыспалы нұсқасы берілген (уступ – кемер, кертпеш; *адгезия – адгезия, жабысқақтық; кондиция – кондиция, жарамдеңгей және* т.б.);

– барлық қолданыста бірізді берілген терминдер де бар (глушитель – бәсеңдеткіш (ТТС), *глушитель – бәсеңдеткіш* (ТСС); *глушитель – бәсеңдеткіш* (https://adilet.zan.kz/rus), *глушитель – бәсеңдеткіш* (2015), *рудоспуск – кенқұдық* (ТТС), *рудоспуск – кенқұдық* (ТСС), *рудоспуск – кенқұдық* (https://adilet.zan.kz/rus), рудоспуск – кенқұдық (2015), *обессеривание – күкіртсіздендіру* (ТТС), *обессеривание – күкіртсіздендіру* (ТСС), *обессеривание – күкіртсіздендіру* (https://adilet.zan.kz/rus), *обессеривание – күкіртсіздендіру* (2016), *уступ – кертпеш* (ТТС), *уступ – кертпеш* (ТСС); *уступ – кертпеш* (https://adilet.zan.kz/rus), уступ – кертпеш (1995) және т.б.).

4-кесте. Гуманитарлық ғылымдар саласының (лингвистика) кейбір терминдерінің ТТС, ТСС, заңнамадағы қолданысы және Терминком бекіткен нұсқалары

№	ТТС, 2002 орысша/ қазақша	ТСС, 2014 орысша/қазақша	Заңнамадағы қолданысы	Бекітілген нұсқасы, жылы
1	аллофон – аллофон	*аллофон – аллофон*	–	аллофон – аллофон (2018) (https://termincom.kz/)
2	фонетический алфавит – фонетикалық әріптізбе	*фонетический алфавит – фонетикалық әліпби*	фонетический – фонетикалық; алфавит – әліпби (https://adilet.zan.kz/rus)	алфавит – алфавит (1971-81) (https://termincom.kz/)
3	единица языка – тілдік бірлік	*языковая единица – тілдік бірлік*	языковая единица – тілдік бірлік (https://adilet.zan.kz/rus)	языковая единица – тілдік бірлік (2018), адсорбер – апқы (2006) (https://termincom.kz/)
4	качественная редукция – сапалы редукция	*качественная редукция – сапалы редукция*	редукция – редукция; качество – сапа (https://adilet.zan.kz/rus)	редукция – редукция (2023); качество-сапа (2020) (https://termincom.kz/)
5	орфоэпия – орфоэпия	*орфоэпия, произношение – орфоэпия, айтылым*	–	орфоэпия – орфоэпия (2018) (https://termincom.kz/)
6	редукция – редукция	*редукция – редукция*	редукция – редукция (https://adilet.zan.kz/rus)	редукция – редукция (2023) (https://termincom.kz/)

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

7	лексикон – лексикон	*лексикон – лексикон*	лексикон – лексикон (https://adilet.zan.kz/rus)	лексикон – лексикон, сөз қоры (2015) (https://termincom.kz/)
8	плеоназм – плеоназм	*плеоназм – плеоназм*	плеоназм – плеоназм (https://adilet.zan.kz/rus)	–
9	полисемия – полисемия	*полисемия, многозначность – полисемия, көпмағыналық*	полисемия – полисемия (https://adilet.zan.kz/rus)	полисемия – полисемия (1971-81) (https://termincom.kz/)
10	инфинитив – тұйық етістік	*инфинитив – инфинитив (тұйық етістік)*	инфинитив – инфинитив(https://adilet.zan.kz/rus)	инфинитив – инфинитив, тұйық рай (1971-81)
11	междометие – одағай	*междометие – одағай*	междометие – одағай (https://adilet.zan.kz/rus)	междометие – одағай (2003) (https://termincom.kz/)
12	деепричастие көсемше	деепричастие – көсемше	деепричастие – көсемше (https://adilet.zan.kz/rus)	–

Гуманитарлық ғылымдар саласының (лингвистика) кейбір терминдерінің ТТС, ТСС, заңнамадағы қолданысы және Терминком бекіткен нұсқаларын салыстыра отырып, мынадай жайттарды атап өтеміз:

– кейбір терминдер заңнамада қолданылмайды *(аллафон, орфоэпия);*

– кейбір терминдер Терминкомда бекітілмеген *(көсемше, плеоназм);*

– Терминкомда терминнің жарыспалы нұсқалары бекітілген *(инфинитив – инфинитив, тұйық рай* (1971-81); *лексикон – лексикон, сөз қоры* (2015));

– сөздіктерде берілген сөз тіркесінен жасалған терминдер басқа қолданыстарда жеке сөздер ретінде ғана берілген (фонетикалық әліпби (ТСС); *фонетический – фонетикалық, алфавит – әліпби* (https://adilet.zan.kz/rus), *алфавит – алфавит* (1971-81, Терминком); *сапалы редукция* (әдебиет және лингвистика), *редукция – редукция, сапа – качество* (https://adilet.zan.kz/rus), *редукция – редукция* (2023, Терминком); *качество – сапа* (2020, Терминком));

– кірме сөздің де, төл терминнің де сөздіктерде бірнеше жарыспалы (синонимдік) нұсқасы берілген *(полисемия, многозначность – полисемия, көпмағыналық* (ТСС); *орфоэпия, произношение – орфоэпия, айтылым* (ТСС); *интонация – дауыс ырғағы, интонация* (ТСС); *плеоназм – плеоназм, көп сөзділік* (ТСС));

– барлық қолданыста бірізді берілген терминдер де бар (единица языка – тілдік бірлік (ТТС), *языковая единица – тілдік бірлік* (ТСС); *языковая единица – тілдік бірлік* (https://adilet.zan.kz/rus), *языковая единица – тілдік бірлік* (2018, Терминком); *междометие – одағай* (ТТС), *междометие – одағай* (ТСС), *междометие – одағай* (https://adilet.zan.kz/rus), *междометие – одағай* (2003); *редукция – редукция* (ТТС), *редукция – редукция* (ТСС); *редукция – редукция* (https://adilet.zan.kz/rus), *редукция – редукция* (2023, Терминком)).

Сонымен қатар Терминком бекіткен салалық терминдердің қолданысында да мынадай жайттарды атауға болады:

– бекітілген кірме сөзбен қатар оның қазақша (жарыспалы) нұсқасы бекітілген (*диссидент, безгін; этнос, халық; агрессия, басқыншылық* және т.б.);

– бекітілген төл сөзбен қатар оның кірме (жарыспалы) нұсқасы бекітілген (*көші-қон, миграция; жаңғырту, модернизация* және т.б.).

Бекітілген терминнің жарыспалы нұсқасы қатар берілсе, негізгі бекітілген термин тілге сіңіспей, қолданысқа түспей, тіл тұтынушысын шатастырып жатады. Терминком жарыспалы нұсқада бекіткен термин кейіннен жасалатын салалық сөздіктерде де тура сол нұсқада (жарыспалы) көрініс табуы мүмкін.

Қорытынды

Жоғары сыныпқа арналған (тарих, биология) мектеп оқулықтарында кейбір терминдердің қолданылуына қатысты мынадай жайттарды атап өтеміз:

– терминдердің Терминком бекіткен нұсқалары қолданылмаған;

– Терминком бекітпеген терминдер қолданылған;

– әр сыныптағы бірдей терминге әртүрлі дефиниция (анықтама) берілген;

– оқушы қабылдауға қиын, ұзақ, стилі дұрыс құрылмаған дефиниция да (анықтама) кездесіп жатады;

– бір ғана терминге әртүрлі дефиниция берілген.

Салалық терминологиялық сөздіктерде қолданылған техника, жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салаларының (лингвистика) кейбір терминдерінің қолданылуына қатысты мынадай жайттарды атап өтеміз:

– Терминкомда бір термин әр жылдары әртүрлі нұсқада бекітілген;

– терминдер (сөздіктерде, заңнамада, Терминкомда) әртүрлі нұсқада берілген;

– терминдер бірнеше салалық сөздікте әртүрлі нұсқада аударылған;

– заңнама мен Терминкомда ғана бірізді қолданылған терминдер сирек кездеседі;

– сөздіктерде бір терминнің бірнеше жарыспалы нұсқасы берілген;

– барлық қолданыста бірізді берілген терминдер де бар;

– кейбір терминдер заңнамада қолданылмайды;

– кейбір терминдер Терминкомда бекітілмеген;

– сөздіктерде берілген сөз тіркесінен жасалған терминдер басқа қолданыстарда жеке сөздер ретінде ғана берілген.

Сонымен қатар Терминкомда бекітілген салалық терминдердің қолданысында да мынадай жайттарды атауға болады:

– бекітілген кірме сөзбен қатар оның қазақша (жарыспалы) нұсқасы бекітілген;

– бекітілген төл сөзбен қатар оның кірме (жарыспалы) нұсқасы бекітілген.

Зерттеуден алынған нәтижелер бойынша төмендегідей ұсыныстар айтамыз:

– әр сыныпта қолданылатын бір терминге оқушының жас ерекшелігін ескеріп, қабыл-дауға оңай, сөйлемдері дұрыс құрылған бірыңғай (не жуық) дефиниция (анықтама) беру қажет;

– мектеп оқулықтарын жазуда бірегей, бірлескен авторлар мен ғалымдар тобын жасақтау немесе орталау сыныптарды бір топ автор, ал жоғары сынып оқулықтарын бір топқа бірлескен авторлар жазуы керек;

– бірлескен авторлар құрамына тілші-ғалымдар тартылуға тиіс;

– оқулықтарда, сөздіктерде берілетін терминдердің жарыспалылығы мен синонимділігін болдырмау қажет;

– оқулықтарда, түрлі сөздіктерде тек Терминком бекіткен терминдерді қолдану керек;

– белгілі бір салалық терминнің бірнеше дереккөзде (сөздіктерде, оқулықтарда, заңнамада және Терминкомда) бірізді берілуін жолға қою, яғни «бір кірме сөзге – бір ғана төл сөзнұсқа беру» қағидасы назарда болуы қажет.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Мақала ЖТН BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында жазылды.

Авторлардың қосқан үлесі

С. Құлманов мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. **Н. Шүленбаев** тілдік материалдарды жинақтау, сұрыптау және талдау, мақала мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау, мақаланы рәсімдеу жұмыстарын атқарды. **Ә.Ыбырайым** тілдік материалдарды жіктеуге, олардан тұжырымдар жасауға, жалпы мақаланың тұжырымдамасын нақтылауға үлес қосты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1 Руководство по разработке и упорядочению научно-технической терминологии. Под редакцией академика А.М. Терпигорева. Издательство Академии наук СССР. – М., 1952. – 245 с.

2. Климовицкий Я.А. Некоторые методологические вопросы работы над терминологией науки и техники // Современные проблемы терминологии науки и техники. – М., 1969. – С. 32-61.

3. Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М., 1967. – 542 с.

4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1996. – 606 с.

5. Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 256 с.

6. Dolba, Sammy Q. (2022) Technical Terms Used in General English Textbooks across Disciplines. Online Submission, Universal Journal of Educational Research. V 1. № 3. – P. 164-170.

7. Karaman, B. (2014) Atatürk and the Turkish Terminology Reform: The (Re) turkification of Geography Terms [Text] / Karaman, B. // Bilig. –№ 69. – P. 89-126.

8. Feng, Z., Jia, X. (2024). Education in China: An Introduction. In: Niancai, L., Zhuolin, F., Qi, W. (eds) Education in China and the World. Springer, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-5861-0_1

9. Galan, C. (2013). Language textbooks following the Meiji Restoration. Cipango - French Journal of Japanese Studies, 2. Language and Literature. https://doi.org/10.4000/cjs.281

10. Almaev, R., Antonov, V., Baishev, I., & Yanborisov, M. (2020). History School Textbooks Evolution In Russia. In I. Murzina (Ed.), Humanistic Practice in Education in a Postmodern Age, vol 93. European

Proceedings of Social and Behavioural Sciences (– P. 33-44). European Publisher. https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.11.4

11. Құрманбайұлы Ш. Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі // «Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы = Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы = Modernization of educational resources: experience and perspectives» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 5-14-бб.

12. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы [Электронды ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027415 (қаралған күні: 05.02.2024)

13. Құлманов С.Қ. Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде) // «Шеттілдік ғылыми терминдерді аудару: теориясы мен тәжірибесі» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Электрондық жинақ / Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2022. – Б. 91-99.

14. Итеғұлова С. Оқулықтағы терминдерде ұлттық сипат бар ма? [Электронды ресурс] – URL: https://abai.kz/index.php/post/148705 (қаралған күні: 17.06.2024)

15. Кеңес Б.Е., Кочак М., Есполова Ж.Е. Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – № 1. – Б. 19-28.

16. Анафинова М.Л., Есенгельдинова А.Т. Терминологическая системность как лингводидактический аспект исследования языка для специальных целей // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология. – 2023. – № 2(143). – С. 27-38. DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-27-38

С.К. Кулманов*[1], Н.К. Шуленбаев[2], А.О. Ыбырайым[3]

[1,2] Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

[3]Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Проблемы унификации функционирования утвержденных терминов (на материале учебников, словарей и законодательных документов)

Аннотация. Статья посвящена сопоставлению некоторых терминов, используемых в школьных учебниках, терминологических толковых и отраслевых словарях, с вариантами, утвержденными Республиканской терминологической комиссией (далее – Терминком), и их применению в законодательстве, а также вопросам применения некоторых терминов, утвержденных Терминкомом. В результате исследования были выявлены следующие моменты по использованию некоторых терминов в школьных учебниках: не использованы варианты терминов, утвержденные Терминкомом; одному и тому же термину в каждом классе дается

разное определение; также встречаются длинные, неправильно сформированные определения, не учитывающие возраст учеников; одному термину присваивается различная дефиниция. Определены следующие моменты по использованию некоторых терминов в терминологических толковых и отраслевых словарях: Терминком в разные годы утвердил разные варианты одного и того же термина; термины в нескольких отраслевых словарях переведены в разных вариантах; в словарях встречаются несколько дублетных вариантов одного и того же термина; некоторые термины не используются в законодательстве; некоторые термины не утверждены Терминкомом. Теоретическая значимость исследования: способствует регулированию, систематизации, унификации терминологии, развитию научных основ областей терминографии и прикладной терминологии. Практическая значимость исследования: может быть использована в лексикографической практике с целью совершенствования содержания и структуры терминологических словарей. В ходе исследования были использованы методы обобщения, описания, систематизации, морфологического и синтаксического анализа, фактологического, лексикографического, предметного и междисциплинарного сравнения.

Ключевые слова: терминология, школьная терминология, унификация, словарь, Терминком, законодательство

S.K. Kulmanov*[1], N.K. Shulenbayev[2], A.O. Ybyrayim[3]

[1,2] A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

[3] M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Problems of unification of the functioning of approved terms (based on textbooks, dictionaries and legislative documents)

Abstract. The article is devoted to the comparison of some terms used in school textbooks, terminological explanatory and industry dictionaries with the variants approved by the Republican Terminological Commission (hereinafter – the Term Committee), and their application in legislation, as well as the application of some terms approved by the Term Committee.

As a result of the study, the following points were identified on the use of some terms in school textbooks: the variants of terms approved by the Term Committee were not used; the same term is given a different definition in each class; there are also long, incorrectly formed definitions that do not take into account the age of students; finally, one term is assigned a different definition.

The following points have been identified on the use of certain terms in terminological explanatory and industry dictionaries: The Term Committee has approved different versions of the same term in different years; terms in several industry dictionaries have been translated in different versions; several doublet versions of the same term are found in dictionaries; some terms are not used in legislation; some terms are not approved by the Term Committee.

Keywords: terminology, school terminology, unification, dictionary, Term Committee, legislation

References

1. Rukovodstvo po razrabotke i uporiadocheniu nauchno-tehnicheskoi terminologii [Guidelines for the development and streamlining of scientific and technical terminology] Pod redaksiei akademika A.M.

Terpigoreva [Edited by academician A.M. Terpigorev] Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR] (Moscow, 1952, 245) [in Russian]

2. Klimovitski Ya.A. Nekotorye metodologicheskie voprosy rabory nad terminologiei nauki i tehniki [Some methodological issues of working on the terminology of science and technology] Sovremennye problem terminologii nauki i tehniki [Modern problems of terminology of science and technology] (Moscow, 1969, 32-61) [in Russian]

3. Reformatskii A.A. Vvedenie v iazykovedenie [Introduction to linguistics] (Moscow, 1967, 542) [in Russian]

4. Akhmanova O.S. Slovar lingvisticheskih terminov [Dictionary of linguistic terms] (Moscow, 1996, 606) [in Russian]

5. Leychik V.M. Terminovedenie: predmet, metody, struktura [Terminology: subject, methods, structure] Knizhnyi dom «LIBROKOM» (Book house «LIBROCOM», Moscow, 2009, 256 p.) [in Russian]

6. Dolba, Sammy Q. Technical Terms Used in General English Textbooks across Disciplines, Online Submission, Universal Journal of Educational Research, V 1, № 3, 164-170 (2022)

7. Karaman, B. Atatürk and the Turkish Terminology Reform: The (Re) turkification of Geography Terms, Bilig, № 69, 89-126 (2014)

8. Feng, Z., Jia, X. Education in China: An Introduction. In: Niancai, L., Zhuolin, F., Qi, W. (eds) Education in China and the World, Springer, Singapore (2024). DOI: https://doi.org/10.1007/978-981-99-5861-0_1

9. Galan, C. Language textbooks following the Meiji Restoration. Cipango - French Journal of Japanese Studies, 2, Language and Literature (2013). DOI: https://doi.org/10.4000/cjs.281

10. Almaev, R., Antonov, V., Baishev, I., & Yanborisov, M. History School Textbooks Evolution. In: Russia, I. Murzina (Ed.), Humanistic Practice in Education in a Postmodern Age, vol 93, European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, 33-44 (2020). DOI: https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.11.4

11. Kurmanbayuly Sh. Okulyktarga enetin terminderdi irikteu men koldanu maselesi [The problem of selection and use of terms included in textbooks], Materials of the international scientific and practical conference «Modernization of educational resources: experience and perspectives», (RSPO «Textbook», Nur-Sultan, 2019, P. 5-14) [in Kazakh]

12. Orta bilim beru uiymdaryna arnalgan okulyktardyn zhane mektepke deiingi uiymdarga, orta bilim beru uiymdaryna arnalgan oku-adistemelik keshenderdin kurylymy men mazmunyna koiylatyn talaptardy bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2022 zhylgy 5 sauirdegi № 132 buirygy [Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan On approval of requirements for the structure and content of textbooks for secondary education organizations and educational and methodological complexes for preschool organizations, secondary education organizations dated April 5, 2022, № 132] [Electronic resource] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027415 (assessed date: 05.02.2024) [in Kazakh]

13. Kulmanov S.K. Bilim beru zhuiesi terminologiasyn birizdendirudin gylymi-praktikalyk maseleleri (kazak tilindegi mektep okylyktary negizinde) [Scientific and practical problems of unifying the terminology of the education system (based on school textbooks in the Kazakh language)], Materials of the republican scientific and methodological conference «Translation of foreign scientific terms: theory and practice» [Electronic resource] (Sh. Shayakhmetov National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna», Astana, 2022, P. 91-99) [in Kazakh]

14. Itegulova S. Okulyktagy terminderde ulttyk sipat bar ma? [Do the terms in the textbook have a national character?] [Electronic resource]. URL: https://abai.kz/index.php/post/148705 (assessed date: 17.06.2024) [in Kazakh]

15. Kenes B.E., Kochak M., Yespolova Zh. E. Informatika salasyna katysty mektep okylyktarynda terminderdin koldanyluy [The use of terms in school textbooks related to the field of computer science, «Bilim» gylymi-pedagogikaluq zhurnaly [Scientific and pedagogical journal «Education»] (Astana, 2024, № 1, 19-28) [in Kazakh]

16. Anafinova M.L., Yessengeldinova A.T. Terminological consistency as the linguodidactic aspect of the research of the Language for Special Purposes, Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, №2 (143), 27-38 (2023). DOI: https://doi org/10.32523/2616- 678X-2023-143-2-27-38 [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: k.k.sarsen@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8289-9299.

Шүленбаев Нұрлан Құнпияұлы – аға ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: shulenbaev.n@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2203-9822.

Ыбырайым Әзімхан Оразбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: azimchan23@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4616-7140.

Кулманов Сарсенбай Куантаевич – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, доцент, Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан. E-mail: k.k.sarsen@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8289-9299.

Шуленбаев Нурлан Куныпиевич – старший научный сотрудник, Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан. E-mail: shulenbaev.n@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2203-9822.

Ыбырайым Азимхан Оразбаевич – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: azimchan23@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4616-7140.

Kulmanov Sarsenbai Kuantaevich – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: k.k.sarsen@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8289-9299.

Shulenbayev Nurlan Kunypievich – Senior Researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: shulenbaev.n@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2203-9822.

Ybyrayim Azimkhan Orazbaevich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: azimchan23@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4616-7140.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.07
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-130-143

«Жер-Ана» ұғымының қазақ танымындағы көрінісі

А.М. Меліс[1], Қ.Қ. Сарекенова*[2]

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]aishok_051995@mail.ru, [2]sareke.kk@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада «Жер-Ана» ұғымын концепт ретінде қарастыруда мәнін ашатын «туған жер», «атажұрт», «ел қорғау» мағыналық өрістері жіктеліп, тілдік бірліктерге талдау жасау арқылы мазмұны айқындалды. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін, рухын, жан дүниесін жақсы түсінуге, сол ұлттың әлемдік бейнесін сол ұлттың көзімен көруге мүмкіндік береді. Концептінің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, мәдениет атауының мәні кең. Әсіресе ұлттың ерекшелігін, таным түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды мәдени концепт ретінде когнитивті тұрғыда қарау қажет. Біз «Жер-Ана» ұғымының қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз. «Жер-Ана» ұғымын зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің когнитивтік сипатын айқындай аламыз. Мақаланың мақсаты – «Жер-Ана» ұғымының мазмұнын ашатын «туған жер», «атажұрт», «жер қорғау» сынды мағыналық өрістерін жіктеп, тілдік деректерге талдау жүргізу арқылы дәлелдеу. Мақаланың зерттеу нысаны – Жерге қатысты мақал-мәтелдер, ақын-жазушылардың осы жайында жазған шығармалары.

Түйін сөздер: Жер-Ана, туған жер, атажұрт, когнитивті лингвистика, концепт.

Түсті: 13.02.2025; Жөнделді: 28.02.2025; Мақұлданды: 13.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Когнитивті лингвистика барлық ғылым саласы тәрізді жетіле түсуде. Ол дами отырып өз зерттеу арнасын толықтырып жатқанын да айта кету орынды. Ғылыми зерттеулер көрсеткеніндей, когнитивті лингвистика ғылымының ауқымы бүгінгі таңда психология мен әлеуметтанудың, логика мен философияның маңызды мәселелерін шешу арқылы кеңейе түсіп, түрлі ғылыми жетістіктерін бір арнаға түйістіре қарастыруда. Аталған мәселе қазақ тіл білімінде соңғы жылдарда назарға алына бастады, лексикология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан (осы бағыттағы зерттеулер аясында) зерттелуде.

Концепт – адамның ментальді әлеміндегі мәдениеттің негізгі ұясы, ал мәдениет болса, екі ортада аралық, жалғастырушы қызмет атқарады. Әуелі концепт адамның ментальді әлеміне мәдениетті жеткізуші қызметте болса, екіншіде, концепт мазмұны арқылы адамның өзі мәдениет әлеміне терең дендеп, бойлап кетуі ықтимал. Концепті зерттеу бағыттарының көптүрлілігі және әртүрлі ұстаныммен келу – бұл күрделі түсініктің өз мәні мен табиғатына тән, соған тікелей тәуелді екендігі белгілі.

С.А. Аскольдов-Алексеевтің 1928 жылы «Концепт және сөз» деген мақаласы жарыққа шығып, оның авторы осы төңіректе әлденеше рет мәселе көтерсе де, ол мәселе күйінде қалып, одан әрі қолдау таппайды. Тек XX ғасырдың 80 жылдарында ағылшын авторларының орыс тіліне аударылуына байланысты концепт мәселесі қайта жанданып, лингвистикалық теория ретінде тілдік таным мәнін анықтаумен шектелмей, адамның тіл арқылы қол жеткізген табыстарын саралаумен айналысты.

Жаңа ғылым саласының өзектілігі қазақстандық ғалымдар назарын да өзіне аудартты. Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивті лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады. Бұл мақалада қаралған мәселелер мен талдаулар осы саладағы зерттеу жұмысының дамуына кішкене болса да өз үлесін қосады деп сенеміз.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында талдау, сипаттау, жинақтау, жүйелеу сынды әдіс-тәсілдер қолданылған. Жерге қатысты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, әдеби шығармалардан үзінділер теріп алып, талданып, жүйелеу арқылы олардың мағыналық өріс ретінде мәні айқындалды.

Әдебиетке шолу

Концепті мәселесінің ғалымдар тарапынан зерттелген еңбектеріне шолу жасап өтсек. Академик Ә. Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты еңбектері, зерттеу

жұмыстары қазақ лингвистикасында танымдық саланың пайда болуына түрткі болды. Қ. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты монографиясы, тіл қолданысындағы когнитивтік негіздердің зерттелуін, тілдік сана құрылымын, гештальт теориясын негіздеді, когнитивтік құрылымның концептуалды көрінісін қарастырады [1]; Ж. Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты ғылыми еңбегінде тілдің бейнелеуіштік қызметін, когнитивтік лингвистика ұстанымдарын көрсетеді [2]; Б. Момынова «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика» еңбегінде когнитивтік бірліктердің бағалауыштық сипатын қарастырады [3]; А. Ислам когнитивтік лингвистиканың мәселелерін сөз етеді [4]; Г. Әзімжанова көркем мәтіндегі доминант сөздердің когнитивтік ерекшеліктерін қарастырады [5]; С. Ақаев сөздің когнитологиялық сипаттарын анықтайды [6]; А. Әмірбекова көркем мәтінге концептуалдық талдау жасау үлгілерін ұсынады [7]; А. Сыбанбаева, Б. Қасым, Н. Зайсанбаева еңбектерінде метафораның танымдық сипаты қарастырылады [8], [9], [10].

Когнитивтік лингвистиканың негізгі арқауы концепт категориясы өзінің теориялық негіздерін әр қырынан, әр тұрғыдан ашқанда барып, толық түсінікті болатын күрделі құбылыс. Концепт мәні, оның құрылымы мен өрісі отандық зерттеушілердің таным нысанына айналуда.

Алайда, «концепт» терминінің анықтамасы әлі бір ізге түсе қойған жоқ. Нақты бір анықтаманың қалыптаспағанын В.А. Маслова мына жағдаймен байланыстырады: концепт – күрделі әрі көп қырлы құрылым. Ол ұғым-түсінікке негізделіп қана қоймай, әлеуметтік, психологиялық, мәдени мазмұн иеленеді. ...«Концепт – белгілі бір мәдениетке тән ассоциация, эмоция, психика, баға, ұлттық бейне мен коннатацияларды қоса танытатын күрделі құрылым». Концептің саны да, мазмұны да үздіксіз өзгерістер болуы ықтимал, өйткені адамдар үнемі өмірдегі (қоршаған ортадағы) жаңа заттарды таниды (таным жалғаса береді), өмір үнемі өзгеріп, бір орнында тұрмайды» [11, 47-51], сондықтан түзілген жаңа білімді беретін әрі оны сақтайтын «негізгі ұяшық» (құрылым) икемді әрі өзгермелі болуы заңды. «Концепт сөздің сөздіктегі мағынасы мен адамның жеке және халықтық тәжірибесінің тоғысуынан туады» [12, 28-37] дегенді барынша құптаймыз. В.А. Маслова: «Сөздің сөздіктегі мағынасы когнитивтік шындық алыс, тіпті жеткіліксіз берілетіндігін алғаш рет шетелдік ғалымдар аңғарды»[11, 40], – дейді.

Тіл мен мәдениет және психология мен философияны сабақтас қараған концепциялар бүгінгі ғылымда арнасын кеңейтіп, тіл мәселелерін шешуге қатысып, жаңа бағыт-бағдармен толығу үстінде. «Концептуалды сөздердің әлеуметтік бағалауышты өз семасын қабылдауы нақ осы сөздердің әлеуметтік тұрғыдан аса қажеттілігіне байланысты» [3, 55], – дейді Б.Момынова. Тарих, әлеуметтану, этнография, әдебиеттану сияқты ғылымдардың тоғысуымен таным деңгейі тереңдей түсуде.

Концепт үнемі жетілу үстінде болатын құбылыс дедік. Бұл кезде тілден тыс барлық факторлар дерегі назарда болады. Уақыттың әр кезеңінде концепт мәдени мәнді түрлі дәрежедегі толығуды бастан кеше отырып, уақыт көшінде ұжымдық санада түрліше байыпталып, әр түрлі қабылданады, сөйтіп когнитивтік-ментальдік кеңістікте өзіндік болмысымен көріне алады. Концепт мәселесінің осы бір сипатын зерттеуші Б.Тілеубердиев былай жіктейді:

1) белгілі бір концептіге қатысты сөздің тілдік мағынасын анықтау;

2) осы сөздің этимологиясын табу;

3) паремиологиялық және фразеологиялық қорда жүзеге асу;

4) тілдік деректер көмегімен ұлттық реалийлерді суреттеу мен айқындау арқылы концептінің белгілі бір ментальдік-когнитивтік құрылымын ашу т.б [13, 17]. Әрине, концепт мазмұны түрлі ұлт өкілдер өркениетінің деңгейіне байланысты болады, олай болса, ұлттық ерекшелікпен ажыратылатын дәлеледеуді қажет етпейді.

Әдебиет көздерінде «Жер-Ана» арнайы концептілік тұрғыда зерттеген еңбектер болмаса да, «Ана» концептісін түрлі аспектіде қарастырған ғылыми еңбектер бар. Н.Ш. Қалиеваның «Түркі лингвомәдени кеңістігіндегі «Ана» концептісі» мақаласында жалпы түркі тілдеріндегі ана ұғымының концептілік мәні ашылса [14], Р.К. Қойылыбаеваның «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» деген докторлық диссертациясында ана ұғымын отбасы дискурсының бір ұғымы ретінде қарастырады [15]. Одан бөлек ақын-жазушылар шығармаларындағы туған ел, туған жер тақырыбы әдеби тұрғыда талданып, зерттеу нысаны ретінде қолданылып жүр. Ал енді әдістемелік жағынан Қ. Сарекенова, Ж. Аймұхамбет, Қ. Маликов, С. Салықжанова, Ғ. Жылқыбай, Ы. Асанбаеваның «Тіл және әдебиет сабақтарында мәдени құндылықтарды жеткізуге онлайн оқыту мен интерактивті әңгімелердің әсері» [16] атты мақаласында оқушылардың Қожа Ахмет Яссауи мұраларын мәдени құндылық ретінде қабылдауын зерттеу барысында бірнеше онлайн оқыту әдістерін ұсынады. Сол әдістердің зерттеу материалы ретінде жер ұғымына қатысты бірнеше бейнероликті пайдаланып, соған байланысты оқушылармен пікір алмасып, одан шыққан тұжырымды зерттеу нәтижесінің бірі ретінде қарастырған.

Біздің мақаламызда тұтас «Жер-Ана» концептісін жасау үшін негіз болатын мағыналық өрістің бірі «туған жер» ұғымының қазақ танымындағы көрінісі айқындалады.

Тілдік тұлға тарапынан мән берілген әрбір концепт ұлт танымында көрініс тапқан ақпаратты таныта отырып, сол халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігінен хабардар етеді. Түрлі мәдениет өкілінің ұжымдық, тілдік санасындағы әлем бейнесі әралуан кейіпте болатыны мәлім. Сондықтан да концепт құбылысының бір мәні материалдық, әрі рухани мәдениетінің тілдік таңбасы, тіпті тілде таңбасын қалдырған халық тарихының ізі деуге әбден болады.

Лингвомәдени ерекшелікті басшылыққа алатын болғандықтан да, ұлттық мәдени концептінің қалыптасуының когнитивік негізін анықтап алу аса маңызды. Жалпы адамзатқа ортақ концептілер жүйесі болуы да, жеке бір этносқа (тіпті жеке бір индивидтің өзінің танымы бойынша) ғана тән өзіндік болмыспен «тұйықталған» концептілер болуы әбден ықтимал. Сөйтеді де сол халыққа ғана тән ерекшелік (концепт мазмұнындағы) оның дүниетанымының ұлттық негізін қалайды. Дүниенің өзіндік бағасын белгілейді. Әр социум өкілі, әр ұлт, әр тілдік тұлға дүние бейнесін өзінің ұлттық ерекшелігіне, жеке психикасына, мәдени деңгейіне, дүниетаным өрісіне қарай әрқалай қабылдайды. Дәл осы тұста, яғни дүние бейнесін, әлем кейпін танымдық аспектіде түйсініп, түсінгенде (сосын барып бейнелегенде) концепт қуаты барынша ашыла түседі. Концепт осы кезде көмекке келеді. Кез келген адамның когнициялық жүйесінде оның өзіне ғана тән, тек өзінің бастан өткерген (кешкен) жағдайынан, тәжірибесінен туындаған жағдаяттар

орын алады. Бұл әр мәдениеттің әр түрлі репрезентациялануына (жүзеге асуына), әртүрлі танылуына дәлел болады деп есептейміз.

Сөздің семантикалық, сонымен қатар, ассоциациялық өрісі концепт мазмұнын анықтайды десек, семантикалық өрісінде оның ең мәнді белгілері нақтыланады, ал ассоциациялы өрісінде екінші қатарлы, «мәнді емес» белгілер, яғни қосымша лингвокогнитивті, лингвомәдениеттанымдық білім жүйесі жан-жақты ашылады. Сөйтіп концепт беретін ақпарат прагматикалық, танымдық мақсат иеленеді және аялық біліммен толыға түседі, бірақ кез келген атау-белгі концепт бола алмайды, шындық өмірдегі белгілі бір мәдениет үшін құнды әрі көкейкестілері ғана концепт дәрежесіне жетеді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін, рухын, жан дүниесін жақсы түсінуге, сол ұлттың әлемдік бейнесін сол ұлттың көзімен көруге мүмкіндік береді. Концептінің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, мәдениет атауының мәні кең. Әсіресе ұлттың ерекшелігін, таным түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды мәдени концепт ретінде когнитивті тұрғыда қарау қажет. Біз «Жер-Ана» ұғымының қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз. «Жер-Ана» концептісін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің когнитивтік сипатын айқындай аламыз.

Қазақ халқының түсінігіндегі «Жер-Ана» концептісінің аясы өте кең. Бұл концептінің ішінде бірнеше мағыналық өрістерін қарастыра аламыз. Соның үлкен бір тармағы «туған жер» ұғымы. Қазақ халқы үшін «туған жер» немесе «ел» ұғымдары «*атамекен», «атақоныс», «атажұрт», «кіндік қаны тамған жер»* секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра.

Туған жер – бұл әрбір адамның маңызды әрі алғашқы танып-білетін түсінгі. «Туған жер» образы оның санасында анасы, бауырлары, достары образымен ассоциация жасауы мүмкін. Туған жер – Отан, туған ел, өскен жер, табиғатымен, халқымен, қоғамымен, тіл байлығымен, мәдениетімен, тұрмысымен, салт-дастүрімен, тарихымен ерекшеленетін, ыстық көрінетін, ешнәрсеге айырбастауға келмейтін орта.

«Туған жер» лексемасы әлемдік бейне ретінде қай елде болмасын сол ұлттың жеке тілдік бірлігінен бастап, сол қоғамның тұтас лингвомәдени тұрғыдан кілті болып саналады. Туған жер – әрқашанда жеке, менікі, өзімдікі мәнді белгілі бір ортаны, аумақты, территорияны өзге ортаға қарама-қарсы мәнде қою. Осыдан келіп, *туған жер, туған өлке, туған орта* сынды тіркестер пайда болған. «Отан» сөзі туған жермен ассоциацияланады.

Бұдан ары қарай өрбітсек, тіршілікті тірілткен, дүниеге алып келген ана сөзінен өмірінің соңында өзге өмірге жол тартқан, топыраққа айналған сынды тіркестер «туған

жер» ұғымының екі ұшы болып тұр. Жекеден жалпыға өту арқылы жеке, менікі, өзімдікі мәнді сөздер жалпылана келе біздікі, біздің жер, біздің аймақ сынды көпше мағынаға ие болады. Жекеліктен гөрі жалпылықты білдіретін сөздер қоғамның бірлескен, ажырамастай ұмыр кешетінін білдіретін сияқты. Осыдан түйеріміз, Отан ортақ бола отырып, әр адамның өз жүрегінен орын алатын жеке нәрсесі. Аталған мәселе, әсіресе, ақындардың шығармаларынан көрініс табады. Ақындардың шығармашылығынан *Отан, туған ауыл, атамекен, құтты мекен* сынды әр түрлі лексикалық атауларға арналған сезімге толы жолдарды байқаймыз. Бұл туған жерге деген сүйіспеншілік деген сөз.

Осының ішінен *туған ауыл* тіркесін алып қарайтын болсақ, ол басқа концептерге қарағанда доминантты рөлге ие. Ақындар мен жазушылар өз ойы мен естеліктерінде үнемі туған ауылына, туған жеріне оралады. Өйткені ол оның туып-өскен үйі, тербетілген бесігі, балалық шағы, жастық шағы өткен ортасы, өмір сүрген тұтас әлемі. Туған ауыл концептісінің тағы бір ерекшелігі – тарту күшінде, әрбір адам өзінің туған жерін өз ауылым деп атап, тіпті ол жер ауыл емес қала, аудан орталығы болған күннің өзінде, сонда қарай орала береді. Бұл қазақтың этномәдени ерекшелігін көрсететін константа. Туған ауыл этномәдени константасы қазақ тілінде де, қазақ мәдениетінде де кілт сөз ретінде дербес мәнге ие.

Когнитивтік лингвистикада тілдік бірліктердің тек ақпарат беруін қарастырып қоймайды, онда ойда әмбебап модель қалыптастыру және бейнелі образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашу мақсаты көзделген. Әрбір ұлттың табиғатын, мінез-құлқын білу үшін алдымен тілін білу керек. Әр халықтың тілінде өзіне тән белгілер, тілдік бірліктер бар.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» туған жер сөзіне анықтама берілген. «Туған ел/жер – туып-өскен жер, өз елі. Туған жер әр адамның кіндік қаны тамған жері. Туған жер ұғымының жағымсыз бағалауыштық сипаты жоқ» [17, 587].

«Жер-Ана» концептісінің мағыналық өрісінің бірі «туған жер» ұғымының өзегі ретінде танылатын ұғымдар: *Отан, кіндік кесіп, кір жуған мекен, атақоныс, атамекен, бабаларымыздың аманаты, туған ауыл, дарқан дала, байтақ дала, сағыныштың символы, балалық пен жастық шақтың мекені, алтын бесік, алтын ұя, тұғыр, киелі, қасиетті мекен.*

Жоғарыда аталған мағыналық өрістердің мәні сол сөздер кездестін тілдік деректер арқылы ашылады.

Отан. Маған жер жоқ, *Отан* жоқ әрі қарай, Әрі қарай мекен жоқ жаныма жай. (М. Мақатаев). Сүйемін, өскен *Отаным,* Жылысып өткен жылыңды. Қарыздармын сондықтан Берермін талай жырымды. (М. Мақатаев). *Отансыз адама* – ормансыз бұлбұл. (Мақал).

Кіндік кесіп, кір жуған мекен. *Кіндігімді кескен жұрт,* Кір-қонымды жуған жұрт. (Қазтуған). Аман бол, Қосжарсуат, туған жерім, *Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.* Жем беріп арғымаққа желе жортып, Жылқыны бұрқыратып куған жерім. (Мәделі ақын). Тау көрмедің Көкшенің биігіндей, Бауырында ойнап ем киігіндей. *Кіндік кесіп, кір жуған қайран жерім,* Болмайды екен еш қайғы күйігіңдей. (Н. Баймырзаұлы). Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін, Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін. *Кір жуып, кіндік кескен туған жерлер* Артыма бір қарамай қалды-ау деймін. (М. Бәпиұлы).

Атақоныс, атамекен. Ақжайлау мен Сандықтас, *Атамның қонған қонысы.* (Д. Бабатайұлы). «Алла яр» жаздым, аға, Көлборсыдан, Жаз жайлап, қыс қыс қыстаған *қонысымнан* (Ш. Бөкеев). Айналайын! Атамекен ақмекен! Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?! Туған өлке тәтті екен ғой, тәтті екен. (М. Мақатаев).

Сағыныштың символы. *Сағынғанда* көзімнен бұлбұл ұшты, Ақ туын ата-бабам тіккен жері (И. Құтпанов). *Сағындым* сені қапты өскен жерім, Шырылдап тар құрсақтан түскен жерім. Кеткелі біраз заман болсадағы, Қалмайсың ұмытылып естен жерім. …Бойында Есіл, Нұра сайран етіп, *Сағынам* құрбыларды күнде ойнаған (Ә. Ғалымов). Алтын күнді, қара жерді *сағындым*, Жан жолдасым – жүйрік желді *сағындым* (М. Жұмабаев). *Сағынам,* Шибұт, сені мен, Аяулы жалғыз жанымдай. (М. Мақатаев) *Сағындым* ғой, тауымның көк белдері, Қанжығаңа байла да, бөктер мені (М. Мақатаев). Ақ Есілім – ақ отауым, алқа көлім, Қайың бақ, ойдым орман, қалқа жерім. Ақынның аманат бір жырын дай-ақ, Аңсаймын да тұрамын Арқа желін (М. Мақатаев).

Балалық пен жастық шақтың мекені. Жеті жаста тайға міндік, жарыстық, Балалықтың сол кез неткен қаны ыстық. Шалғын иісін ауаға орап сімірдік, Артта жатты будақ-будақ шаң ішіп (Ұ. Есдәулет).

Туған ауыл. Туған жерім Баянауыл, Кейде тынық, кейде дауыл. Ұлытаудың қойнауында, Мекен еткен біздің ауыл (М. Байжанұлы).

Дарқан дала, байтақ дала. *Дарқан далам,* Жанымның аңдары ма ең? Көз алдымда тербелдің ән салып ем, Төселгендей төсіңе барша кілем (К. Ахметова). О, менің *байтақ мекенім,* Жанымның қаршығасы сен. Шырқағым келіп кетеді, Жазбаған ән шығарсың сен (Т. Айбергенов).

Алтын бесік. Уа, дариға – алтын бесік, туған жер, Қадіріңді келсем білмей кеше гөр! (Қ. Аманжолов). Алтайдан Күн көтерілді, Ақ бесік – нұр мекенімді еске сап (Д. Кәпұлы). Бала болып жата бер бесігіңде, Сары даланың еркесі – қазақ елі (М. Жұмабаев). Ел іші алтын бесік. (Мақал).

Тұғыр. Кіндігімді байлаған *тұғырым-ай,* Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім (М. Мақатаев). Туған жер – *тұғырың,* Туған ел – қыдырың (Мақал). Туған елім тұғырында тұрса екен, Әрі қарай … әрі қарай көрермін… (М. Мақатаев). «Туған жерім, Отан, елім – *тұғырым»* Сақталасың мәңгі менің жанымда (Н. Нұрбек).

Киелі, қасиетті мекен. *Қасиетті* турасы, Қасиетінен суының (М. Мақатаев). Кіндігім мәңгі байланған, *Киелі* менің өрісім! (М. Мақатаев). Пай! Пай! Пай! *Киелі* неткен жер! Батырлар дүрілдеп өткен жер, Тұлпарлар дүбірлеп теккен тер, Ғашықтар бір-бірін өпкен жер. (М. Мақатаев)

Қазақ халқының дүниетанымында «туған жер» ұғымын аша түсетін *жусан, топырақ, түтін* лексемаларының ұлттық сипаты ерекше.

Жұпары ескен *жусанды* мекен,

Сағыныш толы сыр сандық екен. (Т. Тынысбекұлы)

Сонымен қатар, «туған жер» ұғымын сипаттауда *«топырақ»* тілдік бірлігімен өзара концептілік өріс бола алады.

Семейде *топырағым* болар білем,

Кемпірбай дұға қылсын бейшараға. (К. Бөгембайұлы)

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Топырағыңды, туған жер, иіскеп мен,
Борыштан қайтқан қойша күйіс кеткен. (Ұ. Есдәулет)

Алақаны анамның – топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын. (Ф. Оңғарсынова)

Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі,
Түйе аунайтын топырағы тәтті (Мақал)

«Туған жер» ұғымын *«түтін»* сөзімен сипаттаудың қолданысы кең. Оны мысалдардан байқаймыз:
Жалықтырса ұзақ сапар жат мекен,
Туған жердің *түтіні* де тәтті екен. (Мақал)

Басқа жердің отынан туған жердің *түтіні* артық. (Мақал)

Қисық мұржа болғанменен бітімің,
Туған жерім – түзу ұшқан *түтінім.* (Е. Сәттібаев)

«Жер-Ана» концептісінің тағы бір мағыналық өрісі – *«жер қорғау».* Ата-бабаларымыз туған жерін жауға да, дауға да бермей, көзінің қарашығындай сақтай білгендігі жайлы аңыз-әңгімелер көп кездеседі. Осыған қатысты көркем әдебиеттерден мысал келтіріп өтер болсақ. Жазушы Ә. Сапабек өзінің «Қазақ қасіреті» деп аталатын құнды еңбегінде «намысы жоқтың елі жетім, қорғаны жоқтың жері жетім» – деген халық даналығын келтіре отырып, нақтылы деректер арқылы қазақ жерінің қадір-қасиетін, оны қорғай білген данышпан бабаларымыз жайлы құнды деректер келтірген. Әсіресе, біздің заманымызға дейінгі кезеңде өмір сүрген ғұндар ханы Мүде бабамыз өзіне көршілес ханның жер сұраған өтінішіне үзілді-кесілді қарсы шығып, туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілігі кімді болса да ойландырмай қоймайды.

Мүде хан көрші ханның өтінішіне орай, *«Жерді беру деген не сұмдық. Жер дегенің елдің тірегі емес пе? Жерсіз ел бола ма?... жер ұрпаққа қалдырар жалғыз мұраң. Жерді беру – ұрпағыңды сол мұрадан айырып, ертең біреуге тәуелді ету. Жерден айырылу – елдігіңнен, ерлігіңнен, еркіңнен айырылу. Жерді беремін деу – ұрпақтың жауы! Қасиетті Жер – Ананы ел дұшпанына берейік дегендердің басы кесілсін! Қасиетті Жер – Ана үшін өлім ақ өлім! Жер берілмейді»* – деген екен. Мұндай даналық ойды қазіргі кезде санамыздан тыс қалдыруға мүлде болмайды.

Бұрынғы ата-бабаларымыз Жер-Ананың, киелі судың қасиеттерін ерекше бағалай білген. Ертедегі Түрік қағандығының көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшысы, әрі ойшыл кемеңгері Тонықөкке орнатылған ескерткіште мынадай жазу бар:

«Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су,
Бізді қорғайды, ойлану керек».

Мұндағы «Жер-Су бізді қорғайды» деген сөздерде терең тұжырым бар. Халқымыздың сан ғасырлық өмірден түйген, көкірек көзінің сүзгісінен өткен даналық нақыл сөздерінің

әрі дүниетанымдық, әрі тәрбиелік мәні зор. *«Ханның қасында болғанша, бұлақтың басында бол»* – деген өсиет нақылда мағынасы мазмұнды ұғым жатыр.

Ерте дәуірдегі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы Күлтегін өз елі мен жерін қорғауды ұрпақтарына өсиет етіп қалдырған. Белгілі ғалым әрі ақын Ә. Табылдиев «Күлтегіннің өсиеті» деген жыр жолдарында арғы бабаларымыздың ұлағаты мол аманатын былай деп жеткізген:

...Жер-ананың гүлзары боп орнаңдар,
Ел-ананы басқыншыдан қорғаңдар.
Халқын бай қып көркейтіңдер сақталсын,
Алтын байлық өзен-көлдер, ормандар.

Қазіргі кезде өзіміз иелік етіп отырған ұлан байтақ жерімізді ата-бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында жүріп білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғауы және оны сақтап қалуы тарихта теңдесі жоқ ұлы батырлықтың белгісі деп білеміз. Бабаларымыздың осындай асыл қасиеттерін бағалай білген К. Салықов өзінің жүрегінен шыққан жыр шумақтарында өте орынды атап өткен:

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған,
Бабаларым осал емес-ау шамасы...

Бұл жыр жолдарындағы жерді қорғау деген сөздер табиғатты қорғау деген сөздермен үнемі үндесіп жатады. Ақын С. Сырымбетовтың да төмендегі жыр жолдары да соны нақтылай түседі:

Батыр болған бабамнан
Ел қорғауды үйрендім,
Ару болған Анамнан
Ар қорғауды үйрендім.
Туып өскен ұям деп,
Жер қорғауды үйрендім!

Елді қорғау, жерді қорғау дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра ретінде жалғасып, сабақтасып, келе жатқан өмір шындығын жырға қосқан жыраулардың бірі Нұртуған Кенжеғұлұлы «байладым басты өлімге, мақпалдай шөбі түрленген атамекен жер үшін» – деп толғайды.

Бабаларымыздың өз ұрпақтарына қалдырған өнегелі өсиеттерінде де туған жердің тағдыры ерекше орын алады:

Қылса да дұшпан қастығын,
Жолдасы бол жақсының.
Елді, жерді қорға деп,
Балам саған тапсырдым.

Қазақ халқы өзі туып өскен жерін ерекше қастерлеп «атамекен», «атажұрт» – деп атауында қордалы қорытынды жатқандығы белгілі. Адамның бойындағы асыл қасиеттердің барлығы да өзінің атамекеніне, атажұртына деген шынайы сүйіспеншіліктен басталады.

Киелімдей жүретін кіл есімде,
Кір түсірме ел деген ұлы есімге.
Атамекен – бақыты балалардың,
Жеңіп алған сан ғасыр күресінде.
Күндерімен, түнімен, гүлдерімен,
Өзіңдікі ол сенің, білесің бе? (К.Ахметова)

Зерттеу нәтижелері бөлімінде «Жер-Ана» концептісінің мағыналық өрісінің бірі «туған жер» ұғымына қатысты тілдік деректерді талдау арқылы оның өзегі ретінде танылатын бірнеше ұғымның мәні айқындалды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының алғашқы бөлімінде жалпы тіл біліміндегі когнитивті лингвистика саласының зерттелуіне тоқталып, оның ішінде концепт ұғымына қатысты ғалымдардың пікірлеріне шолу жасалды. Екінші бөлігінде тәжірибелік жұмыс ретінде «Жер-Ана» концептісін түзуге қатысатын, жерге қатысты қазақ танымында қалыптасқан: Отан, кіндік кесіп, кір жуған мекен, атақоныс, атамекен, бабаларымыздың аманаты, туған ауыл, дарқан дала, байтақ дала, сағыныштың символы, балалық пен жастық шақтың мекені, алтын бесік, алтын ұя, алтын қазық, тұғыр, киелі, қасиетті мекен сынды ұғымдардың мәні айқындалып, түсініктеме берілді. Аталған ұғымдар «туған жер», «жер қорғау» сияқты мағыналық өрістерге жіктеліп, оларға көркем әдебиеттен, мақал-мәтелдерден мысалдар келтіріліп, талданды.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2024-2026 ж. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын AP23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде жазылды.

Мүдделер қақтығысы.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

А.М. Меліс – мақала бағыты бойынша ғылыми еңбектерге шолу жасады, жерге қатысты мақал-мәтелдер, ақын-жазушылардың шығармаларын сараптады. **К.К. Сарекенова –** сарапталған тілдік бірліктерге талдау жасаумен, «Жер-Ана» ұғымының қазақ танымында беретін ұғымын қарастырды, «Жер-Ана» ұғымының мазмұнын ашатын «туған жер», «атажұрт», «жер қорғау» сынды мағыналық өрістерін жіктеп, тілдік деректерге талдау жүргізу арқылы дәлелдеумен айналысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 133 б.

2. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. Тілтаным. – 2004. – №1. – 218-229 б.

3. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.

4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол. ғыл.д. ...автореф.: 10.02.19. – Алматы: 2004. – 54 б.

5. Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 44 б.

6. Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2002. – 60 б.

7. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 136 б.

8. Сыбанбаева А.С. Қазақ тіліндегі концептуалды метафоралардың қызметі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 24 б.

9. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негізі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2002. – 54 б.

10. Зайсанбаева Г.Ж. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2004. – 136 б.

11. Маслова В.А. Лингвокультороло гия: учебное пособие. – Москва: Издательский центр «Академия», 2001. – 125 с.

12. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: Антология. – Москва: Academia, 1997. – С. 147-165.

13. Тілеубердиева Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.

14. Қалиева Н.Ш. Түркі лингвомәдени кеңістігіндегі «Ана» концептісі: (түркі жұртына ортақ прецедентті есімдер негізінде) / Н. Ш. Қалиева, Қ. М. Әшірханова , Ж. К. Сүйінжанова // А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы. – 2024. – № 1 (131). – 76-89 б.

15. Қойлыбаева Р.К. Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: [б. ж.], 2023. – 144 б.

16. Sarekenova, K., Aimukhambet, Z., Malikov, K., Salikzhanova, S., Zhylkybay, G., & Assanbayeva, Y. Effects of online learning and digital conversation-based activities on the transfer of cultural values in language and literature classes // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST). – 2023. – 11(2). – 471-492. https://doi.org/10.46328/ijemst.3135

17. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.

А.М. Мелис, К.К. Сарекенова*
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Отражение понятия «Жер-Ана» в казахском познании

Аннотация. В статье были классифицированы семантические поля «туған жер», «атажұрт», «ел қорғау», раскрывающие суть понятия «Жер-Ана» как концепта, определено содержание путем анализа языковых единиц. Изучение концептов позволяет лучше понять менталитет, дух, душу народа, увидеть мировую картину этой нации глазами этой нации. Объясняя понятие, которое дает концепт, можно определить особенности всей нации, мировоззрения народа, начиная с отдельных людей и заканчивая общественными группами. Поскольку культура включает в себя результаты человеческого разумом и труда, понятие культуры имеет широкое значение. Особенно необходимо когнитивно рассматривать лексемы, представляющие специфику нации, понятие познания, мышление, то есть, одним словом, культурную идентичность как культурный концепт. Рассматривая, каково содержание понятия «Жер-Ана» в казахском познании, мы можем познать жизнь, национальную самобытность, мировоззрение народа. Изучив понятие «Жер-Ана», мы можем сформулировать мысль и понимание человека и определить когнитивный характер языка. Цель статьи - доказать содержание понятия «Земля-Мать» путем классификации семантических полей «туған жер», «атажұрт», «жер қорғау» и проведения анализа языковых данных. Объектом исследования статьи являются пословицы и поговорки о Земле, произведения поэтов и писателей.

Ключевые слова: Жер-Ана, родная земля, Атажұрт, когнитивная лингвистика, концепт.

A. Melis, K. Sarekenova*
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The expression of the concept of "Zher-Ana" in Kazakh cognition

Abstract. The article classifies the semantic fields "tugan zher", "atazhurt", "el korgau", which reveal the essence of considering the concept of "Zher-Ana" as a concept, and the content is determined by analyzing language units. The study of concepts makes it possible to better understand the mentality, spirit, and soul of the people, to see the world picture of the same nation through the eyes of the same nation. By explaining the concept, one can determine the features of the thinking, worldview of the entire nation, people, from individuals to social groups. Since culture encompasses all the achievements that arise from the minds and foreheads of the human race, the meaning of the word culture is broad. It is especially necessary to cognitively consider lexemes as cultural concepts that reflect the specifics of the nation, the concept of cognition, thought, that is, in a word, cultural essence. Considering what the concept of "Zher-Ana" gives in Kazakh knowledge, we can recognize the life, national identity, and worldview of the people. By studying the concept of "Zher-Ana", we can formulate human thoughts and concepts and determine the cognitive nature of language. The purpose of the article is to classify such semantic fields as "tugan zher", "atazhurt", "el korgau", which reveal the content of the concept of "Zher-

Ana", and to prove it by analyzing linguistic data. The object of the study of the article is Proverbs and sayings related to the Earth, works written by poets and writers about it.

Keywords: Zher-Ana, Earth, native land, Atazhurt, cognitive linguistics, concept.

References

1. Zhamanbaeva K. Til koldanysynyn kognitivtik negizderi [Cognitive foundations of language use] (Gylym, Almaty, 1998, 133 p.) [in Kazakh]

2. Mankeeva Zh. Kazak tilin zertteudin kognitivtik negizderi. Tiltanym, 1, 2004, 218-229 (2004) [in Kazakh]

3. Momynova B. Kazak tilindegi kogamdyk-sayasi leksika (Kazak universiteti, Almaty, 2005, 140 p.) [in Kazakh]

4. Islam A. Ulttyk madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti. Filologiya gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertatsiyanyn avtoreferaty (Almaty, 2004, 54 p.) [in Kazakh]

5. Azimzhanova G.M. Kazak korkem proza matininin pragmatikalyk aleueti. Filologiya gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertatsiyanyn avtoreferaty (Almaty, 2007, 44 p.) [in Kazakh]

6. Akaev S. Terminnin tildik zhane tanymdyk sipaty. Filologiya gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertatsiyanyn avtoreferaty (Almaty, 2002, 60 p.) [in Kazakh]

7. Amirbekova A. Kontseptilik kurylymdardyn poetikalyk matindegi verbaldanu ereksheligi. Filologiya gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertatsiyanyn avtoreferaty (Almaty, 2004, 136 p.) [in Kazakh]

8. Sybanbaeva A.S. Kazak tilindegi kontseptualdy metaforalardyn kyzmeti. Filologiya gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertatsiyanyn avtoreferaty (Almaty, 2004, 24 p.) [in Kazakh]

9. Kasym B.K. Kazak tilindegi zattyn kurdeli ataularynyn teoriyalyk negizi. Filologiya gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertatsiyanyn avtoreferaty (Almaty, 2002, 54 p.) [in Kazakh]

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», – дейді алаш көсемі Әлихан Бөкейханов. Ұлттық мінез халқымыздың материал¬дық мәдениетімен қатар әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім категорияла¬рын, өзара туыстық жүйесін, туысқандық қарым-қатынасын, отбасылық құндылық¬тарын, қоғамдық-саяси құрылымды, ха¬лықтық мінез болмысын, тәлім-тәрбие ерек¬шеліктерін, мәдени қырларын қам¬тиды.

Ұлттық сана ұлттық ортадан қалыптасады. Ал энциклопедиялық сөздіктерде ұлттық санаға берілген анықтама ұлттық қоғамның ұлттық сананы қабылдауы салт-дәстүрден, ұлттың тілінен, ұлттық өнерден көрініс табады. Ұлтқа деген құрметтің белгісі – адамның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына байланысты. Қ. Салғарұлының «Ойлан, қазақ!» атты еңбегінде ұлт, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық намыс, ұлттық мінез ұғымдарының әрқайсысына нақты анықтама беріп көрсеткен. Автордың айтуынша, ұлттық сана абстрактілі ұғым емес, бұл халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі, яғни сол ұлттан құралған халықтың ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, әдебиеті мен мәдениетінің, салт-дәстүрінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі [4, 184]. Сондықтан әр ұлтты өзге ұлттан ерекшелендіріп тұратын, тек өзіне ғана тән мінез сипаттары бар. Өз пайымдауында қазақты да басқасынан ерекшелендіріп тұратын мінезі жайлы ұлт ұстазы Ы. Алтынсарин былай дейді: «Қазақ – жасанды мінезі жоқ қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығында да жақсылық көп» [5, 413].

Ұлан-байтақ жер, сұлу табиғат, кең пейілділік, мейірімдік пен қонақжайлық, жойқын соғыстар мен қуғын-сүргіннің рухани мұрасын келешек ұрпаққа ұмтылмастай естелік қылып қалдыру – ұлттық мінезіміздің көрінісі, ұлтымыздың мақтанышы. *Қазақ – доспен дос болып, дұшпанмен айқасуды да білген, мұңын да шағып, қуануды да білген халық,* – деп айқындап өткен ұлт зиялылары Ж. Аймауытов пен М. Әуезов *Қазақтың өзгеше мінездері* атты мақаласында қазақ ұлтының басқа ұлттан айырмашылығы – ұйымшылдығы, жауынгерлік қабілеттері, тамаша би, халқы намысшыл, денелері ірі, бір-бірімен тату, денсаулықтары қайратты, сау халық болғанын жазады [6, 5].

М. Ыбырайұлының «Халықтық мінез хақында» атты мақаласында қазақтың өзіне тән негізгі белгілері деп кеңпейілділікті, жомарттықты, салғырттықты, немқұрайлықты, көпшілдікті, жайбасарлықты, намысқойлық пен бауырмалдықты, еріншектік пен төзімділікті және кешірімділікті тізіп көрсеткен. Аталған мінездердің ұлттық мінез болып қалыптасуы өзінің өмір кешкен кең байтақ даласы мен қырындағы тұрмыс тіршілігінде деген [7, 96].

Ағылшын ғалымы Питер Мандлер «English national character» атты еңбегінде былай деп тұжырым жасайды: «XVII ғасырға қарай жарыққа шыққан ағылшындардың тарихи шығу тегінің жаңа теориялары халқына «нағыз ұлттық» қасиеттерді бергеніне қарамастан, бірақ зиялы өкілдер ағартушылық дәуіріне дейін ағылшындардың ұлттық сипаты туралы нақты ұғымды белгілемеген. XVIII ғасырдың ортасында Барон-де-Монтескье секілді ойшылдар географиялық орта мен климат адамдардың ерекшеліктерін анықтауы мүмкін деген идеяны алға тартса, көп ұзамай Адам Смит, Дэвид Юм және Эдмунд Берк

сияқты зиялылар ағылшындарға ұқсас идеяларды қолдана бастады» [8, 122]. Ал осы Мандлердің аталып отырған еңбегіне талдау жасаған Эрик Зуелов өзінің ғылыми еңбегінде: «Мандлер, әрине, ағылшынның ұлттық мінезін бірінші болып айтқан жоқ (бірақ ағылшындар оның ойын жоққа шығарып, керісінше айтқанының бәрі ұлттық мінезді сипаттаған деген), дегенмен де Мандлер ағылшынның тарихын жүйелі түрде зерттеген бірінші адам болып қалды. Ұлттық мінез жойылмайды деп санаса да, ол үнемі ағымда болатын, үнемі пікірталас тудыратын, кейде, мүлде жоқ идея болып шығады. Расында он тоғызыншы ғасырдың ортасына қарай ұлттық мінез туралы тұжырымдама кең тараған танымал дискурс ретінде берік орныққаннан кейін де, ұлттық мінездің анықтамасы жайлы жиі бәсекелес идеялар туа бастады [9, 15].

Ұлттық мәдениеттің негізін құраушы *ұлттық мінез* – халықтардың өз тарихындағы материалдық және рухани өмірінің нағыз көрінісін нақтылай түседі. Тарихи жағдай мен географиялық орта мәңгілік емес, сондықтан ұлттық мінездің белгілі бір өзгерістерге ұшырап отыруы әбден ықтимал. Ұлттық мінез – ұлттың тарихи өмірінің нәтижесі. Тарихта орын алған кейбір оқиғалар мен сілкіністер халық өмірінде, әсіресе психологиясында айрықша ізін қалдырды. Оның әсері халықтың өнерінде, мәдениетінде, тұрмысында көрінеді. Дана халқымыз: «мінезсіз адам – жеміссіз ағаш», – дейді. Адам мінезінің өзгеріп отыруы әлеуметтік жағдайдың үнемі ықпал етуінен, оның жаңа қырларын қалыптастырып отыратындығынан пайда болатын ғылыми тұрғыда дәлелденген тарихи шындық және объективті фактор.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – туыс емес екі халықтың ұлттық мінезін салыстырып қарау болғандықтан, этномәдени деректерге шолу жасау үшін лексикалық, сипаттама аналитикалық, семантикалық талдау, тілдік-мәдени талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Екі ұлтты басқа ұлттан ерекшелендіріп тұратын мінездері сұрыпталып, әрбір мінез-құлық атауларына сипаттама берілді, әрі сол ұлттық мінездің лексико-фразеологиялық және мақал-мәтелдердегі көрінісі нақты мысалдармен түсіндірілді.

Мақаладағы негізгі ойды тұжырымдау барысында анализдеу, ой қорыту, талдау, синтездеу әдістері және келесідей көмекші әдістер қолданысқа алынды:

– этнолингвистикалық әдіс арқылы ұлттық мінезді сипаттайтын тұрақты сөз тіркестеріндегі мәдени ерекшеліктер ашылып, екі тілдің дүниетанымы, әлем танымы мәдениетпен, салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыптармен байланыстылығы нақтыланды;

– семантикалық талдау әдісі бойынша вербалданған фразеологизмдердің мағыналық құрылымы зерттеу нысанына алынып, мінезді айқындайтын фразеологиялық бірліктердің ұлттық сипаттамасымен олардың қазақ және ағылшын мәдениетіне тән ерекшеліктері айқындалды;

– лингвомәдениеттану әдісі арқылы мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер туыс емес екі тіл мәдениетінің біртұтас жүйенің элементтері екендігі дәлелденді;

Зерттеу жұмысының материалы ретінде қазақ және ағылшын халқының ұлттық мінезін сипаттайтын нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді анықтауда https://melodict.com

интернет ресурсы және Oxford Dictionary of English idioms сөздігі қолданылды. Екі тілдің ұлттық мінез атауларының линвомәденеттанымдық аспектілерін қарастыруда тілі, діні, ділі, мәдениеті, дүниетанымы өзара ұқсас және өзгешеліктері мен айырмашылықтары бар мінез атауларының сипатын мағынасын сақтай отыра аударып түсіндіруге мүмкіндік аламыз.

Аталмыш антропоөзекті зерттеу жұмысымыз танымдық ақпараттарды семантикалық талдау арқылы жүзеге асады. Зерттеу нысаны – қазақ және ағылшын ұлтының мінез сипаттарының тарихтағы және бүгінгі таңдағы болмысын анықтау, әрі мінез атауларының танымдық деңгейдегі алатын орнын мақал-мәтелдер негізінде тұжырымдау.

Әдебиетке шолу

Ғалымдар ұлттық мінез жайлы түсінікті сонау Антикалық дәуірден бастап, саяси үдерістегі ұлттық сипат пен менталитеттің маңыздылығын, қоғамдағы рөлі жайлы алуан пайымдаулар жасаған. Ежелгі грек философы Гераклит адамның этосы – оның мінезі деп, адам түсінігіндегі мінез-құлықтың маңыздылығын атап өтсе, сол дәуірдің Гиппократ, Плиний, Геродот секілді философтары ұлттық мінездің ерекшеліктерін климаттың, географиялық ортаның, тарихи оқиғалардың ерекшеліктерімен байланыстыруға тырысқан.

Қазақ халқының этномәдени, болмысы және мінезі жайлы жазған қазақ ғалымдарынан Д.Кішібеков, Қ.Жарықбаев, О.Абишева, Л.Хасанаева еңбектерін айтуға болады. Ұлттық мінез хақындағы пікірталастарға қатысты орыс ғалымы Д.С. Лихачев: «Ұлттық ерекшеліктер – бұл сенімді факт. Тек белгілі бір халыққа, белгілі бір ұлтқа, белгілі бір елге ғана тән ерекше нышандар болады. Мұның бәрі олардың кейбір ұлттық және жалпыхалықтық мінез-құлықтарының қайталанбас бірегей құрылымымен айқындалады. Ұлттық мінездің, ұлттық даралықтың болуын жоққа шығару халықтар дүниетанымына деген қызығушылықты жояды», - дейді [10, 3].

Б. Бопайұлының «Қазақ мінезі», Н. Елікбаевтың «Ұлттық психология», С.Темірбековтың «Культурологические аспекты национального характера казахов», Қ. Негмановаңың «Ұлттық мінез көрінісі ретіндегі фразеоқордағы тілдік бірліктер» сияқты аталмыш еңбектерде қазақтың ұлттық мінезі жайлы және тілдегі көрінісі туралы біршама мағлұмат берілген. Қазақ қоғамының рухани әлемі мен менталитетіне арналған зерттеулерді Рақымбай Отарбайдың «Ұлттық сана және ұлттық мінез» атты еңбегінен танысуға болады.

Ағылшын ғалымы Роберт МакКрам «Глобиш: ағылшын қалай әлемдік тілге айналды» атты 2010 жылғы еңбегінде қазіргі жаһанданған әлемде британдық бірегейлікті қалыптастырудағы тілдің рөлін қарастырады.

Реймонд Уиллиамстың «Мәдениет және қоғам» 1958 еңбегінде Ұлыбританияда уақыт өте келе мәдени құндылықтардың қоғамдық құрылымдармен қалай тоғысатыны жайлы зертейді. Зерттеудегі негізгі мақсаты британдық ұлттық мінезді қалыптастыратын тарихи факторлар туралы түсінік береді.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық мінездің көрінісі мен қалыптасуы жайлы Т.Жұртбаев «Қазақ әдебиетіндегі ұлт бейнесі» атты еңбегінде қарастырған.

Ұлттық мінез деген түсінікті көбінде ғалымдар емес, философ, ақын-жазушылар бір ауыз сөзбен сипаттап жатады. Ұлттық діл мен ұлттық мінез ұғымдарын ғылымда тіпті бөлек қарастырады. Философтардың ойынша, ұлттық діл деп ойлау түсінігін, рухани мінез-құлығын жатқызса, ұлттық мінезге адамның іс-әрекетінен шыққан типтік мінез бітістерін, белгілерін жатқызады.

Талқылау және нәтиже

Ұлттық мінезді туыс емес екі халықтың бойындағы ерекшеліктері мен айырмашылықтарын салыстыру арқылы зерттеу жұмысымыздың өзектілігі болғандықтан, алдымен қазақ ұлтының мінезін сипаттауды қолға алсақ.

Қай ақын-жазушының өлең-жырына назар салсақ та, ата-бабамыздың қалдырған жазба мұраларын зерттесек те, мәтін ішінде қазақтың кең жайлау көңілі мен дархан мінезін ұлттық мінезге теңеп жатады. Бұл ұлтымыздың қонақжай қасиеті мен меймандос пейілі ғана емес, тарихта мәңгі өшпес із қалдырған бабаларымыздың батырлық болмысы мен қайсарлығының белгісі деп қасиетті болмысы бар әулиелерімізді қашан да пір тұтамыз. Міне, осының бәрі қазақ ұлтының мінез-құлқын айқындайды.

Шексіз кең дала, көшпелі тұрмыс және соның ықпалынан туындаған халықтың күйбең тіршілігі қазақ халқының ұлттық мінезінің қалыптасуына негіз болған. Көшпелі халықтың мал шаруашылығымен айналысуы ұлтымызды табиғатқа бағынышты етті. Қарапайым халықтың табиғат құбылыстарын түсінбеуінен сиқыршы немесе әулиелерге құлшылық ету, сену, тағы басқа да табиғат құбылыстарын меңгеруге ұмтылу сияқты қасиеттер басымдық алған. Ұлттық мінез халықтың тұрмыс-тіршілігінен, жүріс-тұрысынан, адамдардың қарым-қатынасынан, тіпті адамдардың сөйлеу мәнерінен де көрінеді және оның сол халыққа тән ерекшелігін байқататын қасиеті деп те түсінеміз. Мысалы, ит мінез, жылқы мінез, қасқыр мінез, қойдай момын, қой аузынан шөп алмас, түлкідей қу секілді тілдік қолданыстардың сөздік қорымызға енуі көшпелі халықтың табиғатпен тығыз байланыста өмір сүргендігінің дәлелі.

Кез келген халықтың шынайы өмірі оның психикалық дамуына негізделеді. Бұл тарихтағы белгілі оқиғалармен күйзелістің салдары халықтың өмірімен психологиясында белгі болып сақталып қалуында. Оның ерекшеліктері халық шығармашылығында, мәдениетінде, салт-дәстүрінде, тұрмысында айқын сезіледі. Сондықтан ұлттық мінезді сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы тек қана – халық. Себебі халықтан тыс ұлттық мінез жойылады.

Әр адам туған халқымен байланысын үзсе, басқа тілді, дінді, мінез-құлықты үйренеді. Осы орайда С. Темірбеков былай деп жазады: «Ұлттық сипат – халықтық ұлттық өзгешеліктері, ол халықтың мінез-құлық, іс-әрекет, қимылында, әсерленуі мен сезінуінен, сөйлеуі мен мәнерінен, тіпті адамдардың бір-бірімен және басқа халықтармен өзара қарым-қатынасынан, әңгімелесу ерекшеліктерінен көрініс табады. Халқымыздың мінезіне тән ең бір ерекше қасиет – рухани әрі адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалауы. Мәдениеттанушы С. Темірбеков ондай құндылықтарға а*қ көңілділік, шынайы адалдық, батырлық, сенімділік, көмек көрсету және үлкендерді құрмет тұту, ата-*

анаға деген шексіз махаббат, өзін-өзі құрбан ету, тағы сол сияқты асыл қасиеттерді жатқызады [11, 24]. Әрбір адам үшін бұл қасиеттер ерекше байлық ретінде өте жоғары бағаланады. Мысалы, ұлтымызда «ағынан жарылу» – ақ көңілділік, «алақанға салып аялау» – мейірімділік, «ананың ақ сүтін ақтау» – адамгершілік, борыш; «өлімнен ұят күшті» – намысты; «бетегеден биік, жусаннан аласа» – момындықты; «құрақ ұшу, бәйек болу» – құрмет көрсетуді және тағы басқа сөз тіркестері қазаққа тән ұлттық мінезден сыр шертеді.

Сонымен қатар еңбекқорлық та қазаққа тән ұлттық мінезінің бір нышаны десек қателеспейміз. Еңбек арқылы, еңбектену арқылы адам баласы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болу т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының алғы шарты деп түсінген қазақ танымында еңбекқорлық адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Сол арқылы қазақ бақыттың кілтін табуды, бақытты болуды көздеген. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам бақыттың рухани жетістіктерге жететініне бек сенген [12, 140].

Атам заманда қағазға жазылып қабылданған заң болмаған кездің өзінде ешкім бұза алмайтын рухани ережелердің маңыздылығы зор болған. Айтқанын орындамау, берген уәдесінен таю ер азамат үшін өліммен тең болғанын қазақ: *жігіттің екі сөйлегені – өлгені* деп бір сөзбен білдірген. Бәлкім сондықтан болар, қазақтар өз арасында сенімділікке еш күмән келтірмеген. Бұған мысал ретінде қазақтар ұят пен намысты – *тірідей жерге кіру; қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді; уәде – құдай аты; жақсы жігіт ақылына жеңіп іс қылар, жаман жігіт оңай істі күш қылар* т.б. мақал-мәтелдер арқылы ұлттық намысты өлімнен жоғары қоятынын білдірген. Осыған орай Абай атамыздың он тоғызыншы қара сөзінде [13, 1] қазақ бойында сақтап қалуы тиіс екі мінезді ерекшелеп айтқан. Олар: *басшыға сенім мен намысқойлық.* Осы мінездер қазақты шыңдап, ер мінезді еткенін нақтылап береді. Сондай-ақ *сол бір ер мінезділікті сақтап қалуымыз керек* деп, жуастықты тарихи жағдайлар бойымызға сіңіріп тастаған кесел мінездердің қатарында қарастырады. Абай момындықты ізеттілік пен кішіпейілділік секілді қасиеттермен сабақтастырады да, жуастықты сынайды. Рухани жетілген, елдігін, ұлттық ерекшеліктерін сақтаймын деген адамның бойында еркіндік болу керек дейді. Ал ол жуастықпен кереғар келетін мінез екені даусыз.

Қонақжайлық – қазақ халқының ұлттық мінезінің бір көрінісі. Әрине бұл тек қазақ ұлтына ғана емес, басқа ұлт өкілдеріне де ортақ адамгершілік қасиет. Дегенмен ата-бабамыз кезінде алыстан ат терлетіп келген қонағын жылы шыраймен қарсы алып, шамасы келгенше сый-құрметін көрсетіп аттандырған. Қонақ үшін арнайы сыбаға сақталған. Осыған орай тілімізде ұлттық мінезді сипаттайтын *қонағын атқару, қонақжай адам, қонақ кәде, қонақ асы, қонақ қойдан жуас* деген фразеологизмдер пайда болған. Осы айтылғандардан түйетін ой – әр халықтың ұлттық мінезі сол елдің әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, қоршаған ортаға деген көзқарасын білдірмек.

Имандылық – бұл да қазақты басқа ұлттан ерекшелендіріп тұратын мінездің бірі. Имандылық – қазақ ұлтының психологиясына тән инабаттылықты, мейірімділік пен ізеттілікті, тазалық пен әдептілікті және діндарлықты дәріптейтін мінез құбылысы. Халық *иманы бардың – сыйламы бар* деп иманды адамды сыйлау құрметін жоғары

бағалаған. *Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет* деп имандылық қасиетін ұрпаққа үлгі еткен. Қазақ имандылық деген бір сөздің бойына *қанағат, ұят, ар, ынсап* сияқты бүкіл жақсы қасиеттерді сыйғызып берген. Жолында жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі» екен деп сөз етіскен. Сондықтан болар, ұлтымызда үлкенді сыйлау, ар-ұятты немесе ожданды болу осы имандылықтың бір белгісі дейді. Себебі ар-ұят, ождан – иманның кілті. Қазақ ұлты әр адам баласының өсіп-өнетін, үлкен өмірге қанат қақтыратын отбасынан басталатын тәрбиенің бірі деп осы имандылықты айтады. Сондықтан қазақ халқының *«жиғаныңа сенбе – иманыңа сен», «имандылық – қастерлі қасиет», «иманды адам – арлы адам, имансыз адам – сорлы адам», «имандылық -инабаттылық айнасы»* деген нақыл сөздері жас ұрпақты ұлтжанды азамат болуға, өз ұлтының озық дәстүрін, әдет-ғұрпын ұғынуға әрі сақтауға үндейді.
Қазіргі таңда ағылшын тілі әлемдік маңызы бар тіл екені белгілі. Оны жер бетінде 1,5 миллиардтан астам адам қолданады. Ағылшын тілінің жан-жақтылығын, әлемді мойындатқан тілдің бірі екендігін сезіну үшін, оның тарихына үңіліп, мәдениетінің ерекшеліктерін түсінуіміз аса маңызды. Ағылшын халқының ұлттық мінезін өзіне тән мәдениеті мен психологиясынан тыс зерттеу мүмкін емес. Тілді, соның ішінде ағылшын тілін жетік білу – ол тілдің фразеологизмдерін білмейінше мүмкін емес.

Адамдардың әртүрлі екені белгілі болған соң, типтік қасиеттерін тұтас бір ұлттың ауқымында жалпылап қарастыру қаншалықты дұрыс? Осы сұраққа қатысты ағылшын ғалымдары мына мақалды тілге тиек етеді: *It takes all sorts to make a world,* яғни *дүние әртүрлі адамдардан құралады.* Тұтас ұлтты бір типті адамдар деуге бола ма? Әлде ұлттық «мінез» деп басқалар бір ұлтқа теліп қоятын қасиеттердің жиынтығын атаймыз ба? Жалпы, ағылшын ұлттық мінезінің ерекшелігі қандай? Осы сұрақтарға жауап берсек.

Ағылшындардың ұлттық мінезі елінің бай тарихы мен дәстүрі, мінез-құлық әдеттерінің нәтижесі – жерінің климаты, табиғаты және географиялық орналасуының ерекшелігінің көрінісі. Сондықтан халықтың ұлттық мінезін білу үшін оның тарихы және мәдениетімен таныс болу аса маңызды. Англияның басқа бір де бір елмен құрлық арқылы шектеспейтінін, өзімен-өзі оқшау жатқанын білеміз. Бәлкім ағылшын халқының ғасырлар бойы өздерін оқшау ұстап үйренгені сондықтан болар. Соның арқасында өз салтын, төл дәстүрін сақтап қалған. Оқшаулану мінезі күні бүгінге дейін ағылшындардың бойына әбден сіңген құбылыс. Жергілікті халқы ешкімге сырын ашпайды және сырт көзге көңіл-күйін білдірмейді. Халық аузында *«Keep a stiff upper lip»* деген мәтел бар, қазақша аударса *«үстіңгі ерініңнің дірілін ешкімге сездірме»* деген, яғни бар эмоцияңды іште ұста дегенді білдіреді. Қазақ халқымен салыстырғанда сөйлеу, қарым-қатынас жасау мәдениеті жоғары екені бірден көзге ұрып тұрады. Жергілікті тұрғындар өте сыпайы, екі сөзінің бірі «кешіріңіз», «мархабат етіңіз». Қай ағылшынды көрсең де бәрі күлімсіреп, ілтипат білдіріп тұрады, қабағын түйіп жүретін ағылшынды көп кездестірмейсің, көңіл-күйі онша болмаса да, күлкісі дайын тұрады. Құдды бір «не ойласаң соны ойла, бірақ күліп жүр» деген жазылмаған заң бар сияқты.

Британдықтардың ұлттық мінезінің ерекшелігі *тәрбиедегі қатаңдық, ұстамдылық, іскерлік* және *парасаттылық,* өзіне және өз өміріне деген жауапкершілік, демек *«адам өз өмірінің қожайыны»* деген ұранды ұстанады. Бұл ұстанымның шеңберіне халқының

уақытқа, отбасына, үйіне, жан-жануарға деген мейірімді қатынасы, қатаң тәртіпті ұстануы да кіреді. Тәртіпті өте жоғары бағалағандықтан, ол әлемде ең сыпайы және әдепті халық болып саналады екен. Сыпайылығы ерекше болғандықтан көбінде басқа ұлттар қателесіп, оған суықтық немесе салқындық мінезді теліп жатады.

Сонымен қатар ағылшындар бала тәрбиесінде *«баланы еркелетпеу»* қағидасын қатаң ұстанады. Бала кезінен оларды суық пен аштыққа сабырмен төтеп беруге, ауру мен қорқынышты жеңуге, ата-анасын сирек көріп-тұруға үйретеді. Өздерінде ертеден келе жатқан *child should be seen but not heard – бала көрінсе де, естілмеуі керек* деген ақиқаттары бар. Олардың ұстанымында, ата-ананың тым жұмсақ болғанынан, қатаң болғаны оң екендігіне сенімділігі *«таяқтан аясаң, баланы бүлдіру»* деген халық мәтелінде байқалады. Ағылшындардың балаларының шектен тыс қамқорлықтан алшақ болуы, оларды тек қана тәуелсіздікке емес, өз ісіне деген жауапкершілікке де үйретеді. Мұндай тәрбиенің нәтижесінде бала тек өзіне ғана сенуге дағдыланып, ата-анасына өзінің бар екенін де білдірмейді. *«Бала үйде өскенше, олар көрінбеуі де, естілмеуі де керек»* деген қатты қағида бар. Ал мектеп жасынан бастап олар *«көзге көріне бермеу керек»,* сондықтан елде балалардың жатып оқуына арналған жеке меншік пансионат мектептер өте көп. Осындай қатал тәрбие баланың тәуелсіз болып өсуіне, өмірлік қиындықтарды жеңіл игеруіне және ата-ананың көмегінсіз өзі ғана бейімделіп өсуіне көмектеседі.

Британдық тұрғындарды даралап тұратын қасиеттерінің бірі – *ұстамдылық:* бөтен адамдарға, жақындарына, отбасына, тіпті өз балаларына деген эмоциясындағы ұстамдылығы. Шындығында оларды ашуландыру да оңай емес. Ұстамды болу, өз сезіміңді басқара алу – ағылшындардың өмірлік ұстанымы. Басқалардың өздерін бей-берекетсіз ұстау қылықтары – олардың «қытығына» тиетін жалғыз нәрсе. Бұған дәлел ретінде халық арасында кең тараған келесідей мақалдарға назар аударсақ: *Live and let live (сөзбе-сөз: Өзің өмір сүр және басқаларға кедергі болма). Better the foot slip than the tongue (Аңдаусыз айтылған сөз атылған оқпен тең). He knows much who knows how to hold his tongue (Басқа бәле тілден).*

Ағылшын ұлтын басқалардан ерекшелендіріп тұратын мінезінің бірі – ақша жайлы сөз қозғауды ұнатпайтыны. Оны сырттан келген шетелдіктер жақсы біледі. Ағылшын менталитетін зерттеушілердің болжамы бойынша ауқатты отбасылардың байлығы отаршыл Англиядан бастау алған. Содан болар, капиталын сауатты пайдаланғандар әлі күнге дейін Үндістанда немесе Африкада алынған ата-бабаларының ақшасымен өмір сүреді. Бақуатты британдық міндетті түрде университетте оқыған немесе көп жылдар бойы мансап құрған адам емес, ата-бабаларының арқасында жақсы өмір сүре білген адам. Егер оларға қаржы тақырыбында сұрақ қойылса, онда ата-бабаларының мұрасына күмән келтіріп тұр немесе ақшаның қайдан шыққанын меңзеп тұр деп түсінуі мүмкін. Тіл мәдениетінің маңызды элементі мақал-мәтел арқылы ағылшындардың ақшаға деген көзқарасын қазақ тіліндегі балама аудармасымен талдап көрсек:

«The abundance of money ruins youth» – Ақшалының қолы ойнар – ақшасыздың көзі ойнар; «Muck and money go together» – Ақша қолдың кірі; «Riches serve a wise man but command a fool» – Ақшаның жайын жарлыдан сұра, адамның жайын арлыдан сұра; «All things are obedient to money» – Алтынды адал қол да, арам қол да ұстайды; «If money go before, all

ways lie open» – Қара бұлтты жел ашар, қара құлыпты жер ашар; «Money is a universal language speaking any tongue» – Теңге тиыннан, ынтымақ ұйымнан; «Money is power» – Ақшада көз жоқ; Ақша ашпайтын құлып жоқ.

Ағылшын халқының менталитетінде өздерінің жеке өмірін сыртқы әлемнен қорғау деген бейсаналы ұмтылыс бар, олар үшін үйдегі қауіпсіздік аса маңызды. Танымал ағылшын мақалында: «*My home is my castle» – «өз үйім өлең төсегім»,* – деуі сыртқы әлемді табалдырықтың ар жағында қалдырып, өз үйлерін қоршаудағы бекініс ретінде қабылдауынан хабар береді. Көбінде олар бір жанұяға арналған шағын үйлерде тұрады. Үнемі жұмысты ғана ойлайтын американдықтармен салыстырғанда, ағылшындар үйге келген соң жұмысты ұмытады. Тіпті қала тұрғындары да, қала маңында жеке бақшасы бар үйде тұруды армандайды.

Үйге, отбасыға байланысты ағылшын ұлтының қазаққа ұқсас мінезі Томас Тассердің туындысында жақсы жазылған [14, 35]. Автор дәстүрлі ағылшын ұстанымына сәйкес әйел адам үй шаруасымен айналысып, балаларына дұрыс тәрбие беруі тиіс дейді. Сонымен қатар үй шаруашылығын ұршықтай үйіріп, өз ошағын отбасына жайлы қоныс етуі де ерекше бағаланған. Ғалым ағылшын тілдік бейнесінде әйелдің ісі ешқашан басталмай-ақ бітпейтін және оның еңбекқорлығы аса маңызды болып саналғанын келесідей нақыл сөздермен сипаттаған: *A woman's work is never at an end* (Әйелдің ісі ешқашан бітпейді); *Man's work is from sun till moon, a woman's work is never done* (Еркектің ісі таң атқаннан күн батқанша, әйелдің ісі ешқашан бітпес); *A home without a woman is like a barn without cattle* (Әйелі жоқ үй – жетім). *A silent woman is a gift from God* (Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс).

Ағылшын және қазақ ұлттары өздерінің тарихына, мәдениетіне және әлеуметтік қарым-қатынасына байланысты қалыптасқан ерекше сипаттарды көрсетеді. Ағылшындар сыпайылықты, әзіл-оспақ пен даралықты жоғары бағаласа, қазақтар қонақжайлылықты, туыстық қарым-қатынасты, табиғатпен байланыстылықты ерекше атап өтеді. Бұл қасиеттерді түсіну мәдениетаралық қарым-қатынас пен бағалауды жақсарта алады.

Адамның мінез-құлқын анықтайтын фразеологиялық бірліктерді талдау сол халықтың мәдениеті мен салт-дәстүрін іштей түсінуге, сондай-ақ тілді лингвомәдени тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді [15, 166].

Ағылшындық менталитет әртүрлі этникалық топтардың араласуы нәтижесінде қалыптасқан. Атап айтқанда ағылшын, кельт, юлта, фриз сияқты тайпалар және басқа да көптеген ұлттар өздерінің мәдениеті мен мінезінде өшпес із қалдырады. Сонымен қатар ағылшындарды басқа ұлттан ерекшелендіріп тұратын белгі – дәстүрге адалдық. Ұлт бойындағы әдепті ережелердің бірі ішкі және сыртқы тыныштықты ұстап тұру, ашуға бой бермеу. Сондықтан да болар, ағылшындардың бет-әлпетіндегі байсалдылық, сабырлы қалпын суыққандылықпен теңеп жатады. Дегенмен де, ағылшын менталитетінің негізгі белгілері ұстамдылық, сыпайылық, азды-көпті дәрежеде консерватизмді көрсетіп жатады. Шамадан тыс эмоционалдық сезімдерден бойын аулақ ұстайтындығы *өтінемін, рақмет* сияқты сыпайы мінез-құлықты бағалауынан байқалады. Ағылшындар сонымен қатар қауымдастық рухы бар болғандығымен, жеке құпиялыққа, жеке тұлғалыққа

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

ерекше мән береді. Адамдар көбінесе өздерінің жеке тәуелсіздігін және жеке таңдау жасау құқығын бағалайды. Сонымен қатар ағылшын ұлты басқа ұлттың мәдение ерекшеліктерін құрметтей отыра, жеке шекараға деген өзіндік көзқарасты қатаң ұстанады.

Ал қазақ халқының ерекшеленіп тұратын мінезінің бірі – қонақжайлық, ежелден бері сүйекке сіңіп кеткен мінез десек те болады. Қай тарихтың бетін ашып қарасаң да, қазақ қонағына қонақ асын бермей жібермеген. Ал ағылшын менталитетінде шақырусыз қонаққа бармайды. Бара қалған күннің өзінде қонақтап кеш қалмайды. Оны ағылшындардың мақалындағы *The best fish smell when they are three days off* деген мақалдың мағынасы қазақтың *Қонақ бір күн қонса -құт, екі күн қонса – жұт* деген мақалымен тұспа-тұс келеді.

Қазақтың өмірін көшпелі өмір салтынан туындаған табиғатпен де ұштастырып жатады. Бұл байланыс қазақтың ән-күйінен, өнерінен, тұрмыс-тіршілігінен, жерге, тіпті малға деген құрметінен көрінеді. Қазақ үшін отбасындағы үлкенді сыйлау, отбасылық борыш негізгі құндылықтардың бірі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ұлттық мінез феномені жеке тұлғаның да, жалпы қоғам өмірінің барлық салаларына да өз әсерін тигізеді. Ұлттық мінез халықтың тұрмыс-тіршілігіне, географиялық орны мен ұлттық менталитетіне, салт-дәстүріне негізделеді. Яғни кез келген ұлтқа тән ұлттық мінез атауларының пайда болуы осы факторларды сөзсіз қамтиды. Қазақ және ағылшын халықтарының мінез-құлықтарындағы ерекшеліктердің сол тілдегі нақыл сөздер, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде көрініс табуы және оның түпкі мән-мағынасы сол ұлттың мәдениетімен астасып жатыр. Ерте кезден-ақ пайда болған ұлттық таным мен қалыптасқан дәстүр, дүниетаным әр халыққа тән мінез көрінісінен сыр шертеді. Зерттеу жұмысында қос халыққа тән мінез-құлық ерекшеліктері мен атаулардың пайда болу негізі, қолданысы дәлелді тұжырымдалды. Сол ұлттың жеке адамына, қоғамына, күллі халқына тән мінез ерекшелігі оның орналасқан орны, ұстанымы, өзара қарым-қатынасы, көзқарастары, әлеуметтік жағдайы мен ортаның өзгеруіне сай алмасып отыруы қалыпты екені анықталды. Және сол мінез-құлықтың халықпен бірге жасайтынына көз жеткіздік. Мінезді сипаттайтын нақыл сөздердің, мақал-мәтелдердің, жалпы атаулардың жасалуы, пайда болуы ұлттың мәдени аспектісінен жігі ажырамайтын заңды құбылыс. Соның негізінде қазақ және ағылшын халықтарының өмір сүрудегі, бала тәрбиесіндегі, әйел мен ер адамға тән мінез-құлқындағы, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынастағы басты ұстанымдарын мінезді сипаттайтын мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер негізінде жіктедік. Әр ұлтқа тән мұндай мінез ерекшеліктерін тану және талдау сол халықпен жете танысу ғана емес, сол атаулардың жасалу жолын зерттеу барысында тілдік ерекшеліктер мен лингвомәдениеттанымдық ұстанымдарын да анықтауға жол ашады. Бұл – ұлттық тіл білімі саласы үшін аса маңызды болмақ. Әрбір мінездік атаудың мәнін анықтау – ұлттың өткені мен бүгінінен хабар береді. Демек біздің зерттеу жұмысымыз екі ұлтқа тән мінез

ерекшеліктерін анықтаумен қатар, ұлттық ерекшелік пен таным, салт-сана, ұлттық мінез атауларының жасалуындағы мәдени алғышарттарды да анықтап берді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Б. Халым материалдарды жинақтап, жұмыстың мазмұнын, негізгі бөлімін жазып және мақаланы рәсімдеумен айналысты. **Р.К. Садыкова** негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына (түзетулер енгізіп отырды. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады. Зерттеу жұмысының бірегейлігі мен мәліметтердің нақтылығы өзара талқыланып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Бердяев Н.И. Мир объектов. Опыт философии одиночества и общения. – Москва, 1987. – 267 с.

2. Г.Рысбекқызы. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық атаулар-мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру құралы // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2023. - №3 (144). – Б.120-135. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-144-3-120-135

3. Салғараұлы Қ. Ойлан, қазақ! – Астана: Фолиант, 2009. – 184 б.

4. Алтынсарин Ы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Қаз.ССР ҒА, 1955. – 413 б.

5. Аймауытов һәм Әуезов. Қазақтың өзгеше мінездері // «Алаш» газеті. № 16. -1917. – 30 наурыз.

6. Ыбырайұлы М. Халықтық мінез хақында // Абай журналы. – 1996. –№ 3. –Б. 96–103

7. Mandler P. The English National Character: The History of an Idea from Edmund Burke to Tony Blair. – New Haven: Yale University Press, 2006. – 212 p.

8. Eric G. Zuelow. Review of Mandler, Peter. The English National Character: The History of an Idea from Edmund Burke to Tony Blair. – H-Albion, H-Net Reviews, 2008. – 155 p.

9. Темирбеков С. Об одной фундаментальной ценности: национальный характер // Мысль, 1999. – №7. – С. 24-27.

10. Лихачев Д.С. О национальном характере русских // Вопросы философии. –№4. - 1990 – с. 3-10.

11. Айткулова Г.А., Ислам Д.А. Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концепті // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 140–151. DOI: https://doi.org/10.47526/2024-2/2664- 0686.50

12. Абайдың қара сөздері [Электронды ресурс]. URL: http://dev-s.balatili.kz/uploads/books/b32fe1e904fc0600c89dd4c9b0c3670f/Абайдың%20қара%20сөздері.pdf (қаралған күні 06.09.2024).

13. Tusser Th., Mavor W. Five Hundred Points of Good Husbandry. Together with a Book of Huswifery. – London, 2013. – 315 p.

14. Kalibekuly, Zhanar Esenalieva. English idioms describing a person's character! // Xlinguae. – 2018. – Volume 11, Issue 3. – Pp. 166-175. DOI: http://dx.doi.org/10.18355/XL.2018.11.03.16

15. Lavan N. How do we describe other people from voices and faces? // Cognition. – 2023. – Volume 230. DOI: https://doi.org/10.1016/j.cognition.2022.105253

Б. Халым*[1], Р.К. Садықова[2]
[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]ALT Университет имени М. Тынышпаева, Алматы, Казахстан

Специфика национального характера казахского и английского народов

Аннотация. В исследовании в соответствии с темой статьи описывается национальный характер казахского и английского народов. Цель работы – выявить особенности проявления национального характера в двух языках на основе пословиц и поговорок или фразеологизмов, характерных для каждого народа. Исследовательская работа направлена на выявление особенностей национального характера казахского и английского народа в соответствии с данной тематикой на основе пословиц и поговорок, характерных для каждой нации. В ходе исследования будут даны конкретные примеры из пословиц и поговорок, характерных для казахского и английского народа, раскрываются их смысл. Принимаются во внимание выводы отечественных и зарубежных исследователей, проводивших исследования на эту тему. Характеризуются различные черты характера, соответствующие традиционной психологии и мировоззрению двух народов. Формулируются их взаимные различия и сходства. В целях изучения приемов описания национального характера в лексико-фразеологических выражениях и пословицах используются способы рассуждений, анализа, сравнения. На основе семантического анализа определяются поведенческие особенности двух наций по среде обитания, обычаям и традициям, характеру общественных познаний и взаимоотношений между людьми. В исследовательской работе рассматриваются особенности характера, общие не только для отдельных лиц двух национальностей, но и для семьи, общества. С целью выявления пословиц и поговорок, отражающих специфику характера поведения, присущего обеим народам используется интернет-ресурс https://melodict.com и словарь Oxford Dictionary of English idioms, обобщаются точные примеры.

Ключевые слова: национальный характер, национальная культура, национальное сознание, этнокультура, казахский народ, английский народ, специфика.

B. Khalym*[1], R.K. Sadykova[2]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]ALT University named after Mukhamedzhan Tynyshpaev, Almaty, Kazakhstan

Specifics of the national character of Kazakh and English peoples

Abstract. The study describes the national character of the Kazakh and English peoples. The purpose of the work is to identify the features of manifestation of national character in two languages based on proverbs and sayings or phrases which are typical for each nation. During the research, specific examples from proverbs and sayings characteristic of the Kazakh and English people will be given, and their meaning is revealed. The conclusions of domestic and foreign researchers who have conducted research on this topic are considered. Various character traits corresponding to the traditional psychology and worldview

of the two peoples are characterized. Their mutual differences and similarities are formulated. To study the methods of describing the national character in lexical-phraseological expressions and proverbs, the methods of reasoning, analysis, comparison are used. Based on semantic analysis, behavioural features of two nations are determined in terms of habitat, customs and traditions, the nature of social knowledge and relationships between people. The essence of the concepts of national culture and national character is differentiated and determined by objective character. To identify proverbs and sayings reflecting the specific character of behaviour inherent in both nations, the Internet resource https://melodict.com and the Oxford Dictionary of English idioms are used, and exact examples are summarized.

Keywords: national character, national culture, national consciousness, ethno-culture, Kazakh people, English people, specificity.

References

1. Berdjaev N.I. Mir objektov. Opyt filosofii odinochestva i obshhenija [Experience of philosophy for loneliness and communication] (Moscow, 1987, 267 p.) [in Russian]

2. Rysbekkyzy G. Kinship terms in Kazak and English languages as a tool to form intercultural competence. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Hilology series, 3(144), 120-135 (2023). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-144-3-120-135 [in Kazakh]

3. Salgarauly Q. Oilan, Kazak [Think, Kazakh] (Foliant, Astana, 2009, 184p.) [in Kazakh]

4. Altynsarin Y. Shygarmalar jinagy [A collection of works] (Qaz.SSR GA, Almaty, 1955, 413 p.) [in Kazakh].

5. Aimauytov ham Auezov. Kazaktyn ozgeshe minezderi [Different Kazakh characters]. Alash, 16, 30 March, 3 (1917) [in Kazakh]

6. Ybyraiuly M. Halyqtyq minez haqynda [About folk character]. Abai, 3. 96–103 (1996) [in Kazakh].

7. Mandler P. The English National Character: The History of an Idea from Edmund Burke to Tony Blair New Haven: Yale University Press, 2006 12

8. Eric G. Zuelow. Review of Mandler, Peter. The English National Character: The History of an Idea from Edmund Burke to Tony Blair (H-Albion, H-Net Reviews, 2008, 155 p.)

9. Lihachev D.C. O natsionalnom hapaktepe pucckih [Everyone's paths to wisdom]. Voppocy filocofii, 4, 3-10 (1990)

10. Temirbekov S.T. Ob odnoj fundamental'noj tsennosti: natsionalny harakter [On one fundamental value]. Mysl, 7, 24–26 (1999) [in Russian]

11. Aitkulova G.A., Islam D.A. The Concept of «Diligence» in Kazakh Linguistic and Cultural Knowledge. Bulletin of Yassawi University, 2 (132), 140–151 (2024). DOI: https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50 [in Kazakh]

12. Abaidyn kara sozderı [Abay's words of exhortation] [Electronic resource]. – Available at: http://dev-s.balatili.kz/uploads/books/b32fe1e904fc0600c89dd4c9b0c3670f/Абайдың%20қара%20сөздері.pdf (accessed: 06.09.2024) [in Kazakh]

13. Tusser Th., Mavor W. Five Hundred Points of Good Husbandry. Together with a Book of Huswifery (London, 2013, 355 p.)

16.Kalibekuly D., Esenalieva Zh. English idioms describing a person's character! XLinguae, 11(3), 166-175 (2018). DOI: http://dx.doi.org/10.18355/XL.2018.11.03.16

14. Lavan N. How do we describe other people from voices and faces? Cognition, 230, 2023. DOI: https://doi.org/10.1016/j.cognition.2022.105253.

Авторлар туралы мәлімет:

Халым Бота **–** хат-хабар үшін автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: bota-@mail.ru, ORCID: 000-0001-9380-9041.

Садықова Роза Каримовна **–** филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Мұхамеджан Тынышпаев атындағы ALT университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: roza.sadikova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9695-0945.

Халым Бота **–** автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: bota-@mail.ru, ORCID: 000-0001-9380-9041.

Садыкова Роза Каримовна **–** кандидат филологических наук, ассистент профессор, ALT Университет имени Мухамеджана Тынышпаева, Алматы, Казахстан. E-mail: roza.sadikova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9695-0945.

Khalym Bota **–** corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bota-@mail.ru, ORCID: 000-0001-9380-9041.

Sadykova Roza Karimovna **–** Candidate of Philology, Assistant Professor, ALT University named after Mukhamedzhan Tynyshpaev, Almaty, Kazakhstan. E-mail: roza.sadikova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9695-0945.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.01.011
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-172-185

Корпустың құрылымдық сипаты және қызметі

С.С. Шоқабаева*[1], Ф.Ж. Серікжан[2]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[2]Қарағанды облыстық білім басқармасының "Дарын" мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: [1]shokabaeva@yandex.kz, [2]farida.serikzhan@mail.ru)*

Аңдатпа. Тілді модельдеудің бір бағыты – компьютерлік аударма ісі бойынша зерттеулер жүргізу қазір аса маңызды және уақыт талабы болып отыр. Зерттеудің мақсаты – корпус, параллель корпус, олардың мақсаты мен қызметі, құрылым ерекшеліктері жайында мәлімет беру, корпустардың машиналық аударма ісіндегі қызметін талдау. Негізгі бағыттары – корпус түзудің негізгі талаптарына, жалпы құрылымына ақпараттық шолу жасау. Негізгі идеясы – машиналық аударма ісінде компьютерлік лингвистика әлеуетін ұтымды пайдалану жолдарын ұсыну. Корпус құрылымы, жұмыс істеу алгоритмі, қызметі бойынша берілген мәліметтер машиналық аударма саласында жүргізілетін әртүрлі көлемдегі зерттеулерге сай теориялық әрі тәжірибелік негіз бола алады. Зерттеу әдістемелері: теориялық талдау, жинақтау, сауалнама. Зерттеудің негізгі нәтижелері, талдаулары, қорытындылары: сауалнама нәтижесінен бақылағанымыз: Қазақ тілінің ұлттық корпусының сан алуан мүмкіндіктеріне сұраныс көп. Корпустың міндеттері мен мүмкіндіктері әлдеқайда күшті екені белгілі. Дәлірек айтқанда, машиналық аударма ісінде негізгі құрал болуы керек екенін айрықша атаған орынды деп есептейміз. Өйткені бүгінде Қазақ тілінің ұлттық корпусында тек мәтінді өңдеудің бірнеше түрі ғана іс жүзінде қолданылады. Осының өзінде техникалық әрі базалық ақау аз емес. Ал машиналық аударманы жетілдіру үшін корпустың ішінде параллель корпустар құрылуы қажет.

Жүзеге асырылған зерттеудің мәні Қазақ тілінің ұлттық корпусының дамуына үлес қосады. Жұмыс нәтижесінің практикалық мәні: Корпус қызметі, жұмыс істеу алгоритмі, құрылымы бойынша алынған нәтижелер кейінгі зерттеушілерге тәжірибелік жұмыстар жүргізу кезінде жетекші нұсқаулық қызметін атқара алады.

Түйін сөздер: компьютерлік лингвистика, корпус, корпустың құрамы, ұлттық корпус, корпус құрастыру, лексикографиялық зерттеулер.

Түсті: 26.11.2024; Жөнделді: 05.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Корпус – компьютерлік лингвистика саласының аса маңызды бір құралы. Бұл мәселені дәстүрлі картотека қорын жасау мен оны қолдану әрекетінің жалғасы деуге де болады. Өткен ғасырда компьютер жадына картотекалар енгізіліп, соған сәйкес электрондық қорға айналып, қолданушылардың пайдалануына мүмкіндік берілді. Десек те, кейін лингвистикалық зерттеулерге қажет мәліметтерді жинақтауға, сақтауға байланысты компьютерлік технологияны пайдаланудың жаңа тәсілдеріне қажеттілік туды.

Компьютер жадына енгізілген мәтіндерді алғашқы корпусқа жинауды тілшілер 1960 жылы бастаған. Корпустық лингвистика АҚШ-та 1963 жылы У.Фрэнсистің жетекшілігімен құрылған Браун корпусынан басталады.

Браун университетінде қазіргі ағылшын тілінің американдық нұсқасының Браун корпусының компьютерлік нұсқасы бар. Бас кезінде корпуста бір миллион сөзқолданыс болған, оған әрбіреуі екі мың сөзқолданысқа тең, морфологиялық белгіленімдермен жабдықталған 500 мәтін енгізілген. Осы корпусқа енгізілген мәтіндер алғаш 1961 жылы шыққан ағылшын тілінің әдеби нұсқасына жатады. Браун корпусының индекстелген, яғни аннотацияланған нұсқасы 1980 жылы шықты. Онда сөзформалар лемматизацияланып, синтаксистік қызметтері белгіленеді, т.б.

Корпустың авторлары У. Фрэнсис пен Г. Кучера кейін алғаш рет корпусты статистикалық өңдеуден өткен жиілікті, әліпбилі-жиілікті сөздіктер және әртүрлі статистикалық үлестірімдер, т.б. материалдармен толықтырады. Авторлар корпусты құрастыруда бес арнайы принциптер мен критерийлерді ұстанған [1, 16].

Алғашқы Браун корпусын жасау жазба ағылшын тілінің әр жанрын жеке, жүйелі әрі салыстыра зерттеуді, саралауды іске асыруды мақсат етті. Браундық корпустың құрастырылуы көпшіліктің қызығушылығымен бірге түрлі пікірталас тудырды. Мұндай пікірталастар, ең алдымен, корпуста шешілетін мәселелерге, мәтінді іріктеу принциптеріне байланысты болды. Оның статистикалық әдістердің негізінде құрылып, қолданылуы корпус авторының кәсіби тұрғыдағы интуициясына негізделді. Осындай қиын процестің мүмкіндігінше объективті болуы үшін неғұрлым формалданған, тексеру мен бақылауға барынша айқындылық, нақтылықты қамтамасыз ету керек болды.

Кейін Браундық корпус осындай корпустар құрастыруға қатысты, соған арналған зерттеулердің кең тараған үлгісіне, нысанына, стандартына айналды деуге негіз бар. Зерттеуші ғалымдар арасында көптеген лингвистикалық зерттеулерді сапалы жүргізу үшін тек көлемді тілдік материалдар негізінде жұмыс істеу керек екені қабылдана бастады. Бұның барлығы мәтіндерді корпус түрінде ұйымдастыру ережелерін, оларды талдау әдіснамасын зерттейтін бағыттың пайда болуына алғышарт болып, осы салаға ғалымдардың қызығушылығын арттырып, тың идеялар ұсынуға, жаңалық ашуға одан әрі жол ашты.

Әдебиеттерге шолу

Корпустың өзіндік даму жолы бар. "...1961 жылы алғаш рет мәтіндер корпусын еуропалық зерттеушілер Ұлыбританияда құрастырды. Браундық корпус сияқты бұл

корпус та 1 млн. сөзқолданыстан тұратын ағылшын тілінің британдық жобасын ұсынды. Оның ішінде 2000 сөзқолданыстан тұратын 500 мәтінді 15 жанрдан іріктеп алған. Бұл корпус Ланкастер-Осло-Берген (The Lancaster-Oslo-Bergen Corpus, британдық және екі норвеждік университеттер немесе қысқаша LOB) корпусы деген атауға ие. Браундық корпус сияқты теңгерімделген корпустар зерттеушілер үшін тілдік талдау мен зерттеулер жасау үшін аса маңызды құрал саналады. Lancaster/Oslo-Bergen Corpus-тың, яғни Ұлыбританияда құрастырылған корпус құрамында синтаксистік белгіленіммен жабдықталған екі кішігірім корпус бар: Leeds-Lancaster Treebank және Lancaster Parsed Corpus" [1].

Демек, алғашқы екі ірі корпустар – ол жазба тілінің американдық және британдық нұсқаларының ағылшын тіліне арналған корпустар. Екі корпус та қазіргі уақытта да маңызды, өйткені бұл екі корпус негізінде ағылшын тіліндегі көптеген сапалы зерттеулер жасалған.

Неміс-ағылшын машиналық аударма жүйесі жобасы бойынша жасалған LIMAS-корпусының жобасын әзірлеуге Браун корпусының пайда болуы себеп болды.

Лингвистика тарихында аса көлемді француздық жобалардың бірі «Француз тілінің қазынасы» еңбегі болды. Ол 90 млн. сөзқолданыстан тұратын мәтіндер корпусын қамтыды. 1963 жылы жобаны әзірлеу басталды. 1968 жылы негізгі материалды енгізу аяқталды. Оның қорына XIX-XX ғасырлардағы мәтіндер енгізілді. XIX-XX ғасырлардағы француз тілінің 80 мың лексикалық бірліктен тұратын 15 томдық сөздігін жасауда осы корпус пайдаланылған [1, 24].

Бұл корпустарды жасағаннан кейінгі өткен бірнеше онжылдықтан кейін компьютерлер арзандап, әлеуеті де бұрынғыдан артып, бағасы да арзан әрі сенімді сканерлер мәтіндерді компьютерде теру қажет болмайтындай етті. Осылайша, жаңа техниканың арқасында корпустарды құрастыру үдерісі де жеңілдеді. Қазіргі корпустар соның нәтижесінде миллиардтаған сөзқолданысты қамтиды.

Тілде барынша жиі кездесетін вариациялық және өзгермелі құбылыстарды зерттеуде корпус көлемінің пайдасы зор. Ол мына бағыттар бойынша сенімді нәтижелер алуға мүмкіндік береді:

1. есім, етістіктердің, т.б. морфологиялық нұсқаларын, олардың эволюциясын зерттеу;

2. сөзжасамдық нұсқаларды, оларға қатысты паронимдердің, сөзжасамдық үлгілердің өнімділігін, құралдарын зерттеу;

3. қабысу, меңгеру варианттарының өзгеріске ұшырауын зерттеу;

4. орыс тілінің акцентологиялық нұсқалары мен акценттік жүйедегі өзгерістерін зерттеу;

5. лексикалық жарыспалықты, мәселен, синонимдік қатарлардың және тақырыптық топтардың құрамдарын, сондай-ақ олардағы семантикалық арақатынастарды зерттеу.

Корпус ұғымының анықтамасына тоқталсақ, «корпус» дегеніміз – компьютер жадына енгізілген, лексикалық, грамматикалық бірліктері қамтылған мәтіндер жиынтығы. Ғалым А.Қ. Жұбанов пен А.Ә.Жаңабековаңың «Компьютерлік лингвистика» еңбегінде «әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын мәтіндер жинағы» деген

анықтама берілген [1, 14]. Осы еңбектегі енді бір анықтама мынадай: «мәтіндер корпусы дегеніміз – нақты тілдік мәселелердің шешімін табуға арналған аса үлкен көлемдегі машина, яғни компьютер оқи алатындай түрде көрініс табатын, бірыңғайланған, құрылымдалған, белгіленген (арнайы шартты белгілер қойылған), филологиялық тұрғыда компетентті саналатын тілдік деректер ауқымы» [1, 15].

Шетелдік ғалым Э.Финеган «корпус» ұғымына мынадай анықтама берген: «Корпус – машина (компьютер) оқи алатын форматта және мәтін туралы ақпарат берілген, яғни айтушы, автор, адресат (тыңдаушы) немесе дәрісхана (тыңдаушылар) жайлы ақпараттар қамтылатын мәтіндердің репрезентатты (көлемді) жиыны» [2]. Ғалым Т. Мак Энери мен Э. Вилсон ұсынған анықтама мынадай: «Корпус – ол тілдік модель ретінде қолданылатын нақты тілдік критерийлерге сәйкес келетіндей таңдалып алынған тілдік фрагменттердің жиынтығы» [3]. Зерттеуші ғалым В.В. Рыков «олар мәтіндерді құрастыру ережелері, мәтіндерді талдаудың алгоритмі мен бағдарламасы және осымен түйіндес идеология мен әдіснамалар арқылы жүзеге асады», – деп сипаттайды [4]. Ғалым В.П. Захаров «Корпусная лингвистика» оқу құралында корпус ұғымын тар мағынада түсіндіреді: «Под названием лингвистический, или языковой, корпус текстов понимается большой, представленный в электронном виде, унифицированный, структурированный, размечанный, филологический компетентный массив языковых данных, предназначенный для решения конкретных лингвистических задач» [5].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардан корпустың қандай да бір мәтіндердің емес, белгілі мақсатта жинақталған, арнайы талаптарға сай сұрыпталған мәтіндер жиынтығы екенін түсінеміз. М. Стабстың еңбегінде корпусқа тән бірнеше талап аталған:

1. корпус – кез келген мәтіндердің жиыны емес, компьютерге енгізілген, компьютерде өңделетін мәтіндер;

2. корпусқа ауызша мәтіндер де енгізіледі, яғни диалогтар;

3. корпусқа енгізілетін мәтін жайлы толық ақпарат болуы тиіс: авторы, шыққан жылы, жанры және т.б. [6, 138].

Белгілі бір принциптерге сәйкес құрастырылған мәтіндер жиынтығы – корпус. Ол принциптер лингвистикалық сипатта да, экстралингвистикалық сипатта да болуы ықтимал. Корпус қандай да бір тілдің бір немесе бірнеше түрлерімен, белгілі бір уақыт аралығымен немесе осы параметрлердің комбинациясымен, мәтіндердің белгілі бір түрлерімен шектелуі мүмкін.

Корпустың құрамы жайындағы мәлімет, әдетте, зерттеушіге оның интерфейсі арқылы қолжетімді болады. Демек, корпус – әр тілдегі электронды қалыпқа келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттардан тұратын мәтіндер жинағы. Мәтіндер корпусының негізін мәліметтер корпусы құрайды. Феномендері тілдік сипаттауды қажет ететін, қандай да бір ережелерге сай құрастырылған, тілдік жүйеде жүзеге асатын деректер жинағын мәліметтер корпусы дейміз. Ол бірөлшемді (тілдік) ғана болады.

Мәтіндер корпусы – бірліктері есебінде мәтіндер немесе олардың көлемді үзінділерін қамтитын мәліметтер корпусының көрінісі [1].

Корпус (лат. corpus – «body») саны жағынан бір жиыннан асатын кез келген мәтіндер жиынтығынан құралады.

Келтірілген анықтамаларды негізге ала отырып, қазіргі мәтіндер корпусының негізгі белгілері деп мыналарды атауға болады:

1) машина, яғни компьютер оқи алатын форматта болуы;

2) ерекше іріктеу әрекетінің нәтижесі ретіндегі репрезентаттық, яғни көлемділік сипаты;

3) металингвистикалық ақпараттың ұсынылуы.

Корпустарды жасап, оны пайдалану үшін бірнеше алғышарттар қажет:

1) аса ірі корпус (репрезентативтілік) мәліметтердің типтілігіне кепілдік береді әрі тілдік құбылыстардың кез келген саласы жайлы жан-жақты, терең, толық ақпаратпен қамтамасыз етеді;

2) корпустарда түрлі деректер типтері табиғи мәнмәтіндік түрінде сақталатындықтан, олар объективті, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді;

3) бір-ақ рет жасалған деректер жиынын әртүрлі зерттеушілер түрлі мақсатта, қолайлы уақытта бірнеше рет пайдалануларына болады. Корпустарды түрлі анықтамалар мен статистикалық мәліметтер алуға, тілдің лексикалық құрамының уақыт өте келе өзгерісу динамикасын зерттеуге мүмкіндік береді, көпаспектілі лексикографиялық жұмыстар жасау кезінде дереккөз ретінде де, сөздіктерді әзірлеуде де зор қызмет атқарады. Оның мәліметтерін грамматикалық жүйелер құрастыруда, тілді оқыту үшін, машиналық аударма жасауда қолдануға болады.

Негізінен қолданбалы бағытта жүзеге асырылатындықтан, корпус құрастыру жұмысы бір уақытта екі бағытта қатар жүргізіледі. Бірінші бағытта қазақ тілінде жарық көрген алғашқы қазақ газеттерінен бастап, соңғы кездері жарық көріп жатқан газеттер жинақталып, электронды пішінге келтіріліп, компьютер жадына салынады. Жинақталған газет мәтіндерінің атауы, мақала авторы, шыққан жылы, орны, стилі, т.б. сипаттары бойынша метабелгіленімдер әзірленіп, автоматты іздеу бағдарламасына сәйкестендіріліп, корпусқа енгізіледі. Осындай метабелгіленімдер арқылы зерттеуші өзіне қажетті газет мәтіндерін қол жұмысы арқылы газет нөмірлерін ақтарып жатпай-ақ, бір мезетте тауып алатын болады. Екінші бағыттағы жұмыс – газет мәтіндер корпусына салынатын лингвистикалық белгіленімдерді әзірлеу. Автоматты түрде лингвистикалық сипаттама жасалатын бағдарламалар салынған мұндай корпустар әсіресе, газет мәтіндерін, БАҚ тілін зерттейтін зерттеушілер үшін өте құнды материал болады. Мұндай газет мәтіндерінің Резюмеленген корпустары жасалатын болса, алғашқы газеттерден бастап қазірге дейінгі газет тіліндегі әртүрлі тілдік өзгерістер, тілдің тарихи даму үрдістері, терминдердің қолданысы, әртүрлі сөзжасамдық, терминжасамдық үдерістер – бәрі-бәрі компьютерде көз алдымызда көрініп тұратын болады. Сонымен қатар сан алуан лингвистикалық ақпараттарды іздеу бағдарламасы арқылы тез әрі оңай тауып алуға болады. Нақты нәтиже – метабелгіленімдер мен лингвистикалық белгіленімдер енгізілген автоматты компьютерлік бағдарламамен жұмыс істейтін қазақ газет мәтіндерінің электронды жинағы (корпусы) болып табылады [7, 127].

Өз қызметін толық атқару үшін корпус мынадай бірнеше талаптарға сай болуы тиіс:

– релевантты құбылыстардың толық ескерілуі;

– корпустың үнемділік қасиеті, яғни пәндік аяны зерттейтін маманның іс-әрекетін үнемдеуі;

– тілдік материалдарды құрылымдау жолының пайдаланушы үшін де аса маңыздылығы;

– корпус деректерін өңдеуге қажетті компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілуі: статистикалық талдау, конкорданс құрастыру, сөздікті автоматты өңдеу – толық және ішінара сөзтізбелер алу: әліпбилі, жиілікті сөздіктер алу, лемматизациялау әрекеттері.

Мәтіндер корпусын қолдану аясы алуан түрлі болуына байланысты ғалым А.Жұбанов пен А.Жаңабекованың еңбегінде олар лингвистикалық, филологиялық және педагогикалық деген үш салаға жіктелген. Осындай топтарға жататын пәндер: лексикография, грамматика, лингводидактика, мәтін лингвистикасы, типология, контрастивтік лингвистика, аударма жасаудың теориясы мен прак¬¬¬тикасы, әдебиеттану ғылымы.

Әдіснама

Зерттеу барысында алғашқы кезеңде тақырыпқа қатысты теориялық мәліметтер жинақталып, талданды, сараланды, сондай-ақ қолданылатын әдіс-тәсілдер анықталды. Екінші кезеңде қазақ тілінің ұлттық корпусының бүгінгі мүмкіндіктерін бағалау мақсатында сауалнамаға қатысушылар таңдалып, жоо білім алушыларына (28 адамға) сауалнама жүргізілді. Бұл қазақ тілінің ұлттық корпусының бүгінгі мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеудің соңғы кезеңінде сауалнама нәтижелері талданып, қорытынды жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта корпустық лингвистиканың қолданылу өрісі бұрынғыдан да кеңейген. Бейнелейтін аясына қарай, корпустағы сақталатын ақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әртүрлі негізде топтастыру мен құрастыру, т.б. принциптерді ұстаным етуіне қарай корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін түрліше ұғуға болады. Пәндік саланың белгілі бір жиынтығы – корпуста сақталатын бірлік. Мәселен, оларға сөз, сөзформа, сөз тіркесі, сөйлем немесе толық мәтіндер жиынтығы жатады. Корпустағы деректер құрылымданған және құрылымданбаған пішімдерде сақталуы мүмкін. Біріншіден, яғни құрылымданған пішім жағдайында арнайы шартты белгілермен белгіленген мәтін туралы сөз болады. Ол белгілер семантикалық, морфологиялық, синтаксистік болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінің ұлттық корпусында да сөздердің сөзжасамдық құрамы, морфологиялық құрылымы, лексика-семантикалық сипаты мен синтаксистік құрылымына қатысты біршама ақпарат енгізілген.

Тіліміздің ұлттық корпусында белгіленімнің бес түрі бар: фонетика-фонологиялық, лексикалық, семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық.

Фонетика-фонологиялық белгіленім сөздегі әрбір фонеманың (тіл дыбысының) жасалым (артикуляциялық), айтылым (акустикалық) белгілерін көрсетеді.

Лексикалық белгіленім корпустан ізделген сөздің сөздікте тіркелген барлық мағынасын көрсетеді. Егер ізделген сөз омоним болса, басқа да мағыналары бірге беріледі.

Семантикалық белгіленім ізделген сөздің қандай мағыналық топқа жататынын көрсетеді.

Сөзжасамдық белгіленім ізделген сөздің жасалу жолын көрсетіп, сөздің түбірі мен жұрнағын ажыратады.

Морфологиялық белгіленім ізделген сөздің сөз табын анықтап, жұрнақ, жалғаудың түрлерін ажыратып береді. Жұрнақ, жалғау, сөз табының атаулары корпуста шартты белгілермен қысқартылып берілген. Іздеген сөз корпустан табылмаған жағдайда табылмады, белгісіз деген мағынаны білдіретін «Unknown» жазуы шығады.

Қазақ тіліндегі сөздердің сөз таптарына қатысын көрсету оңай емес. Корпус құрастыру барысында, морфологиялық белгіленімдер енгізуде компьютерлік бағдарламаға реестр сөздер тізімі салынады. Ең бірінші грамматикалық белгісі – олардың сөз табына қатысын көрсету. Реестр сөздер түсіндірме сөздіктерден алынғанымен, олардың ішінде де кейбір сөздердің сөз табын қоюда даулы мәселелер көп. Мысалы, бар, жоқ сөздерін қай сөз табына жатқызамыз? Олар бір кездері жиілік сөздіктерде әртарап сөздер деп те берілген. Бұған қоса реестрде сөз табын қою қиындық тудырған сөздер көбінесе үстеу ретінде көрсетіле берген. Тілдік корпустарға автоматты түрде морфологиялық талдау жасайтын бағдарламалар енгізу түсіндірме сөздіктер реестрін пайдаланып қана қоймай, түсіндірме сөздіктерді жаңа сөздермен толықтырады. Миллиондаған сөзқолданыстан тұратын ірі массивті материалдар болғандықтан, оның ішінен сөздікте берілмеген сөздерді тауып алуға болады және ол сөздер иллюстративтік материалымен (мысалмен) қоса алынады. Демек, тілдік корпустар әртүрлі түсіндірме сөздіктер жасаудың бірден-бір материалдық құралы қызметін атқара алады. Сондай-ақ түсіндірме сөздіктерде сөздердің барлық мағыналары қамтыла бермейді. Тілде қолданыста болғанымен, жадта сақталмайды, яғни сөздікшінің ойына келмеуі мүмкін. Корпус материалдары бір сөздің қолданыстағы қаншама контекстерін көрсететіндіктен, бұрын сөздікте көрсетілмеген мағыналық реңкі беретін мысалдарды да шығара алады. Бұл мысалдармен сөздіктің мағыналық парадигмасын байытады.

Метабелгіленім ізделген сөздің қандай мәтіннен алынғанын, мәтіннің авторын, тақырыбын, дереккөзін, жарияланған мерзімін, таралу типін, стилін, т.б. жан-жақты ақпарат береді.

Ғалым А.Қ. Жұбанов пен А.Ә. Жаңабекованың зерттеуінше, “тіліміздің ұлттық корпус материалдары мынадай нәтижелерді алуға мүмкіндік береді:

– тілдің лексика, грамматика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мол тілдік материалдық қызмет;

– тілдің бірнеше кезеңдік тарихына байланысты мәліметтер бере алуы: тілдік бірліктердің белгілі бір кезеңге қатысты жиілігі, тілдік қолданысы, семантикалық өрісі, белсенділігі, өзгерісі, даму сатысы, т.б. туралы мәліметтер;

– тіл білімінің барлық салаларына қатысты анықтамалық құрал, яғни дереккөз қызметін атқару мүмкіндігі;

– автоматты түрде жиілік сөздіктер алуға;

– екі тілді (аударма) корпустар негізінде автоматты аударма жасау мүмкіндігі, т.б.

– түсіндірме, екі тілді сөздіктер жасау мүмкіндігі;

– грамматикаларды қайта жазу мүмкіндігі;

– тілді оқытуда немесе тіл үйрену мүмкіндігі, яғни оқу құралдары мен оқу бағдарламаларына негіз болу қызметі, т.б." [1, 302].

Болашақта ғалымдар, зерттеушілер, ізденушілер кез келген ғылыми-зерттеу жұмыстарын тілдік корпус материалдары негізінде жасайтындықтан, жаңа дәуір адамдарына тілдік корпустарды жасаумен бірге оны пайдаланудың лингвистикалық, инженерлік технологиясын меңгеру қажет болады.

"Мәтіндер корпусы" ұғымы мәтіндер мен тілдік деректерді басқару жүйесін қамтиды. Корпусты пайдаланушы мен корпус арасындағы әрекет «корпустық менеджерлер» атты компьютерлік бағдарламалардың көмегімен орындалады.

"Корпустық менеджер – бұл жүйе корпустағы деректерді іздеп-табуға арналған бағдарламалық құралдарды өз қатарына қосумен бірге, статистикалық ақпаратты алуды және пайдаланушыға алынған нәтижелерді ыңғайлы түрде ұсынуды көздейтін мамандандырылған іздестіру жүйесі болып табылады [1, 22].

Мәтіндер корпусындағы қандай да бір сөзді іздеу оның конкордансын жасауға мүмкіндік береді. Ізделген сөздің барлық қолданысын кездесетін мәтін үзінділері қамтылған шығармалар тізімі мен оларға сілтеме берілген мәліметтер конкорданс деп аталады.

Корпустық лингвистиканың пайда болуы тілшілердің тілді зерттеу әдісіне елеулі өзгеріс әкелді. Қазір корпусты пайдаланушылар үшін өте ауқымды мәтіндерден сөз бен сөз тіркестері бойынша мысалдар келтіру, іздеп-табу бірер секундта іске асатын болды. Демек, жаңа ақпаратты қамтыған тілдік сөздіктердің жаңартылған нұсқасын бұрынғыдан гөрі тез арада баспадан шығаруға мүмкіндік пайда болды. Аса көлемді мысалдарды зерделеп жасалған сипаттамалардың да толық, дәл болып, сапасы жоғарылайтыны сөзсіз. Іріктелген мысалдарды мағыналық тобы жағынан да жинақтауға мүмкіндік бар.

Сондай-ақ корпустық деректердің аса көп метамәліметтерден тұратынына қарамастан, жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қайдай стильге, жергілікті тілдік ерекшеліктерне, т.б. тән қолданыстарын топ-топқа бөліп қарастыру да әлдеқайда жеңілдеді. Үнемі дамып, көлемі де өсіп отыратын мониторлық корпустардың сөздік құрылысының сапасын жетілдіруде маңызды зор. Өйткені ол лексикографтарға тілге еніп жатқан жаңа сөздерді немесе жаңа мағынаға ие болып жатқан сөздерді, тіпті олардың стильдік қолданыстарының ерекшеліктерін қадағалауға, лексика саласына қатысты статистикалық сипаттама жасау, сөздердің жиілігін анықтауға да зор мүмкіндік береді. Корпус белгілі бір тірек сөздің бірнеше туыс тілдерде қолданылу мүмкіндігінің, статистикалық үлесін есептеп шығаруда да тиімді. Жеке сөздің ғана емес, олардың тіркесімдік позицияларын жүйеге түсіру мүмкіндігі де бұрынғы дәстүрлі зерттеулерден өзгеше болатыны сөзсіз.

Грамматикалық және лексикографиялық модельдер арасында өзара жүйелі байланыс бар. Мәселен, лексикографиялық зерттеулердің корпустық тәсілдерді қолдану арқылы өзара қатынастағы сөздердің әртүрлі жағдаятта, әртүрлі контекстерде қалай қолдануға болатынын көрсету мүмкіндігі бар болса, дәстүрлі әдістер синонимдік сөздер тобын ғана анықтай алады.

Корпустық тәсілмен зерттеудің лексикографиядағы тиімді тұсы – корпустан берілген сөз қолданылатын контекстер жиынын кең түрде алу мүмкіндігі. Осыдан кейін конкорданстық тізімдердің көмегімен мәнмәтіндерден ізделген сөзді ассоциациялайтын түрлі мағыналарды іріктеп алуға болады.

Ғалым А.Жаңабекованың еңбегінде корпус түрлерін жасап шығу үшін шешілуі тиіс міндеттер мен тілдік корпустарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына пайдаланудың теориялық және практикалық мәселелерін шешу арқылы алынатын нәтижелер атап көрсетілген [7, 128].

Тіліміздің ұлттық корпусындағы мәтіндер әдеби тілдің 5 стилінен (ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем стиль, ісқағаз стилі, сөйлеу стилі) алынған.

Корпустан керек сөзді іздеу кезінде конкорданс, лемматизация, лингвистикалық белгіленімдер енгізу бағдарламасы сияқты компьютерлік бағдарламалар жұмыс істейді.

Ұлттық корпусымыздың бүгінгі мүмкіндіктерін бағалау үшін сауалнама жүргізілді. Нәтижесі мынадай:



Сауалнамаға жалпы 28 адам қатысты.

Жас ерекшелігіне қарай 18-23 жас аралығында қатысқандар саны басым, яғни 68, 7 % болды.

Білім деңгейі бойынша 53, 3 % – магистр дәрежесін алғандар мен магистранттар, қалған топ бакалаврда білім алып жатқандар және аяқтағандар.

«Қазақ тілінің ұлттық корпусы жайлы естуіңіз бар ма?» деген сауалға сауалнамаға қатысушылардың 75 %-ы «иә», 25 %-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Қазақ тілі ұлттық корпусын пайдаланасыздар ма?» деген сауалға жауап бергендердің үлес салмағы тең – 50 %-ды құрады.



Қатысушылардың 12, 5 %-ы ғана «Қазақ тілі ұлттық корпусын аударма жасау үшін пайдаландыңыздар ма?» деген сауалға «иә» деп жауап берген.

«Қазақ тілінің ұлттық корпусының мүмкіндіктері мен бүгінгі сапасын қалай бағалайсыз?» сауалына жауап бергендердің ішінде 18, 7 %-ы жоғары бағаласа, 25 %-ы – төмен, 56, 3 %-ы орташа деп бағалаған.

Сауалнама нәтижесінен мынаны байқаймыз: Ұлттық корпусымыздың түрлі мүмкіндіктері жоғары сұранысқа ие. Алайда, корпусты тек деректер базасы деп түсіну басым. Оның міндеттері мен мүмкіндіктері әлдеқайда мол. Оның ішінде машиналық аударма ісінде басты құрал болуы тиіс екенін ерекше атап өтуге болады. Өйткені Қазақ тілінің ұлттық корпусында қазіргі уақытта мәтінді өңдеудің санаулы түрі ғана жүзеге асырылады. Бұған қоса базалық та, техникалық та ақау көп. Машиналық аударманы жетілдіру үшін корпустың ішінде параллель корпустар құрылуы керек. Өкінішке орай, Қазақ тілінің ұлттық корпусында әзірге ондай мүмкіндік жоқ. Сондықтан бұл мәселе өзекті және оны шешу өте маңызды.

Зерттеу жұмысында жинақтау, талдау, жалпылау, топтастыру сияқты ғылыми, статистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Қорытынды

Қорытындылап айтқанда, корпусты біртұтас кешен деуге болады. Тілдік корпустарды түрлі сөздіктер (жиілік, түсіндірме, аймақтық, фразеологиялық, этнографиялық) құрас-

тыруда, ғылыми грамматикалар жазуда, оқыту жүйесінде және оқулықтар құрастыруда, әдістемелік құралдар жазуда, аударма жұмыстарында, тілдің барлық салаларында, т.б. қолдануға болады. Лингвистикалық корпустар тілдік зерттеулердің барлығын дерлік нақты фактологиялық материалдармен қамтамасыз етеді. Лингвистикалық корпустармен жұмыс жасау ғылыми-зерттеу жұмыстарын автоматтандырып, ғылымды дамытуға аса елеулі үлес қоса алады. Корпус – компьютерлік лингвистика саласының ірі жетістігі, аса сәтті құралы.

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

С.С. Шоқабаева мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты мәселелерді дұрыс зерттеуге және шешуге, мақаланың тұжырымдамасына, рәсімделуіне, мәтін мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарауға, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекітуге, жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапты болуға келісім беруге елеулі үлес қосты. **Ф.Ж. Серікжан** зерттеу нәтижелерін жинау, талдауға, мәтін жазуға, сауалнама жүргізуге елеулі үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 б.

2. Finegan E. Language: its structure and use. – New York: Harcourt Brace College Publishers, 2004. – P. 573.

3. McEnery T., Wilson A. Corpus Linguistics. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 1996. – 209 p.

4. Рыков В.В. Корпус текстов как реализация объектно-ориентированной парадигмы //Труды Международного семинара Диалог-2002. – Москва: Наука, 2002. – С. 12-13.

5. Захаров В.П. Корпусная лингвистика: Учебно-метод. пособие. – Санкт-Петербург, 2005. – 48 с.

6. Stubbs M. Corpus analysis: The state of the art and three types of unanswered questions / G. Thompson & .S Hunston (eds.). System and Corpus. – London: Equinox, 2006. – S. 15-36

7. Жаңабекова А. Тілдік корпустардың ғылыми зерттеу әлеуеті // Тілтаным ғылыми журналы. – 2015. – №2. – Б.110-114

8. Biber D., Reppen R. Benchmarks in language and linguistics, 1, Sage Publications, pp. 23-45, 2012, Lexical Studies. https://u-paris.hal.science/hal-01220026/document

С.С. Шокабаева*[1], Ф.Ж. Серикжан[2]

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

[2]Специализированная школа-лицей-интернат "Дарын" управления образования Карагандинской области, Караганда, Казахстан

Конструктивный характер и функции корпуса

Аннотация. Одно из направлений моделирования языка – проведение исследований по машинному переводу – сегодня приобретает все большее значение и востребованность. Цель исследования – дать представление о корпусе, параллельном корпусе, их назначении и функциях, особенностях строения, проанализировать роль корпусов в деле машинного перевода. Основные направления – информативный обзор основных условий, общей структуры создания корпуса. Идея состоит в том, чтобы предложить способы эффективного использования возможностей компьютерной лингвистики в деле машинного перевода. Данные по структуре корпуса, алгоритму работы, деятельности могут служить качественной теоретической и практической основой для крупных и малых исследовательских работ на тему машинного перевода. Методы исследования: теоретический анализ, обобщение, анкетирование. Основные результаты, анализ, выводы исследования: из итогов анкетирования следует, что востребованы различные возможности Национального корпуса казахского языка. Известно, что у корпуса гораздо больше задач и возможностей. Особо хотелось бы отметить, что машинный перевод должен стать ведущим инструментом в деле. Потому что в Национальном корпусе казахского языка сейчас осуществляется лишь несколько видов обработки текста. В нем много дефектов, как базовых, так и технических. Чтобы внести свой вклад в машинный перевод, внутри корпуса должны быть созданы параллельные корпуса. Значение проведенного исследования вносит вклад в развитие Национального корпуса казахского языка. Практическая значимость результатов работы: данные по структуре корпуса, алгоритму работы, функции могут служить основным руководством для будущих исследователей при выполнении практических работ.

Ключевые слова: компьютерная лингвистика, корпус, состав корпуса, Национальный корпус, сборка корпуса, лексикографические исследования.

S.S. Shokabayeva*[1], F.Zh. Serikzhan[2]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

[2]Specialized boarding school-lyceum "Daryn" of the education department of the Karaganda region, Karaganda, Kazakhstan

The constructive nature and functions of the corpus

Abstract. The study aims to explore the concept of corpora and parallel corpora, their purpose, structural features, and role in machine translation. It provides an overview of corpus creation and proposes ways to leverage computational linguistics effectively for machine translation. Information on corpus structure and operational algorithms serves as a solid theoretical and practical foundation

for research in this field. The research employs methods such as theoretical analysis, generalization, and questionnaires. The main findings indicate a high demand for the National Corpus of the Kazakh Language's capabilities. However, the corpus currently supports only a limited range of text processing functions and has several basic and technical shortcomings. Machine translation should become a key tool in enhancing the corpus's functionality. To advance this, it is essential to develop parallel corpora within the existing framework. The study significantly contributes to the improvement of the National Corpus of the Kazakh Language. Its practical value lies in offering guidance on corpus structure, algorithms, and functionality, which can aid future researchers in conducting practical work on machine translation.

Key words: computational linguistics, corpus, corpus composition, National Corpus, corpus assembly, lexicographic studies.

References

1. Zhubanov A.K., Zhanabekova A.A.Korpustyk lingvistika [Corpus linguistics] (Kazakh Tili, Almaty, 2016, 336 p.) [in Kazakh]

2. Finegan E. Language: its structure and use (Harcourt Brace College Publishers, New York, 2004, 573)

3. McEnery T., Wilson A. Corpus Linguistics (Edinburgh University Press, Edinburgh, 1996, 209 p.)

4. Rykov V.V. Korpus tekstov kak realizacija obiektno-orientirovannoy paradigmy [Text corpus as a realization of object-oriented paradigm], Trudy Mezhdunarodnogo seminara Dialog-2002 [Proceedings of the International Seminar Dialogue-2002], 12-13 (2002) [in Russian]

5. Zaharov V.P. Korpusnaya lingvistika: Uchebno-metod. posobie. [Corpus Linguistics: Teaching aid] (Saint Petersburg, 2005, 48 p.) [in Russian]

6. Stubbs M. Corpus analysis: The state of the art and three types of unanswered questions. In: G. Thompson & .S Hunston (eds.). System and Corpus. – (Equinox, London, 2006, 15-36)

7. Zhanabekova A. Tildik korpustardyk gylymi zertteu aleueti [Scientific research potential of language corpora], Tiltanym, 2, 110-114 (2015) [in Kazakh]

8 Biber D., Reppen R. Benchmarks in language and linguistics. Lexical Studies, 1, Sage Publications, 23-45 (2012). – Available at: https://u-paris.hal.science/hal-01220026/document

Авторлар туралы мәлімет:

Шоқабаева С.С. **–** хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: shokabaeva@yandex.kz, ORCID: 0000-0003-2705-276X.

Серікжан Ф.Ж. **–** педагогика ғылымдарының магистрі, Қарағанды облыстық білім басқармасының "Дарын" мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: farida.serikzhan@mail.ru, ORCID: 0009-0009-1033-9079.

Шокабаева С.С. **–** автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, и.о. доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан. E-mail: shokabaeva@yandex.kz, ORCID: 0000-0003-2705-276X.

Серікжан Ф.Ж. **–** магистр педагогических наук, специализированная школа-лицей-интернат «Дарын» Карагандинского областного управления образования, Караганда, Казахстан. E-mail: farida.serikzhan@mail.ru, ORCID: 0009-0009-1033-9079.

Shokabayeva S.S. – corresponding author, Candidate of Philology, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: shokabaeva@yandex.kz, ORCID: 0000-0003-2705-276X.

Serikzhan F.Zh. **–** Master of Education, Specialized Boarding Lyceum School "Daryn" of the Karaganda Regional Education Department, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: farida.serikzhan@mail.ru, ORCID: 0009-0009-1033-9079.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 17.07.21
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-186-201

Нұрлан Мәукенұлы лирикасындағы ұлттық идея

Б.Б. Келгембаева

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: baha_fil@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада ұлттық идея ұғымының философиялық-әлеуметтік мәні, оның 1980-1990 ж.ж. қазақ поэзиясы мен Нұрлан Мәукенұлының лирикасында бейнеленуі сөз болады. Автордың пікірінше, сөз өнері – ұлттық идеяны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеріп, ұлттық сана-сезімді оятатын қоғамдық сананың ерекше формасы. Осыған орай мақала ұлттық идеяның сөз өнеріндегі көріністерін Н. Мәукенұлы мен Т.Медетбек, Т.Әбдікәкімов, Е.Раушанов сынды замандас ақындар поэзиясының мысалында талдауды мақсат еткен. Зерттеу барысында аталған ақындардың ұлттық идеяны оқырман жүрегіне жеткізу мен ұлттық сананы оятудағы суреткерлік шеберліктері көрсетіледі. Н.Мәукенұлының өткен мен бүгінгінің өзекті мәселелері жайлы философиялық пайымдауларымен қатар, қазақстандық қоғам қайшылықтарын танытудағы ақындық қуатына баға береді. Автор Нұрлан ақынның Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Бұқар, Ақтамберді, Махамбеттің жыр-мұраларында өрілген елдік, ерлік рухын, көркемдік дәстүрлерін тірілткенін нақты мысалдармен дәлелдейді. Сондай-ақ, суреткердің отарлық пен кеңестік тоталитарлық жүйенің ұлттық сана мен болмыс-бітімге тигізген зардаптары мен постколониялық қоғам қайшылықтарының сырын эстетикалық тұрғыдан игеру ерекшеліктеріне әдеби талдаулар жасайды. Зерттеу нәтижесінде Н.Мәукенұлының ұлттық сана-сезімнің тереңінде жатқан ұлттық идеяны тірілтіп, толғай білген нағыз ұлт ақыны екені дәлелденген.

Түйін сөздер: ұлттық идея, ұлттық бірегейлік, азаматтық лирика, поэзия, идеялық-эстетикалық қуат, Нұрлан Мәукенұлы.

Түсті: 20.12.2024; Жөнделді: 13.02.2025; Мақұлданды: 03.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Кеңестік тоталитарлық жүйенің күйреуге беталуы 80-жылдардың соңына тұспа-тұс келді. Бұл жылдары қазақ жырының көгінде Н.Мәукенұлы, Е.Раушанов, Т.Медетбек, Т.Әбдікәкімов, сынды жұлдыздар шоғыры жарқырады. Бұл таланттарды тарих толғағы туғызды. Дәл осы кезеңді белгілі ұлттанушы А.Сейдімбек: *«Қазақ халқы ұлт болып тарих сахнасына шыққалы қандай да бір қан-қасап қиындықты бастан кешсе де, ұлттың болашақ тағдырына қатысты дәл қазіргідей тарихи жауапкершілігі мол заманмен беттесіп көрген емес. Мұндай сын сағатта этникалық сергектік, этностың белсенділігі шешуші роль атқаратыны аян. Өкінішке орай, үш ғасырға созылған репресияшыл-отарлық система қазақ халқының этникалық болмысын мейлінше «жансыздандырып» кетті»,* – деп жазды [1]. Осындай сын мезетте поэзия әлеміне келген ақындар ұлт тарихының қойнау-қатпарларын ақтарып, тарихи оқиғалардың сабақтарын ұлттық мүдде тұрғысынан жырлады. Олардың жауһар жырлары қазақ қауымының ұлттық санасын оятты. Ақындар ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық идеяны орамды ой, байырғы қазақтың бейнелі тілімен оқырман жүрегіне жеткізді.

1980-1990 жылдардағы поэзиядағы ұлттық идеяны сөз еткенде Нұрлан Мәукенұлының есімін алдымен атаймыз. Оның отты да ойлы жырларында заман мен қоғам сыры, халық тағдыры ақынның жеке тағдырымен, сезім әлемімен тұтасып көрінеді. Суреткер көркемдік ізденістері арқылы Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Бұқар, Ақтамберді, Махамбет сынды бабаларымыздың жыр-мұраларында өрілген елдік, ерлік рухын, көркемдік дәстүрлерін тірілтті. Ақын жырларындағы елшілдік сана мен азаматтық рух, туған жердің кешегісі мен бүгіні жайлы философиялық толғаныс сырларын ашу қазақ поэзиясының аталмыш кезеңдегі идеялық-эстетикалық табысын бағамдауға мүмкіндік береді. Нұрлан Мәукенұлы лирикасындағы ұлттық идея мен елшілдік сана тақырыбын арнайы қарастыру – оның азаматтық, ақындық тұлғасын танытып қана қоймай, 1980-1990 жылдардағы қазақ поэзиясының ұлттық сана-сезімді оятудағы эстетикалық қуатын танып-білуге жол ашады. Дегенмен ақын поэзиясының бұл қыры арнайы зерттеулерге арқау бола қойған жоқ.

Біз бұл мақалада ұлттық идея ұғымының мәнін, сөз өнерімен байланысын ашу, Нұрлан Мәукенұлы мен онымен замандас ақындардың ұлттық идея мен елшілдік сананы оятудағы азаматтық үні мен жаңашылдығына назар аудару; өткен мен бүгінгінің өзекті мәселелерін толғайтын философиялық пайымдауларына талдау жасау; қаламгердің ұлт тарихын, қоғам шындығын ұлттық мүдде тұрғысынан жырлаған нағыз ұлт ақыны екенін дәлелдеуді мақсат тұттық. Бұл мақсатқа жету үшін Н.Мәукенұлының әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған жырлары мен «Хұснихат» (2000 ж.), «Сұңқарбұлақ» (2008 ж.), «Мойыл көзді келіншек» (2011 ж.) жинақтарындағы азаматтық лирикасын Е.Раушанов («Қара бауыр қасқалдақ», 1995, Т.Медетбек («Таңдамалы», 1993), Т.Әбдікәкімовтердің («Жұмақ күн», 2019) поэзиясымен салыстыра талдауды міндет етіп алдық. Мақаланың теориялық-әдістемелік негізін Ә.Нысанбаев, Х.Әбжанов, А.Айталы, С.Қасқабасов, С.Қирабаев және Энтони Смит (Smith Anthony), Т.Юрис, Т.Козак, С.Барабаш т.б. шетел ғалымдарының ұлттық идея, ұлттық бірегейлік жайлы, Б.Кәрібаева,

Ж.Әскербекқызының ақын шығармашылығы туралы сын мақалалары құрады. Сондай-ақ, Нұрлан Мәукенұлының өнернамасына қатысты Т.Молдағалиев, Т.Медетбек т.б. сын-пікірлеріне шолу жасалды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында ұлттық идея, ұлттық бірегейлік оның сөз өнеріндегі көрінісі туралы философия, әлеуметтану, этнология, әдебиеттанудағы пікір-тұжырымдарды жинақтау, жүйелеу тәсілдері пайдаланылды.

Нұрлан Мәукенұлы жырлаған ұлттық идея аясындағы құндылықтар ақынның әр жылдары жарық көрген «Хұснихат» (2000 ж.), «Сұңқарбұлақ» (2008 ж.), «Мойыл көзді келіншек» (2011 ж.) жинақтарындағы өлеңдеріне әдеби талдау жасау барысында анықталды.

Зерттеудің негізгі теориялық (әдіснамалық) тәсілі – ақынның лирикалық туындыларын жыраулық поэзия мен замандас қаламгерлердің шығармаларындағы ұлттық идеяны жырлау ерекшелігімен салыстыру болды.

Зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми еңбектерге шолу жасау, ақынның лирикасы жайлы пікірлер мен талдауларды жинақтау; Нұрлан Мәукенұлының шығармаларындағы ұлт тағдырына қатысты өзекті ойларды салыстыра талдау, сипаттау әдістері қолданыс тапты.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлттық идея посткеңестік кеңістікте философия, тарих, этнология, әлеуметтану, әдебиеттану, тарих тұрғысынан зерттеліп келеді. Бұл ұғымға қазақ ғалымдарынан Ә.Нысанбаев, Х.Әбжанов, А.Айталы, С.Қасқабасов т.б. анықтама берген. Академик Ә.Нысанбаевтың анықтауынша: *«Ұлттық идея еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі, ел бірлігінің рухани тірегі»* [2]. Ал академик Х.Әбжанов: *«Ұлттық идея мәселесінің мәні ұлттың тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды»,* дей келе, оның сол ұлтпен бірге дүниеге келетінін, өмір сүретінін айтады [3]. Көрнекті ғалым А.Айталы ұлттық идея ұлттың өз рухани тегін, мұрасын сақтап қалуға ұмтылысы мен өзінің тарихи субъектісінен айырылғысы келмегенде туатындығын алдыға тартады [4]. Бұл пікірлерді түйіндесек, ұлттық идея дегеніміз – халықтың бірлігі мен тәуелсіздігін, елдігін сақтау идеясы. Ол халықтың басына алмағайып күн туып, тарих талқысына түскен дәуірлерде тіл, философия, әдебиет пен өнерде айқын көрінеді. Сөз өнері қоғамдық сананың ерекше формасы ретінде ұлттық идеяны философиялық-эстетикалық тұрғыдан игеріп, оқырман жүрегіне жеткізеді.

Әлем әдебиеттануында ұлттық идея мәселесі кеңінен талқыланып келеді. (Бірақ Батыстың әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салалары «ұлттық идея» терминінің орнына «ұлттық бірегейлік» атауын қолданады – Б.К.). Бүгінгі таңда дүниежүзі ғалымдары түрлі халықтар әдебиетіндегі, жеке қаламгерлер шығармашылығындағы ұлттық бірегейліктің бейнеленеуін зерделеуге ден қоюда. Мәселен, Филадельфия университетінің ғалымы

Халил Хасан Нофал Палестинаның көрнекті ақыны Махмуд Дарвиштің (1942-2008) поэзиясы мысалында ұлттық бірегейлік тұжырымдамасын зерттеген [5]. Ғалым әдебиеттегі ұлттық бірегейлік мәселесін тіл, Отан, ата-баба, туыстық, табиғат, мәдениет, дәстүрмен сабақтастықта қарайды. Халил Хасан Нофал тағы бір еңбегін ирланд ақыны Уильям Батлер Йейтс (1865-1939) поэзиясындағы ұлттық бірегейліктің бейнеленуіне арнайды [6]. Сондай-ақ, Элис Э. Попович өз зерттеулерінде (2013) Озиас Марч (1397-1459 ж.ж. өмір сүрген) шығармашылығының 19-ғасырда Каталонияда ұлттық бірегейлік идеясының қанат жаюына ықпал еткені туралы толымды пікірлер айтады [7].

Энтони Смит (Smith Anthony): *«Әдебиет өз бойына адамның сана-сезімін, халықтың тарихи жадын, менталитеті мен ұлттық мінезін т.б. жинақтайтындықтан ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды көзі бола алады»,* – деген тұжырым жасайды [8]. Украин ғалымдары Т.Юрис, Т.Козак, С.Барабаш та әдебиеттің ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалаған. Ғалымдар: «Энергетикалық қуатқа ие әдебиет, ұлттық сана-сезім мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуында маңызды рөл атқарады»,- дейді [9]. 1980-жылдардағы Қытай әдебиетіндегі «тамыр іздеу» бағытының басты көркемдік мұраты ұлттық бірегейлікті сақтау болғандығын Н.Абдырақын: *«Қытай халқы да саяси және тез экономикалық өзгерістердің әсерінен өздерінің қайда бара жатқанын, бағытын толық түсіне алмады. Міне, осы жағдайда «тамыр іздеу» ұлттық мәдениеттегі алаңдаушылық пен дағдарыстың сезімінен туындады, бұл жазушылардың мәдени ұстанымы мен ұмтылысын көрсетті... Олардың ойында тек осылай ғана ұлттық мәдениетті қайта жаңғыртып, ұлт ретінде өзгемен тең боламыз деп идентификациялану үрдісі жүрді»,* – деп атап көрсетеді [10]. Отандық ғалымдар да ұлттық идеяның қазақ сөз өнерінде темірқазықтай бекем, алтын арқаудай берік желі боп тартылғанын айтып келеді. Мәселен, философ Ә. Нысанбаев: *«Халқымыздың кемел ойы, пәк гуманизмі, асыл мұраты, терең сезімі, ұлт болып ұйысу тарихы, өкініштері мен сүйеніштері – бәрі-бәрі оның поэзиясында сайрап жатыр. Қазақ поэзиясы қазақ халқының рухани даму эволюциясының шежіресі іспетті»* [11, 5], – деп көрсетеді. Ал Х.Әбжанов ұлттық идеяның бастауын көне әдеби жәдігерлерден, фольклордан, ақын-жыраулардан іздейді. Ғалымның пікірінше, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет жыраулар ұлттық идеяны мемлекеттік саясат биігіне көтерген [12]. Академик С.Қасқабасов «Абай және ұлттық идея» атты мақаласында Абай шығармаларындағы ұлттық идея көріністерін талдап, оның қазақ халқының рухани дамуындағы қызметіне баға береді [13]. С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы сынды ғалымдар Алаш арыстары мен кеңес дәуіріндегі әдебиеттің ұлттық сана-сезімді оятудағы тарихи қызметін танытты. Мәселен, Академик С.Қирабаев: *«Қазақ халқының ұлттық ой-санасының жүдеп бара жатқанын көрген зиялы азаматтар 60-70 жылдардан бастап, халық тарихының оқиғалары негізінде ұлттық сананы оятып, тәрбиелеуге көркем әдебиетті пайдалану мақсатын қойған еді»*, – дейді [14].

Түйіндей айтсақ, әлем әдебиеттанушылары сөз өнерінің ұлттық идеяны эстетикалық тұрғыдан игерудегі шексіз мүмкіндіктерін атап көрсетеді. Тарихи контексті халық рухын оятуға пайдалану үдерісі 1980-1990 жылдардағы ұлт әдебиеттерінде аса қарқынды болғанын дәлелдейді.

Кеңестік империяның құлауы, Қазақстанның тәуелсіздік алуы қоғамдық ой-санада серпіліс туғызды. Дәл осы дәуірде қазақ ақындары да тарихқа, ұлттық дәстүрлерге үңіле отырып, ұлттық идеяны ту етіп көтерді. Өз халқының ұлттық болмысын сақтауға ұмтылыс ұлттық бастауларға деген әдебиеттің қызығушылығын күшейтті. Поэзияның эстетикалық тұғырнамалары жаһандану дәуірінде ұлттың өзін-өзі сақтап қалу идеясына бағындырылды. Бұл кездегі поэзияда отаншылдық, жеке адамның бостандығы туралы тақырыптар жетекші мәнге ие болды.

Осы кезеңде төлтума ұлттық ерекшеліктерді сақтауға һәм нығайтуға жанын салған таланттардың бірі де бірегейі – Нұрлан Мәукенұлы. Ол хақында көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиев: *«Нұрлан Мәукенұлы менің ұғымымда үлкен ұлттық ақын. Терең ой, тегеурінді сезім Нұрланның өлеңдерін ерекшелендіретін еді»,* – деген ой түйеді [15, 3б.]. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Кәрібаева: *«Мені таңғалдырғаны жас ақын бойындағы мөлшерден тыс талант, оны шашпай-төкпей, адаспай қазақтың алдаспан жырымен қатар қалап, қалау мәнерін мінсіз меңгеруі»* [16, 9], – десе, белгілі сыншы, әдебиет қайраткері Темірхан Медетбек: *«Нұрлан Мәукенұлы әдебиетке үзеңгі қағыстырып қатар келген өз тұстастарының ішінде ерте көзге түсіп, ерте танылған ақындардың бірі болатын. Келгенде де еліктеу-солықтаудан мүлде ада, өз бедері, өз ою-өрнегімен, образдар жүйесімен, ешкімге ұқсамайтын ырғақ-мәнерімен, әр-бояуымен келген еді»,* – деп жазады [17, 472].

Ақын постколониялық қоғам қайшылықтарының сырына үңіліп, отарлық пен кеңестік тоталитарлық жүйенің ұлттық сана мен болмыс-бітімге тигізген зардаптарын шеберлікпен ашып көрсетті. Оқырманына қазақтың басынан өткен алмағайып замандар, тарих сабақтары, ұлттың бүгіні мен болашағы жайлы ой салды. Төл халқының асқақ арманы мен үкілі үмітін кестелі тілмен бейнелей білді. Нұрлан Мәукенұлы таңғы шықтай мөлдір поэзиясы арқылы оқырман жүрегінің ең нәзік түкпірлеріне ұлттық идеяның құндылықтарын сіңірді. Сөйтіп, қазақ жырының көркемдік деңгейі мен мәдениетінің өсуіне үлес қосты. Жанат Әскербекқызы оның қаламына тән стилдік даралық жайлы: «*Нұрлан поэзиясының басты ерекшелігі – оның ұлттық бояуының анықтығында. Ақын халқының өткеніне құрметпен, сағынышпен қарай отырып, тағдыр-талайын тебірене жырлайды. Халқының тағдырын өз тағдыры деп пайымдайтын ақын өзін онымен ажырағысыз бірлікте қарайды»,* – деп түйеді [18, 6]. Шындығында да, ақынның жеке «мені» төл халқының тағдыр-талайын, қайғы-қуанышын, аңсар-арманын танытатынына оның өлеңдерінен көптеген сәтті мысалдар табамыз.

Нұрлан Мәукенұлының ақындық қыры, әдеби мұрасы сыншылар тарапынан әр қырынан сөз етіліп, оң бағасын алғанымен, ұлттық идеяны жырлаудағы көркемдік-эстетикалық нысанасы, ақындығының қайнарлары, ұлт тағдырының алмағайып тұстарын өрнектеудегі шеберлігі тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Тырнақалды туындыларымен-ақ оқырманының көзайымына айналып, небәрі қырық үш жас жасаған Нұрлан Мәукенұлы «Хұснихат» (2000 ж.), «Сұңқарбұлақ» (2008 ж.), «Мойыл көзді келіншек» (2011 ж.) жинақтарына топтастырылған өлеңдерінде туған елдің тыныс-тіршілігі мен тарихы, туған жердің табиғаты, экологиясы, адам өмірі мен заман келбеті туралы толғайды. Оның лирикасы ақынның өз тұлғасын да, ұлттық рух

пен болмысты да айғақтайды. Қаламгер ұлтының бүкіл азабын жан-жүрегінен өткізіп, жырларында асқан шеберлікпен бейнеледі.

Әрбір ұлт ақыны ұлттық рух пен ұлттық мүддені өз ұлтының дүниетанымына, көркемдік-эстетикалық талғамына сай жырлайды. Осы ретте Т.Юрис, Т.Козак, С.Барабаштың: «Жазушы өз идеяларын өз ұлтының контексінде ашады. Ол ойларын терең тамырлы дәстүрлерден бастау алатын ұлттық сарын мен бейнелер, менталитеттің символдық құрылымдары – халықтың поэтикалық символдары мен архетиптері арқылы жарыққа шығарады. Бұл доминанттар ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді, ұлттық мінездің сипаттарын, ұлттық сана мен менталитеттің ерекшеліктерін көрсетеді. Олар әдеби туындыдағы ұлттық бірегейлік модусын танытады» [9, 6], - деген түйіні ден қойдырады.

Нұрлан Мәукенұлының «Қайран, ата-бабам-ай...», «Зайсан», «Ежелгі жауы жоңғар болған», «Зайсан деген жерден кеткен ем...», «Беғазы», «Қиқулап ұшқан қызғышым», «Қызғыш құсым», «Оғланым», «Күміс зерлі қазыналы жағданды», «Қытай ауған», «Ана тілі», «Бостандықта сүрдік пе біз көп ғұмыр?», «Қылқұйрықты мінбедім», «Бізден кейінгі ұрпақ», «Ертіс бол да, Есіл бол», «Туған ауыл» т.б. өлеңдері ақын идеяларын ұлттық контексте өрбітудің, өз «мені» арқылы ұлттық менталитетті, бірегейлікті танытудың сәтті мысалы бола алады. Мәселен,

Бір аяғы – сегіз,
Бір аяғы – тоғыз.
Бір атасы – сақ,
Бір атасы – оғыз.
Күмбірлесе – домбыра,
Күңіренсе – қобыз,
Созылғанда – сағыз,
Сазарғанда – нағыз,
Қызарғанда – қымыз,
Сызданғанда – нығыз,
Долданғанда – дойыр,
Сілтенгенде – сойыл [19, 92].

– деген өлең жолдарында қазақтың қанына біткен тектілік пен бекзаттықты оқырман жүрегіне сәтті метафоралар арқылы сіңірді. Сақ пен оғыздан қалған даланың иесі, қобыз бен домбыраны жанына серік, дойыр мен сойылды қару қылған қазақы болмыс дәл суреттеледі. Ал формалық жағынан алғанда бұл өлең ертеден құлағымызға жақын, санамызға сіңісті болған «бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу» деп басталатын кәдімгі санамақтың сарынын еске түсіреді. Осы кезеңдегі тағы бір сөз зергері Тыныштықбек Әбдікәкімов қазақтың болмысын:

Ұлы Атам – Оғыз,
Бір Атам – Қобыз...
Өлеңмен егіз едім.
«Жеті Қазынаммен» сегіз едім! [20, 4], – деп жырлайды. Рухани бастауларын іздеген екі ақынның ұлттық мінезді бейнелеуінде ұқсастықтар бар. Бұл ұқсастықтың төркіні қос

ақынның қазақ мінезінің қуат алар тарихын, тегін, қасиетін жақсы білуі мен танытуды мақсат етуінде. Сондай-ақ, бір кезеңде өмір сүрген суреткерлердің рухани әлемі мен дүниетанымындағы тамырластықта болса керек.

Нұрлан Мәукенұлына көне жыраулардан, дана Абайдан, қаһарман ақын Махамбеттен бастау алатын елшілдік сана тән. Ол бірде Асан қайғы сарынымен «Ертіс бол да, Есіл бол, Ел ұнатқан шешім бол» деп елін бірлікке үндесе, енді бір мезет Абайша «Қайран да менің қазағым!» деп күңіреніп, енді бірде дәл Махамбетше «Қайрауым жетпей кетілдім, Сайлауым жетпей атылдым» деп тепсіне тіл қатады. Бұл өлеңдері Нұрлан ақын ұлт тағдырын зор үнмен, шынайы сезіммен жырлайтын нағыз азамат ақын тұғырына көтерді.

Ақынның лирикалық-философиялық толғаныстарында өткен күндерге, бабаларға ізет, «алданған ұрпақтың» (Оралхан Бөкей) рухани бастауларын іздеуі, соған бас июді аңсауы аңғарылады:

Қайран, ата-бабам-ай,
Ат жалында кеткен арманы,
От-жалында кеткен орманы.
Ішінде кеткен құсасы,
Құлаумен болған қорғаны.. [19, 40].

Суреткер бабалар рухының мықтылығын, қаншама рет тағдыр тезіне түскенін шебер бейнелеп береді. Ақын танымында орманның жалынға орануы мен қорғанның құлауы – халық рухының ишарасы. Есенғали Раушановтың «Сағана» өлеңінде көне сағана ұлттық рухтың символы ретінде алынады. Бұл өлең – сюжетті лириканың озық үлгісі, әрі психологиялық егіздеу арқылы лирикалық қаһарманның ішкі сезімін танытудың сәтті мысалы бола алады. Келінтөбедегі көне сағананның құлауы ақынға да, ауылдастарына да тосын оқиға:

«Бұл жүрекпен еститұғын асқақ үн,
Көруің аз,
Оқу керек тастарын.
Тұрпатында бес кешеннің сәні бар,
Тұрысын-ай, қасқаның», -
Деп кезінде жырға қосқан көп ақын,
Сары белде сағана там болатын.
Бір-ақ түнде құлап түсті сол кеше,
Дүр сілкінтіп Келінтөбе қолатын.
Қап-қара боп кеткен қышқа үңіліп,
Ауылдастар мәнін енді тұр ұғып.
Сыр берместен келіпті ғой, тектім-ай,
Сырты зордай,
Іші бордай үгілін [21, 187].

Іштей үгілгенмен сыртына сыр бермей тектілік танытып келген көне сағана ұлттың рухсыздануын меңзейді. Жәдігердің бір-ақ түнде құлауы келесі жолдарда лирикалық қаһарманның субективті хәлін суреттеуге ұласады:

Жерге құлан тартып туар озалдан,
Сағанамның сарқытынан көз алман.
Іштей тынып, өзін өзі жей берген
Бір ол емес,
Бір ол емес,
О, жалған! [21, 187].

Нұрлан Мәукенұлының саяси еркіндік мәселесіне қатысты айтар ойы терең, көркемдік сапасы жоғары өлеңдерінің бірі – «Жер бетінен құрыды» деп басталатын туындысы. Суреткер тағдыр үкіміне қарсы тұра алмай, тарих жүзінен жоғалған көшпенді мемлекет Жоңғар хандығы жайын жырлайды:

Жер бетінен құрыды,
Желкілдеген тұлымы.
Жау да болса, жоңғарым –
Қоңсы болып қонғаным,
Сығырайып жүргенім,
Сырмінез деп білгенім... [20, 44]

Ақын сайын даланың төсін қазақпен тел емген жоңғарлардың бар болмысын ашып береді. Егіздің сыңарындай жоңғарлар мінезінен қазақтың өз болмысы танылғандай. Суреткердің жоңғар халқын (менің) «жоңғарым», «қоңсы қонғаным», «сырмінез деп білгенім» деп меншіктей жырлауынан ақынның қимастық сезімін аңғарып қана қоймай, шындықтың кермек дәмін сеземіз. Ол ащы шындықтың мәнін:

Ханзу алды тамақтан,
Орыс басты қабақтан...
Қазақ кегін қайырды –
Жоңғар жүзін майырды...
Көшіп-қонған ырғалып,
Өшті солай бір халық.
Даналық пен далалық
Жасады үлкен шалалық.
Өзге келді өңірге –
Тізгін тиді жемірге...
Наразысың өмірге –
Нар мінезді кең ірге... [20, 44]

– деген жолдарда айтылған ой үзігінен аңдаймыз. Ақын саяси еркіндік мәселесінде жоңғар мен қазақ қатынасындағы алып мемлекеттердің ролін тарихи шындыққа сәйкес жырлайды. Көршілес отырған екі елді қоздырып, өшпенділік отын өршіткен жаһилдік пиғылдың дегеніне жеткенін ақын өзекжарды өкінішпен еске алады. Оның секемшіл көңілі «жоңғарлардың шерлі тағдыры қазақтарды да күтіп тұрған жоқ па?» - деген сауалға жауап іздейді. Елінің ірі мемлекеттердің геосаяси ойындарының қақпақылына түспеуден сақтану қажеттігін меңзейді.

Нұрлан Мәукенұлының философиялық пайымында жер бетінен бір халықтың жойылуы адамзат баласы үшін зор трагедия саналуға тиіс. Аталмыш өлеңі ақынның

ұлтын сүйген азамат ақын ғана емес, үлкен гуманист тұлға екенін танытады. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген тұжырымымен үндестік сезіледі.

Қоғам мен заман өзгеріп, халық небір экономикалық һәм рухани дағдарыстарды басынан кешіріп, ескі мен жаңаның итжығыс түсіп, адам санасында сілкіністер орын алған мезгілде ақын жүрегі үнсіз қала алмайды. Ол уақыттың емін іздейді. Жараланған жүректерге дауа табуға тырысады. Заман мен қоғамның беталысы ақынды бірде ашындырса, бірде күйіндіреді. Міне, сондықтан да ол:

Қоғам кедей,
Қайда барам мен асып...
Шидем шекпен шилі ауылға жарасып,
Үлкендерім үйде отырып, бал ашып –
Қоғамымнан қайда барам мен асып, – дейді [20, 27].

Нұрланның нұрлы жырларына төл халқының тұрмыс тауқыметі арқау болады. Ақын қай заман, қай қоғамда да оңалмай келе жатқан қара халықтың басындағы ауыр тұрмыс, рухани қысым жөнінен көп уайым шегеді:

Қоғам қотыр,
Сен де қотыр,
Мен қотыр,
Қотыр күйден айықпаспыз көр де тұр...
Алтын үйін салып алған өрде отыр,
Қараша үйді қалқайтқандар төрде отыр [20, 27].

Дәл осы тұста Нұрлан Мәукенұлының замандасы ақын Темірхан Медетбек заман шындығын:

Сөз жалаңаш, дәл қазір жыр жалаңаш.
Құм жалаңаш. Сайың мен қыр жалаңаш.
Ұятынан безінген бұл дүние
Тыр жалаңаш, құдай-ай, тыр жалаңаш! [22], – деп жырлайды.

Екі ақынның көңіл ауанында торығу, ашыну, сананың сарсаңға түсуі сияқты сезімдер басым түсіп жатыр. Екі ақын да аласапыран мезгіл, аумалы-төкпелі заманға тұс келген ұрпақтың ой-санасындағы, көңіл-күйіндегі қайшылықтарды дөп тигізіп айта алған. Ғасыр басында Мағжан ақын ұлттық рухтың өшуін «Бір кезде жел өтпейтін қалың ағаш, Уа, дариға, бүгінде жап-жалаңаш» деп бейнелеп берсе, ғасыр соңында дәл осы ойды Темірхан ақын үстемелей түсіп, «сайды да, қырды да, құмды да жалаңаш» етіп бейнелеп береді. Қос ақын да қоғамдағы рухани құлазу мен құлдыраудың беталысынан қатты секем алады. Сол себепті де Нұрлан ақын:

Жанымды қояр жер таппай,
Жеті түнде желдеп кетіп барамын.
Жасымды құяр көл таппай,
Жеті белден селдеп кетіп барамын.
Будақ-будақ бұлттай
Боз аспанда боздап кетіп барамын.

Боздағымды ұмытпай,
Баста мұңын қозғап кетіп барамын [20, 104],-

– деп дәл жерұйықты іздеп шарқ ұрған Асан қайғы бабасынша, жаңа ғасыр адамдары үшін жан тазалығы мен ар тазалығын сақтап қалатын құтты мекенді аңсайды.

Алмағайып заман суретін өлеңіне өзек ете отырып, адам тағдырына, оның жан-дүниесіндегі қасіретке үңілу – ақынның басты ұстанымы. Мысал келтірер болсақ, «Зайсан» атты өлеңінде 1990 жылғы зілзалаға душар болған аймақтың мұңы мен наласын жырға қосады:

Құдай қырын қарады,
Қараша ауыл қирады.
Жырымдалды балағы,
Отқа түсті сирағы [20, 32].

Туып-өскен жерін жәннат дейтін қазақы мінез Нұрланға да жат емес. Сондықтан ол сүйікті Зайсанын, ауылдастарының басына түскен табиғат апаты мен заман қыспағын кеуде тола күрсініспен жырлайды:

Ісірібі – қара тас,
Ісмер салған үй еді,
Сілкініске жарамас,
Сынып түсті сүйегі.
Қабырғасы – саманнан,
Қазандығы меш қалып.
Суық өтті табаннан,
Қара күзге кеш қалып [20, 32].

Ауыл тынысын қарапайым суретпен таныта отырып, ақын ойы төл халқының саяси-әлеуметтік ахуалына қарай ойысады. Кеңес заманында орталықтың қазақтарға астамшылық көзқарасының сырын мына жолдар арқылы танытып өтеді:

Қара Ертістің жағасы –
Қаптай қонған қазақтар.
Мәскеу жақтың баласы:
«Мозамбик», – деп мазақтар.
Дана жатыр далада,
Үйелмені үйсіз қап.
Бала қашты қалаға,
Кеудесінде мұң сыздап [20, 32] .

Ел аман, жұрт тыныштa, адамзат баласы өркениет өріне шыққанда қазақтың басына түскен мұндай зобалаңды бұдан артық қалай жеткізуге болады?! Ақын суреттеуіндегі жастары жұмыс іздеп қалаға шұбырып, қаңырап қалған ауылдың сұрқай тіршілігі бүгінгі күннің әлеуметтік шындығымен де үндеседі.

Нұрлан Мәукенұлы жырларына хас шебердің қаламына тән астарлы мағына, ажар-көрік тән. Бұған ақынның әрбір жыры, өлең жолы дәлел бола алады. Нұрлан өлеңдеріндегі трагизм – өмірдің жарқын, адам болмысының нұрлы жақтарына сенген асыл жүректің трагедиясы. Ақын қоғамдағы қайшылықтар мен шешуі жоқ шырғаландарға бейжай қарай алмайды. Сондықтан да:

Жылау да жылау,
Зар жылау...
Қотандай болып қалдым-ау -
Жылаудан басым қаңғырды,
Зарлаудан шашым ағарды,
Көре де көзім ағарды,
Сөйлей де сөзім жоғалды.
Таба алмай қалдым қоғамды [20, 117],-

– деп жырлайды. Ежелгі түркілердің поэзиясына тән «Көрер көзім көр болды...», – деп келетін даналық ойлар Нұрлан жырына да тән.

Ақын ойының тереңінде қоғамдағы рухани күйзеліс, қатаң моральдық қағидалардың іргесінің сөгілуі жайлы түйін жатыр. Абай дананың «Жартасқа бардым, күнде айғай салдым, онан да шықты жаңғырық» деп өрілетін жалғыздықтың жан азабын Нұрланның жырларынан да сеземіз. Ақын үшін төл халқы – оның боздағы, ал ақындық мұраты – боздағының мұңын қозғау. Яғни, ақынның жаны жыласа, өзгелердің «мұңын қозғап» жылайды. Кем-кетігі мол мына әлемге келген нағыз ақынның миссиясы да осы болмақ!

Поэзиядағы мәңгілік тақырыптың бірі – адам мен табиғат Нұрлан Мәукенұлының жырларынан да ойып орын алады. Суреткер осы ұлттық идеяның осы өнімді тақырыбын жаңаша ойлармен дамытып, өзінше түрлендіріп, толықтырады. Мәселен, «Бақалы көлге түскенмін» деп басталатын өлеңінде кешегі күннің келбеті мен бүгіннің бейнесін контраст суреттер арқылы береді. Қаламгер өзінің уайымсыз балалық шағы мен берекесі шайқалып, байлығы ортаймаған туған жерінің сипатын егіздей суреттейді:

Бақалы көлге түскенмін,
Балдырлы суын ішкенмін.
Бойлаулығын жұлғанмын,
Балығына ау құрғанмын... [20, 113].

Бұл – Нұрланның балалық шағы өткен өлкенің кешегі көрінісі. Лирикалық қаһарманның «бақалы көлге түсу, балдырлы суын ішу, бойлауығын жұлу, балығына ау құру» сияқты іс-әрекеттері алаңсыз балалық шақпен қоса, туған жерінің табиғи байлығын шынайы суреттеп береді. Ақын келесі жолдарда қазақ даласының ендігі сүреңсіз суреттеріне назар аударады. Көркі келіскен туған жердің ендігі келбеті қандай?

Бағыма көлім бар-тұғын,
Балдырлы суы бал-тұғын,
Көлім де бүгін таусылды.
Жасынның алған жарқылын,
Тарғыл да тасым бар-тұғын,
Тасым да бүгін таусылды.
Алмайтын бейне нар тыным,
Сайын бір далам бар-тұғын
Далам да бүгін таусылды.
Құлағың шалсын даусымды! [20, 113].

Ақынның жырында поэтикадағы әсірелеу мен құлдырату тәсілдері қатар қолданылған. Суреткер қиялындағы бір тосын оқиғадан тағы бір тосын оқиғаның асып түсіп жатуы, «көлдің таусылуы» «тарғыл тастың таусылуына» ұласып, ауыртпалықтың одан да ұлғаюы, тіпті «даланың таусылуы» белгілі бір ойды тұспалдап беруге қызмет етіп тұр. Туған жерінің кешегі келбетіне бүгінгі жұтаң да жүдеу жүзін шендестіре суреттеу, бір-біріне кереғар бейнелеу амалдарын қолданудағы ақын мұраты – қазақ жерінің көз тартар көркі мен шұрайынан айырылуы, қазақ ауылының құты қашқанын бейнелеп беру. Сол арқылы сан ғасырлық тарихы мен мәдениеті, тереңнен тамыр тартқан дәстүрі мен салты бар ұлтының рухсызданuуын астарлап жеткізді. Ақын пайымынша, ел мен жер тағдыры қашан да егіз. Ал ақынның «мені» мен ұлт болмысы ажырамас бірлікте болмақ. Бақыт Кәрібаеваның Нұрлан ақын жайлы: «... кеңестік кезеңнен кейінгі өлең өлкесін текті өнерге тартқан ыстық қанмен суырып, қазақ поэзиясының өлмеген рухы болып бой көрсетті», – деген сөздері өте орынды айтылған.

Қорытынды

Сөз өнері ұлттық идеяны көркемдік-идеялық тұрғыдан игереді және кейінгіге сақтап жеткізеді. 1980-1990 жылдары Н.Мәукенұлы, Т.Медетбек, Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімовтер – ұлттың өткені мен бүгінін асқан шеберлікпен жырлады. Олар ұлттық идеяны орамды ой, бейнелі тілмен оқырман жүрегіне жеткізді. Әсіресе, Нұрлан Мәукенұлының көркемдік ізденістері Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Бұқар, Ақтамберді, Махамбет сынды бабаларымыздың жыр-мұраларындағы елдік, ерлік рухын, көркемдік дәстүрлерін тірілтті.

Ұлт ақыны – қай дәуірде өмір сүрсе де ұлттық рух пен ұлттық мүдденің жаршысы болып қалмақ. Ал Нұрлан Мәукенұлы тегеурінді жырлары арқылы нағыз ұлт ақыны ретінде танылды. Ақын поэзиясындағы ұлттық идея мен елшілдік сананың бейнелену ерекшеліктерін санамалап көрсетер болсақ:

біріншіден, ақын өз өлеңдерінде ұлттық болмыс, ұлттық намыс, елдік пен ерлікті қайталанбас өзіндік стильмен жырлады;

екіншіден, Н.Мәукенұлы өткен күн оқиғаларын суреттей отырып, бүгінгінің күрделі құбылыстарын, мезгіл шындығын ашып көрсетті;

үшіншіден, Н.Мәукенұлы жырлары стильдік-эмоциялық жағынан жыраулардың даналық пен қаһармандыққа суғарылған жырларымен, Махамбеттің отты өлеңдерімен үндесіп келеді.

төртіншіден, ақын лирикасына асқақ пафос пен терең ой, сырлы сурет пен көркем тіл тән.

Мүдделер қайшылығы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақаланы жазу барысында өз пікірлерін білдірген С.Аманжолов атындағы ШҚУ, қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының оқытушыларына және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысының ұжымына мақаланы ресімдеу жөніндегі мәліметтердің қолжетімділігі үшін және техникалық, редакциялық қолдауы үшін алғысымды айтамын.

Ғылыми мақаланы жазу барысында пайдаланылған ғылыми-теориялық еңбектерге, ғылыми басылымдарға сілтеме жасалды. Фундаменталды және сыни еңбектердің авторлары мен басылым жөніндегі мәліметтер дұрыс келтірілді. Мақала антиплагиат бағдарламасынан тексеруден өтті, анықтамасы алынды. Мақалада авторлардың құқын бұзушылық болған жоқ. Сондықтан мүдделер қайшылығы болуы мүмкін емес.

Мақала автордың өз есебінен қаржыландырылады.

Авторлардың қосқан үлесі

Осы ғылыми мақала – толықтай автордың зияткерлік еңбегі. Мақаланың жазылуына басқа қатысушылар болған жоқ. Мақаланың мақсат-міндеттерін, болжамын жасау, материалдарды іріктеу, зерттеу әдістері мен әдіснамасын анықтау, ғылыми еңбектер мен көркем мәтіндерге талдау жасау, редакциялау жұмыстарын толықтай автор өзі орындады. Мақалада қосалқы авторлар жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.- 464 б.

2. Нысанбаев Ә. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 264 б.

3. Әбжанов Х.М. Ұлт тарихының тарланы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2011. – No 3. – Б. 56-60.

4. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 400 б.

5. Nofal K.H. National Identity in Mahmoud Darwish's Poetry //English Language and Literature Studies. – 2017. – №3(7). – P. 66-77. DOI: http://doi.org/10.5539/ells.v7n3p66

6. Nofal K.H. Darkness in Conrad's heart of darkness: A linguistic and stylistic analysis //The Buckingham Journal of Language and Linguistics. – 2013. – (6). – P. 77-93. DOI: https://doi.org/10.5750/bjll.v6i0.141

7. Popowich A.E. March's Poetry and National Identity in Nineteenth-century Catalonia //CLCWeb: Comparative Literature and Culture. – 2013. – №6 (15). – P. 9. DOI: https://doi.org/10.7771/1481-4374.2362

8. Smith A.D. The origins of nations //Ethnic and racial studies. – 1989. – №3 (12). – P. 340-367. DOI: https://doi.org/10.1080/01419870.1989.9993639

9. Urys T., Kozak T., Barabash S. National identity: formation and realisation through poetry // Wisdom. – 2021. – №1(17). – P.146-161. DOI: http://dx.doi.org/10.24234/wisdom.v17i1.449

10. Абдыракын Н. Қытайдағы «тамырын іздеушілер әдебиеті» тенденциясы//Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – Т.3. – №.133. – Б.73-83. DOI: https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.74

11. Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б.

12. Әбжанов Х.М. Қазақстан: Тарих. Ұлт. Тіл. – Алматы: Ана тіл-Ата тарих, 2007. – 272 б.

13. Қасқабасов С.А. Абай және ұлттық идея // Егемен Қазақстан,- 2009. – 25 қараша. - 3 б.

14. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Қысқаша очерк: Оқу құралы. - Алматы: Білім, 1998. – 220 б.

15. Молдағалиев Т. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 300 б.

16. Кәрібаева Б. Алтайдан ұшқан ақсұңқар // Жас қазақ. №50 21.12.-27.12.2010, Б.3.

17. Медетбек Т. «Құлағың шалсын даусымды!» // Жас Алаш. № 71, 2009. - Б. 3.

18. Әскербекқызы Ж. Сұңқарсайдан түлеген сұңқар ақын // Н.Мәукенұлы. Мойылкөзді келіншек. – Астана: Фолиант, 2011. – 264 б.

19. Мәукенұлы Н. Жоғалды күн, жоғалды ай, жоғалды жыл. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 364 б.

20. Мәукенұлы Н. Мойыл көзді келіншек. – Астана: Фолиант, 2011. – 264 б.

21. Раушанов Е. Қара бауыр қасқалдақ. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.

22. Әбдікәкімов Т. Жұмақ күн. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 448 б.

B.B. Kelgembayeva

S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

National idea in the lyrics of Nurlan Maukenuly

Abstract. The article examines the philosophical and social significance of the concept of national idea and its artistic embodiment in Kazakh poetry of the 1980s-1990s, particularly in the lyrics of Nurlan Maukenuly. According to the author, the art of words represents a unique form of social consciousness that aesthetically explores the national idea and awakens national self-awareness. In this context, the aim of the article is to analyze the manifestations of the national idea in the poetic works of N. Maukenuly and his contemporaries, such as T. Medetbek, T. Abdikakimov, and E. Raushanov. The researcher emphasizes the artistic mastery of these poets in conveying the national idea and awakening national consciousness. Special attention is given to N. Maukenuly's poetic power, his philosophical reflections on pressing issues of the past and present, as well as his ability to reveal the contradictions of Kazakhstani society. The author provides concrete examples proving that Nurlan's poetry revives the spirit of nationhood and heroism characteristic of the works of Asan Kaigy, Kaztugan, Shalkiyz, Dospambet, Bukhar, Aktamberdi, and Makhambet. Moreover, the article explores the aesthetic interpretation of the consequences of colonialism, the totalitarian system, and their impact on national consciousness and identity. The study concludes that N. Maukenuly is a true national poet capable of reviving the national idea deeply rooted in the nation's self-awareness.

Keywords: national idea, national self-awareness, civic lyrics, poetry, ideological-aesthetic power, Nurlan Maukenuly.

Б.Б. Келгембаева

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Национальная идея в лирике Нурлана Маукенулы

Аннотация. В статье рассматривается философско-социальная сущность термина «национальная идея» и особенности его художественного осмысления в казахской поэзии 1980-1990

гг. в целом и, в частности, в лирике Нурлана Маукенулы. По мнению автора, литература – особая форма общественного сознания, которая пробуждает национальное самосознание народа через художественно-эстетическое восприятие национальной идеи читателями. В связи с этим статья нацелена на анализ взаимодействия национальной идеи и поэзии на примере Нурлана Маукенулы и его современников, таких, как Т. Медетбек, Т.Абдикакимов, Е. Раушанов. Исследователь показывает творческое мастерство поэтов в воспевании ценностей и идеалов национальной идеи и в пробуждении национального сознания этноса. Дается оценка поэтической мощи стихов Н.Маукенулы в философском осмыслении актуальных проблем прошлого и настоящего, а также в толковании социальных противоречивых явлений общества. Исследование показывает мастерское воплощение героического духа и художественных традиций толгауов Асана Кайгы, Казтугана, Шалкииза, Доспамбета, Бухара, Актамберди и Махамбета в творчестве Н.Маукенулы. Результаты исследования убеждают в том, что Нурлан Маукенулы является истинным народным поэтом, который сумел оживить и выразить национальную идею из глубин национального самосознания.

Ключевые слова: Национальная идея, национальная идентичность, гражданская лирика, поэзия, идейно-эстетическая мощь, Нурлан Маукенулы.

Refrences

1. Seidimbek A. Kazak alemi [Kazakh world]. (Almaty, 1997, 463 p). [in Kazakh]

2. Nysanbaev A. Zhahandanu zhane Kazakstannyn ornyqty damuy [Globalization and sustainable development of the Kazakhstan]: monografia. (Almaty, 2002, 250 p.) [in Kazakh].

3. Abzhanov H. Ulttyq ideia – kazak muraty [National idea is the Kazakh ideals] // Journal of the Kazakh almanac, 3, 10-18 (2009). [in Kazakh].

4. Ajtaly A. Ulttanu [Ethnology]. (Almaty, 2022, 400 p). [in Kazakh].

5. Nofal, Kh.H. National Identity in Mahmoud Darwish's Poetry. English Language and Literature Studies, 7(3), 67-77, DOI: http://doi.org/10.5539/ells.v7n3p66.

6. Nofal Kh H. Darkness in Conrad's Heart of Darkness: A Linguistic and Stylistic Analysis. Theory and Practice in Language Studies, 3(3), 452-458 (2013), DOI: http:// doi:10.4304/tpls.3.3.452-458.

7. Popowich, A.E. March's Poetry and National Identity in Nineteenth-Century Catalonia. Comparative Literature and Culture, 15(6), DOI: https://doi:10.7771/1481-4374.2362

8. Smith A.D. The Origins of Nations. Ethnic and Racial Studies, 12 (3), 340–67 (1989), DOI: https://doi.org/10.1080/01419870.1989.9993639

9. Urys T., Kozak T., Barabash S. National Identity: Formation and Realisation Through Poetry. Wisdom, 1(17), 146-161 (2021), DOI: http://dx.doi.org/10.24234/wisdom.v17i1.449

10. Abdyrakyn N. The Literary Trend of "Root Seekers"in China. Bulletin of Yassawi University, 3 (133) (2024), DOI: https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.74 [in Kazakh].

11. Nysanbaev A. Tauelsiz Kazakstannyn kundylyktar alemi [The world of values of the Independent Kazakhstan] (Almaty, 2011, 271 p.) [in Kazakh].

12. Abzhanov N. Kazakstan: Tarih. Til. Ult [Kazakhstan: History. Language. Nation] (Astana, 2007, 272 p.) [in Kazakh].

13. Kaskabassov S.A. Abaj zhane ulttyk ideja [Abay and national idea]. Independent Kazakhstan, 25.11 (2009) [in Kazakh].

14. Kirabayev S. Kenes dauirindegi kazak adebieti. Kyskasha ocherk [Kazakh literature of the Soviet era. Short essay]. (Almaty, 1994, 224 p). [in Kazakh].

15. Moldagaliev T. Tandamaly shygarmalarynyn ush tomdygy [Three volumes of Selected Works]. (Almaty, 1996, 300 p.) [in Kazakh]

16. Karibaeva B. Altajdan ushqan aqsunqar [Falcon flying from Altai]. Young Kazakh, 50 (21.12.-27.12), (2010) [in Kazakh].

17. Medetbek T. Kulagyn shalsyn dausymdy! [Hear my voice!]. Young Alash, 71. (3.09), (2009) [in Kazakh].

18. Askerbekkyzy Zh. Sunkarsajdan tulegen sunkar akyn [A poet who grew up in Sunqarsay]. N.Maukenuly. Mojylkozdi kelinshek [Lady with black eyes. Poetry], (Astana, 20112, 464 p.) [in Kazakh].

19. Maukenuly N. Zhogaldy zhyl. Zhogaldy aj. Zhogaldy kun [Lost years. Lost month. Lost day. Poetry]. (Almaty, 2004, 464p.) [in Kazakh].

20. Maukenuly N. Mojyl kozdi kelinshek [Lady with black eyes. Poetry]. (Astana, 2011, 264 p.). [in Kazakh].

21. Raushanov E. Kara bauyr kaskaldak. [The coot with black belly. Poetry] (Almaty, 1995, 384 p). [in Kazakh].

22. Abdikakimov T. Zhumak kun. [A paradise day. Poetry]. (Nur-Sultan, 2019, 448 p.). [in Kazakh].

Автор туралы мәлімет:

Келгембаева Бақытжан Бекенқызы **–** филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: baha_fil@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2919-7639.

Kelgembaeva Bakytzhan Bekenovna **–** Candidate of Philology, Associate Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: baha_fil@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2919-7639.

Келгембаева Бакытжан Бекеновна **–** кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: baha_fil@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2919-7639.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 17.01.07
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-202-217

Әбіш Кекілбаев және шешендік дәстүр

Ә.Д. Қабылов[1], Н.С. Қамарова[2*], Б.С. Жайловов[3]

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

(E-mail: [1]adlet_kabylov@mail.ru, [2]nagbdu @mail.ru, [3]baktybay-88@mail.ru)

Аңдатпа. Ділмарлық пен шешендік қасиет – сөзді қадірлеген ата-бабаларымыздан келе жатқан руханият мұрасы. Ауыз әдебиетінен бастау алатын шешендік өнер кейін жазба әдебиетінде жалғасын тауып, жаңа әдебиеттің идеялық-көркемдік сапасының бір қыры ретінде қалыптасты. Әдебиеттегі сол ділмарлықты дамытып біздің заманымызға жеткізген, орайлы айшықтармен, ұтқырлы тапқырлықпен жасанта түскен қаламгердің бірі – Әбіш Кекілбаев. Жазушы шығармашылығын шешендік дәстүр жалғастығы тұрғысынан зерделеп, қаламгердің шешендік мұрасына баға беру – қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақ әдебиетін, оның ішінде проза мен публицистика жанрларын дамытуда Ә.Кекілбаевтың еңбегі зор десек, прозадағы суреткерлікті, атап айтқанда қиюын тауып, қиыннан қиыстыра баяндау мен көркем бейнелеудегі шешендікпен өрілген жазушы шеберлігінің орны үлкен. Жазушының «Үркер», «Елең-алаң» және «Аңыздың ақыры» романдарындағы қазақтың шешендік дәстүрінің бейнеленуі мен жазушы тілінің шешендік қырлары – назар аударуға тұрарлық құбылыс. Суреткердің публицистикасы мен сөйлеген сөздеріндегі шешендік қуат, дәлелділік пен ділгірлік, айтқыштық қасиет – жас ұрпақ үшін ұлттық құндылықтарға тәрбиелейтін үлкен мектеп. Мақалада Ә.Кекілбаевтың көркем прозасы мен публицистикасындағы, сөйлеген сөздеріндегі көрінетін айрықша ерекшеліктердің бірі – қиыннан қиыстырып, қисынын келтіріп, тереңнен қаузап сөйлейтін айтқыштық, тапқырлық, ұтқырлық қасиетіне негізделген шешендік-дәлмарлық қырлары қарастырылады. Көркем прозасы мен көсемсөзіндегі, сөйлеу тіліндегі шешендіктің сырлары, ұлттық шешендік дәстүрді дамытудағы орны нақты мысалдармен дәлелденеді.

Түйін сөздер: шешендік сөз, шешендік дәстүр, ділмарлық, роман, повесть, көркемдік, идеялық мазмұн

Түсті: 14.01.2025; Жөнделді: 28.02.2025; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

«Әбіш Кекілбайұлы – адамзаттық болмыстың жоғары деңгейіне көтерілген біртуар тұлға, қазақ халқының ұлы перзенті. Зиялы қауым оған айрықша құрмет көрсетіп, «Қазақтың таңдайы» деп атады. ...«Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер», «Шыңырау» – қайталанбас туындылар. Классик қаламгердің бұл еңбектері әлем әдебиетінің алтын қорына тиесілі. Жазушы қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді» [1, 1], – деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Ә.Кекілбаевтың әдеби шығармашылығы – қазақтың сөз өнерін биікке көтерген, тіліміздің байлығы мен оралымдылығын, бейнелілігі мен шешендігін паш еткен ерекше феномен.

Жазушының суреткерлік шеберлігі мен қайраткерлік талантының бір қыры – шешендік. Шешендік өнер – қазақтың ауыз әдебиетінен бастау алатын, сөз өнерінің көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр болса, шешендік дәстүр – ұлттық сөз өнеріндегі көнеден келе жатқан айтқыштық, тапқырлық пен бейнеліліктің тоғысындағы сөйлеу шеберлігінің жоғары сипаты, ділмарлық дәстүрдің бүгінгі өміріміздегі жарқын көрінісі. «Шешендік дегеніміз – белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар», – дейді қазақтың шешендік өнерін зерттеуші ғалым Б.Адамбаев [2, 7].

Шешендік деп көпшілік алдында сөйлеу шеберлігін, сөйлеу өнерінің сапалық қасиетін, сөз күшін көрсете білу амал-тәсілдерін жете меңгергендікті айтады. Шешендік – тыңдаушыларға мақсатты әсер ететіндей, сендіретіндей етіп сөйлеуді жүзеге асыру, ал жазба әдебиетте сөздің күшімен өмір шындығын шынайы да әсерлі бейнелей білуге қатысты. Шешендік өнер мен ғылымның қоспасы етене кірігіп, адамдарға әсер ету мақсатына бағытталады. Көптеген зерттеушілер шешендік өнерді адамның рухани іс-әрекетінің ерекше түрі деп қарайды.

Шешендік рухани, идеологиялық, саяси-әлеуметтік секілді қоғам өмірінің көптеген салаларында пайдаланылады. Әсіресе, оның саясат пен идеология салаларындағы қолданысы ерекше. Шешендіктің сөз қолданысының ерекше түрі әрі сендіру құралы ретінде көркем әдебиетте де өзіндік орны бар. Ол, әсіресе, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға, образ жасауға, сондай-ақ жазушының тіл қолданысына көбірек қатысты.

Қазақ ғылымында шешендік өнер туралы А.Байтұрсыновтың, С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ә.Марғұланның, Ә.Мәметованың, Б.Адамбаевтың, Р.Сыздықованың, С.Негимовтың, Г.Қосымованың, А.Қыдыршаевтың, М.Ахетовтің т.б. еңбектерінде жан-жақты сөз болады.

Көркем әдебиеттегі шешендік – қазіргі шешендіктің барлық сипаттарын жинақтап, өз бойына сіңірген, шығарманың мазмұны мен суреткерлік мақсатқа сай және қаламгердің стильдік ерекшелігіне, жазушының қолтаңбасына қарай қалыптасатын ұлттық сөз өнеріндегі стильдік құбылыс. Суреткер үшін айтылған ойдың әсерлі болуы үшін шешендік керек, ал жазған сөзің шынайы да дәлелді болып шығуы үшін әсерлілік, образдылық қажет. Демек, шешендік – айтылған ойды нысанаға дөп тигізетін айтқыштық қана емес, мәтіннің бүкіл қисындық, көркемдік, танымдық және тәрбиелік сипаттарын жинақтап

тұратын идеялық-көркемдік құбылыс. Шешендік – туабітті табиғи талант болуымен қатар, ұдайы жетіліп, кемелденіп отыратын тұлғалық сипат.

Суреткерлік шешендік дегеніміз – жазушының мол білімімен, айшықты әсем тілімен оқырмандарына әсер етіп, оқиға мен кейіпкер, өмір құбылысы туралы сендіріп, рухани ләззат сыйлайтын сөзге тапқыр, ойы терең, білімдар қаламгердің қолтаңбасы. Шешендік, алдымен, шығарманың тіліне байланысты. Тіл арқылы туындының бүкіл болмысы, мазмұндық-идеялық арқауынан бастап, стильдік сипаты танылатыны белгілі. Көркем дүниенің шынайылығы мен нанымдылығының, әсерлілігі мен суреттілігінің осындай ділмарлық-шешендік сипаттарына қатысты болатынын қазақтың көрнекті сөз зергері, халық жазушысы Ә.Кекілбаев шығармашылығының мысалында көз жеткізуге болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Зерттеудің мақсаты – Ә.Кекілбаев прозасындағы қазақтың шешендік дәстүрінің бейнелену жолдарын, би-шешендер образының сомдалуы мен қаламгер тіліндегі шешендік амалдардың сырын идеялық-көркемдік тұрғыдан пайымдау. Көркем шығармашылық пен публицистикадағы шешендік-ділмарлық сипаттардың сырын пайымдауда зерттеудің тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне сәйкес көркем мәтінді әдеби-тілдік талдауға басым назар аударылады. Мақалада Ә.Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» романдарындағы шешендік дәстүрдің суреттелуі оның идеялық-көркемдік сипаттары аясында қарастырылады. Романдардағы би-шешендер образдарының сомдалу ерекшеліктері пайымдалады. Жазушының суреткерлік шеберлігі қазақтың шешендік дәстүрі фонында қарастырылып, болмысты көркем бейнелеу ерекшеліктері зерделенеді. Қаламгердің суреткерлік шеберлігі мен қайраткерлік тұлғасындағы ділмарлық-шешендіктің маңызына баға беріледі.

Зерттеудің негізінде шетелдік және отандық әдебиеттанушы ғалымдар мен қаламгерлердің риторика, шешендік өнер, әсіресе қазақтың шешендік дәстүрінің табиғаты туралы еңбектері әдіснамалық тұғыр ретінде қарастырылды. Сондай негізде автор шығармашылығындағы шешендік-ділмарлық амал-тәсілдердің сипаттық ерекшеліктері талданып, әлеуметтік-философиялық және әдеби-теориялық тұрғыдан баға беріледі.

Суреткердің жазу, сөйлеу мәнеріндегі шешендіктің тақырыптық-идеялық, поэтикалық ерекшеліктеріне, пайымдау мен бейнелеу табиғатына, шешендіктің нысанына, тапқырлық жолдары мен көркемдік өрнектеріне назар аударылды. Зерттеу барысында қаламгердің прозасы мен публицистикасындағы ділмарлық ерекшеліктерді танытатын, шешендік шеберлік сырын түсінуге септесетін әдеби талдау, тарихи-функционалдық, психологиялық, герменевтикалық, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері қолданылады.

Мақалада жазушы шығармалары мен сөйлеген сөздеріндегі шешендіктің орны жайындағы мәселеге концептуалдық және антропологиялық тұрғыдан талдау жасалды. Мәселе жазушы тілінің ерекшеліктері, ондағы шешендік үлгілері, тарихи шығармалардағы би-шешендер образының сомдалуы мен қазіргі шешендіктің дамуындағы жазушы тұлғасы турасында болғандықтан, ұлттық-тарихи және жалпыадамзаттық құндылықтарды игерудегі шешендік-ділмарлыққа қатысты заманауи тарихи және жаңа тенденциялар

көркем сарапталып, шешендіктің танымдық әрі тәрбиелік мәнін пайымдауға мән беріледі. Көркем мәтіндерді филологиялық тұрғыдан зерделеп, ондағы философиялық, психологиялық және әлеуметтік мән-мағынаны ашу қоғамдық болмыс пен ондағы шешендіктің орны туралы гносеологиялық сауалдарды толыққанды қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау мен нәтижелер

Ә.Кекілбаевтың суреткерлік шеберлігі туралы көрнекті ғалым Р.Сыздықова: «Тарихқа арналған шығармаларды жазудың тек композициялық құрылысы, сюжеттік мазмұны, тарихи реалийлердің көрінісі жағынан ғана емес, тілдік-стильдік сипаты жағынан да әр алуан болып келетіндігін және бұндай жоғары сатыға қазақ көркем әдебиетінің де жеткендігін Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы анық көрсетеді» [3, 129], – деп жазған болатын.

Ә.Кекілбаев шығармасында шындықты көркемдікпен бейнелеудің түрлі құралдары кеңінен әрі тиімділікпен қолданылады. Соның ішінде тұспалдың, астарлап айтудың орны ерекше. Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда семиотиканың, символдардың қолданысы өзінің тиімді өрісін тауып отырады. Оның ішінде «эзоп тілінің», тіл тылсымынан бой көтеретін ирония мен сарказмның да өз орны бар. Әлемдік озық әдебиет мен өнерге, философияға тән әдіс-амалдар қазақтың дәстүрлі мәдениетіне де жат емес еді. Қазақтың дәстүрлі сөз өнері, оның барлық жанрлары қашанда белгілерге, ишара-тұспалдарға бай болды. Сонымен бірге тұспалдап сөйлеу ойнақылық пен ойлылық тән қазақ мәдениетінде ойындық сипат алуымен де ерекшеленеді. Сондықтан Ә.Кекілбаев шығармаларындағы астарлылық пен тұспалдылық жазушының тек әлемдік әдебиеттен үйренгені ғана емес, дәстүрлі ұлттық мәдениеттен, халық ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясынан тұщынып, бойына сіңірген шеберлік қыры десек болады. Кеңестік кезеңде астарлап айту социалистік реализмнің шеңберінен шығып, цензураның бақылауынан айналып өтудің бір жолы болғаны жазушының көптеген шығармаларынан айқын көрінеді. Басқа да замандас қаламгерлер секілді Ә.Кекілбаев та көптеген шығармаларында астарлай меңзеп, тұспалдай айтып, қоғамдық шындықтың бет пердесін сыпырып отырды. Жалпы астарлап, тұспалдап сөйлеу, аз сөздің астарына үлкен мазмұн-мағына сыйғызу – қазақтың шешендік өнеріндегі өнімді бір құрал болса, жазушы қаламына етене тәсілдірдің де бірі.

Ұлттық тіл құнарын терең игерумен қатар, оны тамаша түрлендіре де білген сөз зергерінің көркемдік палитрасында ойшылдық стихия басым жатады. Бұл құбылыс жиырмасыншы ғасырдағы философиялық пайымдаудың әдеби үрдісін қалыптаған дүниежүзілік атақты жазушылардың шығармашылығымен үндес келуімен қатар, ұлттық шешендік дәстүрдің жарасымды жалғастығы екендігі дау туғызбады. Жазушы үшін мәтіннің қапысыз көркемдік келісімі мен терең ойшылдық пайымдаушылық сипаты – ажырағысыз синтезделген тұрақты құбылыс. Нені айтуды ғана емес, оны қалай айту керектігіне ұдайы мән беріп отыратын қаламгер мұндай мәнерді бүкіл шығармашылық ғұмырында айнымас дағдыға айналдырды. Оқырман көңілінен шығып, өзіне ынтықтырып отыратын осы бір мақам-мәнердің бастауында ұлттық тіл мәдениетінің дәстүрі жатқаны шындық.

Жазушының авторлық баяндаулары көбінесе кейіпкер ойымен, тіпті оқырманның толғамымен де астасып жатады. Мұндайда «автор – кейіпкер – оқырман» үштігінің үйлесімді сабақтастығы жүзеге асады. Өйткені автор тілінің баяндалатын оқиғалар мейлінше шыншыл, кейіпкер болмысымен біте орайласып әрі оқырманның санасына жақын өріліп жатады. Бұл жерде автордың шешендік шеберлігінің, тапқырлық қуатының ролі зор. Мына бір үзіндіде ел бірлігін жоғары қоятын автордың қазақтың рушылдық мінезін сынап, бетіне басса да, оны өзгеше тәсілмен толғаныстық мақаммен танытады: «... Үш арыс үш жаққа тартып, арыс басы екі-үштен хан ұстағылары келеді. Екі ұдай жұрттың өзі мынандай болып жатқанда, үш ұдай жұрт қайдан оңсын! Соны жеке-жеке тілдессең, бәрі де ұғатын сияқты. Қай-қайсысы да: «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармай тұрып біз қайдан оңайық?» – деп сарнап қоя береді. Ал сондай үш ауыз жұрттың пиғылын түзейтін дуалы ауызды қайдан табар екенбіз деп қармана бастасаң, баяғы пәтуаның барлығы ұмыт қалып, әр қайсысы әр жаққа тартып шыға келеді... Құдайдың құдайлығы да сонда ғой... Ешкімнің көзіне көрінбейтіндігінде ғой... Әйтпесе, біздің қазақ оның бойынан да бір кемшілік тауып шықылықтап күліп ала қайқаяр еді» [4, 343].

Автор тірліктегі адам баласының басынан кешетін көптеген жан әлемі құбылыстарын, сезім шырғаландарын, өмірлік құндылықтарды өзіндік өрнекпен пайымдайды. Олардың болмысына тереңірек үңіліп, ішкі табиғатын, адам өміріндегі маңызын философиялық-онтологиялық тұрғыдан саралайды: «...Асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызады, біреуі бал тамызады; өңшең у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз да болса, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайыңды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша танғанымен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер болып жүретіні де сондықтан шығар» [4, 368]; «Бақыт... Адам байғұстың қиялы жеткен жердегі жақсы мен тәттіні бір бойына сыйғызған осы бір сөз қашан кісінің көңіліне шемен боп байланған сәтінен бастап, бастапқы мән-мағынасының бәрінен түгел айрылып, онсыз да кем қанағат, онсыз да өлермен пендені онан сайын жан алқымға түсіретін қайыс қамшыға айналатын көрінеді. Ондай қайыс қамшының саныңнан қан саулатып сабылтып жеткізетін жері – бақ шығар, дәулет шығар, даңқ шығар, әйтеуір бақыт емес...» [4, 371].

Ә.Кекілбаев – халықтық тілдің байлығын өте жақсы игерген, сонымен қатар, қазақ тілінің бейнелелік табиғатын, құнарын, астарлы-тұспалды қасиетін кеңінен қарпып, алысқа сермейтін шешендік сипаттарын бойына мол сіңірген, оны жасанта, жаңғырта қолдана білген сөз шебері. Ол көркем шығармаларында қазақ тілін құлпырта қолданудың небір комбинациясын қөрсетсе, сөйлеген сөздерінде, мақалалары мен зерттеу еңбектерінде сөзді өз орнымен қолдана отырып, айтпақ ойды мейлінше дәл, әсерлі, тұжырымдап жеткізудің үлкен үлгісін танытты. Бұл жазушының көркем тіліндегі шешендіктің, тапқырлықтың маңызды орнын көрсетеді.

«Үркер», «Елең-алаң» романдарында тарихи оқиғалар кең ауқымда бейнеленеді. Қоғам өмірі мен халық тұрмысын, жекелеген кейіпкерлерді, сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды суреттеуде дәстүрлі тілдік өрнектермен қатар, әлемдік әдебиетте қалыптасқан заманауи тың үрдістерге де бой ұрады. Автордың психологиялық

талдаулар мен философиялық пайымдау арнасы, «сана ағымы» мен кейіпкердің көрген түсін көркемдік мақсатта пайдалануы осының дәлелі. Бұл роман Әбілхайыр ханның өткен-кеткенді еске алуымен басталса, шығарманың өне бойынша бас кейіпкердің ойы мен авторлық толғамдар, ішкі монолог пен психологиялық толғамдар өзара астасып, жымы білінбей тоғысып жатады. Сол арқылы романның философиялық тереңдігіне, психологиялық иірімдеріне бойлатып, оқиғаның шынайылығына көз жеткізеді. Қазақ тарихындағы аса бір шиеленісті кезеңінің шындығына оқырманның көзін жеткізуге барынша мүмкіндік туғызады.

Шығарманың басты кейіпкерлері – Тәуке, Әбілқайыр, Бөгенбай, Тевкелев секілді тарихи тұлғалар, сонымен қатар бүкіл елдің атынан сөйлеген билер: Қазыбек, Төле, Әйтеке. Бұдан басқа кейіпкерлер ойдан шығарылған адамдар емес, көпшілігі өмірде болған, тарихта қалған, қоғам өмірінде өшпес із қалдырған тұлғалар, қайраткерлер. Бұл шығарманың басқа шығармалардан ерекше айырмашылығы мен артықшылығы – ол түгелдей өмірде болған оқиға желісіне негізделіп жазылғандығы. Сондықтан да бұл шығарманы шын мәнісінде тарих шежіресінде құрылған тарихи көркем туынды деп қабылдаймыз. Ә.Кекілбаевтың тарихи еңбектерін зерделеуші ғалым Ж.Дүйсенбаева жазушының тарихи деректерден ауытқымай, тұлға таныту шеберлігін, тарихи деректер мен халықтың аңыздарды қоса отырып тұлға жасау, тарихи деректерді көркем қолдану шеберлігін ерекше атап өтеді [5, 49].

Роман тілі де шешендік өнер үлгілеріне аса бай. Романда айтылар ойлар да, халықтың мінез-құлқын ашу да солардың мекені болған даланың кеңдігімен, тарихымен байланысты қаралады. Өткен заман шындығын бүгінгі ұғым, мораль тұрғысынан қарастыру көп жағынан астарлы ойға меңзейді. Бейнелеудің символдық үлгілерін, фольклорлық аңыздарды пайдалану, халық тұрмысының жан-жақты бейнеленуі шығарманың реалистік сипатын жетілдіре түседі.

Жазушы "Үркер» және «Елең-алаң» романдарында сол заманның тарихи шындығын Төле, Қазыбек, Әйтеке би тұлғалары арқылы берген. Суреткердің тарихи шындықты, айтайын деген пікірін басқаға нақты, дәл, көркем етіп жеткізе білуінде фигуралар мен троптардың түрлері молынан қолданылады.

Жазушы тұтас тарихи кезеңнің дүрбелеңді оқиғаларын сол дәуірде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалармен сабақтастыра алған. Романда суреттелетін көптеген билер – Тәукенің тұстастары болған. Тәуке ханның елді біріктіру ісінде батырлардан гөрі билерге арқа сүйегені – тарихи шындық. Мысалы, романда: «Тәукеден кейінгі аруақты, атақты адамдар солар болыпты. Ұлы жүздің тізгіні де, қамшысы да Үйсін Төле бидің, Орта жүздің тізгіні де, қамшысы да Арғын Қазыбек бидің, Кіші жүздің тізгіні де, қамшысы да Әлім Әйтеке бидің қолына көшті. Ол тұста тайпа басы төрелердің қатарынан табылғанға билер емес, орда басы билердің қатарынан табылғанға төрелер масаттанып қалушы еді», – деп көрсетеді [4, 80].

Романның: «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Тәуке тауып айтады», – дегені бұрынғыдан қалған ұлы сөз еді. «Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып қақаған қаңтарда арқардың сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау!» [6, 82], – деген қуатты жолдар халқы қадірлеген би-шешендердің бітімін дәл

беріп тұр. Сол заманның билерге деген сенімі мен сөзге тоқтап, лебізді қадірлеген қазақтың болмысын шынайы бейнелеген. Жазушының тарихты терең білетіндігі де билер бейнесін сәтті шығаруға септігін тигізген.

«Әділ сөйлеу, ойды шегелеп, нақтылау, жарып айту – батырлық пен байлықтан, даналық пен білімпаздықтан туады», – дейді зерттеуші Н.Төреқұлов [7, 157]. «Үркерде» Ә.Кекілбаев үш биді татулық пен бірліктің ұраны еткен. Қазақтың атақты үш биінің халық алдындағы беделі мен ділмар шешендігін суреттейтін тамаша көріністер бар. Күлтөбедегі жиыннан кейін, күллі қазаққа әз Тәукені хан сайлап, сұпы Әжіні пір сайлап, «Жеті жарғы» жосығын қабылдаған ұлы жиын соңында жиылған қауымның: «Ертең елге барғанда айта баралық, үш би біізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», – деп деп қолқа салған кезінде айтқан үш бидің сөздері мен жамағаттың сұрақтарына берген жауаптарын қазақ билерінің көркем әдебиеттегі образын сомдаудағы ерекше үлгі деуге болады.

Ханның ерекше арқа сүйейтін билері – ақылшысы әрі демеушісі, алдағы замана жайын батыл болжаушы Мәті би мен ел тұтқасын ұстап, қысылған шақта елді бірлікке жұмылдырушы Әйтеке би. Елдік мүдде мен ортақ тілек табыстырған олардың образын жасау арқылы жазушы билердің халық алдында атқарған өнегелі істерін сол кезеңге сай әрекет үстінде нанымды бейнелей білген. Әйтеке биді: «Тұлға тұрпаты, жүріс-тұрысы, жан-жағына көз тастасы, елдің қас-қабағын баққан биден гөрі қасындағылардың бәрінен айдынын асырып, асқақтай қарайтын батырға келіңкірейді. Бірақ билік деген де – батырлықтың бір түрі ғой. Шырғалаңы мен шытырманы көп қыр тіршілігінде қырық құйқылжыған қарқылжың дауларда бір пәтуаға тұрақтау – барымтаға барып қайтудан әлдеқандай қиын шаруа. Оған да тілдің ебімен қоса, жүректің тәуекелі керекті. Ал тәуекел қазақта «бір кісіде жеткілікті болса, осы Әйтекеде жеткілікті болар реті бар», – деп сипаттайды жазушы [4, 432].

Шешендік дәстүр – халқымыздың ежелден келе жатқан саяси, әлеуметтік әрі мәдени өміріндегі ерекше феномен. Ол құқықтық, мәмілегерлік саладан бастап, халқымыздың күнделікті тұрмысында, рухани-танымдық болмысында мықты орын алып, қазіргі күнге дейін ұласып келе жатқан мәдени құбылыс. Романдарда қазақ билері Төле, Қазыбек, Әйтеке және Мәтінің образдары оқиғалар арнасында, заманның келбетіне сай шеберлікпен суреттелген. Шығармада суреттелетін қазақтың басына түскен ауыр жағдайда, жалпы ел бірлігін сақтау ұлы міндет болып тұрған кезеңде қазақтың үш биінің бірауызды болып, ел мүддесі үшін күрескенінің дәлелі ретінде елдің есінде қалып, ұрпақ үлгі, өсиет етіп ұстар мазмұнды ойларды, тағылымды даналық сөздерді, елге ұран болар бірлік пен ынтымақтың қағидаларын «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде үш бидің аузымен айтқызса, Мәті би Әбілқайырдың ақылшысы, елдің қамқоры ретінде суреттеледі. Бұның келер ұрпаққа тағылымы зор.

«Үркер» романындағы ханның ақылшысы әрі халық қамқоры ретінде билер ортасынан дараланып, ерекше сомдалған бейне – Мәті би образы. Жазушы Мәті би образы арқылы халықтың қайталанбас шешендерінің бейнесін тамаша сомдаған. Сол секілді қазақтың қабырғалы жезтаңдай үш биінің образын да келістіре қалыптаған. Билердің ел алдында атқарған әлеуметтік қызметі сол тарихи кезеңге дәл келеді. Бұрынғы шешендердің

қалай сөйлегенін келешек ұрпақ бізге жеткен шешендік сөздер мен осындай көркем шығармалардағы шеберлікпен сомдалған тағылымды эпизодтар арқылы білетін болады.

Мәті би – нақты тарихи тұлғаның өміріне негізделген, өмірде болған кейіпкер емес, жиынтық бейне. Ол туралы жазушы шығармаларының тарихи, өмірлік негіздерін зерттеген әбіштанушы ғалым Ж.Дүйсенбаева: «Мәті би бейнесін қалай сомдағаны жайында сұрағанымызды жазушы: «Мәті би ойдан шығарылған. Бірақ баласы Тайланның бейнесі арғы түбі Тайлақ батырдан алынды. Бидің бейнесін сомдауда Әлім Мөңке бидің және басқа халық шешендерінің сөзі пайдаланылды. Романдағы бірнеше билер, батырлар өз атақ-жөндерімен алынды», – деп жазады [8, 166].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, тура айтатын Мәті бидің шешендігі жөнінде халық арасында «Сөздің мәтінін мәтелдеп, Мәті бидей айтсаңшы», – деген сөз қалған. Кейбір тарихшылар Мәтінің шын есімі Малдыбай, енді бірі Мамыр болғанын айтады. Мәтінің образында басқа да билердің, мысалы Сейіт бидің шешендік сөздерінің де сипаттары кездеседі.

Билер шешендігінің мәні оның бітімгершілік мақсатында. Романдардағы билерге қатысты суреттелетін оқиғалардың бәрі де елді біріктіруге, ынтымақшылыққа, ортақ жауға қарсы жұмылдыруға бағытталған. Ә.Кекілбаевтың суреткерлік, ойшылдық шеберлігі – сол би-шешендер айтқан билік сөздерді ұстартып, көркемдік мақсатқа жұмсауында жатыр. Шешендік сөздер бізге сол күйінде жетпегені белгілі. Жазушы ел аузында жүрген кейбір билер сөзін жаңғыртып, сырлап-өңдеп көркемдік деңгейге жеткізген.

Мәтінің бейнесін жасауға жазушы адайдың Сейіт биінің сөздерін де пайдаланған дедік. Ел аузында «Сейіт би айтыпты» дейтін мына бір сөздерді автор Мәті бидің аузына салады, оның: «Жарлылығымды сұрасаң, жалғыз түйемен ел соңында кешіп жүрдім, жарлылық бұдан өтіп не болсын; Мырзалығымды сұрасаң, сол жалғыз түйемді сүйіншіге беріп, ал көшкенде жұртта қалдым, мырзалық бұдан өтіп не болсын; Батырлығымды сұрасаң, Есекмерген батырды жау қамағанда қарттығыма қарамай қоршауды жарып өтіп, Есекмергенді алып шықтым, батырлық бұдан өтіп не болсын; Соғыста қапияда тұтқынға түстім, пақырлық бұдан өтіп не болсын; Сол тұтқында жүріп қызыл тілмен балқытып, жаудан басыма бостандық алдым, шешендік бұдан өтіп не болсын; Байлығымды сұрасаң күндердің күні болғанда бес балам бес ауыл болып, әкем Есенге ас бергенде бес ақ отау тігіп, бес жүз асау бие байлап, бес саба пістіріп, бес астау әкелдім, байлық бұдан өтіп не болсын», – деген сөзі – билер шешендігінің озық үлгісі, ата ұрпақтан жеткен аталы сөз, асыл мұра.

Романдағы Мәті бейнесі – халықтың батырлығы мен елжандылығын жинақтаған даналығының бейнесі. Мәтінің ойлары нақты жағдайларда, романдағы Әбілқайырмен кездесу кезінде, баласы Тайланмен арақатынасында, баласын Патшайымға үйлендіру жағдайына қатысты айтылады. Сонымен бірге, жазушы түрлі шегіністер арқылы әрқилы жағдайлардағы Мәтінің шешендік сөздерін келтіріп, оның образын толықтырып отырады. Мәті образы – қазақ қоғамында сол заманда берік орын алып, қоғамдық-әлеуметтік зор роль атқарған билер институтының белді өкілі Мәті би арқылы Әбілқайыр

секілді ел билеушісінің берік қорғаны әрі ақылшысы бола білген және халықтың көңілінен шығып, ел тұтқасы болған қарапайым халық қалаулысының бейнесін сенімді де шынайы бейнелеген образ болып табылады. Бұл қазақ әдебиетіндегі билер бейнесін сомдау дәстүрін жалғастырған әрі оны көркемдікпен дамытқан жазушының зор білімдарлығы мен шеберлігінің белгісі.

Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романынан да автордың шешен тілінің қисындарын, шешендік-тапқырлық қырларын осыдан көруге болады. Қарадүрсін баяндаудан бойын аулақ салып, авторлық баяндаудың ой ағымы мен толғаныс астасқан өзгеше әдісіне иек артқан шеберлігінде шешендік, тапқырлық сипаттар айқын танылады. Ол әрбір сөйлемдегі құрылымдық, мазмұндық бітіммен, жеке сөйлемдер, сөз тіркестері мен сөз таңдауда автордың талғампаздығынан бастап, халықтың шешендік сөз үлгілерін пайдалануынан, оны жаңа сипатпен байытып, мәтінге терең ой үстейтін амалдарынан танылады. Бұл сипатты Қазақстандық әдеби білім берудегі қоғамдық сананың мәдени бірегейлігі жүйеленіп, Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын, жазушы шеберлігін оқыту туралы жазылған мақаладан да [9] байқауға болады.

«Аңыздың ақыры» романының романтикалық сарыны мен лирикалық сипаты басым, мұнда тарихи деректілік пен реалистік бастаулардан гөрі романтикалық сарын, қияли шарттылықтар мол. Халық жадындағы аңыздарды бүгінгі шындықты бейнелеу үшін философиялық мән дарыта отырып, сыршылдықпен баяндайды. Сыншы Т.Тоқбергенов ол туралы былайша пайымдайды: «Жетпісінші жылдарда бірін-бірі қуалай келген осынау тарихи романдардың ішінде айрықша сөз болуға лайығы – «Аңыздың ақыры». Қазақ романы тарихында тарихи деректерге байланбай, авторлық таза қиялдан туған роман да осы. Мұнда бәрі де шартты алынған. Романда романтикалық сарын, философиялық түйін, шартты тұспал түгел араласқан. «Аңыздың ақыры» – қалай да қазақ әдебиетінің роман жанрындағы үлкен жаңалықтарының бірі. Лирикалық сипаттағы роман-новелла десе де болғандай» [10, 252].

Жазушының басқа да барлық шығармалары секілді, «Аңыздың ақыры» романы да – суреткерлік шеберлікпен жазылған, баяндау стилі мен психологиялық иірімдері, философиялық түйіндерді кейіпкер ойы мен авторлық баяндаулардың тоғысында шебер қиюласып, қазақ әдебиетіне жаңалық әкелген шығарма. Романның тілінде ұлттық тіліміздің шешендік, ділмарлық, тапқырлық, айтқыштық қасиеттері шебер пайдаланылып, жаңа заманғы әдебиеттің ұрымтал формаларымен жасана білген. Қазіргі заманғы роман дәстүріндегі жазушының шығыстық нақышты, ұлттық тілді шебер пайдалануының мысалын көре аламыз.

Жазушы аңыз оқиғаларын ғибраттық, мағлұматтық мән-маңызымен көркем әдебиетте шебер баяндайды. «Әбіш Кекілбайдың «Ханша-Дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі» мақаласында «Фольклор үлгілерінің көркем жазба әдебиетке қызмет етуі қалыптасқан дәстүр, заңдылық деуге болады. Сол аңыз оқиғаларының шебер де кемел көркем баяншысы – Ә.Кекілбайұлы» [11, 173], – деп баға береді ғалымдар Ж.Аймұхамбет, М.Дауылбай.

Автордың баяндау шеберлігі қазақтың ұлттық шешендік дәстүрінен бастау алып, әлемдік әдебиеттің озық тәсілдеріне арқа сүйей отырып, өзіндік жазу машығын

танытады. Ондағы өмір, заман, табиғат туралы пәлсапалық ойлар мен адамның ішкі психологиялық иірімдері сабақтасып, оқырманын да осы әлемге жетелеп отырады. Сол арқылы оқырман кейіпкердің өзі болып ойланып, сол арқылы шешім шығаруға бейіл. Шығарманың бұл қасиеті туралы сыншы С.Әшімбаев былай деп жазады: «Әбіш бұл романда өзінің суреткерлік екі қасиетін – философтығы мен терең психолог екендігін, бір сөзбен айтқанда, жазушылық жоғары интеллектін айрықша дәлелдейді» [12, 418].

Жазушы шығармаларында күрделі ойларды жинақтап, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндейтін мақал-мәтел, нақыл сөздер, қанатты сөз тектес қолданыстар да молынан ұшырасады. Оларда көбінесе бірер ауыз сөзбен тағылымды ой түйіп, сәтті қорытындылар шығарып отырады: «Пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді», «Бастағы бақыт – тақымдағы тақыт», «Барақ барақтығын істеп төне сөйледі, Күшік күшіктігін істеп көне сөйледі», «Көңіл итке көз бен сөзден өтімді не бар?!», «Елжіреуік сезім де бір, ұстамайтын ышқыр да бір – екеуі де абыройыңды айрандай төгеді», «Сабырсыз ерді орынсыз дәме болдыртады, сабырлы ерді орындалмайтын арман болдыртады», «Қызғаныштың тілінде шоқ, ұртында мұз. Шоғымен бетіңді, мұзымен жүрегіңді қарып сөйлемесе, қызғаныш бола ма!», т.б.

Мұндай жеке сөйлемдер мен тұтас абзацтар шешендіктің ұғым-түсініктің алды-артын тапқырлықпен орап, бейнелілікпен астарлай баяндайтын, ойлы салыстырулар арқылы жеткізетін сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, ата-баба, аруақ, тек, ақыл, мансап секілді абстрактілі ұғымдар туралы пайымдары қызықты ұқсатуларымен ұғынылып, қазақтың ұғымына тән материалдық байлық арқылы қарастырылады: «Ата-баба, аруақ, тек деген де алысқа қыстатып қойған малың сияқты ғой. Санын айтып, айбарымен қорқытпасаң, керек кезінде табыла бермейді. Ал, ақыл деген жарықтық, керек жерінде орнымен жұмсай қоятын, қолға ұстап отырған қоңыр қошақаның сияқты», «Мансап деген де етегін жел ашпаған балапан бойжеткеннің уыз ықыласындай өтпелі неме көрінеді. Дер кезінде қапы жібермей қауып қалмасаң, өмір бақи өкінумен өткенің» [4, 527].

Көркемдік құралдарының ішінде жазушының көбірек қолданатын құрылымдары – өзара мәндес әрі қайшылықты ұғымдарды шендестіру жолымен салыстыру күйінде кейде мәндес, кейде қайшылықты құбылыстарды ашуды, сөздегі ассоциациялық, аллитерациялық үндестіктерді әсерлілікпен қолдануды атауға болады. Олар бір ойды екінші оймен байланыстыра отырып, оқырман көңілінде күтпеген жерден ассонанстар тудырады: «Билікті ерлік бекемдесе, ерліктің атын билік шығаратыны ежелден белгілі. Бірақ, ерлік, тапқырлық, жомарттық, мәрттік көп кісінің қолынан келеді. Ал билік қашан да бір кісінің уысында. Ол кімнің ерлігі мен кімнің мәрттігіне көз тоқтататынын өзі біледі. Барлық гәп, міне, осында!» [4, 264], «...Бағына білмегеннің сірә бағы жанған ба? Айбына білмегеннің айдыны асқан ба? Гәп бағынбауда, айбынбауда ма екен! Гәп кімге бағынып, кімнен айбынуда емес пе!» [4, 342], «Ұрғашының қашанға қайраны біреу-ақ. Еркек басын беріп құтылатын жерде әйел намысын тонатып құтылады» [6, 162].

Әбіш Кекілбаев – тумыс-болмысынан шешен тұлға. Оның шығармашылығының шырайын кіргізіп, ақыл-ой өзегін құрайтын – оптимистік рух, өміршеңдік сарын. Ірі қоғам қайраткері, майталман сөз зергері, ауызша сөйлеу мен жазбаша көркем бейнелеудің ерен шебері ретінде оның сөйлеу шеберлігін бүкіл ел мойындап, шешендігіне бас

иген дегдар жан. Оның көпшілік алдында сөйлеген сөздері тыңдаушыларына ерекше әсер етіп, көпке дейін көңіл түкпірінде қалатыны туралы замандастары талай айтып келеді. Жазушының түрлі жиналыстарда сөйлеген сөздері мен өзі жазған жүздеген мақалаларынан шешендіктің небір шебер үлгілерін табуға болады. Мысалға көптің аузында жүрген мына бір оқиғаны еске түсіре кетелік. Кеңес Одағы кезінде Ә.Кекілбаев депутаттыққа Павлодар облысының Баянауыл ауданында сайлаушылармен кездесу кезінде сол елдің бір ақсақалы Әбішке: «Жігітім, бұл – Қаныш Сәтбаевтың туған жері, бірақ ол да бұл жерден сайлауға түскен жоқ, сенің өз елің бар емес пе? Өз еліңнен неге түспедің? – дегенде, Әбіш: «Жүйріктігіңді сынағың келсе, жүйрік өсірген елге бар – құлын кезіңді көрген жоқпын деп жалыңнан сипамай қалмас, жігіттігіңді сынағың келсе, азамат өсірген елге бар – атаңмен табақтас болмадым деп сағыңды сындырмас» деп ойладым», – деген көрінеді. Кейін Павлодардан Алматыға жүрерде өзіне сұрақ қойған әлгі ақсақал бастаған бір топ қария келіп батасын беріп тұрып: «Текті адамның аузынан шығатын сөзді айттың, парасаттылығыңа көзіміз жетті, ойға алған шаруаң орындалсын, – деп ризашылықпен шығарып салыпты [13, 181]. «...Табан асты сөз тауып кеткені және онысын бір өзінен он шақты академик шыққан Баянауыл еліне құрметін көрсете келістіріп айтқаны баршамыздың айызымызды қандырды. Шешендік деп те, көсемдік деп те осындайды айтады ғой» [14, 31], – деп еске алады бұл оқиғаны ғалым-қайраткер С.Абдрахманов. Міне, мұндай тапқырлықпен айтылған орынды уәждер, аталы сөздер, орылымды пікірлер жазушының өмірінде көптеп кездеседі.

Шешен атаулыға ортақ сипат, қасиеттерді Ә.Кекілбаевтың бойынан көптеп табуға болады. Оның ең басты белгісі – ой-өрісінің кеңдігі, білім-білігінің тереңдігі мен таным-талғамының жан-жақтылығы. «Әбіш Кекілбаевтың шешен сөйлеу өнері тың ақпарат берумен бірге, тыңдаушыларына сөз сұлулығы арқылы эстетикалық қуат сыйлап отыратындығымен қамбат» [15, 302], – дейді М.Серғалиев

Шешен ретінде Ә.Кекілбаевтың аудиторияны еркін меңгеретінін жиі айтады замандастары. Бұл – тыңдармандарды қалтқысыз, қапысыз танып отырады деген сөз. Шешенге тән мұндай қасиет әрбір лекторға керек-ақ. Мұндайда спикер аудиторияны жай ғана бақылап қана қоймайды, олардың ықыластарына мән береді, айтар сөзін соған бағыттап отырады. Шешен Ә.Кекілбаевтың сөйлеу өнеріндегі көзге ерекше түсетін даралығы – сөз қолдану ерекшелігі деуге болады. Ол кез келген сөздің қатпар-қатпар сырын ашу, ол сөздерді қалағанынша ойната білу, керегіне қарай дәл орнында жарату мәселелерін еркін меңгерген. Қажет жерінде бір ұғымды кеңінен қазбалай қаужап, түбіне жеткізе баяндаса, енді бірде қысқа да нұсқа түрде астарлай-тұспалдай жанамалай өтіп-ақ зердеге жеткізеді. Оның сөйлеген сөздерінде де, шығармаларындағы бір ұғымды бірнеше рет өзгерте қайталау мәтінге ерекше мән үстеп, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің әсерін күшейтіп жібереді.

Әдебиеттанушы ғалым Қ.Жүсіп қаламгердің шешендігі мен шеберлігі жөнінде былай деп жазады: «Стильдің басты көрсеткіші – тіл десек, Әбіштің тілі басқа жазушылардан тағы айрықша. Суреткердің қай шығармасын оқысаңыз да, «Мен Әбіштің өрнегімін» деп жар салып тұрғандай. Оның тілі – ана сүтімен дарыған, аса қанық, қазақы, бай тіл. Қаламы қағаз бетіне тиісімен-ақ төгіле жөнеледі. Өте шешен, ажарлы сөйлемдері,

айшықты орамдары еріксіз назар аудартады. Оның алғашқы әңгімелерінен бастап қазіргі романдарына дейінгі суреткерлік құралдарына көз тоқтатсаңыз, неше түрлі теңеу, эпитет, метафоралардың, құбылған көркемдіктің бай бояу-өрнектеріне кенелесіз» [16, 125].

Our language has advanced to a new level suitable for spiritual and social modernization, where the essence of profound national knowledge and mentality has been transferred to the interests of the modern state, fostering the creation of a national terminology system through ethno-cultural linguistics. The symbol "tusau keser," stemming from its initial ethnographic concept, has acquired a terminological character.

In modern social life, one of the updated and newly recognized terms is "sunum" (presentation). Its Russian translation is "презентация," derived etymologically from the component "пре-" meaning "present" or "introduce." In Kazakh, its equivalent, "tusau keser" exemplifies the formation of the terminological system of national identity. "Sunum" is not merely a simple introduction; it encompasses the presentation of institutions, buildings, cases, etc. Expressions like "good luck," "best wishes," and similar phrases are names of traditions formed based on national knowledge. The term should not be constructed solely from artificial symbols familiar only to experts; rather, it should also consider updating historical and cultural memory codes of the people involved in its formation. Consequently, the creation of new meanings in language occurs through cognitive processes within the language structure or through the reprocessing action in linguistic consciousness and the cognitive continuity network in the language. This ensures the perpetuation of national consciousness without degradation or loss.

Conflict of interests, acknowledgements, and funding information

The research paper contains no conflict of interest. The article was published within the framework of the international Bolashak program, as part of the project «500 scientists».

Contribution of the authors

Muratkyzy M. – providing consultation in the construction of the theoretical and methodological basis of the study, recommendations in the selection of literature on the topic of the article, editing the final version of the text; choosing the topic of the article and determining the purpose of the study, reviewing the literature, literary analysis of the material, determining the methodology, collecting and summarizing the results of the study, writing an article, formatting and correcting the text. **Altybayeva A.B. –** collecting the material, designing the text.

References

1. Қазақтың көне тарихы/ Дайындаған М.Қани. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.

2. Марғұлан Ә. «Тамғалы тас». Орта ғасырда қазақша тасқа бедерленген белгілері // Жұлдыз. – 1984 . – № 1. – Б. 132-146.

3. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер / Құрастырған М. Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.

4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

5. Миллер В.Ф. Ассирийские заклинания и русские народные заговоры // Русская мысль. – 1896. – Кн.VII. – С. 71-72.

6. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра, 1993. – 160 б.

7. Малкондуев Х. Х. Балкарцы и карачаевцы. – Махачкала, 1985. – 255 с.

8. Султангареева Р.А. Жизнь человека в обряде: фольклорно этнографическое исследование башкирских семейных обрядов. – Уфа: Гилем, 2005. – 344 с.

9. Acar H. Burdur folkloru. Burdur'un Somut Olmayan Kültür Mirası. – Ankara, 2021. – 112 s.

10. Karakaş R. Diyarbakir'da bebeğin ilkleri: hedik, köstek kesme törenleri ve çocuklara yönelik halk hekimliği uygulamalari// Karadeniz uluslararası bilimsel dergi. – 2012. – №1(16). – 74-88 s.

11. Fatih Ş. Altaylardaki varoluş dinamikleri: kültürel bellek yaratmada el oyın'ın toplumsalişlevi // Ulusal genç halkbilimciler sempozyumu, Balıkesir. – 2012. – №1.

12. Çıblak N. Mersin'de doğumla ilgili âdetlerin halk hekimliği yönünden incelenmesi // Lokman hekim journal. – 2011. – №1(3) – 1-12 s.

13. Gözen A. Diyarbakır ili ergani ilçesi halk kültürü araştırması. – Adana: Yüksek. Lisans Tezi, Çukurova Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2009. – 259 s.

14. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы: төрт томды кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 514 б.

15. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 56 б.

16. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник. – Москва: Наука,1981. – С.117-138.

17. Кустанаев Х. Этнографические очерки. Киргизы Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент, 1894. – 52 с.

18. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 332 б.

19. Арғынбаев, Х.А.Қазақ халқындағы семья мен неке: тарихи этнографиялық шолу. – Алматы: Ғылым, 1973. – 203 б.

20. Арнольд ванн Геннеп. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. – Москва: Восточная литература, 1999. – 198 с.

21. Mustafa A. Trabzon-Şalpazarı Çepnileri ile Çuvaş Türklerinin Doğum Sonrası Etrafındaki İnanış ve Uygulamaları Üzerine Bir Karşılaştırma Denemesi. // Karadeniz Sosyal Bilimler Dergisi. – 2008. – № 1. – 21-34 s.

22. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. – Алматы: Қазақ тілі баспасы, 2018. – 480 б.

SIGNS AND ABBREVIATIONS

БС – Бабалар сөзі: Жүзтомдық (Т.72: Балалар фольклоры, Т.91: Ғұрыптық фольклор, Т.93: Магиялық фольклор). – Астана : Фолиант, 2008.

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек. – Алматы,2011. – 752 б.

ЭСТЯ – Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1978, 1980, 1989.

М. Мұратқызы*[1], А.Б. Алтыбаева[2], Н. Рысбеккызы[3]

[1,2] А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

[3] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Түркі халықтарының фольклорындағы ортақ ұғыптардың лингвистикалық сипаты

Аңдатпа. Мақалада отбасы ғұрып фольклорында ұлттық код ретінде қарастыруға тұратын этномәдени тілдік бірліктерді тілдік және мәдени код ретінде түйінін тарқатып ашу көзделген.

Фольклорлық мұраларды зерттеу барысында ұлттық таным негізінде түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі мен тарихында, әлеуметтік-қоғамдық саласында жоғары деңгейде орын алатын «ғұрып» категориясы жан-жақты зерделенді. Қарастырылып отырған отбасы ғұрып фольклорының тұсаукесер жырын талдау арқылы белгілі бір ғұрыпқа байлаулы ғұрып сөздері ғана емес, сонымен қатар отбасылық ғұрып фольклоры тілінен ғұрыптық рәсімдердің атқарымдық үдерісі терең орын алатындығы алға тартылды. Көптеген зерттеушілердің еңбектерін талдай келе, дүниежүзі халықтарының көне мифологиялық дүниетанымын салыстыра отырып, қазіргі күні үш жікке бөлінген ғұрыптық жүйе алғашқыда біртұтас циклден тұрғанын, «өтпелі ғұрыптар» ұғымына сәйкес адамның тууы, оның дүниеден қайтуы бір формадан, екінші формаға, не екінші дүниеге ауысуы түсінігі қарастырылды. Бүгінгі мәдениеттің дамуы барысында ғұрыптардың бастапқы болмысы жойылып бара жатқаны, не трансформацияланып, көмескіленуі де қарастырылады. Мақалада зерттеу нысаны ретінде фактологиялық материалдар: қазақтың ғұрыптық фольклорының мол үлгісі қамтылған «Бабалар сөзі» 100 томдығының 72-томындағы «Балалар фольклоры», 91-томындағы «Жерлеу ғұрпына қатысты фольклор», 93-томындағы «Магиялық фольклор» жинақтары қолданылды.

Түйін сөздер: фольклор, ғұрып, түркі әлемі, ұлттық код, мифология, этимология.

М. Мураткызы*[1], А.Б. Алтыбаева[2], Н. Рысбеккызы[3]

[1,2] Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова, Костанай, Казахстан

[3] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Лингвистическое изложение общих ритуалов в фольклоре тюркских народов

Аннотация. В статье предполагается раскрыть этнокультурные языковые единицы как лингвокультурный код, который следует рассматривать как национальный код в фольклоре семейного обряда. В ходе исследования фольклорного наследия всесторонне изучена категория «обряд», занимающая место на высоком уровне в жизни и истории тюркских народов на основе национальных знаний, в социально-социальной сфере. Анализируя тексты обряда «тұсау кесер» рассматриваемого семейно-обрядового фольклора, было подчеркнуто, что в глубине языка семейно-обрядового фольклора происходят не только обрядовые слова, относящиеся к определенному обряду, но и процесс исполнения обрядов. Анализируя работы многих исследователей, сравнивая древние мифологические мировоззрения тюркских народов, где считалось, что ритуальная система, которая в настоящее время разделена на три части, первоначально состояла из единого цикла, согласно концепции «переходных обрядов». В работе также рассматривается характер ритуалов и трансформация в сегодняшнем обществе. Фактический материал как объект исследования в статье взят из 100 томов «Слова предков»: том 72 сборник «Детского фольклора», том 91 «Фольклор, связанный с погребальным обрядом» и том 93 «Магический фольклор».

Ключевые слова: фольклор, обряд, тюркский мир, национальный код, мифология, этимология.

References

1. Kazaktyn kone tarihy/ Daiyndaqan M.Kani [Ancient history of Kazakhs] (Jalyn, Almaty, 1993, 400 p.) [in Kazakh]

2. Margylan A. «Tamgaly tas». Orta gasyrda kazaksha taska bederlengen belgileri ["Marked stone". In the Middle Ages, Kazakh signs engraved on stones], Zhyldyz, 12, 132-146 (1984) [in Kazakh]

3. Nauryz: zhangyrgan salt – dastyrler / Kurastyrgan M. Kazbekov [Nauryz: revived customs and traditions] (Almaty, 1991, 256 p.) [in Kazakh]

4. Kaidar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1998, 304 p.) [in Kazakh]

5. Miller V.F. Assirijskie zaklinanija i russkie narodnye zagovory [Assyrian spells and Russian folk spells] , Russkaya mysl, 7, 71-72 (1986). [in Russian].

6. Abylkasymov B. Telkonyr [Telkonur] (Atamyra, Almaty, 1993, 160 p.) [in Kazakh]

7. Malkonduev X. X. Balkarcy i karachaevcy [Balkars and Karachais] (Mahachkala, 1985, 255p.) [in Russian]

8. Sultangareeva R.A. Zhizn' cheloveka v obrjade: fol'klorno jetnograficheskoe issledovanie bashkirskih semejnyh obrjadov [Human Life in a Rite: a folklore and ethnographic study of Bashkir family rituals](Gilem, Ufa, 2005, 344 p.) [in Russian]

9. Acar H. Burdur folkloru. Burdur'un Somut Olmayan Kültür Mirası [Burdur folklore. Burdur's Intangible Cultural Heritage] (Serter Şeker, Ankara, 2021, 112 p.) [in Turkish]

10. Karakaş R. Diyarbakir'da bebeğin ilkleri: hedik, köstek kesme törenleri ve çocuklara yönelik halk hekimliği uygulamalari [Baby's firsts in Diyarbakir: hedik, shackle cutting ceremonies and folk medicine practices for children] Karadeniz uluslararası bilimsel dergi, 1(16), 74-88 (2012) [in Turkish]

11. Fatih Ş. Altaylardaki varoluş dinamikleri: kültürel bellek yaratmada el oyın'ın toplumsalişlevi [The dynamics of existence in the Altays: the social function of el oyin in creating cultural memory]. Ulusal genç halkbilimciler sempozyumu, Balıkesir [National young folklorists symposium, Balıkesir],1, 9-10 (2012). [in Turkish]

12. Çıblak N. Mersin'de doğumla ilgili âdetlerin halk hekimliği yönünden incelenmesi [Examination of the customs related to childbirth in Mersin from the point of view of folk medicine]. Lokman hekim journal, 1(3), 1-12 (2011). [in Turkish]

13. Gözen A. Diyarbakır ili ergani ilçesi halk kültürü araştırması [Diyarbakır province ergani district folk culture research] (Yüksek. Lisans Tezi, Çukurova Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Adana, 2009, 259 p.). [in Turkish]

14. Kondybaj S. Argykazak mifologiyasy: tort tomdy kitap [Argykazak mythology: book in 4 volumes] (Dajk-Press, Almaty, 2004, 514 p.) [in Kazakh].

15. Akpanbek G. Kazaktardyn dynietanymy [Worldview of Kazakhs](Kazak universitetı, Almaty, 1993, 56 p.) [in Kazakh]

16. Kljashtornyj S.G. Mifologicheskie sjuzhety v drevnetjurksih pamjatnikah [Mythological subjects in ancient Turkic monuments] Tjurkologicheskij sbornik, Moskva, 117-138 (1981) [in Russian]

17. Kustanaev X. Jetnograficheskie ocherki. Kirgizy Perovskogo i Kazalinskogo uezdov [Ethnographic essays. The Kirghiz of Perovsk and Kazalinsky districts](Tashkent, 1894, 52 p.) [in Russian]

18. Islamzhanyly K. Kazaktyn otbasy folklory. Monografija [Kazakh family folklore](Arys, Almaty, 2007, 332 p.) [in Kazakh]

19. Argynbaev H.A. Kazak halkyndagy sem'ja men neke: tarihi jetnografiyalyk sholu [Family and marriage in the Kazakh people: historical ethnographic review] (Gylym, Almaty, 1973, 203 p.) [in Kazakh]

20. Arnol'd vann Gennep. Obrjady perehoda. Sistematicheskoe izuchenie obrjadov [Rites of passage. Systematic study of rituals] (Vost. lit. RAN, Moskva, 1999, 198 p.) [in Russian]

21. Mustafa A. Trabzon-Şalpazarı Çepnileri ile Çuvaş Türklerinin Doğum Sonrası Etrafındaki İnanış ve Uygulamaları Üzerine Bir Karşılaştırma Denemesi [A Comparison Essay on the Postpartum Beliefs and Practices of Trabzon-Şalpazarı Chepnis and Chuvash Turks], Karadeniz Sosyal Bilimler Dergisi, 1, 21-34 (2008). [in Turkish]

22. Kondybaj S. Bajyrgy kazak dynietanymynyn negızderı [Fundamentals of the indigenous Kazakh worldview](Kazak tili, Almaty, 2018, 480 p.) [in Kazakh].

SIGNS AND ABBREVIATIONS

BS – Babalar sozi (T.72: Balalar fol'klory, T.91: Gyryptyk fol'klor, T.93: Magiyalyk fol'klor,) [Words of the ancestors(Vol. 72: Children's folklore, Vol. 91: Ritual Folklore, Vol. 93: Magical folklore] (Foliant, Astana, 2008)

KATS – Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 1-tom. / Kyrast. T.Zhanyzak, S.Omarbekov, A.Zhynisbek [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Vol.1.] (Almaty, 2011, 752 p.)

E'STYa – Sevortyan E'.V. E'timologicheskij slovar' tyurkskix yazykov [Etymological dictionary of Turkic languages] (Москва, 1978, 1980, 1989).

Information about the authors:

Muratkyzy Mira – corresponding author, Master of Philology, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: muratkyzymira434@gmail.com, ORCID: 0000-0003-4210-4716.

Altybayeva Akzhan Bakitzhanovna – Master of Humanities, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: akgan1975@mail.ru, ORCID: 0009-0008-2460-5801.

Rysbekkyzy Nazerke – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: rysbekkyzynazerke@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3227-1529.

Мұратқызы Мира – хат-хабар үшін автор, филология магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан. E-mail: muratkyzymira434@gmail.com , ORCID: 0000-0003-4210-4716.

Алтыбаева Ақжан Бахитжановна – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан. E-mail: akgan1975@mail.ru , ORCID: 0009-0008-2460-5801.

Рысбеккызы Назерке – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: rysbekkyzynazerke@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3227-1529.

Мураткызы Мира **–** автор для корреспонденции, магистр филологии, Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова, Костанай, Казахстан. E-mail: muratkyzymira434@gmail.com, ORCID: 0000-0003-4210-4716.

Алтыбаева Акжан Бакитжановна **–** магистр гуманитарных наук, Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова, Костанай, Казахстан. E-mail: akgan1975@mail.ru , ORCID: 0009-0008-2460-5801.

Рысбеккызы Назерке **–** PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: rysbekkyzynazerke@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3227-1529.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 17.71.07
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-234-245

Қазақ әдебиетінде бақсылықтың зерттелуі

А.Б. Сайлаухан[1], Ж.О. Мамбетов[2]*, А. Кенжеқожаева[3]

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [1]abilay.sailaukhan@gmail.com, [2]zholdas_19@mail.ru, [3]ak_bota555@mail.ru)*

Аңдатпа. Мақалада тәңірлік дәуір өкілінен саналатын бақсылық, оның қазақ ғылымында зерттелу мәселесі талданады. Көп жылдар бойы қуғын көріп, жөн-жосықсыз теріс сипаттар жамалып, оң, обьективті бағасын ала алмай келген бақсылық өнері жайында айтылған пікір, пайымдар жүйеленіп, зерттелу кезеңдері анықталды. Ғасырлар бойы халық жадынан өшпеген бақсылықтың ғылым, адамзат баласы үшін қажеттілігі мен пайдасы көрсетіліп, бақсының профессионалдық тұлғасын айқындауға үлес қосқан ғалымдар еңбектері зерделенді. Ғылымда исламға дейінгі тәңіршілдік, митраизм, зороастризм, шаманизм сынды дәстүрлердің көп зерттеліп, талданбай жатқандығы әрі әлеумет тарапынан қызығушылық тудыратыны белгілі. Түркілік кезеңнен бастап қазақ халқының ұлт болып қалыптасуында өзіндік орны бар бұл сенімге айтулы ғалымдардың берген бағалары мен тұжырымдары сараланып, бақсылықтың ерекше қырлары сыни талдаудан өткізілді. Авторлар қазақ даласындағы исламға дейінгі наным-сенімнің бірі – бақсылықтың отандық ғылымда зерттелуіне тоқталғанда герменевтикалық, сипаттау, тарихи баяндау, қажет деп тапқан тұстарында тарихи-аксиологиялық әдістерді қолданды. Нәтижесінде көне заманнан жеткен бақсылық өнерге деген көзқарастың бүгінде өзгергені бағамдалып, таразыланды. Ол діни дүниетанымның тарихын білумен қатар, діни көзқарастың үйлесімділігі үшін маңызды. Сонымен бірге, ұлттық бірегейлікті нығайтуда да өзіндік мәні бар.

Түйін сөздер: тәңір, бақсылық сарын, тәңіршілдік, наным-сенім, зікір өлеңдер, тылсым.

Түсті: 28.01.2025; Жөнделді: 07.03.2025; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Кең байтақ сахараны мекендеген қазақ халқы ықылым заманнан бүгінге дейін түрлі тарихи дәуірді, дүбірлі дүрбелең кезеңдерді басынан өткергені және оның әрқайсысының өзіндік сипаты мен ерекшелігі бар екені белгілі. Мұсылмандыққа дейінгі дәуірде кең байтақ қазақ даласында тәңірлік наным-сенім орын алып, өркендеп, қанат жайды. Оның бірден-бір өкілі – бақсылар деуге болады. Бүгінгі дәуірге там-тұмдап, жұқанасы ғана жеткен бақсылық, олардан қалған әдеби мұра – зікір өлеңдері жайында санаулы ғылыми мақалалар болмаса, іргелі әдеби зерттеулер жоқтың қасы. Оған бірнеше тарихи, саяси, діни факторлар әсер еткені белгілі. Қазақ халқының көне тұрмысында ерекше орын алған, бірақ бүгінде көп өзгеріске ұшыраған бақсылық өнері жайында пікірлер легі сан алуан, тіпті қайшылыққа толы деуге болады. Қазіргі қазақ ғылымында тәуелсіз көзқарас тұрғысынан қарап, барынша обьективті пікір берілген еңбектерді жүйелеп зерттеу – біздің басты мақсатымыз.

Әлем халықтарында бақсылыққа ұқсас біршама өнер түрлері бар. Филолог Е.Тұрсыновтың зерттеу барысында бақсы тұлғасын жеке дара алмай, әр елдің руханияты тарихындағы: саха ойуундары, шор көсмөкчілері, татар бағучелері, ямана, тува, даур, маньчжур бақсылары, ненец тадибейлерімен сабақтастықта алуы – соның дәлелі. Ал зерттеуші Л.Бөкейханқызы бақсылардың әдеби мұрасын якуттың – аланхо, армянның – гусан, әзербайжанның – ашух, буряттың – улигер, немістің – шпильмандар сынды өнер иелерімен салыстыра қарастырған. Осылайша миссиясы бір, атауы сан қилы шығармашыл тұлғалар бірлікте талданған.

Әдіснама және зерттеу әдістері

Жұмыстың ғылыми-теориялық негізі ретінде Ж.Ж. Молдабеков, О. Алхаров, Р.Н. Безертинов, Б. Кенжебаев, С. Садырбайұлы, Т.Е. Картаева, К. Байбосынов, Ә. Исақов, Б.Абылқасымов, Ә. Марғұлан, Б. Кәрібаев, Е.Д. Тұрсынов, Б. Аташ, Л. Бөкейханқызы секілді ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Тәуелсіздік қазақ тарихындағы, мәдениетіндегі, жалпы социумдағы күрделі, көп жылдардан бері шешімін таппай, тіпті кейде мүлде айтылмай жатқан дүниелерді пікірталас алаңына шығарып, тиімді шешудің жолдарын табуда көп мүмкіндік беріп отыр. Өйткені қазақ руханиятындағы діни құндылықтарды ажыратып, діни наным-сенімдерінің аражігін көрсету – өркениетіміздің өзіндік болмысын таныту үшін маңызды. Зерттеуде бақсылық дәстүрдің қазақ әдебиетінде зерттелуіне шолу жасай отырып, тарихи баяндау, салыстыру, түсіндіру, герменевтикалық әдістер пайдаланылды. Бақсының өзіне ғана тән ерекше қасиеттерін ашып көрсету мақсатында ішінара анықтамалық, салыстырмалы, салғастырмалы әдістер де басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Ғалым бақсылық дүниетаным мен тәңіршілдік мифологиясының мазмұн сәйкестігіне қарап, бақсылықты тәңіршілдіктің бір элементі ретінде танитын көзқарасты бөліседі.

Ал бақсының тұлғалық болмысын анықтап, оны ғылыми тұрғыдан негіздеудің қиындығы ретінде иррационалды, интуитивті түрде ғана түйсінілетінін алға тартады. Сан жылғы зерттеудің негізінде философ бақсы қоғамдағы бақсының жеті түрлі тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық мағынасын ашып көрсетеді. Атап айтқанда, біріншіден, бақсы әлеммен қатынасқа түсу жағдайы эзотериялық, физикалық-биологиялық тылсым құбылыс; екіншіден, сыртқы кескін-келбеті, киім киісі, өзін-өзі ұстау мәнері ерекше, үрей туғызатын жан; үшіншіден, шабыт, рухани қуаты күшті, ішкі болмысы ерекше, көріпкелдік пен даналықты ұштастырған шығармашылық иесі, ол өзіне ешкімді табындырмайды, ата-баба аруағын сыйлап, құрметтеуді міндеттейді; төртіншіден, ішкі психологиялық күш-қуатын бірінші орынға қойған, байлық пен билікті қажет етпейтін қарапайым тұлға; бесіншіден, өз еркінен тыс оқшау жүруге мәжбүр болғанымен, болмысы мен мақсаты адам үшін, ел үшін, қоғамдық нормалар мен талаптарға бағынбайтын, өз заңымен жүретін ерікті; алтыншыдан, дәруіштік-сопылық эгоизмнен ада гуманист, өнер иесі (қобыз, даңғара аспабында ойнайды, тамақпен әндетеді); жетіншіден, бақсы азаттық пен еркіндіктің биік шыңында тұрған абсолютті еркін, асқақ, бірақ харизма емес.

Зерттеуші Ж.Молдабеков бақсылықтың этномәдени кеңістікте белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан орнын анықтау мақсатында бұл құбылыс туралы ұғымдық түсініктің қалыптасуына көңіл бөлуден бастайды. Және оның алғашқы нышанын табиғатқа деген жақындықтан көреді. Кеңістікте өмір сүрген көшпелілердің табиғатпен әрқашан тығыз байланыста болып, оның заңдылығына қарай бейімделе өмір сүретіні белгілі. Автор Тәңірге табынуды бақсылықтың қайнар көзі ретінде таниды. «Тәңіршілдік – біртұтас құдайға, жалқы Жасампазға, бар нәрсенің шоқтығына, абсолютті бастамаға бағытты ұстатты. Тәңіршілдік бірқұдайшылық пен жалқы діни түсініктің тамырлауына демеулік етті. Тәңірлік – құдайды да, оның жаратқан дүниесін де тануға иштей ұмтылыс тудырды» [1, 15]. Қ.С. Кәрібай тәңір сөзі түркі еліне ислам діні таралған кезде қалыптасқан болуы мүмкін деген пікір білдіреді. «Өйткені түркі халықтары ислам діні келмей тұрғанда құдіретті күш Тәңірге сенді. «Тәңір» - ол түркілік сөз» [2, 47].

Ежелгі түріктердің Тәңір тарапынан түсірілген тәңірлік дінге сеніп, ұлы әрі жалғыз жаратушы деп Тәңірге иман келтіргенін, тағзым етіп, табынғанын Д.Қыдырәлі де тәпсірлейді. Негізінде тәңіршілдіктің бойында түркі халықтарының бірқатар діни тәжірибесі ұштасқанын, табиғатпен тығыз байланыста, өзара гармонияда өмір сүрген көшпелілердің қоршаған әлемнің мәнін тануға талпынып, құпияға толы адам мен табиғаттан асқан керемет жоқтығын алғаш байқаған ғалым Ш.Уәлиханов болды.

Тәңіршілдік турасындағы қазақ ғалымдарының зерттеулері мен ғылыми пайымдаулары шетелдік ғалымдар пікірлерімен сабақтас, орайлас екендігі Р.Н. Безертинов еңбегінен байқалады: «Еще до принятия буддизма, христианства, ислама тюрки имели свою, более древнюю и самобытную религию. Она была основана на культе космического божества Тэнре. Представление о Тэнре, восходящее своими корнями к V-IV тысячалетиям до н.э., как от главном божестве было характерно для всех тюрков и монголов Великой степи» [3, 3].

Осы дүниелерді саралай келіп, зерттеу мақаланың нәтижесі ретінде қазақ руханиятындағы діни наным-сенімдердің аражігі ажыратылып, соның ішінде тәңірлік дәуір

ерекшелігінің айқындалып, оның көрнекті өкілі саналатын бақсылық дәстүрдің отандық ғылымда зерттеліп, жүйеленуін айтуға болады.

Бақсы кім деген сұрақ туындағанда «ол әрі жыршы, әрі күйші, әрі дәрігер, әрі сәуегей» [4, 42]; «аруағы бар, сиқыры бар, жұртты жарылқаушы» [5, 3], «ертеңді болжап айтушы сәуегей, рухани күш беруші, әзәзілді аластаушы, зиянкестермен күресуші, сиқыршы, арбаушы, тылсым күш иесі, әрі науқасты аурудан арашалап қалатын емші» [6, 162] деген жауап аламыз. Бақсының ерекше тұлғасын жасап, бәрінің басын қосып, ұйытқы болып тұрған – тәңір-иелерге деген нық сенім. «Бақсы – иелерімен тіл қатысып, сөйлесе алатын, айтқанын істете алатын жалғыз өкіл. ...бақсы қатардағы жай адам емес, «қайта туған адам», яки пірлер, жындар дүниесімен араласуға лайықталып, «қайта жасалған» адам. Бақсылық ғұрыпты атқарушылар – аруақтар, жындар дүниесінің өкілдері. ...бақсылық – жындардың бере салған оңай олжасы емес, еріксіз мойынсұнудан туған тер төгіс, қиын міндет, ауыр жүк» [7, 202-203].

Ғалым Б.Абылқасымов бақсының профессионалдық тұлғасын негіздеп, ол ауыз әдебиетін жасаушылардың бірі болғанымен, негізгі міндеті көркем шығармашылық емес, белгілі бір дүниетанымға негізделген діни культті атқару деп нақтылайды. Осы ретте молда, священник, раввин секілді монотеистік сенімді уағыздаушылармен салыстыра отырып, тағы бір айырмашылығын, яғни бақсы жаратқан тәңірге, аруаққа, жынға бағынып, табынатын көзқарастың уағыздаушысы екенін дәйектейді.

Зерттеуші Б.Жүсіповтің пікірінше, бақсы – аруақтар мен адам арасын жалғайтын әрі байланыстыратын дәнекер. Осымен орайлас «бақсы – адам мен аруақ дәнекері, өзінің өміріндегі күнделікті қысым мен әуесқойлықтың бейнесі» деген пікірді Ж.Молдабеков те айтады [1, 16]. Этнограф Б.Кәмалашұлы да осы пікірді қуаттайды.

Қазақ ғылымындағы зерттеулерді сұрыптай, жүйелей қарастыра отырып, бақсылық өнердің зерттелуін үш кезеңге бөлуге болады: қазан төңкерісіне дейінгі кезең, кеңестік дәуір және тәуелсіздік кезеңі. Бұлай үшке бөлуге негіз болған бақсылық өнерге деген көзқарастың әртүрлілігі, оған телінген «шаманизм» терминіне қатысты пікірлер қайшылығы, түрлі факторлардың әсерінен аталған өнерге негативті сипаттардың жамалуы. Қазан төңкерісіне дейін бақсылықты зерттеген Е.Михайловский (1892), А.Сильницкий (1895), В.Суховский (1901), К.Рычков (1914), В.Йохельсон (1933), Д.Зеленин (1935) т.б. болды. Бұл кезеңде орыс баспасөзінде жарық көріп, жарияланған бақсылық туралы дүниелерді Б.Абылқасымов экзотикалық қызықтаудан аспағанымен, деректік тұрғыдан маңызды екенін атап көрсетеді. Расында саяхат, экспедиция құрамында келгендердің көзімен көргендерін, естігендерін жазып қалдыратыны белгілі. Бір тобы бақсылық рәсіміне бойлап, оның қыр-сырын білуге ниет білдіріп, таңданысын жазса; екінші бір тобы мұны тағылық, жабайылық деп танып, қаралап кеткен. «Қазан революциясына дейін, одан кейін қазақ бақсылары туралы қалам тартушылардың көпшілігі бұл халыққа бұратана деген теріс көзқарастың қалыптасуы және халықтың тілін, психологиясын, тарихын, тұрмыс-салтын терең білмеуі салдарынан көп нәрселерді үстірт жазды» [8, 4].

Аталған мерзімдегі іргелі еңбектер қатарына Ш.Уәлиханов, И.А.Кастанье, Л.Будагов, В.Бартольд, В.Радлов, А.Чеканинский, Ә.Диваев т.б. еңбектері жатады. С.Сейфуллин бақсы сарынының өзіндік ерекшелігін, тыңдаған адамға тигізер әсер-ықпалын дәйектеген.

Сыр өңірі қазақтарының мәдениетін кешенді түрде зерттеген монографиясында Т.Е.Картаева Перовск уезі қазақтарының арасында жеті жыл зерттеу жүргізген И.Кастаньенің «Остатки шаманства у киргизов» атты баяндамасында бақсылық өнерін бақылап, арнайы жазба жүргізіп, бақсының киім киісіне, ауруды көшіру әдісіне кеңінен тоқталғанын; қазақ халқының фольклор мұрасын жинаушы Ә.Диваевтың да Перовск уезінде болып, бақсылық құпиясын зерттеуге мән беріп, бақсының сарын айтудағы ерекшелігіне ден қойғанын; сондай-ақ, Сырдың төменгі ағысы бойында болып, бақсылық өнерді бақылап, өз көзімен көргендерін жазған белгілі орыс саяхатшысы Л.С.Берг еңбектеріне тоқталып өтеді. Ал В.И. Харитонова «во второй половине XX века представители разных народов (даже тех, у которых шаманизма как таковогов культуре никогда не было) заинтересовались этим сложным феноменом, восприняв различные его аспекты» дей келе шамандық тақырыбына XX ғасырдың екінші жартысында қызығушылықтың арта түскенін мәлімдейді [9, 50].

Ғалым Б.Абылқасымов тәуелсіздік алғанға дейін бақсылар мен бақсы шығармашылығына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей, зерттелмей келуін бір ғана сібірлік шаманизм туралы жүздеген еңбектің жазылуын алға тарта отырып, қазақ зиялыларының отарлаушыларға, олар жүргізген үстем саясатқа тым берілуімен байланыстырып, «ескі мәдени мұраға немкетті қарады» деп санайды [10, 92].

Кеңестік заманда бақсылық дәстүрге шынайы, әділ бағасын берген әрі оларды Тәңрінің елшісі ретінде таныған ғалым – Ә.Марғұлан болды. Ол бақсылардың тағы бір қасиеті жыраулық өнер иесі болғанын негіздейді. Бақсыларды жаугершілік заманды басынан көп кешірген халықтың арқа сүйері, қолбасшының жанындағы ақылшысы ғана емес, әскерлерге рухани күш беруші идеолог ретінде бағалайды. Негізсіз ештеңе айтпайтын, телегей теңіз білім иесі, энциклопедист ғалым қытай, араб, иран деректеріне сүйене отырып, бақсылардың ислам дініне қарсы тегеурінді күш болғанын, арабтарға қарсы соғыста өздерінің ерекше, керемет өнерін пайдаланып, «оғыз бақсысы майданға шығып, жай таспен араб әскеріне қарсы күн жайлатып, боран соқтырып, қар жаудырып, олардың үрейін ұшырғанын» [11, 215] дәлелдеген.

Ә.Марғұланның осы пікірі тәуелсіздік кезеңінде өз жалғасын тапты. Бақсылық – бабалардан көш тартқан көне қасиет екенін, ислам діні келуімен бақсылар қоғам өмірін үйлестіруші, реттеуші қызметінен айрылғандығына жан-жақты тоқталып, аруақ пен әулие феноменіне тереңінен бойлап, кие мен тылсым ұғымдарының пайымына жетуді мақсат еткен зерттеулер жарық көре бастады. Эпостанушы ғалым Ш.Ибраев «ислам дінінен кейін бұрынғы ...бақсыларды ығыстыра бастағаны мәлім, тіпті көп жағдайда, бақсыларға қарсы күрес те жүргізілді. Осыған байланысты көне заманның ...бақсылары біртіндеп ұмыт болуға айналды, не ислам дініне лайық өзгерістерге ұшырап, екіжақты идеология белгілерін ұштастырған күрделі синкреттік тұлғаға айналғанын» жазады [12, 68].

Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінде кездесетін «моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» деген жолдарды тарқата талдай отырып, Н.Саматұлы бақсыны төл тарихымыз, санамыздың өтешағы ретінде танытады. Өз мақаласында басқа жандардан мәртебесі жоғары тұратын, тіпті сесі мен сұсы басатын бақсыларды сегіз қырлы бір сырлы өнер иесі

ретінде сипаттайды. Автордың пайымынша, бақсыларға деген негативті көзқарастың жамалып, бүгінге дейін қисық айнадан қарау саясаты екі кезеңде жүзеге асырылған. Біріншісі, қазақ даласына ислам дінінің келуімен байланысты болса, екіншісі кеңестік заманда орын алған. Оның біріншісінде жауапты «бақсыны шеттетіп, елге жеккөрінішті қылған ислам дінін таратуға аттандап жеткен жорықшылар мен олардан дін үйренген өзіміздің әсіре діншілер деуге болады. Өздерін қасиетті соғыс ғазауатшылармыз деп сендірген жорықшылар жергілікті жұрттың өзге құндылықтарын тып-типыл етіп жоюмен бірге, бақсыларды да қудалап, бастарына әңгір таяқ ойнатқан. Бақсы дінді таратушылар үшін алынбас қамал тәрізді. Сол қамалды құлатпаса, бақсының көзін құртпаса, халықты бақсыдан ажыратпаса, ислам дінін жаппай енгізіп, санаға үстемдік ету мүмкін емесін жақсы түсінген» [13, 57].

Тәңірлік сенімнің ұстыны болған, халық сөзіне сеніп, соңынан ерген бақсылардың ислам діні келгеннен кейін шетқақпай көріп, Өзбек ханның да тізесі батқанын профессор Ә.Марғұлан, Б.Кәрібаев, К.Қошым-Ноғай жазып көрсеткен [14]. «Мұсылман дінін алғаш мемлекеттік дін етіп қабылдаған Алтын Орданың билеушісі Өзбек ханның, одан кейінгі де әлемді табанының астына салмақ болған Ақсақ Темірдің тұсында бақсылық өнері құрып кетуге шақ қалды. Соның салдарынан бір кездегі дарынды, білгір бақсыларынан ел айрыла бастады» [15, 7].

Одан соң кеңестік атеизм бұғауында қалып, діни наным ретінде тәркіленді. Расында тоталитарлық режим тұсында аруақпен тілдесіп, тылсым күштің құпиясын игерген бақсылықтың еркіндікте қалуы абсурд еді. Бақсылардың әлеумет өміріндегі рөлінің әлсіреп, қызмет аясының тарылып, жойылуға шақ қалу себебін ғалым Б.Абылқасымов мынадай үш факторға телиді: «бір себебі 1868 жылы қазақ даласын билеудің жаңа ережелеріне сәйкес бақсылыққа заң жүзінде тыйым салынуынан, екіншіден, мұсылманшылықтың өршуінен (молдалар жын шақыру шариғатқа қарсы келеді, сондықтан бақсыдан көмек сұрау күнә болады деп уағыз жүргізеді), үшіншіден, қазақ даласына етек жая бастаған орыс медицинасы да бақсылыққа өре-тұра қарсы болады» [10, 200]. Ғалым бақсының емшілік қызметімен қатар, ырыми міндет – болжаушылық қызметінің де қатар жүретіндігіне назар аударған.

Кеңес дәуіріндегі бақсылық жайындағы толымды еңбектердің қатарында Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» (1974) атты зерттеу еңбегін атап өту маңызды. Автор мұнда бақсылық өнеріне тұтас бір тарауын арнап, бақсы мұрасы мен өнерін діни шығармашылық деп танығандарға қарсы шығып, оны қазақ фольклорының заңды әрі қызықты саласы ретінде таниды.

Ал бақсы сөзінің шығу төркініне тереңдей барлап, тілдік талдау жасап, олардың атқаратын қызметіне, нақтырақ айтқанда емшілік міндетіне, оның ерекшелігі мен артықшылығына кеңінен тоқталған ғалым – Е.Тұрсынов болды. Автор өзіне дейінгі бақсылықты зерттеген еңбектерге тоқтала, талдау жасай отырып, олардың дені бақсылықтың кертартпалық қызметіне көңіл бөлгенін аңғарған. Бақсылардың қазақтың қоғамдық өміріндегі рөлін, қазан төңкерісіне дейінгі бұқараның сана-сезімінің деңгейін, бақсы шығармашылығының қазақ салт поэзиясынан алатын орнын белгілейді. «Бақсы типінің шығу тарихын, бақсылар творчествосын зерттемейінше, қазақ фольклоры

тарихын анықтау мүмкін емес» [16, 51] деп, бақсылықты ата-бабамыздың бірнеше мың жыл бойғы идеологиясы есебінде дәріптейді. Бақсылардың зікір өлеңдерін фольклор мұрасы ретінде танылған пікірлерді фолкьлортанушы Б.Абылқасымов та қуаттайды. Ол бақсылық сарынды ғұрыптық фольклордың жанры ретінде қарастыра отырып, ондағы сөз үлгілерінің утилитарлық, практикалық қажеттілікті атқару үшін қолданылатынын ескертеді. Әрі ғұрыптық әрекеттердің орналасу ретіне қарай жүйелей отырып, бақсы сарындарының үш түрлі: пірлерге сыйыну, жын шақыру, жын қайтару сынды сюжеттік қабаттарын ажыратып береді. Яғни ғалымдардың ой-пікірлері мен пайымдаулары арасында заңды жалғастық, сабақтастық бар.

Кеңестік заманда бақсылық жайында жазылған мазмұнды зерттеудің бірі – Е.Тұрсынов еңбегінің артықшылығы – ол бірнеше ұлттар мен ұлыстар өміріндегі бақсылардың медициналық функциясын салыстыра қарастырып, бақсылардың емдеу процесінде психотерапиялық әдіс – гипнозды пайдалануының емдеу (көз байлау психотерапия түрінде іске асырылады), емдеу сеансының нәтижелілігін байқау масқатында (ішіне қанжар тығу, шоқ жалау т.б.), беделін арттыру (көз байлау фокус түсінде іске асырылады) сынды үш мақсатта пайдаланатындығын дәлдеп, нақтылап беруінде.

Ғалым бақсылардың жекпе-жегін, сайысын әртүрлі халықтардағы бақсы өнерімен салыстыра, салғастыра келе, «түбі, батырлық эпостың қалыптасу тарихында бақсылар аңыздарының да атқарған қызметі айтарлықтай» [16, 93] деп түйіндейді. Бірнеше археолог, этнограф, ориенталист ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып бұл типтің пайда болуын қола дәуірінің бастапқы кезеңі деп көрсетеді. Негізсіз емес, әрі бірнеше зерттеуші еңбектеріне, көзқарас, пайым, топшылауларына сүйене отырып, қорытқан пікірі бүгінде жалғасын табуда.

Бүгінде ықылым заманнан жеткен бақсылық өнерге деген көзқарас өзгерді. Оған әсер еткен – бақсының байырғы болмысын, сананың, тарихи жадтың өтешағын білуге, тануға, танытуға деген құлшыныс пен ниет. Оны түрлі тарихи кезеңдер мен замандар қатпарынан алып, аршып, тазалау да оңай еместігі белгілі. Осы бағытта тек әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалымдар ғана емес, этнограф, археолог, мәдениеттанушы, философ ғалымдар да өз үлесін қосуда.

Бақсының табиғатына үңіліп, обьективті бағасын беруге бағытталған еңбектер жазыла, жарық көре бастады. Атап айтқанда, «Бақсылар», «Қазақтардағы бақсылықтың қалдықтары», «Қазақтың бақсы-балгерлері», «Қазақтың халық медицинасының құпиясы», «Телқоңыр» т.б.

Мұндай бетбұрысты Б.Аташ әлемнің көптүрлілігі мойындалып, ғылымдағы монистік көзқарастардың іргесі сөгіліп, ғылыми өлшемдер параметрлері өзгергендігімен түсіндіреді: «ғылыми білім ақиқатты танудағы ең жетілген, бірден-бір, абсолютті мән деген көзқарастарға соққы берілді [17, 68]. Дәл осындай пікірді М.Жолдасбеков те келтіріп, өркениеттің өрісі мен дағдарысына байланысты ғылымда көп өзгерістердің орын алғанын, бірнеше ғылымның тоғысында және ұлттық дәстүрмен байланыста қалыптасқан, бүгінгі бірнеше маманның (медик, молда, астролог, психолог, молда т.б.) атқарған қызметін заманында жалғыз молда атқарғанын тәпсірлейді. Бақсы рөлінің ықпалды болып, қызметі жоғары деңгейде болғанын сақ көсемі Еділ патша (Аттила)

мен Шыңғыс ханның да өз бақсылары болуымен байланыстырады. Автор бақсылықтың кеңістік-уақыт континуумынан басқа жолды іздеп, Ұлы рухпен үндесуге ұмтылатынын айтады. Бақсылықтың шығыс өркениетіндегі, ұлттық дәстүрдегі өзіндік орны мен рөлімен қатар әлеуметтік-этникалық маңызын ашып берді.

Бақсы болмысын, табиғатын, қызметін танытып, түркілер өміріндегі орны мен рөлін анықтау бағытында көп еңбек атқарып, ғылыми зерттеулер жазып жүрген – ғалым Б.Аташ. Ол Қорқыттың бақсылығын түркі даласындағы ренессанс санайды. Аташ зерттеуінің құндылығы – бақсылықтың ұзақ уақыт бойы сақталып келуін оның тікелей функциясымен байланыстыра қарап, оның негізгі: медициналық-терапиялық (ауруды емдеу мен алдын алу), футурологиялық-прогностикалық (болашақты болжау мен қатерден сақтандыру) сынды түрлерін ажыратып бергендігінде.

Қорытынды

Тарихын, өткенін білмейтін ел бәсекелестікке ілесе алмайтыны түсінікті. Қазақ халқының діни дәстүрі, наным-сенімдері түрлі тарихи кезеңді артқа тастады. Ал оны зерттеу, ғылыми нысан ретінде көңіл бөліп, назарға алу күн тәртібінен түспейді. Діни дәстүрдің болуы және оның өз дәрежесінде зерделенуі – қызықты әрі маңызды дүние. Түбірі көне дәуірден шығатын бақсылықтың қоғамнан алыстап, бұ дүниелік істер мен қызықтардан бас тартып, оқшауланып, рухани жетілуді мақсат етіп, күнкөріс үшін ел кезіп кеткен бақсылардың тарихы мен зерттелуін білудің қажет әрі маңызды екендігінің дәлелі – 2024 жылы Алматы қаласында «Қазақ бақсыларының тұңғыш құрылтайының» өтуі.

Жеті қат көктен алатын ерекше биоэнергиясы бар бақсылықты Л.Бөкейханқызы әдеби мектеп ретінде қарастырып, бақсыларды осы жүйенің негізін салушы ретінде танып, поэтикалық танымға көңіл бөлген шығармашыл тұлғалар ретінде бағалайды. Көркем сөз үлгілерін қағаз бетіне түсіріп алу мүмкін болмаған кезде бақсылар оларды ауыздан ауызға жеткізіп қана қоймай, «ауызекі шығармашылыққа негізделген көптеген дүниелер жазып қалдырған ...ауыз әдебиетінің ескі кезеңдегі орындаушылары ғана емес, көрнекті өкілдері» деп тұжырымдайды [18, 9]. Автордың бақсылар орындайтын зікір-жырларды халық шығармашылығы деп танып, «әдебиеттің ежелгі замандар баспалдағындағы ең алғашқы өкілі» деп танығаң пікірі де көңіл аударарлық.

Мүдделер қақтығысы
Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Сайлаухан А.Б. – қазақ әдебиетіндегі бақсылық ұғымының шығу тегі, зерттелуі және зерттелу мәселелерін қарастырды. Мақаланы жазу барысында нәтижелер, талқылау мен қорытындылау жұмыстарын жүзеге асырды. **Мамбетов Ж.О. –** қазақ әдебиетіндегі бақсы ұғымы туралы зерттеу еңбектерін жинақтап, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жүргізді. **Кенжекожаева А.** – мақаланың кіріспе бөлімі, материалдар мен зерттеу әдістері бөлімдері бойынша материалдарды әзірледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Молдабеков Ж.Ж., Алхаров О. Бақсылықтың ұғымдық және өмірлік шеңбері // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Саясаттану сериясы. Мәдениеттану сериясы. – 2004. –№1 (21). – Б. 14-18.

2. Кәрібай Қ.С., Жақыпов Ж.А. Діни дастандарға теонимдер // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №4 (141). – Б. 43-54

3. Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство». Учебное пособие. 2-издание. – Казань, 2017. – 245 с .

4. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінінің тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1948. – 240 б.

5. Садырбайұлы С. Бақсы және бақсы сарыны // Қазақ әдебиеті. – 1999. – №45 (2623). – Б. 3.

6. Картаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 325 б.

7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.

8. Байбосынов К., Исақов Ә. Бақсылар. – Алматы: Мерей, 1995. – 112 б.

9. Харитонова В.И. Тувинский (нео)шаманизм как культовая и целительская практика в современном мире // Новые исследования Тувы. – 2018. – №4. – С. 47-76.

10. Абылқасымов Б. Телқоңыр (Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры). Жауапты ред. Қасқабасов С.А. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 160 б.

11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Ғылыми-зерттеу мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

12. Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 263 б.

13. Саматұлы Н. Бақ әкелші бізге, бақшы! // Tan-Sholpan. Әдеби-көркем, көпшілік журналы. – 2024. – №2. – Б. 50-66.

14. Кәрібаев Б. Алтын Орда тарихының беймәлім беттері // Егемен Қазақстан. – 2020. –№182. – Б. 17.

15. Қошым-Ноғай К. Бақсылық деген тылсым күш // Ауыл. – 1995. – №9. – Б. 7.

16. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.

17. Аташ Б. Бақсы тұлғасы. Зерттеу // Tan-Sholpan. Әдеби-көркем, көпшілік журналы. – 2024. – №2. – Б. 67-82.

18. Бөкейханқызы Л. Бақсы әдебиеттің алғашқы өкілі // Кентавр. – 2008. – №8-10. – Б.9.

А.Б. Сайлаухан, Ж.О. Мамбетов*, А. Кенжекожаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Изучение баксы в казахской литературе

Аннотация. В статье анализируется баксы (служитель культа в тенгрианстве), считающийся представителем эпохи тенгрианства, и проблема его изучения в казахской науке. Систематизированы мнения и исследовательские работы об искусстве баксы, которое на протяжении многих лет преследовалось, покрывалось отрицательными характеристиками и не

могло быть должным образом и объективно оценено, а также определены этапы исследования. Проанализированы необходимость и польза баксы, не угасающего на протяжении веков из народной памяти, для науки и человечества, а также труды исследователей, способствовавших определению профессиональной личности баксы. В науке известно, что такие традиции, как доисламское богословие, митраизм, зороастризм, шаманизм мало изучаются и анализируются и представляют интерес для общества. Начиная с тюркского периода, дифференцируются оценки и выводы, данные известными учёными этому верованию, имеющему своё место в формировании казахского народа как нации, критически анализируются особенности баксы. Авторы использовали герменевтический, описательный, исторический, повествовательный, историко-аксиологический методы, когда считали необходимым изучить в отечественной науке одно из доисламских верований казахской степи – баксы. В результате было оценено и взвешено, что отношение к древнему искусству баксы сегодня изменилось. Помимо знания истории религиозного мировоззрения, важна и целостность религиозного мировоззрения. В то же время оно имеет свое значение в укреплении национальной идентичности.

Ключевые слова: тенгри, баксы, божественность, верования, стихи-зикры, мистика.

A.B. Sailaukhan, Zh.O. Mambetov*, A. Kenzhekozhayeva *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

Studying baksy in Kazakh literature

Abstract. The article analyzes the baksy (clergyman in Tengrism), considered representative of the Tengrism era, and the problem of its study in Kazakh science. The necessity and benefits of the baksy are examined, as well as the works of researchers who contributed to the definition of the professional personality of the baksy. It is known in science that traditions such as pre-Islamic theology, Mithraism, Zoroastrism, and shamanism are little studied and analyzed, and are of interest to society. Starting from the Turkic period, the assessments and conclusions given by famous scientists to this belief, which has its place in the formation of the Kazakh people as a nation, are differentiated, and the features of the baksy are critically analyzed. The authors used hermeneutic, descriptive, historical narrative, and historical-axiological methods when they considered it necessary to study in domestic science one of the pre-Islamic beliefs of the Kazakh steppe - baksy. As a result, it was assessed and weighed that the attitude towards the ancient art of baksy has changed today. In addition to knowledge of the history of the religious worldview, the integrity of the religious worldview is also important. At the same time, it has its significance in strengthening national identity.

Key words: tengri, bucks, divinity, beliefs, dhikr poems, mysticism.

References:

1. Moldabekov J.J., Alharov O. Baksylyktyn ugymdyk jane omirlik shenberi [The conceptual and life circle of baksy], Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Series Philosophy. Political science series. Series Cultural Studies, 1 (21), 14-18 (2004). [in Kazakh]

2. Karibai Q.S., Jaqypov J.A. Dini dastandarga teonimder [Theonyms in religious dastans], Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series, 4 (141), 43-54 (2022). [in Kazakh]

3. Bezertinov R.N. Drevnetyurkskoe mirovozrenie «Tengrianstvo». Uchebnoe posobie. 2-izdanie. [Ancient Turkic worldview «Tengrianism». Textbook. 2nd edition]. (Kazan, 2017, 245 p.) [in Russian]

4. Kenjebaev B. Kazak adebietininin tarihy. [History of Kazakh literature] (Almaty, 1948, 240 p.) [in Kazakh]

5. Sadyrbaiuly S. Baksy jane baksy saryny. [Baksy and the baksy motif] Kazakh Literature, 45 (2623), P. 3 (1999) [in Kazakh]

6. Kartaeva T.E. Syr oniri Kazaktary: tarihi-etnografialyq zertteu (HIH gasyrdyn ekinshi jartysy – HH gasyrdyn basy). Eki tomdyk. 2-tom. [Kazakhs of the Syr region: historical and ethnographic study (second half of the XIX - beginning of the XX century) In two volumes. Volume 2] (Almaty, 2014, 325 p.) [in Kazakh]

7. Kazak adebietinin tarihy. On tomdyk. 1-to. [History of Kazakh Literature. In ten volumes] (Almaty, 2008, 812 p.) [in Kazakh]

8. Baibosynov K., Isaqov A. Baksylar. [The Baksy] (Almaty, 1995, 112 p.) [in Kazakh]

9. Haritonova V.I. Tuvinskij (neo)shamanizm kak kul'tovaja i celitel'skaja praktika v sovremennom mire [Tuvan (neo)shamanism as a religious and healing practice in contemporary world], Novye issledovanija Tuvy, 4, S. 47-76 (2018). [in Russian]

10. Abylqasymov B. Telkonyr (Kazaktyn kone nanym-senimderine qatysty guryptyq folklory). [Telkonyr (ritual folklore relating to ancient Kazakh beliefs)] (Almaty, 1993, 160 p.) [in Kazakh]

11. Margulan A. Ejelgi jyr-anyzdar. Gylymi-zertteu maqalalar [Ancient legends. Research articles.]. (Almaty, 1985, 368 p.) [in Kazakh]

12. Folklor shyndygy. [Folklore reality] (Almaty, 1990, 263 p.) [in Kazakh]

13. Samatuly N. Baq akelshi bizge, baksy! [Bring happiness to us, baksy!] Tan-Sholpan. Literary and artistic, public journal, 2. P, 50-66, (2024). [in Kazakh]

14. Karibaev B. Altyn Orda tarihynyn beimalim betteri. [Unknown pages of the history of the Golden Horde], A sovereign Kazakhstan, 182, P. 17, (2020). [in Kazakh]

15. Qosym-Nogai K. Baksylyk degen tylsym kus. [The mysterious power of baksy], Auyl, 9, P. 7, (1995). [in Kazakh]

16. Tursynov E.D. Kazak auyz adebietin jasaushylardyn baiyrgy okilderi. [Ancient representatives of the creators of Kazakh oral literature] (Almaty, 1976, 200 p.) [in Kazakh]

17. Atash B. Baksy tulgasy. Zertteu. [The identity of the baksy. Research] Tan-Sholpan. Literary and artistic, public journal, 2, P. 67-82, (2024). [in Kazakh]

18. Bokeihanqyzy L. Baksy adebiettin algashqy okili. [The baksy is the first representative of literature], Centaur, 8-10, P. 9, (2008). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Сайлаухан А.Б. **–** PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0005-9048-7485.

Мамбетов Ж.О. **–** филол.ғ.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6389-5356.

Кенжекожаева А. **–** PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-1380-2753.

Сайлаухан А.Б. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0005-9048-7485.

Мамбетов Ж.О. – к.филол.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6389-5356.

Кенжекожаева А. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-1380-2753.

Sailaukhan A.B. **–** PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0005-9048-7485.

Mambetov Zh.O. – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6389-5356.

Kenzhekozhayeva A. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-1380-2753.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

IRSTI 16.31.41
Research article

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-246-253

Technical capabilities of automated audio description

D.M. Akizhanova*[1], K.S. Kenzhigozhina[2], A.B. Raissova[3]

[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3]Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan

(E-mail: [1]diana.akizhanova@gmail.com, [2]kenzhigozhina.karlygash@gmail.com, [3]university2021@bk.ru)*

Abstract. The scientific research is a description of the features of using resources and programs for automated translation in the context of the work of audio description translators. The presented positive arguments in favor of using these digital technologies to improve the effectiveness of the translator's work in all fields of activity, including socially oriented translation, help to analyze the automated audio description process as a whole. The paper contains a comparative analysis of popular resources for automated translation and describes their characteristics. Recommendations are given on the use of these digital resources in the practice of an audio description translator, as well as the prospects for their development and the relevance of their use for the development of professional competencies of an audio description translator. The interpretation of the specifics of working with resources and programs for automated audio description translation is proposed.

Keywords: audio description, resources for automated translation, audio description commentary, digital technologies in translation, audiovisual translation.

Received: 06.01.2025; Revised: 04.03.2025; Accepted: 13.03.2025; Available online: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Introduction

Automated translation tools have improved significantly over the past decade in terms of the interface available to practicing translators in various fields of activity. So, if at the beginning of the 21st century computer equipment was, by and large, only an option for recording information along with paper media, today digital technologies can be called effective assistants to a specialist in the field of both interpretation and translation.

Moreover, the existing resources for automated translation take into account most of the necessary aspects and stages of the process of transferring information from one language to another, including non-verbal languages and sign systems. Automated translation is now undoubtedly an indispensable tool in the work of professional translators, as well as in the academic environment, in economic analysis, legal practice, literature, journalism, and many other fields.

Literature review

Researchers Shu Zhou, Shuo Zhao, and Michael Groves note in their scientific work on digital bilingualism that at this stage of the industry's development, machine translation is very convenient, effective, and also available to perform a significant number of different professional tasks [1]. Such resources can be accessed both in an expanded form on a personal computer and on mobile devices, which significantly expands their situational usefulness. Resources for machine translation can also be automatically integrated into other digital programs, and even publishing websites, as, for example, in the case of the Taylor and Francis publishing house database [2].

Materials and methods

The programs and resources used in automated translation are striking in their variety: machine translation, terminology extraction programs, concordances, transliteration programs, various text bodies for scientific research, electronic dictionaries with a user-friendly modern interface, as well as resources for remote interpretation. The number of such resources is constantly growing, updates and more effective tools for automated translation are appearing.

So, a professional resource for reviewing and evaluating software, g2.com, today cites 48 programs in the "Listings in Computer-Assisted Translation Available" category, including programs such as Trados Studio, SmartCAT, MemoQ, Google Cloud Translation API, Unbabel, MateCat, and others [3]. This source provides the most extensive and complete list, while many others report that it is enough for a professional translator to know about 7–10 programs, depending on the specifics, and 2–3 programs aimed at solving highly specialized tasks are enough for a practitioner or researcher from other industries.

It can be noted that such digital resources contain a wide range of tools that can facilitate the work of a translator to one degree or another for all types of translation, in particular, for the types of socially oriented translation that are gaining popularity.

One of the relevant areas of modern translation activity in this field is audio description translation or audio transcription. As indicated on the official website of the registered charitable organization. The Audio Description Association (ADA), audio description translation is an audio commentary for visually impaired people.

Audio transcription today accompanies many mass cultural events, such as theatrical productions, films, sporting events, exhibitions, and is also provided in museums and public spaces. In addition, television programs have now also begun to be equipped with similar comments [4]. All over the world, this process is developing gradually and has a positive trend, but it is not yet represented on all platforms. For example, the Audio Transcription Association reports that in the UK, only 21% of theaters offer performances accompanied by audio commentary.

Audio description translation is also an urgent area in the Republic of Kazakhstan, which requires the translation market to provide new services and constantly improve the skills of specialists in this area. Specialized programs and resources for working with audio files, as well as programs for automated translation in general, can significantly enhance the competence of an audio description translator.

To ensure that digital films created in artistic or animated form are accessible to the visually impaired, additional audio accompaniment for the blind and visually impaired should be included in the package of files for digital display (in a digital film copy): audio commentary, which is played in the cinema through headsets (headphones) included either in the receiver of a wired or wireless sound transmission system.

The audio commentary in a digital film copy must be transmitted via audio channels in accordance with the standards for professional digital cinematography.

The parameters of the specialized audio signal of the typhoid commentary must meet the requirements of the standards for the signals of the main channels of the soundtrack of a film in digital cinema and the requirements.

Information about the availability of a specialized audio description commentary channel in a digital film copy must be indicated in its name in the audio format field.

Results and Discussion

The aim of this study was to analyze existing resources for automated translation in the context of the possibility of their effective use in audio description translation activities.

In the modern industry, the use of professional digital technologies is recognized as an integral part of the work of an audio description translator (audio description commentator). For example, the official website of the Institute of Vocational Rehabilitation and Staff Training of the Reacomp contains the program of the course “Audio description”, which was prepared by the honored worker of the REAC O.V. Sergeeva with the participation of O.E. Kudryavtseva. In this training program, considerable attention is paid to technology.

So, among the key sections of the course, one can see such topics as automated audio description transcription technical means for developing audio description commentation, preparation of t audio description commentation text using a personal computer and related

software, technical means for generating audio description commentation, technical means for transmitting audio description commentation to the blind, and others [5].

Among the programs that allow for effective work with audio description commentation, there can be named resources such as VoiceOverMaker, 3Play Media, CaptioningStar, Rescribe App, RightHear, etc. All of them are designed for both audio description commentators and regular users, as they contain a wide range of features and tools. For example, 3 Play Media allows to work directly from a web browser without installing additional software, which makes working with this resource easy and does not require additional costs. The resource offers the creation of subtitles, hidden subtitles, audio description commentation, and translation [6].

It should be noted that the development of artificial intelligence also has a significant impact on audio description translation. Apple machine learning website describes the operation of the Rescribe application, which allows users and content authors to upload a project with the information necessary for audio description, and then independently adapts it to the visual range [7].

Voice Over Maker is also an excellent alternative for use by a wide range of users. This digital resource is equipped with an interface aimed at creating natural voice acting based on texts and can be used for YouTube, for various educational videos, broadcasting, game videos, and many other visual images that need to be provided with audio commentary. The application allows to select more than 160 voice options, it can also set a specific gender of the speaker, choose a child's voice. The content can be voiced in many languages, and it is possible to create own podcast based on text material [8].

A separate category of digital resources created for the convenience of visually impaired and blind people are applications that are used directly by them, and not created specifically for the work of an audio description commentator, for example, the RightHear application. This application contains descriptions of more than 2,000 geographical locations around the world and transforms the environment into a space accessible to everyone, helping people with visual impairments travel.

However, a specialist in this field should also understand the work of such resources if he does not act as a user of their interface for providing audio description commentation, but as the creator of such resources as an audio description reader. The development of this competence seems to be an extremely promising area of training.

It is also necessary to mention the audio description commentator gadget, which is a software and hardware tool based on a mobile device with software designed to receive hidden audio description commentary on this device. The device is used for time-limited media commentary (Internet, cinema, television, radio).

The main requirements for using the audio description commentator gadget are:

- an up-to-date version of the screen reader with a Russian-language speech synthesizer must be installed and activated in the audio description commentator gadget;
- language packages of the country's nationalities must be pre-installed in the audio description commentator gadget;
- the interfaces and content used in the process of receiving audio description commentary must meet the requirements;

● the audio description commentator gadget should work with current models of Braille displays;

● the audio description commentator gadget should provide for the possibility of selecting the left, right, or both headphones to play audio commentary.;

● the synchronization time of the audio description commentator gadget with the media content should not exceed 1 second. In cinematography, the parameters of the source material of the audio description commentary for the preparation of a special application for the audio description commentator gadget must meet the requirements.

Conclusion

The paper contains a comparative analysis of popular resources for automated translation and describes their characteristics. It also gives recommendations on using these digital resources in the practice of an audio description translator, as well as prospects for their development and the relevance of their use for the development of professional competencies of an audio description translator. The interpretation of the specifics of working with resources and programs for automated audio description translation is proposed.

It can be seen from the analysis of audio description commentation programs popular in the translation services market that, at the moment, audio description translation is not fully automated, since such programs do not offer automatic interpretation of visual images and video materials without human intervention. The resource interface for automated audio description translation necessarily contains a stage of semantic interpretation of what the audio description translator has seen, as a result of which the created text can be conveniently incorporated into the visual material in the form of additional audio files for the convenience of visually impaired and blind people.

Based on a comparative analysis of the sources, it can be concluded that the resources for automated audio description translation are used as an aid to the audio description translator, rather than replacing it. At the moment, it is not necessary to fully complete all the necessary work steps to achieve the desired result. They are able to adapt the uploaded text to the length of the original audio track of the video, make it more convenient for voice acting, and save the audio description interpreter from performing this technical stage independently.

However, the choice of language tools for the most accurate transmission of what is happening, taking into account the features of video recording, visual images, visual aspects of real-time action, and in other situations requiring audio description commentation, can only be made by a person.

Thus, it is quite obvious that the issue of the prospects for developing programs for automated audio description translation is only part of the work on training qualified audio description translators. The development of related competencies should also include, but not be limited to, skills in working with technical means for automated audio description translation.

The scientific research is a description of the features of using resources and programs for automated translation in the context of the work of audio description translators. The presented

positive arguments in favor of using these digital technologies to improve the effectiveness of the translator's work in all fields of activity, including socially oriented translation, help to analyze the automated audio description process as a whole. The paper contains a comparative analysis of popular resources for automated translation and describes their characteristics.

Conflict of interests, acknowledgements, and funding information

This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP19679666 "Audio description as a socially oriented type of translation activity: training of translators of audio description").

The article contains no conflict of interests.

Contribution of the authors

Kenzhigozhina K.S. collection of empirical material, conducting a literary review, analyzing data, as well as studying the works of foreign and domestic scientists; **Akizhanova D.M. –** analyzing the features of using resources and programs for automated translation in the context of the work of audio description translators; **Raissova A.B. – c**ontributing to the development of the concept of the article, the study and analysis of the collected materials.

References

1. Shu Zhou, Shuo Zhao, Michael Groves. Towards a digital bilingualism? Students' use of machine translation in international higher education, Journal of English for Academic Purposes, Volume 60, 2022. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jeap.2022.101193.

2. Barrett, L. Embedding the google translate widget on Taylor & Francis online. Editors' Bulletin, 10(3), 48-50 (2015). DOI: https://doi.org/10.1080/17521742.2015.1013790

3. Joshi Sh. Best Computer-Assisted Translation Software. What is Computer-Assisted Translation Software? [Electronic resource]. – URL: https://www.g2.com/categories/computer-assisted-translation#grid

4. What is AD? The Audio Description Association (ADA) [Electronic resource]. – URL: https://www.audiodescription.co.uk/copy-of-about-old

5. Sergeeva O.V., Kudryavtseva O.E. Program of the course on Audiodescription [Electronic resource]. – URL: https://web.archive.org/web/20131028024226/http://www.rehacomp.ru/indevelop/tiflocomment /#p11

6. 3playmedia. Official website [Electronic resource]. – URL: https://www.3playmedia.com/

7. Rescribe. Apple's official website [Electronic resource]. – URL: https://machinelearning.apple.com/research/rescribe-authoring-and-automatically-editing-audiodescriptions

8. Voiceovermaker. [Electronic resource]. – URL: https://voiceovermaker.io/ru/

Д.М. Акижанова*[1], К.С. Кенжигожина[2], А.Б. Раисова[3]
[1,2] Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
[3] Павлодарский педагогический университет имени Алкея Маргулана, Павлодар, Казахстан

Технические возможности автоматизированной аудиодескрипции

Аннотация. Научное исследование представляет собой описание особенностей использования ресурсов и программ для автоматизированного перевода в контексте работы специалистов-тифлопереводчиков. Представленные положительные аргументы в пользу применения данных цифровых технологий для повышения эффективности работы переводчика во всех сферах деятельности, в том числе в социально-ориентированном переводе помогают проанализировать автоматизированный процесс тифлоперевода в целом. Работа содержит сравнительный анализ популярных ресурсов для автоматизированного перевода, описаны их характеристики. Даются рекомендации по использованию данных цифровых ресурсов в практике тифлопереводчика, а также перспективы их развития и актуальность их применения для развития профессиональных компетенций тифлопереводчика. Предлагается интерпретация специфики работы с ресурсами и программами для автоматизированного тифлоперевода.

Ключевые слова: тифлоперевод, ресурсы для автоматизированного перевода, тифлокомментарий, цифровые технологии в переводе, аудиовизуальный перевод.

Д.М. Акижанова*[1], К.С. Кенжигожина[2], А.Б. Раисова[3]
[1,2] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3] Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

Автоматтандырылған аудиодескрипцияның техникалық мүмкіндіктері

Аңдатпа. Ғылыми зерттеу тифло аудармашылар мамандарының жұмысы контекстінде автоматтандырылған аударма үшін ресурстар мен бағдарламаларды пайдалану ерекшеліктерінің сипаттамасы болып табылады. Аудармашының барлық қызмет салаларында, оның ішінде әлеуметтік-бағытталған аудармада тиімділігін арттыру үшін осы цифрлық технологияларды қолдану пайдасына ұсынылған оң дәлелдер тифло аударманың автоматтандырылған процесін тұтастай талдауға көмектеседі. Жұмыста автоматтандырылған аударма үшін танымал ресурстардың салыстырмалы талдауы бар, олардың сипаттамалары сипатталған. Тифло аудармашының тәжірибесінде осы цифрлық ресурстарды пайдалану бойынша ұсыныстар, сондай-ақ олардың даму перспективалары және тифло аудармашының кәсіби құзыреттерін дамыту үшін оларды қолданудың өзектілігі беріледі. Автоматтандырылған тифлотасымалдау үшін ресурстармен және бағдарламалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін түсіндіру ұсынылады.

Түйін сөздер: тифлоаударма, автоматтандырылған аударма ресурстары, тифлокомментарий, аудармадағы цифрлық технологиялар, аудиовизуалды аударма.

Information about the authors:

Akizhanova Diana Muratova – PhD, acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: diana.akizhanova@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1300-0339.

Kenzhigozhina Karlygash Serikovna – PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: kenzhigozhina.karlygash@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3574-0941.

Raissova Aigul Bekturovna – PhD, Expert Teacher, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: university2021@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8799-3401.

Акижанова Диана Муратовна – PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: diana.akizhanova@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1300-0339.

Кенжигожина Карлыгаш Серікбайқызы – PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: kenzhigozhina.karlygash@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3574-0941.

Раисова Айгуль Бектуровна – педагогика ғылымдарының кандидаты (РФ), Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: university2021@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8799-3401.

Акижанова Диана Муратовна – PhD, и.о. доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: diana.akizhanova@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1300-0339.

Кенжигожина Карлыгаш Серикбаевна – PhD, и.о. доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: kenzhigozhina.karlygash@gmail.com, ORCID: 0000-0003-3574-0941.

Раисова Айгуль Бектуровна – кандидат педагогических наук (РФ), Павлодарский педагогический университет имени Алкея Маргулана, Павлодар, Казахстан. E-mail: university2021@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8799-3401.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

АУДАРМАТАНУ / TRANSLATION STUDIES/ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 16.01.07
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-254-270

Көркем аудармадағы прагмалингвистикалық эксперимент (Ж. Роулиңнің «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас» романының аудармасы негізінде)

А.С. Бейбітова*[1], Ж.М. Қоңыратбаева[2], А.Қ. Қапанова[3]

[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3]Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]aydana_94.18@mail.ru, [2]zhanarkon@mail.ru, [3]aizhan.kapanova@aiu.edu.kz)

Аңдатпа. Көркем аударма жайындағы заманауи зерттеулерде тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуіне назар аударатын прагмалингвистикалық эксперименттер маңызды рөл атқарады. Мақалада көркем мәтінді аудару үдерісіндегі прагматикалық эксперименттің рөлі қарастырылады. Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты – тілдік-мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, көркем шығарманы аударуда прагматикалық бейімделу ерекшеліктерін анықтау. Көркем аударма бойынша прагмалингвистикалық эксперимент жүргізудің маңыздылығы тәжірибеде аударманың прагматикалық бейімделу сипатына мүмкіндік беретін әдістемені анықтауында жатыр. Әдістеме аударманың прагматика мен лингвистикаға негізделген мәтін талдау әдістерінің кешенділігін қамтиды.

Ғылыми зерттеудің негізгі тұжырымдары көркем аударманың тек тілдік дәлдікті ғана емес, сонымен қатар автордың прагматикалық интенциясын жеткізе білуін де талап ететінін аңғартады. Ұсынылған нәтижелер аудармада жоғары деңгейдегі баламалылыққа қол жеткізу үшін мәдени мәнмәтін мен коммуникативті нормаларды терең түсіну қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі туралы ұғымды кеңейте отырып, аударматану және прагмалингвистика ғылыми бағыттарының әдіс-тәсілдерін ұштастырады.

Түйін сөздер: көркем аударма, прагмалингвистикалық эксперимент, аударма әдіс-тәсілдері, сөйлеу актілері, ғылыми болжам.

Түсті: 29.11.2024; Жөнделді: 05.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Заманауи ғылыми зерттеу әдістерінің ішінде эксперименттік әдіс кең таралған. Ол гипотетикалық болжамдарды негіздеуге мүмкіндік береді.

Эксперимент (латын тілінде *experimentum* – сынама, тәжірибе) – ғылыми танымның негізгі әдістерінің бірі. Ол – ғылыми болжамның шындыққа жанасатынын не жанаспайтынын тексеру мақсатында, сондай-ақ құбылыстар арасындағы себептік байланыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеуде жасалатын түрлі әрекеттер мен бақылаулар жиынтығы [1]. Экспериментті білімге деген эмпирикалық көзқарастың негізі деуге болады. К. Поппер критерийі ғылыми теория мен псевдоғылыми теорияның негізгі айырмашылығы ретінде эксперимент жүргізуді пайдалану мүмкіндігін алға тартады. Автор бұл критерийді эмпирикалық ғылымдардың іргелі әдісі ретінде ұсынады. К. Поппердің пікірінше, ғылыми теория, шын мәнінде, ешқашан толығымен расталмайды. Өйткені теорияның кейбір бақылау түрі эмпирикалық болжамдарға сәйкес келе бермеуі де мүмкін [2].

Эксперименттің бақылаудан ерекшелігі – зерттеушінің бір немесе бірнеше факторды жүйелі түрде басқарып, зерттеуге белсенді араласуында. Жоспарлаудың дәстүрлі және факторлық деп аталатын түрлері кездеседі. Дәстүрлі жоспарлау кезінде бір ғана тәуелсіз айнымалы, факторлық жоспарлауда – бірнеше тәуелсіз айнымалы өзгереді. Факторлық эксперимент нәтижелерін статистикалық тұрғыда өңдеу үшін дисперсті талдау қолданылады (Р. Фишер) [3, 96[. Сонымен қатар эксперименттің шешуші, бақылау және пилоттық (сынама) сияқты түрлері де кездеседі.

Шешуші эксперимент (лат. *experimentum crucis*) екі қарама-қайшы болжам болған кезде олардың біреуін таңдауға мүмкіндік береді. Кез келген тәуелділікті тексеру үшін бақылау эксперименті жүргізіледі.

Егер зерттелетін аймақ салыстырмалы түрде белгісіз болса және болжамды анықтауда қиындықтар туындаса, пилоттық эксперимент қолданылады. Пилоттық (сынама) эксперимент немесе тәжірибелік эксперимент – негізгі экспериментке дейін жүргізілетін және оның жеңілдетілген сынама-іздестіру типі. Пилоттық (сынама) эксперимент – кез келген эксперименттік зерттеуді жоспарлаудың ең маңызды бөлігі: ол негізгі зерттеудің маңызды бағытын, ұйымдастыру принциптері мен әдістерін айқындап береді әрі ең маңызды деген болжамдарды нақтылауға көмектеседі [3].

Бастапқыда эксперименттік әдістер жаратылыстану ғылымдарында пайдаланылған. Нақты эксперимент жаратылыстану ғылымдарының бәрінде де маңызды рөл атқарады. Алғашқы жұмыстар адам мен әлеуметтік қатынастарды зерттеуге қатысты жүргізілді. XIX ғасырдың аяғында В. Вундт негізін қалаған эксперименталды психология психикалық құбылыстарды зерттеу үшін ойлап табылды. Сондай-ақ физика мен биологияда сәтті қолданылған эксперименттік әдістер өз аясын кеңейте түсті [4, 44].

Қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымдарда, соның ішінде тіл біліміндеэксперименттік әдістер белсенді түрде жұмсалады. Алғаш рет тіл біліміндегі эксперименттің рөлі туралы мәселені Л.В. Щерба көтерді. Зерттеуші экспериментті лингвистикалық зерттеулерде кеңінен қолдануды ұсынды, бұл әдісті қолданыстағы тілдерді зерттеуде пайдаланудың

артықшылығын атап өтеді [5, 31-32]. Ю.Н. Караулов тіл білімі эксперименттік (қолданбалы) ғылым мәртебесіне ие болуда, ал тіл біліміндегі эксперимент зерттеуші үшін дәлелдеудің ең тиімді құралы деп есептейді [6, 135]. Адамтану (антропоөзектік) туралы ғылымдағы эксперименттің тиімділігін Л.Я. Аверьянов, В.Д. Бондалетов пен А.М. Шахнарович [7, 7], [8, 149], [9, 130] та ерекше атап өтеді. Эксперименттік әдіс тіл деректерін зерттеуші басқаратын және бақылайтын жағдайларда зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеушінің экспериментті дұрыс жоспарлап, жүргізу қабілеті оның нәтижелерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Кез келген эксперимент әдетте үш кезеңнен тұрады [5, 8].

Эксперимент жасаудың бірінші кезеңі. Аталмыш кезеңде, ең алдымен, ғылыми болжамды, жоспарланған зерттеудің мақсатын нақты тұжырымдап, оған жетудің міндеттерін белгілеу қажет. Болжам (гипотеза) (ежелгі грек тілінде негіз, болжам) – дәлелденбеген мәлімдеме немесе аңғарым. Бұл кезеңде априори (зерттеу басталғанға дейін қолжетімді) ақпаратты жинап, талдау, сонымен қатар жағдайдың бәрін ескере отырып, экспериментті нақты жоспарлау орын алады.

Екінші кезеңде нақты эксперименттің өзі жүзеге асырылады. Бұл кезеңде жоспарланған бағдарлама орындалады.

Эксперименттің үшінші кезеңі зерттеуші үшін ең күрделі және өзін шығармашылық тұрғыдан көрсету кезеңі болып саналады. Алынған мәліметтер өңделіп, интерпретацияланады. Осыдан кейін зерттеуші алдағы әрекеттерін жоспарлайды.

Гуманитарлық зерттеулердегі эксперимент түрлері – жасы, жынысы, ұлты және/немесе тілі, мамандығы, әлеуметтік мәртебесі, білімі немесе кез келген басқа сипаттамалары бойынша біріккен адамдардың белгілі бір тобының коммуникативтік ерекшеліктерін анықтау үшін қажетті сұхбат немесе сауалнама арқылы жүргізілетін эксперимент. Деректерді жинап, өңдеудің бұл әдістері әлеуметтануда, әлеуметтік лингвистикада және прагмалингвистикада да қолданылады [6].

Жаратылыстану зерттелетін мәселенің объективті бейнесін берсе, эксперимент нәтижелердің объективтілігін бақылауға мүмкіндік береді. Ал гуманитарлық ғылымдар бойынша эксперимент жүргізу кезінде бірқатар қиындық туындайды. Атап айтқанда, қиындықтың бірі эксперимент жүргізушінің субъектімен жиі-жиі қарым-қатынас жағдайына түсуі деуге болады.

Эксперимент жүргізуші мен зерттелетін нысан арасында коммуникативті қатынастың пайда болуы эксперимент болжамынан алынған нәтижелерге әсер етеді [7]. Зерттеушінің өзіндік бағдары зерттеу тақырыбын таңдауды, теориялық принциптерді және алынған нәтижелерді түсіндіреді. Көп жағдайда жауап сұрақтың тұжырымына байланысты, яғни сұрақ ең қажетті жауапты тудырады. Бұл жайт экспериментте табиғи факторлар немесе сипаттамаларға ғана емес, сонымен қатар респонденттің санасына да әсер етеді. Дегенмен белгілі бір әдістерді қолдану зерттеушінің алынған нәтижелерге әсер етуінің алдын алады.

Эксперименттің ерекшеліктерін ескере отырып, гуманитарлық пәндер бойынша эксперименттерге қойылатын талаптарды сақтау арқылы зерттеу нәтижелерінің объективтілігіне қол жеткізуге болады.

Синтаксис, стилистика және лексикография ұзақ уақыт бойы тіл білімінде тәжірибелік әдісті қолданудың ерекше нәтижелі бағыттары болып саналды. Осыған байланысты мәтінді зерттеуде синтаксистік және семантикалық тәсілдер басым болды. Алайда мәтіннің тілдік сипаттамасын тек осы тәсілдермен ғана шектеуге болмайды.

Соңғы уақытта жүргізіліп жатқан эксперименттік тәжірибелер прагмалингвистика ғылымының даму бағытына да жаңаша екпін бере бастағанын көрсетеді. Прагмалингвистиканың сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын типологиялау, коммуникативті әсерлерді болжау және коммуникативті сәтсіздіктердің алдын-алу саласындағы жетістіктері біртіндеп аударма теориясы мен практикасында да көрініс таба бастады [8, 436].

Әдіснама

Бұл зерттеудің мақсаты – Дж. Роулиңнің «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас» романының қазақ тіліндегі аудармасы негізінде көркем мәтінді аудару үдерісін прагматикалық эксперимент жүргізу арқылы нақтылау.

Көркем аудармадағы аударма шешімдеріне түпнұсқа мәтіннің прагматикалық элементтері мен мәдени реңкін беру тәсілдеріне мәдени-прагматикалық нормалар әсер етеді деп болжаймыз.

Зерттеу мынадай кезеңдерден тұрады:

– Дайындық кезеңі: Зерттеу мәтінін таңдау – «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас» романы, мәтіннің прагматикалық элементтері мен мәдени ерекшеліктерін талдау.

– Әдістеме әзірлеу кезеңі: Мақсатты аудитория (студенттер, магистранттар, докторанттар) арасында аударманы қабылдап, түсіндіруді бағалау үшін сауалнама сұрақтарын әзірлеу.

– Эмпирикалық кезең: респонденттер арасында сауалнама жүргізу, оның ішінде олардың қабылдауын талдау және прагматикалық әсерге, бейімделуге қатысты аударманың негізгі аспектілерін түсіндіру.

– Аналитикалық кезең: алынған мәліметтерді өңдеу, аударманы қабылдап, түсінудегі заңдылықтарды анықтау үшін сауалнамаға қатысушылардың жауаптарын статистикалық талдау.

– Нәтижелерді интерпретациялау кезеңі: гипотезаны растау немесе теріске шығару мақсатында алынған нәтижелерді салыстырып талдау.

Зерттеу мақсатына жету үшін мынадай әдістер қолданылды:

Сауалнама: аударманы қабылдау және прагматикалық әсерді беруді бағалау туралы құрылымдық сауалнама сұрақтарын әзірлеу.

Статистикалық талдау: жауаптардың жалпы тенденциялары мен таралуын анықтау үшін сипаттамалық статистика әдісін пайдалана отырып, сандық деректерді өңдеу.

Сапалық талдау: мәтінді түсіндірудегі негізгі мотивтер мен айырмашылықтарды анықтау үшін қатысушылардың сапалы пікірлері мен ашық жауаптарын талдау.

Зерттеу нәтижелері көркем аудармаға прагматикалық әсерді түсінуді жақсартуға көмектеседі және осы салада жұмыс істейтін аудармашылар мен лингвистерге практикалық ұсыныстар береді.

Нәтижелер мен талқылау

Соңғы кездегі зерттеулерде коммуникативтік-прагматикалық деп аталатын бағытқа баса назар аударылып отырғаны белгілі. Оның ерекшелігі практикалық коммуникативті әрекетті зерттеуінде. Бұл тәсіл мәтінді ерекше коммуникативті бірлік ретінде қарастырады [9, 11].

Коммуникативтік-прагматикалық бағыт дәстүрлі тіл білімінің шеңберінен шығып, таңбаларды (белгілерді) емес, таңба мен оны қолданушы, яғни адамдар арасындағы қатынасты қарастырады. Бұл эксперимент жүргізу кезіндегі бірқатар талапқа байланысты.

Экспериментке респонденттер тобы қатысатындықтан, топты қатысушы ретінде таңдаудағы басты талап экспериментке қатысушылардың барлығында тілдік құзыреттілік – эксперимент жүргізілетін тіл жүйесін жетік білуі қажет [10, 80]. «Жасы» және «жынысы» факторлары прагмалингвистикадағы эксперимент нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді, оның ішінде, әсересе, «жас» факторының әсері зор болмақ [1].

Экспериментке қатысушылардың әлеуметтік-тілдік ерекшеліктерін ескеру қажет [1, 358], сондықтан эксперимент жүргізуде зерттелушілердің жасы мен ана тілі ғана емес, сонымен қатар жынысы, білімі, мамандығы, ұлты, туған жері мен тұрғылықты жері де маңызды. Респонденттермен жұмыс істеу кезінде эксперименттің этикалық принцип ережелерін әзірлеу қажет [1]. Олар:

– эксперименттің сипаты туралы алдын ала хабардар етілген ықтимал респонденттердің келісімін алу;

– оларды орын алуы мүмкін жайсыздықтан, қолайсыздықтан қорғау;

– түсініксіз, екіұшты сұрақтардан аулақ болу, мүмкіндігінше сыпайылық таныту;

– респонденттердің сауалнама сұрағына жауап беру арқылы өздерінің бағаланып жатқанын сезінуіне жол бермеу;

– эксперимент барысында алынған респонденттер туралы құпия ақпаратты жария етпеу;

– эксперименттен кейін зерттеудің мәнін толық түсіндіру.

Прагмалингвистикада эксперимент жүргізудің қажетті шарты – қатысушылар өздерін еркін әрі жайлы сезінетін бейресми ортаны таңдау. Тәжірибе барысында төмендегідей шарттар орындалуы тиіс:

1) ойды еркін тұжырымдау алдын ала егжей-тегжейлі дайындықсыз жүзеге асады;

2) экспериментке қатысушы басты назарда болмайды;

3) экспериментке бақылаушылар қатыспайды [9, 66].

Прагмалингвистикалық эксперименттің ерекшеліктерін ескеру сенімді нәтижелердің алынуына көмектеседі.

Ғылымдағы прагмалингвистикалық эксперимент тәжірибелерін басшылыққа ала отырып, біз өз ізденісімізде Ж. Роулиңнің «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас» романын ұлттық тілге аударудағы прагматикалық әсердің сипатын нақтылау мақсатында жүргізілген прагмалингвистикалық эксперимент нәтижесін талдап, сараптаймыз.

Экспериментке барлығы 157 респондент қатысты. Олардың 68,8 %-ы 19-25 жас аралығында, 16,6 %-ы 12-18 жас аралығында, сондай-ақ 10,2 % 26-35, 3,8% 35-тен жоғары жас аралығында (1-диаграмма).



Диаграмма 1 – Экспериментке қатысушы респонденттер саны мен жас ерекшеліктері

Респонденттердің көп бөлігінің 19-25 аралығында болуының себебі – эксперименттің негізінен жоғары оқу орны студенттері, магистранттары, докторанттары арасында жүргізілуінде. Басты талап – экспериментке қатысу үшін «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас» романының ағылшын және қазақ тілді нұсқасымен таныс болуы қажет болды.

Эксперимент жұмысына қатысушы респонденттердің 146-ы негізгі сөйлеу тілі қазақ, 109-ы орыс, 73-і ағылшын, 2-уі түрік тілі деп жауап берді (2-диаграмма).



Диаграмма 2 – Экспериментке қатысушы респонденттердің сөйлеу тілі

Әлеуметтік мәртебесі жағынан экспериментке қатысушылардың 79,6 % студент, 5,1 % магистрант, 5,1% докторант, ал 7,6% басқа маман иелері деп жауап берді (3-диаграмма).



Диаграмма 3 – Экспериментке қатысушы респонденттердің әлеуметтік тобы

Сауалнама барысында 157 респонденттің ағылшын тілінің деңгейі 44,6% B1 – Intermediate, 38,9% B2 – Upper-Intermediate, 9,6% C1 – Advanced екені анықталды (4-диаграмма).



Диаграмма 4 – Экспериментке қатысушы респонденттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейі

Эксперимент барысында бес сұраққа жауап алынды. Түпнұсқа авторы мен аударма авторының оқиғаны жеткізудегі эмоциялық күйі көптеген факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Әр автордың эмоциялық күйі мен көзқарасы, сондай-ақ олардың мәтінді қалай түсінгені мен жеткізгені арасында айырмашылықтар болуы мүмкін. Сол себепті 1-сұрақ: Түпнұсқа авторы мен аударма авторының оқиғаны жеткізудегі эмоциялық күйіне байланысты қойылды. 2-сұрақ: аударма авторының түпнұсқа мәтінін жеткізу дәрежесі – аударманың сапасы мен дәлдігін көрсететін маңызды аспект. Аударма авторы түпнұсқаның мән-мағынасын, стилін, эмоциясын және мәдени мазмұнын мүмкіндігінше дәл жеткізу үшін түрлі факторларды ескереді. 3-сұрақ: жалқы есімдердің аудармасындағы прагматикалық сипат көрсеткіші – аударма үдерісіндегі маңызды көрсеткіштердің бірі, себебі жалқы есімдер мәдени мазмұн мен жеке ерекшеліктерді қамтиды. Прагматикалық сипат көрсеткіші арқылы жалқы есімдердің аудармада қандай ақпаратты, әсерді, мақсатты қамтитыны анықталады. Ономатопеялық (еліктеуіш) сөздердің аудармадағы прагматикасы түпнұсқаның дыбыстық, мәдени, эмоциялық, стилистикалық және контекстуалдық аспектілерін ескере отырып, аударманың сапасын жетілдіруге бағытталған. Бұл бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктерін сақтап, оқырманға түпнұсқаның мәні мен әсерін жеткізуде атқаратын рөлі маңызды. Осыған байланысты 4-сұрақ ономатопеялық (еліктеуіш) сөздердің аудармасына қатысты қойылды. 5-сұрақ салыстырмалы құрылымдардың аудармадағы прагматикасын айқындауға арналды. Салыстырмалы құрылымдардың мәтінде жиі кездесуі бұл сұрақтың қойылуына негіз болды. Себебі аталмыш құрылымдардың дұрыс аударылуы аударманың сапасы мен эмоционалды-экспрессивтілігінің жеткізілуіне айтарлықтай әсер етеді.

1-сұрақ – *«Түпнұсқа авторы мен аударма авторының оқиғаны жеткізудегі эмоциялық күйі»*. Респонденттердің көпшілігі (63,1%) аудармада берілген эмоциялық күйді өте жоғары деп бағалады. Бұны түпнұсқаның эмоциялық көңіл-күйінің сәтті берілгені деп интерпретациялауға болады. Респонденттердің 35,7%-ы эмоцияның берілуі орташа деп есептесе, аз ғана бөлігі (1,2%) төмен деп бағалады. Бұл деректер аудармадағы эмоциялық

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

күй сапасына қанағаттанушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді, ал кемшіліктерді байқаған респонденттердің саны аз (5-диаграмма).

Диаграмма 5 – 1-сұрақ «Түпнұсқа авторы мен аударма авторының оқиғаны жеткізудегі эмоциялық күйі»

Сауалнамаға қатысушылардың көркем шығарманың ағылшын тіліндегі түпнұсқасын және қазақ тіліндегі аудармасын оқығандағы эмоциялық күйі тең дәрежеде деп айтуға негіз бар. Аударманың дәлдігі, көркемдік сапасы, тілінің байлығы мен нақтылығы оқырманның эмоциялық күйіне тікелей әсер етеді. Жоғары сапалы аударма түпнұсқаның эмоциялық мәнін жақсы жеткізеді. Әр тілде белгілі бір мәдени мазмұн, мәнер, эмоцияның берілуі әртүрлі болуы мүмкін. Аудармада кейбір эмоционалдық элементтер жоғалып кетуі немесе өзгеруі мүмкін.

Аудармада берілген эмоционалдық күйді бағалауға арналған эксперимент нәтижелері, жалпы алғанда, аударма түпнұсқа шығарманың эмоционалдық бояуын тиімді жеткізе алғанын көрсетеді. Деректер бойынша мынадай түйін жасауға болады:

Қанағаттанудың жоғары деңгейі: респонденттердің 63,1%-ы аудармадағы эмоционалдық жағдайды «өте жоғары» деп бағалады. Бұл оқырмандардың көпшілігі аудармашының түпнұсқаның эмоционалдық күйі мен атмосферасын сәтті сақтап, жеткізгенін сезінетінін көрсетеді. Аталмыш нәтиже аудармашының шығарма тұтастығын сақтаудың кілті – эмоцияның қыр-сырын жеткізудегі жоғары шеберлігін көрсетеді.

Эмоцияны жеткізудің орташа деңгейі: респонденттердің 35,7%-ы эмоцияны жеткізу орташа деңгейде деп есептейді. Бұл аударма негізгі эмоцияларды сақтай алғанымен, түпнұсқаның нәзік иірімін немесе тереңдігін әрқашан толық түсіндіре алмауы мүмкін дегенді білдіреді. Аталмыш көрсеткіш кей тұста аудармашының мәтіннің дәлдігі мен эмоционалды байлығы арасындағы тепе-теңдікті сақтауда қиындықтарға тап болғанын көрсетуі мүмкін.

Қанағаттанбағандардың санының аз болуы: респонденттердің тек 1,2%-ы эмоцияның берілуін «төмен» деп бағалады. Төмен пайыз, негізінен, мәтіннің эмоционалды берілуіне байланысты күрделі мәселелер сирек кездесетінін көрсетеді. Дегенмен қанағат-танбағандардың бұл аз бөлігінің өзі аударманы одан әрі жетілдіру үшін маңызды болуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, нәтижелер аударманың оқырмандарды түпнұсқаның эмоционалды күйі тұрғысынан қанағаттандыратынын танытады. Негізгі сын эмоцияларды тасымал-

даудың орташа деңгейіне қатысты, бұл кейбір салаларда жақсартуға мүмкіндік береді. Дегенмен оң бағалардың жоғары пайызы аудармашының мәтіннің эмоционалдық бояуын сақтаудағы сәтті жұмысын растайды.

2-сұрақ – *«Аударма авторының түпнұсқа мәтінін жеткізу дәрежесі».* Респонденттердің шамамен 55,4%-ы аударманы жақсы деп бағалады, ал 43,3%-ы толық қанағаттанарлық деп бағалады. 6,4 пайызы аудармаға көңілі толмайтынын білдірді (6-диаграмма).

Диаграмма 6 – 2-сұрақ «Аударма авторының түпнұсқа мәтінін жеткізу дәрежесі»

Нәтижелер оқырмандардың көңілі толмайтын бөлігі аз болғанымен, кітап аудармасының жалпы оң қабылданғанын көрсетеді. Бұл пайыз көрсеткіші аудармада белгілі бір мәселелер болуы мүмкін екенін, бірақ олардың жалпы әсері көпшіліктің пікірімен салыстырғанда әлсіз екенін танытады. Аталмыш статистикалық деректерді ескере отырып, аударма авторының түпнұсқа мәтінді жеткізу дәрежесі жалпы алғанда жақсы деңгейде деп түюге болады.

Аударма авторының түпнұсқа мәтінін аудару дәрежесі бойынша эксперимент нәтижелері аударма сапасына жалпы оң баға бергенін көрсетеді. Респонденттердің пікірлерін зерттей отырып, бірнеше басты аспектіні бөліп көрсетуге болады:

Респонденттердің айтарлықтай бөлігі (55,4%) аударманы «жақсы» деп бағалады. Бұл оқырмандардың көпшілігі аударма түпнұсқаның негізгі элементтерін сақтап, оның мағынасын оңтайлы жеткізе алды деп есептейтінін дәйектейді. Нәтиже, жалпы алғанда, аудармашының мәтіннің негізгі идеясы мен мазмұнын жеткізу міндетін толық орындағанын растайды.

Экспериментке қатысушылардың 43,3%-ы аударманы «толық қанағаттанарлық» деп бағалады. Бұл көрсеткіш аударма мәтінінің қазақ оқырмандары үшін түсінікті тілде жеткізілгендігін танытады. Аудармада шығарманың негізгі эмоционалдық-стильдік ерекшеліктерінің сақталғанын да көрсетуі мүмкін.

Респонденттердің 6,4%-ы ғана аударманы көңілі толмайтынын білдірді. Бұл жайт аудармада елеулі проблемалардың сирек кездесетінін аңғартады. Дегенмен көңілі толмайтындардың аз ғана бөлігі аударманың дәлдігіне, авторлық стильдің сақталуына немесе түпнұсқа реңктерін жеткізуге қатысты кейбір кемшіліктерді көрсетуі мүмкін екенін ескерген жөн.

Жалпы алғанда, нәтижелер аударманың оң қабылданғанын айғақтайды, бұл аудармашының кәсіби деңгейінің жоғары екендігін және аударма үдерісінің сәтті орындалғанын білдіреді. Дей тұрғанмен алдағы уақытта аударманың сапасын арттырып, түпнұсқаға дәлірек, шынайы болуы үшін көңілі толмайтын шағын топтың пікірлерін ескерген жөн.

Бұл тұжырымдар басқа тілдегі әдеби шығармаларды түсіну үшін сапалы аударманың маңыздылығын, тіпті аз ғана жақсартулардың жалпы оқырман қанағаттануына оң әсер ететінін көрсетеді.

3-сұрақ – *«Жалқы есімдердің аудармасындағы прагматикалық сипат көрсеткіші».* Респонденттердің 73,2%-ы жалқы есімдерді аудару тәсілімен келіседі. Бұл өз кезегінде таңдалған аударма тәсілдерінің дұрыстығын көрсетеді. 23,6%-ы аудармамен келіспесе, 4,5%-ы бұл мәселеге қатысты өз пікірін қалдырды, бұл оқырмандардың есімдерді аударуға қатысты қалауын одан әрі зерделеу қажеттігін көрсетеді (7-диаграмма).

Диаграмма 7 – 3-сұрақ «Жалқы есімдердің аудармасындағы прагматикалық сипат көрсеткіші»

Бұл сауалда мысал ретінде ең кең таралған төрт жалқы есімнің (Harry Potter – Хәрри Поттер, Joanne Rowling – Жоан Роулиң, Granger Hermione – Хәрмиона Грейнжер, Hedwig – Хедуиг) түпнұсқасы мен аудармасы берілді. Жалқы есімдерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару барысы көптеген сұрақтың туындауына себеп болып отырған түйткілді мәселе екені рас. Бұл жайтты зерттеу нысанына алынған аталмыш шығарманың аудармасынан да байқаймыз. Сол себепті бұл мәселені жеке сұрақ ретінде беріп, экспериментке қатысушылардың пікірін білу маңызды деп таптық.

Қазақ аудиториясына прагматикалық тұрғыдан ерекше әсер еткен ең басты кейіпкердің есімі – Хәрри Поттер атауын мысалға келтірсек. Антропонимді қазақ тіліне аудару барысында аудармашылар бірқатар сынға ұшырағаны белгілі. «Гарри» мен «Роулингке» үйреніп қалған көпшіліктің алғашқы кезде аударманың бұл нұсқасын қабылдай алмағаны заңды. Шығарма тікелей ағылшын тілінен (дәнекер тілсіз) аударылған. Ағылшын тілінде «Harry» |’haeri| болып транскрипцияланады. Ал «ə» дыбысы ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де кездеседі. Сол секілді жазушының тегі

«Rowling» ['rō-liŋ] деп оқылады, яғни ң дыбысымен аяқталып тұр. Бұл да қазақ тілінде бар. Сондықтан соңғы әрі нақты нұсқа Гарри емес, Хәрри, Роулинг емес, Роулиң түрінде алынған.

Сонымен қатар егер басты кейіпкердің есімін Гарри деп аударып, оны кері аударма тәсілін пайдалана отырып, ағылшын тіліне қайта аударатын болсақ, түпнұсқадан ауытқып, Harry емес, Garry болып таңбаланар еді. Garry – ағылшын тілінде ер адамның есімі. Көне неміс тілінде «найза» дегенді білдіреді. Найза ежелгі тарихта әлемдегі ең көне қару ретінде белгілі, ол негізінен аңшылық пен соғыста қолданылған [11]. Ал Хәрриді ағылшын тіліне кері аударма тәсілі арқылы қайта транскрипцияласақ, Harry деп таңбаланады. Harry де ағылшын тілінде ер кісінің есімі ретінде танылған, көне ағылшын тіліндегі мағынасы – қолбасшы, көшбасшы. Harry – ағылшын, скандинав және герман тектес ер есімі. Алғашында Harold, Harrison немесе Harvey қысқартылған нұсқасында берілсе, кейінірек жеке есім ретінде қолданыла бастаған. 2021 жылы 721-ші ең танымал ер балалар есіміне енген [12]. Демек, ағылшын тілінде Harry де, Garry де кісі есімі (антропоним) ретінде кездеседі. Сол себепті шығармаға арқау болып отырған Harry есімін ұлттық тілге Хәрри деп аудару тосындық танытқанымен, нақтылыққа қол жеткізеді деп түйеміз.

4-сұрақ – *«Ономатопеялық сөздердің аудармадағы прагматикасы».* Көрсеткіштер бойынша респонденттердің 47,8%-ы ономатопеялық сөздердің аудармасы нақты болды, 44,6%-ы аударма жеткіліксіз, 5,7%-ы аударма толығымен сәтсіз болды деп есептейді. Бұл мәселе назар аударуды қажет етеді, өйткені респонденттердің едәуір бөлігі аударма прагматиканы толық жеткізе алмайды деп санаған (8-диаграмма).

Диаграмма 8 – 4-сұрақ «Ономатопеялық сөздердің аудармадағы прагматикасы»

Қорыта келе, тіл үйретуде аутентті мәтіндерді қолданудың тиімді жағымен қатар, осы материалдарды іріктеуде туындайтын өзіндік қиындықтары да бар екені анықталды. Тіл үйрету сабақтары ең кіші коммуникативті бірлік – мәтінді меңгертуге құрылатын болғандықтан, оқылым мәтіндерінің барынша аутентті түрлерін іріктеп алу соңғы мақсатты нәтиже – тілді меңгеруге үлкен үлес қосады.

Аутентті мәтіндермен жұмыс кезінде мәтін алды, мәтін соңы берілетін жаттығулар коммуникативті бағдарлы ұйымдастырылады. Соған байланысты тіл үйретуде аутентті материалдарды пайдалану заманауи талаптарға сәйкес коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру ұстанымдарына толық сәйкес келеді. Осы жағдайда аутентті мәтіндер қарым-қатынастың нақты жағдаятын тудыру және қарым-қатынас мақсаттарының шынайылығына жету құралы ретінде тіл үйренушілердің тілдің функционалдығын сезінуіне мүмкіндік жасайды. Бұл сөйлеу-ойлау әрекетінің аутентті жағдаяттық ұстанымына сәйкес келеді. Оның үстіне аутентті материалдардың қайнар көздері мен формаларының алуан түрлілігі оқытудың дараландыру мен жаңашылдық ұстанымдарына сәйкес келеді. Осыған байланысты аутентті оқу материалдарын коммуникативтік құзіреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін, ең алдымен әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық және дискурстық құзыреттіліктерді қалыптастырудың өте тиімді құралы деген тұжырым жасауға болады.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

А.С. Бердикулова – мақала тақырыбына қатысты материалдарды саралап, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, талдауға, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты. **Ш. Қапантайқызы** – талдау, тұжырымдама, қорытынды жасауға ат салысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Kennedy A. Reading as a Perceptual Process. 1st Edition / A.Kennedy, D.Heller, J.Pynte, R.Radach. - Elsevier Ltd. – North-Holland, 2000. – 751 p. https://doi.org/10.1016/B978-0-08-043642-5.X5000-1

2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Шығармалар жинағы. 2-т. Тілдік қатынас. Ғылыми монография. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 584 б.

3. Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі. монография. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 б.

4. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. T.VII. – М.: Русский язык, 2000. – С. 1213.

5. Носонович Е. В., Мильруд Г.П. Критерии содержательной аутентичности учебного текста // Иностранные языки в школе. – 2008. –№ 2. – С. 10-14.

6. Воронина Г.И. Организация работы с аутентичными текстами молодежной прессы в старших классах школ с углубленным изучением иностранного языка // Иностранные языки в школе. –1999. – № 2. – С. 23-25.

7. Кричевская К.С. Прагматические материалы, знакомящие учеников с культурой и средой обитания жителей страны изучаемого языка // Иностранные языки в школе. – 1996. – № 1. – С. 13-17.

8. Harmer J. How to teach English / J. Harmer. 6th impression. – London: Pearson, 2010. – PP. 290.

9. Morrow K. Authentic Texts in ESP/ K. Morrow, S. Holden (Ed.) //English for specific purposes. – 1977. – PP. 13-16.

10. Казакова М.А., Евтюгина А.А. Аутентичные текстовые материалы в обучении иностранному языку // Вестник Бурятского государственного университета. Образование. Личность. Общество. – 2016. – №. 4. – С.17-25.

11. Гильманова А.А. Никитина С.Е., Тябина Д.В. Обучение чтению аутентичных текстов на занятиях по иностранному языку //Международный научно-исследовательский журнал. – 2016. – №. 5-4 (47).

12. Леонгард О.А. Формирование межкультурной компетенции в процессе обучения чтению аутентичных текстов //Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2012. – №. 1. – С. 91-93.

13. Martinez A. G. Authentic materials: An overview on Karen's linguistic issues //Retrieved January. – 2002. – Т. 16. – С. 2015.

14. Hofmann H. Zur Integration von literarischen Texten in einem kommunikativen Sprachunterricht. In: Authentische Texte im DU. – München: Hueber Verlag, 1985. – 200 p.

А.С. Бердикулова*, Ш. Капантайкызы
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Развитие навыков чтения через аутентичные тексты

Аннотация. Тексты для чтения должны быть связаны с реальной жизнью, человеком, обществом. Эта концепция основана на требованиях к текстам как к коммуникативной единице. Актуальность проблемы обусловлена необходимостью выбора эффективных способов развития навыков чтения изучаемого языка. В связи с этим целью статьи является рассмотрение возможности организации эффективного коммуникативного процесса обучения и использования аутентичных текстовых материалов как действенного способа обучения языку. В теоретической части статьи проводится обзор работ ученых, изучавших проблему обучения чтению на основе аутентичных текстов как средства обучения языку. В результате были проанализированы определения понятий «аутентичность» и «аутентичные материалы» в трудах ученых, которые рассматривали способы развития навыков чтения. Были проанализированы виды аутентичных текстов. Рассмотрены аспекты использования аутентичных текстовых материалов, определены этапы организации чтения и виды заданий для каждого вида текста. В практической части исследования особое внимание уделялось изучению аутентичных информационных текстов, которые позволяют студентам расширить словарный запас, усвоить основы аутентичного текста, развить навыки работы со словарем. Поднятые в статье вопросы имеют практическое значение в плане организации работы с аутентичными материалами на уроках иностранных языков и вносят теоретический и практический вклад в изучение аутентичности.

Ключевые слова: аутентичность, аутентичный текст, информационный текст, читательская деятельность, изучение языка, задание.

A.S. Berdikulova*, Sh. Kapantaykyzy
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Developing reading skills through authentic texts

Abstract. The reading of the texts should be related to real life, a person, and society. This concept is based on the requirements for texts as a communicative unit. The relevance of the problem is due to the need to choose effective ways to develop the reading skills of the target language. In this regard, the purpose of the article is to consider the possibility of organizing an effective communicative learning process and using authentic textual materials as an effective way of teaching a language. The theoretical part of the article reviews the work of scientists who studied the problem of teaching reading, based on authentic texts, as a means of teaching the language. As a result, the definitions of the concepts of "authenticity" and "authentic materials" in the works of scientists who considered ways to develop reading skills have been explored. The types of authentic texts were analyzed. Aspects of the use of authentic text materials are considered, and the stages of reading organization and types of tasks for each type of text are determined. In the practical part of the study, special attention was paid to the study

of authentic information texts, which allow students to expand their vocabulary, learn the basics of an authentic text, and develop vocabulary skills. The issues raised in the article are of practical importance in terms of organizing work with authentic materials in foreign language classes and making a theoretical and practical contribution to the study of authenticity.

Keywords: authenticity, authentic text, informational text, reading activity, language learning, task.

References

1. Kennedy A., Radach R., Heller D., Pynte J. Reading as a Perceptual Process. 1st Edition (Elsevier Ltd, North-Holland, 2000, 751 p.). – Available at: https://doi.org/10.1016/B978-0-08-043642-5.X5000-1 (accessed: 10.04.2024)

2. Orazbaeva F. Sh. Tildik katynas [Language communication] (Almaty, 2019, 584 p.) [in Kazakh]

3. Kurmanbaeva Sh. K. Kazak tilin zhedeldete okytu: teoriyasy men adistemesi [Accelerated learning of the Kazakh language: theory and methods] (Oskemen, 2012, 278 p.) [in Kazakh]

4. Efremova T.F. Novyj slovar' russkogo yazyka. Tolkovo-slovoobrazovatel'nyj. [A new dictionary of the Russian language. Explanatory-word-formation] (Moscow, 2000, 1213 p.) [in Russian]

5. Nosonovich E.V., Milrud G.P. Kriterii soderzhatel'noj autentichnosti uchebnogo teksta [Criteria for meaningful authenticity of the educational text]. Foreign Languages at School, 2, 10-14 (2008) [in Russian]

6. Voronina G.I. Organizaciya raboty s autentichnymi tekstami molodezhnoj pressy v starshih klassah shkol s uglublennym izucheniem inostrannogo yazyka [Organization of work with authentic texts of the youth press in high schools with in-depth study of a foreign language]. Foreign Languages at School, 2, 23-25 (1999) [in Russian]

7. Krichevskaya K.S. Pragmaticheskie materialy, znakomyashchie uchenikov s kul'turoj i sredoj obitaniya zhitelej strany izuchaemogo yazyka [Pragmatic materials that introduce students to the culture and habitat of the inhabitants of the country of the language being studied]. Foreign Languages at School, 1, 13-17(1996). [in Russian]

8. Harmer J. How to Teach English (Pearson, London, 2010, 290 p.)

9. Morrow K. Authentic Texts in ESP. English for specific purposes, 13–16 (1977).

10. Kazakova M. A., Evtyugina A. A. Autentichnye tekstovye materialy v obuchenii inostrannomu yazyku [Authentic text materials in foreign language teaching]. BSU bulletin. Education. Personality. Society, 4, 17-25 (2016). [in Russian]

11. Gilmanova A.A., Nikitina S.E., Tyabina D.V. Authentic reading texts in teaching foreign languages. Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal, 5-4 (47), 24-27 (2016). [in Russian]

12. Leongard O.A. Formirovanie mezhkul'turnoj kompetencii v processe obucheniya chteniyu autentichnyh tekstov [Formation of intercultural competence in the process of learning to read authentic texts]. 2012. No 1. P. 91-93. (in Russian)

13. Martinez A.G. Authentic materials: An overview on Karen's linguistic issues. Retrieved January, 16, 15-18 (2002).

14. Hofmann H. Zur Integration von literarischen Texten in einem kommunikativen Sprachunterricht. In: Authentische Texte im DU (Hueber Verlag, Munchen, 1985, 200 p.) [in German]

Авторлар туралы мәлімет:

Бердикулова Адасай Смаиловна – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: adasay.90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2510-4549.

Қапантайқызы Шынар – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2896-4322.

Бердикулова Адасай Смаиловна – докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: adasay.90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2510-4549.

Капантайкызы Шынар – доктор педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2896-4322.

Berdikulova Adasay Smailovna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: adasay.90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2510-4549.

Kapantaikyzy Shynar – Doctor of Pedagogy, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2896-4322.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ/ METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE/ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 16.21.27
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-303-314

Американдық OPI тест жүйесін жүзеге асырудың қолданбалы мүмкіндіктерін бағалау және олардың қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті үшін тиімді тұстарын анықтау

Ж.Ж. Күзембекова[1], Ж.О. Демесинова[2]*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [1]zhanna_22@list.ru, [2]demesinovaz@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада американдық OPI тест жүйесі талданып, оны қазақ тілін тестілеудің айтылым бөлігінде қолданудың жаңа мүмкіндіктері қазақ тілінің болашағы, даму сипаты тұрғысынан баяндалды. Мақала қазақ тілін тестілеудің формасын жаңарту, айтылым бөлігіне ерекше мән беру тілдің таралу аясының кеңеюіне мүмкіндік беретінін дәлелдеу мақсатын көздейді. Айтылым тестінің тапсырмаларын құрастыру кезінде тест әзірлеушілерге теориялық негіз бола алады. Мақалада ғылыми материалды жинақтау, салғастыру, талдау әдістері қолданылды. Қазақ тілінің иесі әрі лингвист ретінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, еліміздегі күнделікті қолданыстағы бірінші тілге айналуына мүдделіміз. Оның алғышарттарына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізіп, әлемнің озық үлгілерін талдау әрі ұсыну – міндетіміз. Осы тұрғыдан келгенде OPI тест жүйесінің қазақ тілі бойынша тестілеудің айтылым бөлігіне тоғыстырылуының маңызды әрі қажетті қадам екенін мақалада негіздеуге тырыстық. Өйткені айтылым субтесті тұлғаның коммуникативтік құзіретін дамытып, тіліндегі лингвистикалық индикаторларды айқын көрсететін тапсырма түрі екенін есепке алып, тестілеудің формасына, мазмұны мен құрылымына ерекше мән беруіміз қажет. Әлемдік беделге ие тестілеу жүйесінің қазақ тілінің тестілеуіне байланыстырылуы мемлекеттік тілдің беделін арттыруға да септігін тигізеді.

Түйін сөздер: OPI тест жүйесі, қазақ тілі, ҚАЗТЕСТ, айтылым, коммуникативтік құзірет, лингвистикалық индикаторлар.

Түсті: 24.12.2024; Жөнделді: 28.02.2025; Мақұлданды: 12.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Қазақ тіліне қатысты зерттеулердің барлығы өзектілікке ие деп есептейміз. Өйткені мемлекеттік тілдің мәртебесіне корпустық, қолданбалы сипатының сай болуы әртүрлі ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде ҚАЗТЕСТ жүйесінің айтылым субтестіне қатысты кезекті зерттеуіміз қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудің қосымша жолын ұсынады. Американдық OPI тест жүйесінің теориялық сипаты бойынша ғылыми еңбектер өте аз, ағылшын тілді ғалымдардың қатарынан бірнеше ғалымның, ал орыс тілді екі ғалымның еңбегін қарадық. Дегенмен, аталмыш тест жүйесі бай тарихи көрсеткішіне сәйкес теориялық негізі толық, қолданыс беделі жоғары, таралу аясы кең тестілердің бірі болып есептеледі.

ACTFL (American Council on the Teaching of Foreign Languages) ұйымының OPI (Oral Proficiency Interview) тестілеу жүйесі 15 және 30 минут аралығында жүргізілетін тест қабылдаушылар (екі тұлға) мен тест тапсырушы арасындағы әңгіме. Ол бетпе-бет немесе телефон арқылы жүргізілуі мүмкін. Ұйым үшін осындай форматтағы тестілеу шығыны көп жұмыс болды. Сондықтан 2012 жылдан бастап, OPIc енгізіліп, үміткерлер тестіні компьютердің көмегімен тапсыруға да мүмкіндік алды. Тұлға өзі туралы сауалнамаға жауап береді, соның негізінде компьютер оның жауабын бағалайды. Бүгінгі жұмысымызда арнайы маманмен жүргізілетін OPI тестілеуін талқылаймыз.

Тест қабылдаушылар ретінде арнайы білім алып, сертификатқа ие болған мамандар таңдалады, олар тест тапсырушының тілдік деңгейін бір-бірімен кеңеспей, талқыламай жеке бағалайды. Әңгіме аудио жазбаға түсіріледі. Оны тағы да 2-3 немесе одан да көп сарапшы тыңдап, тест тапсырушының алған бағасының әділ әрі дұрыс екеніне көз жеткізеді. Тест қабылдай алатын мамандар – төрт деңгейлі қатаң сертификаттау мен нормалау үдерісінен өткен лингвистер. Тест қабылдаушыны тестілеу тілдік үлгілерді сенімді бағалап, өз бағасын уәждей алған кезде аяқталады. Сертификаттау да екі деңгейлі: толық сертификаттау. Тест қабылдаушы кез келген деңгейдегі тілдік білімді бағалай алады. Шектеулі сертификаттау. Тест қабылдаушылар базалық және аралық деңгейдегі үміткерлердің OPI тестін бағалай алады. Сертификаттау барысында мамандар ресми OPI ACTFL тестін тапсырады. Толық сертификаттаудан өткен лингвистер кәсіби деңгейге ие болады. Ал шектеулі сертификаттаудан өткен мамандардың өзі кем дегенде Орта озық деңгейге тест тапсыруы шарт. Сертификаттау мерзімі – 4 жыл. Осы мерзім ішінде тест қабылдаушы біліктілігін арттыру мен қалыптандыру бойынша шараға қатысуы керек.

Тестілеу ACTFL ұйымының лицензия иегері Language Testing International сайты арқылы жүргізіледі. Тестіге де осы сайт арқылы тіркелуге болады.

Әдіснама

Осы тақырыпты ғылыми нысан ретінде алған күннен бастап, academia.edu, e-library ресурстарындағы ғылыми материалдармен таныстық. Language Testing International, ACTFL ресми сайттарындағы ACTFL OPI Familiarization Guide, ACTFL OPI Examinee Handbook құжаттарын, ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі Айтылым бөлігіне қатысты мәліметтерді (kazakhtest.

kz сайтындағы) зерттедік. Жалпы, ғылыми материалды жинақтау, салғастыру, талдау және т.б. әдістерді қолдандық. OPI тест жүйесінің негізінде қазақ тілінің айтылым субтестін дамытуды маңызды әрі жеңіл, қажетті қадам деп есептейміз. Әдістемелік тұрғыда жұмысты жүргізу оңай болады. Дайын тұрған жүйені қазақ тіліне тасымалдау тілді дамыту кезеңдерін тездетеді. Мақалада осы тезисті дәлелдеуге тырыстық.

Нәтижелер мен талқылау

OPI тест тапсырушының тілді меңгеру деңгейінің қандай екенін анық көрсете алатын жүйе. Арнайы сұрақтардың көмегімен тест тапсырушының тілдік деңгейі анықталады. Аталмыш деңгейлер ұйымның құжаттарында көрсетілген. Тест әңгіме формасында жүргізілгенімен, тест алушы нақты құрылымға бағынады. Тест тапсырушы оған көмектесіп, ұмытқан сөздерін еске сала алмайды. Қазір оны АҚШ-тың білім беру және Үкімет ұйымдары, жеке корпорациялар студенттердің үлгерімін бағалау, кәсіби сертификаттау, көп тілді қолданатын лауазымдарға қызметкерлерін тағайындау немесе жұмысқа қабылдау кезінде қолданады. Тест әртүрлі тілдерге арналған, сөйлеу мазмұнында тілдің ерекшелігі мен әлеуметтік мәдени фоны есепке алынғанымен, әр деңгей үшін тестінің бірдей құрылымы сақталады. OPI тест тапсырушының коммуникативтік құзіретінің деңгейін өлшеп, әртүрлі жағдайда әртүрлі міндетті шешу үшін сөйлеу әрекетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін біліктер жиынтығын бағалайды.

OPI ерекшелігі функционалды үштағанда: тапсырма, оның орындалуы және сөйлеудің мазмұны мен дұрыс жүргізілуі. Тілді меңгеру деңгейін анықтау және сипаттау кезінде осы компоненттер негізгі рөлге ие. Базалық деңгей саны – 6 (0-ден 5-ке дейін), аралық деңгей – 5 (0+ және 4+ аралығында). Осының негізінде 11 балдық бағалау шәкілі дайындалған. Барлық деңгейдегі тест келесі сатылардан тұрады: жаттығу, белгілі деңгейдегі әңгіме, келесі деңгейге шығу, рөлдік ойын, қорытынды.

Бес минуттық жаттығу бейресми жағдайдағы жеңіл әңгімені еске салады, тест тапсырушының уайымы мен қобалжуын басып, тест қабылдаушының сөйлеу манерасына және дауыс ырғағына үйренуге мүмкіндік беріледі. Әңгімелесу барысында талқыланатын тақырыптар анықталады. Осы кіріспе арқылы тест қабылдаушы үміткердің тілдік деңгейін бағамдай алады.

Белгілі деңгейдегі әңгімелесу барысында тест тапсырушы тапсырманы орындау кезіндегі қабілетін көрсете алады. Жеке сұрақтар қою арқылы тест қабылдаушылар үміткердің коммуникативтік міндеттерді орындау білігін бағалайды.

Келесі деңгейге шығу барысында жаңа деңгейдің тапсырмалары аралас беріледі, яғни тест тапсырушы қолданып отырған тілдік дағдыдан сәл жоғары тілдік элементтер айтылады. Сол арқылы үміткердің білігінің ең шыңы белгілі болады. Үміткер келесі деңгейдің сұрақтарына жақсы жауап берсе, тест қабылдаушы сұрағын күрделі ете түседі.

Тест тапсырушыға рөлдік ойын ұсынылады. Бұл кезде әңгімелесу барысында бағалауға қиын болатын біліктер анықталып, тест қабылдаушы өзі үшін тест тапсырушының тілдік деңгейі бойынша қосымша дәлел алады. Тест қабылдаушы қандай да бір

қиындықты шешуге арналған таныс немесе таныс емес жағдайды рөлдік ойын арқылы тест тапсырушыға береді.

Сұхбаттың әр сатысы қоштасу кезіндегі қарапайым әңгімеге ұқсайтын қысқа қорытындымен аяқталады. Қорытынды бөлім тест тапсырушы үшін ыңғайлы деңгейде жүргізіледі, сол арқылы әңгіме жақсы сезіммен аяқталады [1, 126].

OPI сұхбатын бағалаудың критерийлердің бірі – жалпы функциялар мен коммуникативті міндеттердің орындалуы.

Базалық деңгей: коммуникацияны аздап құру, яғни жаттаған сөздер мен сөз тіркестерін қолдана білу, қарапайым санау.

Аралық деңгей: тілдің жеке бірліктерін біріктіре білу: сұрақ-жауап алмасу арқылы қарапайым әңгімені бастау, жалғастыру және аяқтау.

Озық деңгей: әртүрлі уақыт кеңістігінде (өткен шақ, осы шақ, келер шақ) әңгімелеу және сипаттау: кенет пайда болған қиындықтар кезінде тілді қолдана білу.

Кәсіби деңгей: нақты және абстрактілі тақырыптарды талқылау: пікірін дәлелдеу, қандай да бір мәселені шешу немесе оның салдарын сипаттау үшін шешімдер ұсынып, болжамды мәндегі әңгіме жүргізе алу [2, 151].

Ал тест тапсырушының осы тілдік деңгейін анықтау төрт критерий негізінде жүргізіледі:

1. Функциялар мен міндеттер: үміткер орындай алатын сөйлеу әрекетінің түрі. Мысалы, тұлғалық сәйкестілігі туралы негізгі сұрақтарға жауап бере алу, бұйрық немесе нұсқау беру, кездесу барысында өз әріптестерімен қарым-қатынас орната алу.

2. Нақтылық: ауызша сөйлеу барысында тілдік функцияны (грамматика, лексикалық қор, екпін мен интонация, әлеуметтік мәдени білім және т.б.) орынды қолдану.

3. Мәнмәтін мен мазмұн: сөйлеу мақсатына жете алатын жағдайлар, тұлға талқылай алатын тақырыптар.

4. Мәтін типі: мәтіннің ұзақтығы мен қиындығы. Сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер мен абзацтар, бірнеше абзацты ойтолғам.

Тест тапсырушының деңгейіне қатысты ACTFL-OPI-Familiarization-Guide құжатында берілген кестені толық келтіруді жөн көрдік, өйткені онда тілдік деңгей мен оларды бағалаудың критерийлері салғастырыла көрсетілген.

1-кесте. OPI тест жүйесіндегі тілдік деңгейді бағалау критерийлері [3]

Деңгей	Функциялар мен міндеттер	Мәнмәтін мен мазмұн	Мәтін типі	Нақтылық
Базалық	Үміткер қолданатын формалды және механикалық тілдік бірліктердің тізімі жұтаң	Мейлінше кең тараған формалды емес жағдай	Жеке сөздер, тізім және фразалар	Тіл үйренушілермен қарым-қатынас құруға дағдыланған тұлғалар үшін де түсіну қиын болуы мүмкін

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Аралық	Қарапайым сұрақтарға жауап беру арқылы әңгіме жүргізе алады	Формалды емес жағдай және транзакционды жағдайдың шектеулі саны. Күнделікті міндеттерімен және қоршаған әлемімен байланысты таныс тақырыптар	Сөйлемдер	Тіл үйренушілермен қарым-қатынас құруға дағдыланған тұлғалар қайталау арқылы түсінеді
Озық	Негізгі уақыт кеңістігінде әңгімелеу және сипаттау, күтпеген қиындықтарды тиімді жеңеді	Көбіне формалды емес және кей формалды жағдай. Жеке және жалпы қызығушылықтағы тақырыптар	Ауызша абзацтар, байланысқан дискурс	Тіл үйренушілермен қарым-қатынас құруға дағдыланған тұлғалар қиналмай түсінеді
Кәсіби	Таныс және бейтаныс тақырыптарды талдай алады, пікірін дәлелдеп, болжамдар ұсынады және абстрактілі тақырыптарға сөйлесе алады	Көбіне формалды емес және барлық формалды жағдай. Қоғамдық пікір туындататын тақырыптар көп, қызығушылық пен кәсіби салалар	Толық дискурс	Базалық құрылымда ешқандай қателік болмайды. Қарым-қатынасқа кедергі келтірмейді.

Базалық, аралық, жоғары деңгейлер өз ішінде үш субдеңгейге бөлінеді: төмен, орта және жоғары. Осы субдеңгейлер тұлғаның негізгі деңгейдің критерийлеріне қаншалықты сай келетінін және келесі деңгейдің критерийлерін меңгеруге тілдік деңгейінің жақын екенін көрсетеді.

• Төмен: базалық деңгейде сөйлесе алады. Тұлға деңгейге сай барлық коммуникативтік жағдайда ретімен сөйлеу қабілетіне ие. Батылдық жетіспесе де коммуникацияны ұстай алады. Келесі деңгейге тән коммуникативтік функцияларды орындайтын әлсіз қабілетке ие.

• Орта: өз деңгейінде сенімді сөйлесе алады. Негізгі деңгейдің функцияларын барлық коммуникативтік жағдайда орындай алады. Келесі жоғары деңгейге тән коммуникативтік міндеттерді жартылай орындай алады.

• Жоғары: өз деңгейінде сапалы әрі ұзақ сөйлей алады. Деңгейдің функцияларын орындау барысында тест тапсырушы жеңіл және сенімді түрде сөйлейді. Келесі жоғары деңгейде көп уақыт сөйлеуге қабілетті, бірақ сәл қиналады [3].

OPI тесті АҚШ университеттерінің көбінде қолданылады, сондықтан, білім алушылардың көпшілігі біледі. Екіншіден, АҚШ-та жоғары беделге ие, сол себепті көпшілігі оны тапсыруды біліктілік деңгейін шыңдау ретінде түсінеді. Үшіншіден, оны бірнеше рет тапсыру арқылы өз деңгейлеріндегі өзгерісті, динамиканы бағдарлап отырады [4, 115].

Language Testing International ресми сайтында көрсетілген ақпаратқа сай OPI тестілеуі жүргізілетін тілдердің қатарында қазақ тілі де бар. Бұл тілдік тестілеу жүйесінің (ҚАЗТЕСТ) айтылым бөлігіне интеграциялау үшін жақсы мүмкіндік. Өйткені ACTFL сертификаттауынан өткен арнайы мамандар бар. Мамандар тест қабылдаудың аспектілерін толық меңгерген. Тестілеудің теориялық базасы дайын, практикалық бөлігіне қатысты тәжірибелік үлгілер жетерлік. OPI тілді коммуникативтік мақсатта қолданып, өмірдің әртүрлі жағдайларында күтпеген жерден жауап бере алатын тұлғаларды тестілеуге бағытталған. Яғни тестілеу мазмұны жағынан белгілі академиялық тақырыптарға, білімдік деңгейге тәуелді емес. Бұл оны тест тапсырушылардың кең қабатына қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер де, шетелден қоныс аударған қарапайым мамандық иелері де, білім деңгейі толық емес оқушылар да тапсыра алады. Осындай сипаттағы тестілеу қазақ тілінің коммуникативтік қызметін нығайтуға сөзсіз үлес қосады. Елімізде қазақ тілінің осы тұрғыдағы позициясының төмен екенін көріп жүрміз. Ресми құжаттардың аударылып, көпшілік алдындағы сөздердің сөйленіп жатқанын білеміз. Оқулықтар мен басылымдар да жарық көрді. Бірақ күнделікті тірлікте, қоршаған өмірде қазақ тілін қолданбау немесе орыс тілімен аралас сипатта пайдалану дағдысы бар. Автоматтанған әртүрлі дағдылар мен біліктердің болмауы немесе оларды кешенді түрде қолданбау қазақ тілінің қолданбалы сипатына кері әсер етіп келеді. Жалпы, қазіргі ақпараттың тез ауысып, қарқынды даму заманында тілді коммуникативтік функциядан бастап меңгеру өзектілікке ие деп ойлаймыз. Бұл тілді меңгерудің қызықты әрі жеңіл формасы болмақ. Сол себепті қазақ тілінің функционалды қызметін кеңейтуді азаматтардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырумен жалғастыру орынды. Коммуникативтік құзіретті дамыту диалог кезінде өз көзқарасын жақтай отырып, өзге пікірдің болуы мүмкін екенін түсіну және өзгеше құндылықтарға сыйластықпен қарау дағдысын қалыптастырудың бір жолы деп ойлаймыз. Сондықтан тілдің қабаттарын ауызша қолдана алу мақсатында меңгеру тұлғаның әлеуметтік, мәдени құрамдас бөліктерін дамыта түседі.

ҚАЗТЕСТ жүйесінің айтылым бөлігіне ерекше мән беру қажеттілігін уәждейтін мәселелердің бірі коммуникативтік сипаттағы қолданыста тілдің лингвистикалық индикаторларының толық әрі анық көрінетінінде. Бұл қазақ тілін меңгерудің сапалы формада жүзеге асырылуына әкеледі. Лингвистикалық индикаторлар – сөйлеудің немесе мәтіннің авторлық, белгілі бір мәдениетке әлде қауымдастыққа тиесілі, сөйлеушінің эмоционалдық күйі, сонымен қатар қарым-қатынастың басқа аспектілерінің сипаттамаларын анықтауға, саралауға немесе талдауға көмектесетін тіл элементтері. Бұл индикаторлар тілдің фонетикадан бастап лексика және синтаксиске дейінгі әртүрлі деңгейлерін қамтиды. Мәселен, фонетикалық ерекшеліктер, лексика (сөздік қор), синтаксис, морфология, кеңістік және уақыт индикаторлары, прагматикалық индикаторлар және т.б.

Лингвистикалық индикаторлар тілді бағалауда шешуші рөл атқарады, өйткені олар тілдің кез келген аспектілерін белгілі бір мақсаттарға байланысты нақты және объективті талдауға және оны талдап түсіндіруге мүмкіндік береді. Лингвистикалық индикаторлардың бірнеше рөлін қарастырайық:

• *Сөйлеу мәнерін бағалау:* Тілдік индикаторлар сөйлеу мәнері мен үнін анықтауға көмектеседі. Бұл сөйлеу мәлімдемелерін талдау кезінде олардың қаншалықты ресми немесе бейресми, эмоционалды немесе бейтарап, салмақты немесе ирониялық екенін түсіну үшін аса пайдалы.

• *Тіл меңгеру деңгейін анықтау:* Грамматикалық құрылымдар, лексика, синтаксис және фонетикалық лингвистикалық индикаторлар тілді меңгеру деңгейін бағалауға көмектеседі. Мысалы, күрделі грамматикалық құрылымдарды қолдану тілдің жоғары деңгейін көрсетсе, жиі жіберілетін қателер жеткіліксіз деңгейді көрсетуі мүмкін.

Тіл меңгеру деңгейін анықтау тілдің қай аспектілері бағаланатынына байланысты әртүрлі болуы мүмкін бірқатар лингвистикалық индикаторларға негізделеді. Олардың ең негізгілері:

• *Грамматикалық құрылымдар:* Тілді меңгеру көбінесе әртүрлі грамматикалық формалар мен құрылымдарды қолдана білуімен бағаланатыны анық. Біліктіліктің жоғары деңгейінде (мысалы, B2-C1) тұлға, шартты, етістіктердің барлық шақтарын және аспектілері мен шақ формаларының тіркесімі сияқты күрделі грамматикалық құрылымдарды еркін қолдана алады. Бастапқы деңгейде септіктің түрін ажырата алмай, қиысу, қабысу және матасуды қолдана алмауы осы деңгей грамматикасының шектеулі екенін көрсетеді.

• *Лексика*: Сөздік қордың сан алуандығы мен дәлдігі тіл деңгейінің маңызды индикаторлары болып табылады. Бастапқы деңгейлерде әдетте негізгі кілт сөздердің шектеулі жиынтығы қолданылса, ал жоғары деңгейлерде сөйлеу арнайы лексиканы, идиомаларды, фразалық етістіктер мен көп мағыналы сөздерді қоса алғанда, бай және әртүрлі болады. Сонымен қатар, тілді меңгеру адамның әртүрлі жағдаятта сөздерді қаншалықты тиімді және орынды қолдана алатындығымен де бағалануы мүмкін.

• *Синтаксис:* Грамматикалық тұрғыдан күрделі және дұрыс сөйлемдер құра білу – тіл меңгеру деңгейін анықтаудың маңызды индикаторы. A1-A2 деңгейінде қысқа және жай сөйлемдер жиі қолданылса, жоғары деңгейде адам жалғауларды, есімдіктерді және синтаксистік элементтерді дұрыс пайдалана отырып, күрделі, яғни салалас және сабақтас сөйлемдерді құра алады. Ал сөйлем құрылымында кездесетін қателер (мысалы, сөздердің орын тәртібін дұрыс қолданбау, күрделі сөйлемде кездесетін қателер) тілді қажетті деңгейде меңгермегендігін көрсетеді.

• *Фонетика:* Сөздің дұрыс және дәл айтылу да маңызды аспект. Бастапқы деңгейлерде екпін немесе айтылымда қателер естілгенмен, жоғары деңгейде анық және дұрыс айтылу күтіледі, бұл айтылымды жақсы түсінуге ықпал етеді.

Олай болса, тілді меңгеру деңгейін бағалау осы тілдік индикаторларды жан-жақты талдауға негізделеді және неғұрлым нақты әрі әртүрлі құрылымдар қолданылса, тілді меңгеру деңгейін анықтау соғұрлым жоғары болады.

ҚАЗТЕСТ жүйесіне 2018 жылы енгізілген Айтылым бөлігі екі тапсырманы қамтиды. Орындауға 7 минут уақыт беріледі. Алғашқы тапсырма 5 сұрақты қамтыса, екінші тапсырмада қандай да бір тақырыпқа қатысты ойтолғам айтылады. Тапсырманы бағалаудың 5 критерийі бар, олар:

• Ойын жеткізу деңгейі;

• Сөздік қорды пайдалануы;
• Сөйлеу мәдениеті (тіл тазалығы, сөз дәлдігі, сөз анықтығы);
• Сөздің дұрыс айтылуы;
• Грамматикалық сауаттылығы, стилі.

Әр тапсырманың максималды балы – 25. Жалпы, 50 балл алу мүмкіндігі бар. Баллдың тіл білу деңгейіне байланысты сараланулы төмендегідей:

2-кесте. ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі айтылым бөлігін бағалау шәкілі [5]

A1	A2	B1	B2	C1
min 15 балл (30%)	min 20 балл (40%)	min 25 балл (50%)	min 30 балл (60%)	min 40 балл (80%)

ҚАЗТЕСТ жүйесін тапсыру тәртібі мен ережелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 458 «"ҚАЗТЕСТ" қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы» бұйрығында айтылған және құжаттың 21-тарауына сай, Айтылым бөлігін тапсырудың реті былай анықталған: «Орталық өкілі жауап парағы мен сұрақ кітапшасын қабылдағаннан кейін тестіленуші аудиториядан шығады және айтылым блогын тапсыру үшін алдын ала дайындалған аудиторияға барады. Айтылым блогында әр тестіленушінің жауабы дыбыс жазу құрылғысына (диктофонға) жазылады. Айтылым блогына дайындыққа 3 минут беріледі және тестіленушінің ауызша жауабы түрінде жүзеге асырылады» [5]. ҚАЗТЕСТ жүйесінің сертификатталатын түрін тапсыру үшін 2 сағат 7 минут уақыт беріледі. Соның айтылым бөлігіне тек 7 минут тиесілі. Біз OPI тест жүйесінің негізінде айтылымға берілетін уақытты көбейту керек деп ойлаймыз. Өйткені қазақ тілінде тест тапсырушы тұлғаның тілді шынайы өмірлік жағдаяттарда қолданып, өз ойын ашық әрі толық жеткізе білу дағдысы өзге дағдыларға қарағанда маңыздырақ. Тестілеудің өзге бөліктері академиялық білімді талап ететін, теориялық ақпаратқа құрылатын болса, тыңдалым мен айтылым шынайы өмірлік сипатқа ие. Бұл қазақ тілінің қолданыс аясына және деңгейіне тікелей әсер етеді. Тест тапсырмаларының талаптарға жарамды болуы қазақ тілінің өрісін кеңейтіп, тілді меңгерушілер қатарын көбейтеді. Сонымен қатар, еліміздегі тіл саясатын жүзеге асырып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту міндеттерін орындаудағы ҚАЗТЕСТ рөлі арта түспек [6, 83].

Қорытынды

Сонымен, ойымызды қорыта айтсақ, OPI тест жүйесін қазақ тілін тестілеу жүйесінің айтылым субтестіне интеграциялаудың төмендегідей мүмкіндіктері бар:

1) OPI тестілеу жүйесі көп жылдық тәжірибесінің нәтижесінде үлкен теориялық негізге ие. Басқа тілдердің айтылым субтестілерін жүргізу нәтижелерімен танысу арқылы тестілеудің жаңа қырларын түсінуге болады.

2) Әлемдік беделді тілдік жүйенің қазақ тілі бойынша тестілеуге тоғыстырылуы тілдің көпшілік алдындағы беделін көтереді. Қазақ тілі OPI жүйесіндегі өзге тілдердің қатарында танылады. Қазақ тілі бойынша тестілеуден өтуге ел азаматтары ғана емес, OPI жүйесін білетін шетелдік азаматтардың да қызығушылық танытуы мүмкін, өйткені олардың көпшілігі таныс тестілеу жүйесіне сенім артады.

3) Қазақ тіліне коммуникативтік құзіреттілік тұрғысынан сұраныс артады. Тілдік тест тапсырушылар дұрыс сөйлеу, ойын ашық әрі анық жеткізу, нақты сөйлеу, ол үшін қажетті тілдік бірліктерді меңгеру секілді мәселелер бойынша дайындалады. Практикалық тәжірибелерін арттырады. Тілдік ортаға түсу қажеттілігі пайда болады. Бұл үдеріс қазақ тілінің даму үдерісінің қарқынын тездетеді.

4) Тест қабылдаушы мамандардың да арнайы сертификаттау үдерісінен өтетінін жоғарыда айттық. Бұл мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға, өз істеріне қатысты қосымша жауапкершілік алуға итермелейді. Ал жауапкершілік сапаға ұласады. Қазақ тілінде тест қабылдауға дайын мамандардың беделі жоғарылайды.

5) ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі айтылым бөлігін аудиожазба негізінде емес, шынайы маманмен әңгімелесу форматында жүргізу маңызды. Ол, әрине, шығынды көбейтіп, тест тапсыру құнын арттыруы мүмкін. Бірақ шынайы маман тест тапсырушының өз-өзін ұстауын көріп, қатты қобалжу байқалса, тыныштандыра алады немесе сұрақты дұрыс қою арқылы үміткердің ойын қозғай алады. Аудиожазбаның дұрыс жазылмауы, техниканың бұзылуы секілді жанама қауіптер де азаяды. Үміткер сұрақтың жауабын ешқайдан көшіріп немесе оқып беруі мүмкін болмай қалады. Үміткер маманмен амандасу, өзін дұрыс ұстау (этикалық тұрғыда) секілді экстралингвистикалық факторларға да мән береді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант AP 23488336).

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Ж.Ж. Күзембекова – мақаланың жалпы бағыт-бағдарын айқындау, зерттеу проблемасын нақтылау және теориялық негіздерін қалыптастыру мақсатында шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді мұқият қарастырып, мақаланың құрылымдық ұстанымдарын қалыптастыруға үлес қосты. **Ж.О. Демесинова –** зерттеу материалы ретінде алынған мәліметтерді жинақтау, оларды жүйелі түрде талдап, ғылыми негізде сараптауға қатысып, алынған нәтижелерді мақала мазмұнына енгізуге белсенді түрде көмек көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Лопатинская В.В., Фролова О.А. Система тестирования уровня устно-речевой компетенции // Научный вестник МГИИТ. – 2014. – № 6 (32). – С. 125-133.

2. Крундышев М.А., Крундышева А.М. Особенности проведения занятий по русскому как иностранному при подготовке учащихся к тестированию OPI // Гуманитарные науки. – 2018. – № 3 (43). – С. 148-153

3. ACTFL Oral Proficiency Interview Familiarization Guide [Electronic Resource]. – 2024. – Available at:https://www.languagetesting.com/pub/media/wysiwyg/PDF/ACTFL-OPI-Familiarization-Guide.pdf (accessed: 14.12.2024)

4. Крундышев М.А. Оценка языковой компетенции (OPI) как определение уровня владения языком // Вопросы методики преподавания в вузе. – 2015. – № 4 (18). – С. 110-115.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 458 «"ҚАЗТЕСТ" қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы» бұйрығы [Электронды ресурс]. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400035109 (қаралған күні: 14.12.2024).

6. Кузембекова Ж.Ж., Ақшолақова Р.К. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі: ҚАЗТЕСТ жүйесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №1(193). – Б. 77-85. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph7

7. Aldaberdikyzy A., Kuzembekova Zh., Yessenova N. Reading Literacy vs. Ownership Type and Zoning of Schools // Journal of Asia TEFL, 2017. – 14(4) – pp. 824-830. doi.org/10.18823/asiatefl.2017.14.4.19.824 https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85040723165

Ж.Ж. Кузембекова, Ж.О. Демесинова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Оценка возможностей внедрения американской тестовой системы OPI и определение их эффективности для субтеста говорения по казахскому языку

Аннотация. В данной статье анализируется американская тестовая система OPI и изучаются ее новые приложения для субтеста по говорению в тестировании по казахскому языку с учетом будущих и развивающихся аспектов казахского языка. Основная цель исследования – продемонстрировать, что обновление формата тестирования по казахскому языку с особым акцентом на компонент говорения может способствовать расширению функциональной сферы языка. Результаты дают теоретические основы разработчикам тестов при разработке заданий теста по говорению. В исследовании используются методы компиляции, сравнения и анализа научного материала. Как носители языка и лингвисты, мы стремимся расширить использование государственного языка и способствовать его превращению в основной язык повседневного общения в Казахстане. Наша обязанность - проводить научные исследования этих предпосылок, тщательно их анализировать и представлять передовой опыт из мирового опыта. В этой связи мы утверждаем, что интеграция тестовой системы OPI в тестирование по казахскому языку, особенно его компонент говорения, является как значительным, так и необходимым шагом. Поскольку речевой субтест улучшает коммуникативные навыки людей и выявляет ключевые языковые особенности в речи, важно сосредоточиться на формате, содержании и структуре

теста. Интеграция международно признанной системы тестирования в оценку казахского языка еще больше повысит статус государственного языка.

Ключевые слова: тестовая система OPI, казахский язык, КАЗТЕСТ, говорение, коммуникативная компетенция, лингвистические показатели.

Zh.Zh. Kuzembekova, Zh.O. Demesinova*
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Evaluation of the possibilities of implementation of the American OPI test system and the determination of its effectiveness for the Kazakh language pronunciation subtest

Abstract. This article examines the American OPI test system and its application to the speaking subtest in Kazakh language testing, considering future development and evolving aspects of the Kazakh language. It argues that updating Kazakh language assessments with a focus on speaking can expand the language's functional scope. The findings provide theoretical foundations for test developers in designing speaking tasks. The study employs methods of compilation, comparison, and analysis. As linguists and native speakers, we aim to promote the state language's broader use and transition into everyday communication. This requires thorough research and the adoption of best global practices. Integrating the OPI test system into Kazakh language assessment, particularly its speaking component, is a necessary step. Since the speaking subtest enhances communicative skills and highlights key linguistic features, attention must be given to its format, content, and structure. Incorporating an internationally recognized system will further elevate the status of the Kazakh language.

Keywords: OPI test system, Kazakh language, KAZTEST, speaking, communicative competence, linguistic indicators.

References

1. Lopatinskaja V.V., Frolova O.A. Sistema testirovanija urovnja ustno-rechevoj kompetentsii [System of testing the level of oral and verbal competence]. Scientific Bulletin MSITI, 6(32), 125-13 (2014) [in Russian]

2. Krundyshev M.A., Krundysheva A.M. Osobennosti provedenija zanjatij po russkomu kak inostrannomu pri podgotovke uchashhihsja k testirovaniju OPI [Peculiarities of Russian as a foreign language classes in preparing students for OPI tests]. Gumanìtarnì nauki, 3 (43), 148-153 (2018) [in Russian].

3. ACTFL Oral Proficiency Interview Familiarization Guide [Electronic Resource]. – 2024. – Available at: https://www.languagetesting.com/pub/media/wysiwyg/PDF/ACTFL-OPI-Familiarization-Guide.pdf (accessed: 14.12.2024)

4. Krundyshev M.A. Oral Proficiency Interview testing methodology. Teaching Methodology in Higher Education, 4 (18), 110-115 (2015) [in Russian].

5. Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2024 zhylgy 23 kyrkujektegi № 458 «"KAZTEST" kazak tilin mengeru dengejin bagalau zhuiesi boiynsha kagidalardy bekitu turaly»

buirygy [Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "On Approval of the Code on the system of assessment of the level of proficiency in the Kazakh language "KAZTEST" dated September 23, 2024 № 458] [Electronic Resource]. – Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400035109 (accessed: 14.12.2024).

6. Kuzembekova Z, Aksholakova R. State Status of the Kazakh Language: KAZTEST system. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 193(1), 77-85 (2024). DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph7

7. Aldaberdikyzy A., Kuzembekova Zh., Yessenova N. Reading Literacy vs. Ownership Type and Zoning of Schools. Journal of Asia TEFL, 14(4), 824-830 (2017). DOI: http://dx.doi.org/10.18823/asiatefl.2017.14.4.19.824

Авторлар туралы мәлімет:

Күзембекова Ж.Ж. **–** PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: zhanna_22@list.ru, ORCID: 0000-0002-8109-5739.

Демесинова Ж.О. **–** PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: demesinovaz@mail.ru, ORCID: 0009-0008-1023-0199.

Кузембекова Ж.Ж. **–** PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: zhanna_22@list.ru, ORCID: 0000-0002-8109-5739.

Демесинова Ж.О. **–** докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: demesinovaz@mail.ru, ORCID: 0009-0008-1023-0199.

Kuzembekova Zh.Zh. **–** PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhanna_22@list.ru, ORCID: 0000-0002-8109-5739.

Demesinova Zh.O. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: demesinovaz@mail.ru, ORCID: 0009-0008-1023-0199.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ/ METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE/ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 81’243
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-315-329

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы шетелдік студенттердің мәдениаралық құзыретін қалыптастыру ерекшеліктері

А.Е. Саденова[1], Б.М. Айтбаева[2], С.Е. Карыбаева[3]

[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]sadenovaa@mail.ru, [2]beibarys@mail.ru, [3]saj.e.k@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақытта білім беру үдерісінде мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесінің өзектілігі, білім беру үдерісінде шетелдік студенттердің елдің мәдениетін білсе, оқу үдерісі сәтті болатынын ескеру керектігі жайлы сөз болады. Мақаланың мақсаты - мәдениетаралық қарым-қатынаста шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру. Шетелдік студенттерді мәдениеттер арасындағы айырмашылықты көруге, басқа мәдениеттің ерекшеліктерін түсінуге үйрету маңызды болып табылады. Кездесетін қиындықтарды жеңу үшін, сондай-ақ, басқа мәдениетке деген сенім мен құрметті тудыратын сөйлеу этикетіне ие болу керек. Коммуникативтік қарым-қатынас кезінде сенімді болуға мүмкіндік береді. Мақаланы жазу барысында теориялық, әдіснамалық, салыстырмалы, логикалық, мазмұнды талдау әдістерімен бірге басқа да зерттеу әдістері пайдаланылды. Теориялық еңбектерге де талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде мәдениетаралық қарым-қатынаста шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру ерекшеліктері тақырыбына қатысты басылымдар мен еңбектерге, ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, ондағы тақырыптар ғылыми негіз ретінде назарға алынды.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қарым-қатынас, мәдениетаралық құзыреттілік, уәждеме, мәдени әртүрлілік, мәдени диалог.

Түсті: 29.12.2024; Жөнделді: 28.02.2025; Мақұлданды: 13.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

***Хат-хабар үшін автор**

Кіріспе

Шетелдік студент үшін елдің ұлттық ерекшелігімен, мәдени-қоғамдық өмірімен танысып, оны игеру ерекше үдеріс және ең маңызды фактор сол елдің мәдениетімен байланыстыру болып табылады. Әртүрлі лингвомәдени қауымдастықтарға жататын қарым-қатынас серіктестерінің өзара әрекеттерінің жиынтығы мәдениетаралық қарым-қатынас болып табылады [1]. Мәдениетаралық қарым-қатынас барысында елді таниды әрі тығыз байланыста болады.

Адамдардың жүйелі іс-әрекетінің жиынтығын құндылықтар мен адамгершілік мұрағат негізінде мәдени қарым-қатынасы бар жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген білім беру қызметінен көруге болады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігі тілдік, қатысымдық және мәдени құзыреттіліктерден тұрады. Тілдік қарым-қатынаста тілдік құралдарды дұрыс қолдана білу тілдік құзыреттілік болса, қарым-қатынас үдерісін жүргізу жолдары, әдістері қатысымдық құзыреттілік болса, белгілі бір әлеуметтің өмірлік дағдыларын, әдеттерін, салт-дәстүрлерін, нормаларын қалыптастыратын жеке тұлғаға және топқа қатысты уәждеме мәдени құзыреттілік болып табылады [2, 32-33]. Мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігіне Плужник И.Л. былай деп анықтама береді: «...мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігі өзге мәдениет өкілінің ойы мен пікірін түсіне білу, қарым-қатынас жағдаятына қарай өз мінез-құлқын ыңғайлай білу, түрлі құндылықтар, мінез-құлық нормалары, өзгешеліктері болатынын мойындау болып табылады» [3, 6].

Шетелдік студенттерге білім берудің маңызды мақсаттарының бірі мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту. Тілдік қатынастық жүйеге құрылған бірлік диалогтық сөйлеу болып табылады. Диалогтық сөйлеу жекелеген қатысымдық, жағдаяттық айтылыстардан тұрады. Белгілі бір тіл иесінің нағыз, шынайы тілдік қатынас кезінде пайдаланатын халықтың күнделікті тұрмыста қолданатын сөздерімен сөйлеуді меңгерту аса тиімді болып келеді. Бұл – тілді тез түсініп меңгеруге және сол тілді жасаған ұлт мәдениетін, сол мәдениеттен ажырамайтын өзіндік таным-түсінігі мен философиясын бірте-бірте түсініп меңгеруге, осы негізде ұлтаралық түсіністікке мүмкіндік беретін жол екенін көрсетеді.

Материал мен әдістер

Шетелдік студенттерді мәтінді сауатты оқи білу, ақпаратты қабылдай білу дағдысын дамыту, шығармашылық іс-әрекеттің эстетикалық талғамы мен мүмкіндіктерін дарыту білім беру міндеттері болып табылады. Мәдениетаралық қатынас үдерісінің сапалылығына, бағалылығына шетелдік студенттің түрлі жағдаятта жылдам сөйлеуін есепке ала отырып, коммуникацияны жүзеге асыру қабілеттілігі, сөйлеу мақсатын орындату және тілдік бірліктерді қолдана алуы жатады [4]. Басқа халықтың өмірімен, мәдениетімен танысу барысында сол тілді жасаушы халық өкілдерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысындағы, әсіресе диалогтық сөйлесу үстіндегі мінез-құлқындағы ерекшеліктер көріне бастайды және адамның жан-дүниесін көрсететін этнопсихологияның элементтері, сондай-ақ, ұлттық психология байқалады.

Әлеуметтік мәнмәтінде тілді нәтижелі қолдану үшін әлеуметтік құзыреттілікке қажетті білім мен іскерлік кіреді [5]. Тіл әлеуметтік мәдени құбылысқа жатады, ғалымдар әлеуметтік мәдени құзыреттілікке әлеуметтік қатынастағы лингвистикалық маркерлерді, сыпайылық нормаларын, халықтың нақыл сөздері, диалектілер, акценттерді жатқызады. Түрлі тілдің және мәдениеттің әлеуметтік қатынас маркерлері тілдесушілердің мәртебесіне, олардың арақатынасына, тілдесу түрлеріне т.с.с байланысты қолданылады [6]

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыруда қарым-қатынас жасау ерекшелігіне байланысты диалогтық дискурстық сөйлеудің негізін өзіндік сөйлеу формулалары құрайды [7], [8]. Қазақ сөйлеу этикетінде *сіз, сен, ол кісі, біз, мен, өзіңіз* есімдіктерін қолдану ережелері мен осылар арқылы білдірілетін арнайы мағыналар және *кешіріңіз, мүмкін болса, айып етпеңіз, қалауыңыз білсін* т.б. этикеттік оралымдар жиі қолданылады.

Ұлттық ерекшеліктерімен айқындалған сөйлеу әдебі және әрбір халықта қалыптасқан өзінің сөйлеу әдебінің жүйесі болады. Мысалы, екінші жақтағы жекеше түріндегі анайы «сен» және сыпайы «сіз» есімдіктерінің қарым-қатынас жасауда өз маңыздылығы бар. Осы екі есімдіктің диалогтық сөйлесу барысында қайсысын таңдау – диалогқа қатысушылардың әлеуметтік жағдайына, қарым-қатынастың түріне (ресми, бейресми), тілдесушілердің туыстық қатынасына, таныстықтарының деңгейіне ғана емес, оның ұлттық ділі мен тәрбиесіне де т.б. әртүрлі себептерге байланысты болып келеді.

Сыпайыгершілік ережелерінің ұлттық ерекшеліктерін білмеу, түсінбеу түрлі тілдер иелерінің арасында, әсіресе стандартты айтылымдарды айту кезінде түсінбеушілік тудырады. Сыпайыгершілік ережесін «оң» сыпайылық, яғни серіктесіне назар аудару, ой алмасу, сезімімен бөлісу, сыпайылық білдіру, қонақжайлық көрсету және «теріс» сыпайылық, яғни теріс қылық үшін кешірім сұрау, келіспеушілік, тыйым т.с.с ретінде қолданылады. Сөйлеу этикеті формулаларын қолдану және сыпайылық нормасынан ниетті түрде бас тарту, мысалы, бірбеткейлік, ашықтық, жек көру, шағым, кінәлау, ұнатпау, ашулану өзіндік ережелермен тіл-тілде ерекшеленіп көрініп отырады.

Қазақ халқының әдеп ережелері бойынша таныс емес адаммен сөйлескенде, ресми жағдайлардағы тілдесулерде, жасы үлкен немесе қызмет деңгейі жоғары адаммен сөйлескенде «сіз» есімдігі қолданылады. Ал өте жақсы достық, жолдастық қатынастағы қатарлас кісімен сөйлескенде, қарым-қатынастың ресми емес түрінде жас шамалары ұқсас адамдар арасында, өзіне жақын, туыс адаммен сөйлескенде, жасы кіші немесе жасы да, қызметі де төмен адаммен тілдескенде «сен» есімдігі пайдаланылады. Ал ресми жағдайда егер әңгімеге бірнеше адам қатысатын болса, ішінде бұрыннан жақсы таныс «сен» деп сөйлесіп жүрген кісі тұрса да, «сіз» деп сөйлеу әдебі бар. Бұл сөздің көпке ортақ болғандығынан, таныс адамды жеке бөліп тілдеспейтін болғандықтан немесе сөздің ресмилігінен туындайтын әдеп болуы мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды, диалогқа қатысушы жақтардың тілдесу барысында сөйлеу әдебін дұрыс таңдай, іріктей білуі серіктестер арасында өзара жайлы, ыңғайлы жағдай туғызып, қандай да бір қарым-қатынас (ресми, күнделікті) болмысының нәтижелі болуына септігін тигізеді. Шетелдік студенттің мәтіндерді сараптау және талдау, шығармашылық, мәдениетаралық қарым-

қатынас дағдыларын қалыптастыруда байланыс көмегі арқылы дамыту үдерісінің маңызы зор. Осы үдеріс нәтижесінде алған сауаты шетелдік студентке ақпараттық бағдар телеарна, радио, бейне, баспа, Интернет мүмкіндіктерін белсенді түрде қолдануына көмек береді.

Ғылыми әдіснама

Шетелдік студенттің тұлға ретінде дамуы, оның жаңа білімді меңгеру қабілеті, мәтінді қабылдау, бағалау, сараптау, шығармашылықпен айналысу деңгейінің көрсеткіші коммуникациялар мен мәдени қарым-қатынас (мәдениет) көрсеткіші болып табылады. Сөйлеу қызметінің өнімі және үдерісі болып табылатын мәтін терминін ғалымдар адамның тілдік қабілетінің кез келген бүтін өнімін білдіру үшін де қолданылатынын көрсетеді. Шетелдік студенттердің лексикадан, грамматикадан хабары болса, танымдық мәні бар және тілдік қиындығы бар мәтіндерді түсіну әрі оқыған мәтінді дұрыс қабылдау қиын болмайды [9, 122], [10], [11], [12]. Мәтінге дәл анықтама беру, мәтіннің жартылай құрылуы туралы мәселе бойынша көп пікірталастар бар, мәтін контекстпен және коммуникациядағы қатысушылардың рөлдері секілді түрткі жайттармен анықталатын мәтінді «қолданыстағы тіл бірлігі» ретінде көрсетілді [13]. Әдетте, жаңа бейнелеудің практикалық сипаттамасы берілетін (құрылғылар, жүргізілген сараптама ж.т.б) мұндай мәтіндердің кіріспесі, мазмұны, негізгі тезисі, негізгі бөлімі болады. Қорытынды бөлімінде мәтіннің мазмұнына қорытынды жасалады [14, 239], [15].

Кез келген тілдік қатынас жасау актісіндегідей диалогта да басы, орта тұсы және соңы болады, соған байланысты диалогтық тілдесімнің басында айтылатын сөйлеу формулалары, диалогтық тілдесімнің орта тұсындағы айтушының негізгі ойы баяндалатын сөйлеу формулалары, сөз соңында айтылуға тиіс сөйлеу формулалары болады.

Диалогтық сөйлесудің басында айтушы тыңдаушымен таныс болмаса, онда диалогтық сөйлесу танысудан басталады. Ал танысу өздігінен де, біреу немесе бір нәрсе арқылы да өрбіп жатады. Диалогтық сөйлеудің түрлері біреудің назарын аудару үшін оған қайырылу, танысу, сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, құттықтау, тілек айту, құптау, көңілін көтеру, көңіл айту, шақыру, ұсыныс жасау, кеңес беру, өтініш жасау, келісім беру немесе одан бас тарту мынадай жағдаяттар (тақырыптар) төңірегінде өрбиді.

Кез келген ресми, бейресми жағдайда тілдесу адамдардың бір-бірімен танысып, амандасуынан басталады. Қазақтардың амандасу әдебі адамның жасына, жынысына байланысты жүзеге асып отырады. Жасы үлкен ер адамдар өзара кездескенде араб тілінен енген *«Ассаламағалейкум!»* деген сөзді қолдана отырып, қол беріп амандасады. Қазақшалағанда *«Сізге Алланың нұры жаусын!»* деген мағынаны білдіреді. Тыңдаушы адам: *«Уағалейкумассалам!»* деп сәлемді қабыл алып, ол да амандасады. Мұның мағынасы *«Сізге де Алланың нұры жаусын!»* дегенді білдіреді. Адамдар жақын дос көптен кездеспеген туыс, алыстан келген қонақ болса, онда төс қағысып құшақтасып амандасады. Ал енді жасы үлкен әйел адаммен кездессе, олар *«Аман ба?», «Үй-іші аман ба?»* т.б. сөздермен сәлемдеседі. Жастар бірімен бірі *«Сәлем!»* деп қысқа амандасады. Егер жасы үлкен адамға

жасы кіші адам кездессе, амандасуды жасы кішісі бастайды, яғни қазақ халқында жасы үлкен адамдарды ерекше сыйлайтынын көруге болады. Кез келген этикет түріне дін, діл бірліктері тән әрі олар қазақ ұлтында ерекше өріліп, тілде көрініс береді. Сонымен, жас адам үлкен адамға кездескенде, егер ол ер адам болса: *«Ассаламағалейкум!»* деп, қолын алады, егер әйел адам болса, *«Сәлеметсіз бе, амансыз ба, есенсіз бе?»* деген амандасу түрлерінің өзіне ұнаған біреуін таңдай отырып амандасады. Үлкендер де өз кезегінде жастарға жылы шырай танытып, жақсы таныса маңдайынан иіскеп, басынан сипап, аса жақын болмаса: *«Аман ба, әке! Жақсы ма, айналайын!»* деп сәлемдерін қабыл алып отырады. Жастары қарайлас, туыстық қатынасы жоқ, бірақ таныс адамдар мысалы, қызметтес, дос-таныс, көрші т.б. амандасудың осы соңғы аталған түрінің бірін таңдайды. Сәлем беру кезінде екінші жақ дауысын шығарып, еститіндей етіп және кешіктірмей жауап беруі керек. Егер адам бір топ адамға кездессе, ондайда амандасу кездескен адамдардың бәріне арналып, дауысты қаттырақ шығарып айту арқылы жүзеге асады. Ал қол алысу тек сол топтың жетекшісіне не топтағы екі-үш үлкен ер адамдарға ғана жасалады. Қарсы жақтың әр адамы сәлемді қабыл алғанын жеке-жеке дауыс шығарып, амандасу арқылы білдіреді. Амандасып тұрған адамның өзіне жақындығына, қадір-құрметіне қарай амандасу барысында иілуге, қолды кеудеге қойып еңкеюге, екі қолды қусыруға, басты июге болады. Мұны тілдік қатынас жасауға ритуалдық мәні бар қимыл – ым, ишараның қосылуы деп түсіну керек. Сондай-ақ, қызмет дәрежесі жоғары тұрған адамға қызмет жағынан төмен адам бірінші болып амандасады. Ал егер бастық кіргенде, оның қол астындағылар отырған болса, онда бастық бірінші болып амандасады. Ат үстіндегі адам жаяуға, жүріп келе жатқан адам отырған адамға бірінші болып амандасады. Егер ер адам мен таныс әйел кездессе, онда ер адам бірінші болып амандасады. Ал егер ер адамның жасы үлкен болса, онда әйел адам бірінші болып амандасады. Егер екі туыс, дос, жақын таныс екі әйел адам кездессе, онда да арада көп уақыт өтсе, олар қол алысып, құшақтасып, сүйісіп амандасады. Ал *«Таң нұрлы болсын, Қайырлы таң, кеш жарық, күн жақсы! Түн байқұт болсын!»* дейтін амандасу түрлері, ресми жағдайларда көбірек қолданылады. Амандасуға қатысты диалогтық дискурста қолданылатын клишелердің көбі этномаркерлі сипатқа ие болатыны, сонымен бірге бейвербалды құралдармен (ым, ишара, салттық қимыл, ритуалдар) кешенді қолданылатыны белгілі. Демек, диалогтық дискурс негізінде тілді деңгейлеп меңгертуде тіл үйренушіге амандасу жағдаятына тән вербалды бірліктермен қатар бейвербалды бірліктерді де меңгерту аса маңызды болып табылады.

Диалогтық сөйлесудің орта тұсында яғни сәлемдесіп болған соң, бала-шаға, ата-ана, денсаулық, үй-ішілік жаңалықтар туралы сұрасады, бірін-бірі қонаққа шақырады. Бұл жай күнделікті өмірде жиі ұшырасатын көршілер, таныстар арасындағы амандықтан соңғы тілдесу нормалары екені белгілі. Ал бұдан басқа арнайы кездесіп тілдесудің кең тараған үш түрін көрсетуге болады: 1) салтанатты жағдайдағы; 2) қайғылы жағдайдағы; 3) жұмыс бабындағы, іскерлік қарым-қатынастағы тілдесулер.

Біріншісіне, мемлекеттік мерекелер, жұмыс істеп жүрген мекеменің немесе сондағы әріптестің мерейтойы, өзінің мерейтойы; үкіметтен еңбегі сіңгені үшін сыйлықтар алу, отбасындағы бір адамның тойы, іскер болса, белгілі бір кеңестің ашылуы, тұсау кесері,

келісімшартқа қол қою т.б. адам өмірінде кездесетін қуанышты жағдайларды атауға болады.

Қайғылы жағдай, көбінесе өліммен байланысты үй-ішінің басына келген қайғы-қасіретке қатысты жағдайда ертеректе адамдар топ-топ болып жиналып барып, көңіл айту әдеті әлі де сақталған. Топтың ішіндегі жасы үлкені немесе қызмет дәрежесі бойынша жоғары тұрған адам көңіл айтады, ал басқалары үнсіз қостап, тұнжырап отырады. Қайтыс болған адамға ет жақын адамдар жоқтау айтады.

Күнделікті өмірде біреуге біреу қайырымдылық жасағанда, көмек көрсеткенде бірнеше алғыс түрлері қолданылады. Үлкен, кәрі адамдар жастарға *«Рақмет, айналайын! Жасың ұзақ болсын! Бақытты бол! Көсегең көгерсін! Тұқымың өссін!»* т.б. түрінде білдіреді. Бірі-бірі *«Рақмет!»* деп, жасаған жақсылығы, көрсеткен көмегі ерекше болса, *«Осы көмегіңе ризамын! Бұл жақсылығыңды немен өтесем екен! Мен, саған өмір бақи қарыздармын! Құдай жаныңа жамандық бермесін!»* т.б. деп алғыс айтып, ризашылығын білдіреді. Ал жұмыс барысында алғыс хаттар, жеделхаттар түрінде жолданады. Адам өмірінде оның көңілін көтеретін сөздердің де өзіндік орны бар. Дер кезінде орнымен айтылған жақсы сөз адамның көңілін өсіріп, оның тыңдаушымен дұрыс байланыс орнатуына көмектеседі. Мұндай сөз сөз басында да, сөз арасында да, сөз соңында да айтылып отырады. *«Жақсы сөз жан семіртеді», «Жақсы сөз жарым ырыс»* дейді қазақ.

Бір нәрсеге келісу, рұқсат беруде *«Қазір көп кешіктірмей жасап беруге тырысамыз», «Өзіңіз қалай дұрыс деп танысаңыз, солай жасаңыз, мен қарсы емеспін»* деп айтады. Ал қарсы болғанда, не істен бас тартқанда *«Мен бұл іске келісім бере алмаймын», «Мен бұған келіспеймін», «Кешіріңіз, мен сіздің өтінішіңізді орындай алмаймын», «Мен бұған қарсымын, сондықтан келісім бере алмаймын»* деп айтады.

Диалогтық сөйлесудің соңында тілдесушілер бір-бірімен қоштасады. Қоштасудың да өзіндік ережелері бар. Ол да ер адамдар арасында қол алысумен, әйел адамдар арасында бас изесумен бірге *«Аман бол!», «Сау бол!», «Кездескенше!», «Үйге сәлем айт»* сияқты сөздері қолданылады. Егер белгілі бір себеппен серіктесінің үйіне барып, шығып бара жатса, сол жағдайға байланысты тілектер айтып қоштасады. Қоштасу кезінде жасы кіші адам бірінші болып кетпейді, алдымен жасы үлкен адам бұрылады да, содан соң жас адам бұрылып кетеді. Қоштасу кезінде де адамдардың өзара туыстық, таныстық қарым-қатынасына қарай құшақтасуға, қол алысуға, сүйісуге болады.

Қазақ халқының кешірім сұрау әдебінің ерекше маңыздылығы бар. Адам артық сөз айтып қойған жағдайда, тыйым салынған дүниелер туралы айтқан жағдайда, немесе қателік жасаса кешірім сұрайды. Мұндай кезде ер адам да, әйел адам да бас киімдерін шешіп, кешірім сұрайтын адамның алдына тастайды. Егер қателік өрескелдеу болса, мысалы, мал ұрлау, жесір дауы, т.б. ондайда дәстүрлі қазақ қоғамында ат, шапан т.б. ірі айыптар тартатын болған. Мұндай айыпты халық арасында беделі бар, не сол елдің арнайы сайлап қойған билері салатын болған. Дегенмен, қазіргі заманғы қоғамда кешірім сұраудың ертеректегі ритуалдары сақталмаса да, вербалды бірліктерде олар *алдыңда басымды иіп отырмын* т.б. қолданыстарды қолданады. Ұлттық сипаттағы кешірім сұрау маңызды болып табылады.

Диалог барысында тағы бір ерекше тоқталатын және диалогтық дискурста жиі кездесетін жағдаят тілдесуші серіктестердің – жалпы туыс, туыс емес, өзара таныс әріптес адамдардың бір-біріне қайырылуы, бірін-бірі сөзге тарту сөйлесу әдебіндегі маңызды мәселе болып табылады. Сөйлесу актісінің кез келген бөлімінде адам адамға қайырылады, сондықтан кісіге қайырылып сөйлеу тілдесу мақсатына жеткізуші маңызды фактор болып табылады. Әр халықтың бір бірімен тілдік қатынас жасау үшін қайырылуы түрлі болып келеді.

Өркениетті деп саналатын елдерде бәріне ортақ қаратпа сөздер бар. Қазақ халқының кісіге қайырылу әдебі бойынша адамға оның жасына, өзіне туыстық қатынасына қарай әртүрлі сөзқолданыстар жүйесі бар. Мысалы, жасы үлкен ер адамдарға «ағай» десе, әйел адамдарға «апай», өзінен онша үлкен болмаса «әпкей», «тәтей» деп қайырылады. Бұны таратыңқырап айтсақ, бөтен бейтаныс адам түгіл бір үйдің ішіндегі жандардың өзі біріне-бірі сыпайы, бір-бірінің атын атамай *«ата, әже, ана, аға, көке, әпке, жеңеше, қайын аға, қайын әпке, нағашы әпке, нағашы аға»* деген сияқты сөздермен қайырылады.

Бұдан басқа жасы кіші адамдарды аттарымен атайды, оларға еркелетіп, аттарына әртүрлі жұрнақтар қосып, мысалы, *Асқаржан, Сәулетай, Боташ, қалқам, қарағым, шырағым* т.б. сөздермен айтуы мүмкін. Тіпті ресми қатынастың өзінде әріптестердің жасы үлкені кішісін еркелете сыйлап сөйлесе, жасы кішісі де өз тарапынан үлкенге құрмет көрсете *«апай, ағай»* деп тілдеседі. Сонымен бірге қазақ халқы жасы үлкен адамға немесе, әсіресе, ер-азаматтар бір-біріне қайырылғанда, сыйластықтың, құрметтеудің белгісі ретінде адам атына *-еке, -ақа, -ке, -қа, -а, -е* деген қосымшаларды сөз түбіріне жалғап айтады, мысалы, *Серік – Секе, Марат – Мәке, Гүлсім – Гүлеке* сияқты болып, кісі аты әжептеуір қысқартылып айтылады. Тілдесім барысында кісі аттарына осы қосымшаларды жалғап айту біреудің назарын аударуды мақсат етіп, сол адамға айтушының өзіндік ілтипатын, құрметін көрсетеді. Сонымен, қазақ тіліндегі қаратпа сөздер мен қаратпа атауыштар жүйесінде туыстық атаулар ерекше орын алатынын меңгерту аса маңызды.

Диалогтар узуалды-дәстүрлік тақырыптар негізінде ақпараттық мазмұны біртіндеп кеңейіп, грамматикалық, лексикалық материалдардың күрделенуі бірізділікпен дамып отырады. Әртүрлі деңгейдегі диалогтарда жүйелі өзара байланыс болады, осы байланыс негізінде лингвоелтанымдық сипаттағы жүйеленген мәліметтер кезеңімен меңгеріледі. Елтанымдық диалогтардың ауқымы жоғары болып келеді. Узуалды-дәстүрлік термині тілдік мәліметтер мен дәстүрлік сипаттағы мәліметтер тығыз байланысқан мәтіндерге тән болады. Узуалды фразалар дәстүрлік, салттық қағидалар бойынша беріледі. Узуалды-дәстүрлік мәтіндер дегеніміз көрсетілген сөйлеу жағдаяты үшін міндетті болып табылатын сөйлеу нормалары мен мінез-құлық нормаларының байланысуы болып табылады [16]. Узус ұғымы сөйлеу жағдаяты мен сөйлеу нысандарының арасындағы байланысты көрсету үшін қолданылады. Өзге ұлт өкілінің мәдениетаралық құзыреттілігін біртіндеп игеруін көрсететін шамалары саналатын сөйлеу жағдаятына бейімделу дәрежесі, диалог жүргізу, тақырыпты дамыту, бүтіндік және байланыстылық секілді аспектілері бар [17].

Оқытушы мен шетелдік студент қарым-қатынаста бола отырып, олар оны зерттеп, қосымша мәліметтер алып, бағалайды. Білім беру кезінде оқытушы педагогикалық әсер

етумен бірге интерактивті оқыту әдістерін (жобалау әдісі, дебат өткізу) қолданады. Сонымен қатар, деңгейлік жүйемен берілген әртүрлі деңгейдегі диалогтардың берілу көлемі ұлғайып дамып отырады. Көп деңгейлік модель бойынша диалогтар әрбір деңгейдің вербалды және бейвербалды бірліктерінің минимумы бойынша ұсынылады. Осы орайда оқытушы шетелдік студенттерге ұжымда жұмыс істеуге дайын болуға, таңдау үшін жауапкершілікті қабылдауға, жауапкершілікті топ мүшелерімен бөлісуге, қызмет нәтижелерін талдау сияқты құзыреттіліктерді меңгеруге көмектеседі [18], [19]. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы шетелдік студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыруда белгілі коммуникативтік міндеттерді шешуде [20] вербалды түрде коммуникацияға ену, танысу, өзін таныстыру немесе басқа адамды таныстыру, амандасу, қоштасу, біреуге көңіл бөлу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, алғысқа, кешірімге жауап беру, бір нәрсені қайталауды және т.б. өтіну секілді интенцияларды жүзеге асыра алуы керек. Диалогтық сөйлесуде айтылымдар қазіргі тілдік нормаларына, жалпы белгіленген әлеуметтік сөйлеу этикетінің нормасына сәйкес келгені жөн. Сонымен, сөйлеу іскерлігі мен дағды негізінде ол керекті сөйлеу мәліметі бар тақырып және белгілі тақырыптық-жағдаяттық мәнмәтіндегі диалогқа жеткілікті деңгейде барабар қатыса алады [21] . Бұл деңгей күрделі коммуникативті дітті жүзеге асыру үшін құрылымды және әртүрлі тұлғаларды сөйлеуде қолдануға мүмкіндік беретін өте жақсы коммуникативтік құзыреттілігімен сипатталады [22], [23]. Шетелдік студент өзінің маңызды рөлі яғни білім алушы болып табылады. Бұл ретте, аудитория педагогикалық үлгіде зерделеу пәні немесе оқыту тәжірибесі ретінде болады.

Нәтижелер мен пікірталас

Интерактивті үлгі білім алу іс-әрекетіне қатысушылардың мәдени кеңістікте сатылық жүйе негізінде қалыптасады және тілдік мақсатқа жетудің бір жолы – рөлдік қарым-қатынасты жүзеге асыру. Барлық тілдерде ортақ көпғасырлық халықтың тәжірибесін көрсететін және олардың мәдениетін құрайтын тілдік таңбалар, айтылымдар жүйесі бар. Мұндай айтылымдар әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің маңызды тілдік компоненті болып табылады. Оған мақал-мәтелдер, идиомалар, қанатты сөздер, наным-сенімдерге қатысты сөзқолданыстар, қатынас айтылымдар, бағалау сөздер жатады.

Білім берумен айналысатын мамандар түрлі білім беру технологиясын қолданып, өздері педагогтердің міндеттерін атқарады. Бұл кезде адресатпен тікелей аудитория өкілі ретінде жұмыс жасайды, мамандыққа тартады, кәсіби маманның жекелеген міндеттерін орындауын қалыптастырады. Демек, білім алушы шетелдік студенттер аудитория болып табылады да, оқытушы және студент рөлдері толығымен «маман» және «аудитория» рөлдерімен біріктіріледі. Сұхбатқа қатысушылардың тілдік қатынасы жағдаятқа байланысты қолданылу ретіне орай ерекшелене отырып қалыптасады, түрлі жағдайға сәйкес түрлене береді, әрі екшеліп өмірлік болып табылады. Уақыт пен кеңістік бөлшегінде белгіленген жағдаяттардағы тілдік қатысымда сөйлеу әрекетінің орны ерекше маңызды болып табылады [24], [25]. Сонымен бірге, сөйлеу жағдаяты негізінде сөйлеу әрекеті қалыптасатыны белгілі. Философияда, әдістемеде және лингвистикада,

психологияда «жағдаят» ұғымы жан-жақты зерттелген, тілдік қатысымға қатысушы адамдар әрекетінің сипатын, өту барысын және тағы басқа анықтаушы маңызды категория болып табылады. Бұл «жағдаят» ұғымы әрбір ғылым саласы бойынша мақсатқа байланысты, зерттеу бағытына орай әртүрлі анықталып отырады. Себебі, айналадағы заттардың, әртүрлі құбылыстардың әсері арқылы анықталатын жағдай және сөйлеу әрекетін тудыратын шарттар, сонымен қатар шындық жиынтығының түрлі көрсеткіштерін басшылыққа ала отырып, «жағдаятқа» анықтама береді [26, 56].

Білім беруде шетелдік студенттің білім қоры, тәжірибе түрінде қарым-қатынас жасауға түрткі, уәж болатын шарттары арқылы сөйлеу жағдаяты айқындалып, диалог тудырады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ситуация – это совокупность обстоятельств, условий, создающих те или иные отношения, обстановку или положения» деп анықтама берілген [27, 49-50]. Сөйлеу дағдыны, сөйлеу шеберлікті қалыптастыруда жағдаятты өзекті ету тиімді болып табылады [28]. Диалог пайда болуы үшін жағдаяттың қалыпты немесе тартысты болуы, екі немесе одан да көп қатысушының болуы, сұхбатқа қатысушы серіктестер әлеуметтік рөлдері жағынан тең немесе тең емес және серіктестердің достық немесе ресми ж.т.б. деген сияқты белгілері қажет деп көрсетеді көптеген ғалымдар [29]. Жағдаяттар тілдік қатысымды бекіту, қоштау, тоқтату сияқты бөлімдерге бөлініп, алдыңғы бөлімде сәлемдесу мақсатында қаратпа сөз пайдаланылса, екінші бөлімде айту және қабылдау құралдары қолданылып отырады, ал соңғы бөлімде қорытындысы шығады, бұл кезде кешірім мен қолдау қолданылады [30]. Сөйлеу жағдаяттары тілдік қатысымға қатысушылардың өзара сөйлеу қарым-қатынасын жүзеге асыратын жағдаяттар жиынтығы болып табылады, коммуникативтік актінің негізгі классикалық модельдерінде сөйлеу жағдаяттарының маңызды қызметтері көрініп отырады [31].

Білім беруде шетелдік студенттер жағдаятқа байланысты басында жеңіл тапсырмаларды, кейін біртіндеп күрделі тапсырмаларды орындау кезінде түрлі жағдайда салыстыру, қорытынды жасау үдерістерінен өтеді [32]. Оқыту үдерісінде күнделікті лексикаға көңіл бөлініп, еркін синтаксистік құрылымдарға мән беріліп отырады.

Қорытынды

Білім беруде шетелдік студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі мәдени жағынан әрқилы болып келетін әлемде қарым-қатынас жасау үшін қажет. Шетелдік студенттерге бұқаралық ақпарат құралдарын оқытудағы ең негізгі үдерістердің бірі – тілдік жағдаяттарды қарым-қатынастық жағдайға сай іріктеу, ұйымдастыру, білім беруді тілдік қатысымдық тұрғыдан жүзеге асыру.

Шетелдік студенттің мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігінің қалыптасуы арқылы түрлі мәдениеттер диалогына қатысуға дайындық деңгейін көруге болады. Сонымен бірге, мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру барысында шетелдік студенттің жеке тұлғасы жан-жақты дамиды, ынтымақтастық, өзара құрмет көрсету негізінде мәдениеттер диалогына қатыса алу қабілеттілігі жоғарылайды.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ

Авторлардың қосқан үлесі

А.Е. Саденова – зерттеу тақырыбына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеп, тұжырымдар жасауға өз үлесін қосты. **Б.М. Айтбаева –** мақала материалдарын жинақтау, саралап, талдау жасауға қажетті деректер жинауға ат салысты. **С.Е. Карыбаева –** мақала мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау, мақаланы рәсімдеумен айналысты. Зерттеудің барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Саденова А.Е., Игнатова Е.Р., Толмачева Д.С. Чтение как аспект межкультурной коммуникации в процессе преподавания русского и казахского языков иностранным студентам // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – №4 (176). – Алматы, 2019. – С. 167-173.

2. Леонтович О.А. Международное обучение на базе Центра американистики ВГПУ // Модернизация содержания и методов иноязычного обучения как приоритетное направление в условиях непрерывного языкового образования: тез. докл. II регион науч.-практ. конференции. – Волгоград, 17-18 января, 2003. – С. 32-33.

3. Плужник И.Л. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки: автореф. докт. пед. наук. – Тюмень, 2003. – 326 с.

4. Richards Jack and others. London Dictionary of Applied Linguistics. – London, 1985. – 128 p.

5. Sadenova, A.E., R. M. Yesbulatova. The role of the formation of lexical competence in intercultural communication. // KazNU Bulletin. Philology Series. – 2018. – Vol.2 (170). – P. 131-137.

6. Savignon, S.J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. Reading. – California: Addison-Wesley Publishing Company, 1994. – 317 p.

7. Саденова А.Е., Мұсабекова Ұ.Е. Диалогтық дискурстың коммуникативті-интерактивтік табиғаты негізінде тіл меңгерту ерекшеліктері // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. –№ 3. – Б. 97-107.

8. Brown C., Yule G. Discourse Analysis. – Cambridge, 1983. – 302 p.

9. Игнатова Е.Р., Толмачева Д.С. Обучения чтению студентов, изучающих русский язык как иностранный // Инновационные приоритеты в языковом образовании: сб. науч. ст. межд. науч.-практ. конф. – Алматы, 2011. – С.121-125.

10. Ibraimova Zh., Sadenova A., Mashinbayeva G., Sarymbetova A., Akimbekova, M., Muzhygova G. Formation of communicative competence of foreign university students through technologies // World Journal on Educational Technology. – 2022. – 14(3). – P. 714–725.

11. Sadenova, A.E., Orazakynkyzy, F., Anuar, S., Yesbulatova, R.M. Using innovative technologies in project method of teaching foreign language // Espacios. – 2017. – 38(25). – Available at: https://www.revistaespacios.com/a17v38n25/a17v38n25p01.pdf (accessed: 01.09.2024)

12. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.

13. Holliday M.A.K. Language as Social Semiotic: The Social interpretation of language and Meaning. – London, 1978. – 256 p.

14. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – Москва: Академия, 2008. - 336 с.

15. Щукин А.Н. Методика преподавания русского языка как иностранного: учеб. пособие для вузов. – Москва: Высшая школа. 2010. – 165 с.

16. Верещагин Е.М., Костомаров В.Т. Язык и культура: лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного.4-е изд., перераб. и доп. – Москва, 1990. – 246 с.

17. Fraser B. Acquiring social competence in a second language // RELC Journal. – 1978. – N9.- P. 1-21.

18. Davies P., Pears E. Success in English Teaching: A complete introduction to teaching English. – Oxford University Press, 2011.

19. Chafe W.L. Repeated 'verbalization as evidence for the organization of knowledge // Vorabdruck der Plenarvomage. 14 Intemationaler Linguistenkongress. – Berlin, 1987. – P.88-110.

20. Brown H. D. Principles of Language Learning and Teaching. – New Jersey: Prentice Hall Regents, 1994. – 285 p.

21. Hymes D. On Communicative Competence. – Philadelphia, PA: University of Pensylvania Press. 1971. – 126 p.

22. Rysbayeva, G., Erhozhina, S., Bainesh, S., Sadenova, A. Totemic views in the anthroponomical picture of the world.//Review of European Studies. – 2015. – Vol. 7(6). – P. 239 -243.

23. Nemser, W. Approximative systems of foreign language ICAMCRS.-In: IRAL, 9, 2. 1971. –P. 115-123.

24. Canale M., Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing // Applied Linguistics. – 1980. – Vol. 1. – 1-47 p.

25. Bachman L.F. Fundamental Considerations in Language Testing. – Oxford University Press, 1990. – 320 p.

26. Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері:фил. ғыл. докт. … дис.:10.02.02. – Алматы, 2001. – 246 б.

27. Скалкин В.Л. Обучение диалогической речи: пособие для учителей. – Киев: Род. Школа, 1989. – 156 с.

28. Күзекова З.С. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. докт. … дис.: 10.02.02. – Алматы, 2005. -307 б.

29. Дученко Т.Д. Обучение клишированной диалогической речи на основе ситуативно-тематического минимума на 1-курсе языкового вуза (английского языка): автореф. … канд. филол. наук. – Киев, 1984. – 28 с.

30. Формановская Н.И. О коммуникативно-семантических группах и интенциональной семантике их единиц. Языковое сообщение и его единицы. – Калинин, 1986. – 187 с.

31. Якобсон Р. В поисках сущности языка // Введение в языкознание. Хрестоматия для вузов. – Москва: Академический проект, 2005. – 553 с.

32. Саденова А.Е., Оразақынқызы ф., Дүйсенбаева Р.И. Тіл меңгертуде оқылым дағдыларын қалыптастырудың түрлі жолдары // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2019. –№4. – Б.107-115.

A.E. Sadenova[1], B.M. Aitbayeva[2], S.E. Karybaeva[3]
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Features of the formation of intercultural competence of foreign students in intercultural communication

Abstract. The present article will focus on the relevance of the problem of intercultural communication in the educational process. In the educational process, it is necessary to take into account that if foreign students learn about the culture of the country, the educational process will be successful. The purpose of the article discusses the features of the formation of intercultural competence of foreign students in teaching and intercultural communication. It is important to teach students to see differences between cultures, to understand the characteristics of another culture, to overcome stereotypes, and to master speech etiquette, which generates trust and respect for another culture and allows them to feel confident in communication. The analysis of theoretical works is carried out. The practical significance of the work is also discussed. This material can be used as an application in the study of the problem of the formation of cultural competence in cultural communication, which is currently relevant both in the field and in language learning.

Keywords: intercultural communication, intercultural competence, motivation, cultural diversity, cultural dialogue.

А.Е. Саденова[1], Б.М. Айтбаева[2], С.Е. Карыбаева[3]
[1,2] Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[3] Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности формирования межкультурной компетенции иностранных студентов в межкультурной коммуникации

Аннотация. В статье речь пойдет об актуальности проблемы межкультурного общения в образовательном процессе в настоящее время, о том, что в образовательном процессе необходимо учитывать, что, если иностранные студенты узнают культуру страны, учебный процесс будет успешным. Цель статьи. В данной статье рассматриваются особенности формирования межкультурной компетентности иностранных студентов в обучении. Важно научить учащихся видеть различия между культурами, улавливать особенности другой культуры, преодолевать стереотипы, а также владеть речевым этикетом, что порождает доверие и уважение к другой культуре и позволяет чувствовать себя уверенно в общении. Проведен анализ теоретических работ. Основные результаты. В исследовательской статье представлен обзор публикаций и трудов, научной литературы, посвященных теме особенностей формирования межкультурной компетентности иностранных студентов в межкультурном общении, темы которого приняты во внимание как научная основа. Практическая значимость работы. Данный материал может быть использован в качестве приложения при изучении проблемы формирования межкультурной

компетенции в межкультурной коммуникации, которая в настоящее время актуальна как в области образования, так и в изучении языка.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, межкультурная компетентность, мотивация, культурное разнообразие, культурный диалог.

References

1. Sadenova A.E., Ignatova E.R., Tolmacheva D.S. Reading as an aspect of intercultural communication in the process of teaching Russian and Kazakh languages to foreign students. Bulletin of KazNU. Philological series, 4 (176), 167-173 (2019) [in Kazakh]

2. Leontovich, O.A. Mezhdunarodnoe obuchenie na baze tsentra americanistiki [International training on the basis of the VSPU center for American studies], Modernization of the content and methods of foreign language education as a priority in the conditions of continuous language education]: theses of reports on II regional scientific-practical conference, January 17-18, 32-33 (2003). [in Russian]

3. Plujnik, I.L. Formirovanie mezhkulturnoi kommunikativnoi kompetentsii studentov gumanitarnogo profila v protsesse profesionalnoi podgotovki [Formation of intercultural communicative competence of humanitarian students in the process of professional training] author's abstract. Thesis for … Doctor of Pedagogy. (Tyumen, 2003, 326 p.). [in Russian]

4. Richards Jack and others. London Dictionary of Applied Linguistics. (London, 1985).

5. Sadenova, A.E., R. M. Yesbulatova. The role of the formation of lexical competence in intercultural communication. Bulletin of KazNU. Philological series, 2 (170), 131-137 (2018). [in Kazakh]

6. Savignon, Sandra J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. Reading, (Addison-Wesley Publishing Company, California, 1994).

7. Sadenova A.E., Musabekova N.E. Features of language acquisition based on the communicative-interactive nature of dialogical discourse. Bulletin of Sh. Ualikhanov State University. Philology Series, 3, 97-107 (2021). [in Kazakh]

8. Brown C., Yule G. Discourse Analysis (Cambridge, 1983).

9. Ignatova E. R., Tolmacheva D. S. Obuchenia chteniu studentov, izuchauchih russkiy yazik kak inostranniy [Teaching reading to students studying Russian as a foreign language. Innovative priorities in language education: collection of scientific articles. Scientific-Practical Conf., 121-125 (2011). [in Kazakh]

10. Ibraimova Zh., Sadenova A., Mashinbayeva G., Sarymbetova A., Akimbekova, M., Muzhygova G. Formation of communicative competence of foreign university students through technologies. World Journal on Educational Technology, 14(3), 714–725 (2022)

11. Sadenova, A.E., Orazakynkyzy, F., Anuar, S., Yesbulatova, R.M. Using innovative technologies in project method of teaching foreign language. Espacios, 38(25), (2017). Available at: https://www.revistaespacios.com/a17v38n25/a17v38n25p01.pdf (accessed: 01.09.2024)

12. Orazbayeva F. Tildik katynas: teoriasy jane adistemesi [Language communication: theory and methodology] (Almaty, 2000, 208 p.) [in Kazakh]

13. Holliday M.A.K. Language as Social Semiotic: The Social interpretation of language and Meaning (London, 1978, 256 p.)

14. Halskov N. D., Gez N.I. Teoria obuchenia inostrannim yazikam [The theory of teaching foreign languages. Linguodidactics and methods] (Akademiya, Moscow, 2008, 336 p.) [in Russian]

15. Shchukin A. N. Metodika prepodavania russkogo yazika kak inostrannogo [Methods of teaching Russian language as a foreign language: textbook]. (Higher School, Moscow, 2003). [in Russian]

16. Vereshchagin E. M., Kostomarov V. T. Yazik i kultura: lingvostranovedenie v prepodavany russkogoyazika kak inostrannogo. [Language and culture: country strudies in the teaching the Russian language as foreign]. (Moscow, 1990, 231 p.) [in Russian]

17. Fraser B. Acquiring social competence in a second language. RELC Journal, 9, 1-21 (1978).

18. Davies P., Pears E. Success in English Teaching: A complete introduction to teaching English (Oxford University Press, Oxford, 2011).

19. Chafe W.L. Repeated 'verbalization as evidence for the organization of knowledge. Vorabdruck der Plenarvomage. 14 Intemationaler Linguistenkongress. (Berlin, 1987, 88-110 p.)

20. Brown H. D. Principles of Language Learning and Teaching. (Prentice Hall Regents, New Jersey, 1994, 285 p.).

21. Hymes D. On Communicative Competence. (University of Pensylvania Press, Philadelphia, 1971, 126 p.).

22. Rysbayeva, G., Erhozhina, S., Bainesh, S., Sadenova, A. Totemic views in the anthroponomical picture of the world. Review of European Studies, 7(6). 239 -243 (2015).

23. Nemser, W. Approximative systems of foreign language ICAMCRS.-In: IRAL, 9, 2. (1971). –P. 115-123.

24. Canale M., Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. Applied Linguistics, 1, 1-47 (1980).

25. Bachman L.F. Fundamental Considerations in Language Testing. (Oxford University Press, Oxford, 1990, 320 p.)

26. Yernazarova Z. Sh. Kazak soyleu tili sintaksistik birlikterining pragmaticalyk negizdery. [Pragmatic foundations of syntactic units of the Kazakh speech language]: Thesis for … Doctor of Philology: 10.02.02. (Almaty, 2001, 246 p.) [in Kazakh]

27. Skalkin V. L. Obuchenie dialogicheckoy rechy: pocobie dla uchiteley [Training in dialogical speech: benefits for teachers]. (Rod. Shkola, Kiev, 1989, 156 p.) [in Russian]

28. Kuzekova Z.S. Ekinzhi til retinde kazak tili okuligi teoriacining lingvistikalik negizdery [Linguistic bases of the theory of the textbook of the Kazakh language as a second language]: Thesis for … Doctor of Philology: 10.02.02. (Almaty, 2005, 307 p.) [in Kazakh]

29. Duchenko T. D. Obuchenie klizhirovannoy dialogycheskoy rechy na osnove cituativno-tematicheskogo minimum na 1-курse yazikogo vuza (angliskogo yazika) [Training of cliched dialogical speech on the basis of situational and thematic minimum for the 1st Year of the English language university] Abstract of the Thesis for … Cand. of Philology (Kiev, 1984). [in Russian]

30. Formanovskaya N.I. O kommunicativno-semanticheckih gruppah i intencionalnoi semantike ih edinits. Yazikovoe soobshenie i ego edinitsy [On communicative and semantic groups and intentional semantics of their unity. Language Message and Its Units]. (Kalinin, 1986, 187 p.) [in Russian]

31. Jacobson R. V poickah suschnosti yazika [In search of the essence of language]. In: Vvedenie v yazikoznanie [Introduction to Linguistics]. Textbook for universities. (Akademik proekt, Moscow, 2005, 553 p.) [in Russian]

32. Sadenova A.E., Orazakynkyzy F., Duysenbayeva R.I. Various ways of forming reading skills in language learning. Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute, 4, 107-115 (2019). [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Саденова А.Е. **–** филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. E-mail: sadenovaa@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3324-3669.

Айтбаева Б.М. **–** филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: beibarys@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4288-6204.

Карибаева С.Е. **–** филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: saj.e.k@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2700-7619.

Саденова А.Е. **–** доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: sadenovaa@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3324-3669.

Айтбаева Б.М. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: beibarys@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4288-6204.

Карыбаева С.Е. **–** кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: saj.e.k@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2700-7619.

Sadenova A.E. **–** Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: sadenovaa@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3324-3669.

Aitbayeva B.M. **–** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: beibarys@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4288-6204.

Karybaeva S.E. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: saj.e.k@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2700-7619.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Бас редактор: Ж.Ә. Аймұхамбет

Компьютерде беттеген: Нурушева Д.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.
– 2025. – 1 (150). – Астана: ЕҰУ. 330 б.
Шартты б.т. – 41,25. Таралымы – сұраныс бойынша
Электронды нұсқа: http://bulphil.enu.kz

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің типографиясында басылды